

# СЕМСЕР ҰСТАҒАН ҚЫЗДАР

СЕМСЕРІҢДІ ЕРЛІКПЕН  
АЛЫП ЖҮР

A blue fabric is draped over a sword, which is positioned vertically on the right side of the image. The fabric is flowing and has a slight sheen. The sword has a textured hilt and a cross-guard.

ЛИЗА БИВЕР

Сүйікті құрбым!

Қазір қорқып, шегінетін уақыт емес. Мәсіхтің Денесі ретінде сүйіспеншілікте гүлденетін уақытымыз келді. Рухани семсерімізді қолымызға алып, көк пен жерді біріктіру үшін қолданатын кез келді, жердегі ниеттерімізді көктің мақсаттарынан бөлетін Құдай Сөзінің семсерін қолға алайық. Әйелдердің Құдай жаратқандай қаһарман болатын кезі келді. Нық тұру, батыл болу, жақсы мен жаманды айыра білу, кешіру, даналық таныту, жас ұрпақты Құдай жоспарына сай тәрбиелеу уақыты – қазір.

Бұл жолдауды Құдай жүрегіме сіздермен және әлемдегі басқа жетекшілермен бөлісуім үшін салды. Оны сүйіспеншілігім мен қолдауыммен бірге қабыл алыңыз. Бұл жолдау сіздің де, қарамағыңыздағы адамдардың да жүрегіне от лаулатады деп сенемін. Сізді мақсатыңызға, Құдай берген мәртебеңізге жеткізеді.

Бұл жолдау мені жігерлендіріп, Мәсіх үшін бұрынғыдан бетер жан сала еңбектенуіме түрткі болды. Құдайдың ұлдары мен қыздарын қолында барды пайдалана білуге, айналасына, өз саласына ықпал етіп, әлемге игі өзгерістер әкелуге жігерлендіремін.

Айқыштың бергенін үміттеніп күтіп жүргендерге жеткізу жолында Киелі Рухты тыңдаңыз.

Мәсіхтің сүйіспеншілігімен,



Лиза Бивер  
LisaBevere@gmail.com



**MESSENGER**  
INTERNATIONAL  
MessengerInternational.org

## «Семсер ұстаған қыздар» кітабы туралы пікірлер

Әйелдер, семсерлеріңді қолдарыңа алыңдар! «Семсер ұстаған қыздар» кітабы Құдайдың ақиқатымен қаруланып, өміріңіздегі шайқастарға дайындалған кезде күш-қуатыңызды қайта жаңартады. Алда сізді қиын сынақтар күтіп тұр, осы кітаптың беттерінен жігер алыңыз.

- Пастор Крейг пен Эми Грошел, LifeChurch.tv, Эдмонд, Оклахома

Лиза Бивер – тарихта із қалдыратын, ең қатты шыққан дауыстардың бірі. Оның жүрегі Патша мен Оның Патшалығы деп соғады. Ол Құдайдың қыздарына қасқайып тұрып, Құдайдың аманатына сай өмір сүруді үйретеді.

- Шейла Уолш, God Loves Broken People: кітабының авторы және «Women of Faith» қозғалысының негізгі спикері

Лиза Бивер дүние жүзіндегі әйелдерді Мәсіхке қызмет етуге және Оның Патшалығын кеңейту жолында қажымай күресуге құлшыныспен шабыттандырады. «Семсер ұстаған қыздар» атты кітап сізді сенімде алға басып келе жатқан мәсіхшілер қатарына қосылуға шақырады. Шайқастан шықпаңыз! Табанды болып, рухани жеңіске жетіңіз.

- Пастор Стивен және Холли Фуртик, «Elevation» қауымы, Шарлотта, Солтүстік Каролина

«Семсер ұстаған қыздар» – біздің заманымыздағы пайғамбарлық үндеу, Құдайдың қыздарын Оның Сөзінің семсерін шебер қолдануға шақыру. Лиза Биверде біздің бойымыздағы әлемге шипа мен әділдік әкеліп, қалпына келтіруге қажет күшті ашуға Құдайдың аманаты бар. Бұл кітапты міндетті түрде оқып шығыңыз, дегенмен, бір ескертуім бар: өміріңіз күрт өзгеріп, батылдық пен құдіретке толады!

- Кристин Кейн, «Undaunted» кітабының авторы және A21 компаниясының негізін қалаушы

*«Семсер ұстаған қыздар»* - бұл пайғамбарлық, Киелі Кітапқа сай, түзететін, нұрландыратын әрі жігерлендіретін хабар. Бұл жай ғана қыздар арасындағы әңгіме емес, әйел адамдар үшін де, ерлер үшін де нәрлі ас. Бұл кітаптың жарық көргені және оның бүкіл әлемдегі қауымға ықпал ете алатындығы – біз үшін зор қуаныш.

- Джуда және Челси Смит, «City Church» пасторлары, Киркленд, Вашингтон

*«Семсер ұстаған қыздар»* кітабын оқу арқылы сіз қиындықты батылдықпен жеңуге қажетті күшке ие боласыз және батырлар сияқты өмір сүруді үйренесіз.

- Роберт және Дебби Моррис, «Gateway Church» қауымының пасторлары, Даллас/Форт Уорт, Техас және «Берекелі неке» кітабының авторлары

Біз тарихтың таңғажайып кезеңінде өмір сүріп жатырмыз; Бүгінгі күні планетада қаншама азап, қайғы-қасірет және жүрек ауруы бар, бірақ бізде өзгеріс енгізуге және шешімнің бір бөлігі болуға тамаша мүмкіндік бар. Лиза Бивер өзіндік мәнерімен Патшаның қыздары, біздің ұлы шайқастың бір бөлігі екенімізді және оған дайындалу керектігін көрсетеді. Қазір шегінетін уақыт емес! *«Семсер ұстаған қыздар»* кітабын оқып, күреске батыл кірісетін әйелдердің қатарына қосылыңыз!

- Холли Вагнер, «God Chicks» ұйымының негізін қалаушы, «Warrior Chicks» кітабының авторы

*«Семсер ұстаған қыздар»* кітабында Лиза Бивер ішімізде бұғып жатқан жеңімпазды жарыққа шығарып, Құдайдың ниетіне сай адам болуға шақырады. Лиза Қауым әрқашан бірлікті сақтап, Құдай Сөзін ұстанса деген мақсатқа құштарлықпен ұмтылады. Қай жерде болсаңыз да, бұл жолдау семсеріңізді «қайрауға» күш береді және күнделікті шайқастарда ақиқатты аузыңыздан тастамай күресуге жігерлендіреді.

- Стовалл және Керри Уимс, «Celebration Church» қауымының пасторлары, Джексонвилл, Флорида

«Құдайдың Сөзі — Құдайдың семсері» деген сөзді қатты ұнатамын. Қысқаша әрі әсерлі бейнелер мен баламалар арқылы Лиза дұшпанымыздың келесі әрекеті туралы интуитивті білімге деген ынта-жігерімізді ояту жолында тамаша жұмыс жасады.

- Доктор Кэролайн Лиф, патолог, «Who Switched Off My Brain?» кітабының авторы.

*«Семсер ұстаған қыздар»* Лиза Бивердің әйелдерді қалпына келтіруге, қаруландыруға, эпикалық шайқаста тұруға және әйелдерді әдейі нысанаға алған жауды жеңуге ынталандыру және жабдықтау қабілетінің тамаша үлгісі болып табылады.

- Крис пен Джой Хилл, «Lakewood Church» пасторлары, Денвер, Колорадо

Лиза Бивер – LIFE Today атты арнамыздың жиі келіп тұратын қонағы, осыны мақтан тұтамыз. Өзінің көп жылғы халықаралық қызметінде, соның ішінде Азияда қызмет еткенде, ол және біздің миссия тобы құл саудасының құрбаны болған әйелдерге көмектесті, ол Құдай Сөзінің семсерімен ғана жеңуге болатын шайқастар жайында мейлінше хабардар. Лизаның осы жолдауы әйелдерді жігерлендіріп, рухани шайқасқа дайындауға көмектеседі.

- Иаков Бетти Робисон, «LIFE Outreach International»



# GYLYÇLY GYZLAR

ÖZ HAÇYŇY MERDEM  
GÖTERMEK

**ЛИЗА БИВЕР**

***Girls with Swords, Kazakh, by Lisa Bevere***

© 2022 Messenger International

MessengerInternational.org

Originally published in English as Girls with Swords

Additional resources in Kazakh by John and Lisa Bevere are available for free download and video streaming at

**MessengerX.com** and on the **MessengerX App**

To contact the Author: LisaBevere@ymail.com

This book is a gift from Messenger International and is

NOT FOR SALE

***«Семсер ұстаған қыздар», Лиза Бивер, қазақ тілінде***

© 2022 Messenger International

MessengerInternational.org

Бастапқыда ағылшын тілінде, «Girls with Swords» атауымен шыққан.

Джон мен Лиза Бивердің қазақ тіліндегі қосымша ресурстарын

**MessengerX.com** сайтында және **MessengerX** қосымшасында

көруіңізге әрі тегін жүктеп алуыңызға болады.

Автордың электронды пошта жәшігі: LisaBevere@ymail.com

Бұл кітап – «Мессенджер Интернэшнл» қызметінің сыйлығы, САТУҒА

АРНАЛМАҒАН.



App Store АҚШ-та және басқа елдерде тіркелген Apple Inc. компаниясының сауда белгісі болып табылады.

Google Play мен Google Play логотипі Google LLC компаниясының сауда белгісі болып табылады.





*Ұрандатып, семсерлерін қынынан суыруға дайын  
тұрған апа-сіңлілеріме.*

*Сіздер ержүрек әрі ізгі Жауынгердің қыздарысы-  
здар, Оның мәңгілік жасампаз Сөзі – біздің қолы-  
мыздағы жеңімпаз тірі семсер.*

*Бұрын-соңды болмаған бірегей заманда  
өмір кешіп жүрген бізге теңдесі жоқ қару сеніп  
тапсырылды.*

*Оны асқан шеберлікпен, көреген ептілікпен,  
жеңімпаз сүйіспеншілікпен және дәл қолданыңыз.*

*«Мен сені... семсер ретінде пайдаланамын».*

*– Зәкәрия 9:13*



## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	XI
Семсерлесу терминологиясы .....	XIII

### БІРІНШІ БӨЛІМ. ТАҢДАЛҒАН

1. Сен — нысанасың. ....	3
2. Семсердің дүниеге келуі. ....	17
3. Сен батыр бола аласың. ....	33
4. Шайқас алаңы. ....	51
5. Айқыш ағаш – семсер .....	61

### ЕКІНШІ БӨЛІМ. ЖАРАҚТАЛҒАН

6. Жауынгер болу .....	79
7. Семсерді қайрау .....	103

## ҮШІНШІ БӨЛІМ. ҚАРУЛАНҒАН

8. Сөз семсері .....	119
9. Егін ору семсері .....	135
10. Нұр семсері .....	147
11. Ән семсері .....	159
12. Үнсіздік семсері .....	167
13. Кешірім мен қалпына келтіру семсері .....	183

## ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. ЖІБЕРІЛГЕН

14. Айқышты арқалау .....	201
Сілтемелер .....	215

# АЛҒЫ СӨЗ


Семсеріңнің болғаны бір басқа да, оны қолдана білу бір басқа. Құдайдың әрбір ұлы мен қызына Рух семсері сеніп тапсырылған. Біз – жауынгерміз, бізге әлемдегі ең қуатты қаруды қолдану тапсырылды. Біздің Иеміз әрі үлгіміз Иса Мәсіх — тәни бейнеде келген Рух Семсері. Екі мың жыл бұрын Ол осы семсерді қолданып, әлемді өзгертті. Сол семсермен Ол болашақта күллі халықтарды бағындырады. Бірақ Ол әрқайсымызға: «Әкемнің Өзімді осы дүниеге жібергені сияқты, Мен де сендерді адамдарға жіберемін» деді (Жохан 20:21). Қазір Патшамыздың құдіретін әлемге паш ететін қыздардың (және ұлдардың) жаңа буыны өсіп келеді. Осы жауынгерлер өздеріне сеніп тапсырылған семсерді шебер қолданып, әлемге игі өзгерістер әкеледі. Құдай менің әйелім Лизаға Құдайдың қыздарын (және ұлдарын) өздерінің ықпал ету саласына өзгеріс әкелу үшін қазірдің өзінде бар нәрселерді қолдануға үйрететін күшті жолдау берді.

Құдайға қызмет етіп жүрген осынау ұлы тұлғаның жұбайы екенімді мақтан тұтамын, отау тіккенімізге отыз жылдан асты. Мен оның кез келген шабуылдан қаймығып қалатын жасық сенушіден Ұлы Патшамыздың батыл жауынгер-қызына айналғанын көрдім. Бұл әйелді білу және онымен бірлесе еңбек ету мен үшін үлкен мәртебе. Құдайдың Лизаға үйреткенінің көбісін мен де үйреніп жүрмін.

Бұл кітап өзіңзде барды қалай пайдалану керектігін үйретеді. Жай ғана семсері бар адам болмаңыз. Әлемге игі өзгерістер әкелетін тәжірибелі жауынгер болыңыз.

– *Джон Бивер, бестселлер авторы және спикер*





## Семсерлесу терминологиясы

**Круазе:** біртұтас сырғыма қимылмен жасалатын қорғаныс немесе қарсы шабуыл. Шабуылға тойтарыс береді, жаудың назарын басқаға аударып, соққы береді.

**Сайысқа дайын тұру:** қорғаныс немесе шабуыл позициясы, сайыскердің жекпе-жекке дайын тұруы.

**Финт:** Қарсыластың қорғаныс реакциясын тудыратын қарумен қорқыту қимылы.

**Шабуыл:** соққы беру мақсатында жылдам қадам басып, семсер сілтеу.

**Қорғаныс:** қарсыластың шабуылын немесе қарсы шабуылын қарумен тойтару.

**Қарсы шабуыл:** қорғаныстан кейін бірден жасалған қарсы шабуыл.







БІРІНШІ БӨЛІМ  
ТАҢДАЛҒАН



# Сен — нысанасың

*Мәсіхшілік дегеніміз — ұйқы емес, шайқас.*

– Уэнделл Филлипс



Біздің әлем қазірдің өзінде зорлық-зомбылыққа толы. Менің әйел затын, кәрі-жасына қарамай, түгел қарулануға және күреске қосылуға шақыратынымды білгеніңізде, таң қалатын шығарсыз. Осы кітапты оқу барысында шайқастан тыс қалуға еш мүмкіндігіміз жоқ, өйткені, бейтарап аумақ жоқ. Кітапты оқу барысында осыған көзіңіз жетеді деп үміттенемін. Біз семсерден келетін қасіретті қаламаймыз, алайда рухани семсердің құдіретімен өмір сүретін кез келді.

Сізге семсер керек. Өйткені сіз (оны өзіңіз білсеңіз де, білмесеңіз де) орасан шайқастың ортасында жүрсіз, Құдай Өз қыздарының қарусыз қалғанын немесе қапыда қалғанын қаламайды.

Бұл тақырыпты көтерудің қаншалықты маңызды екенін өзім де күтпеген жерден білдім. Оқиға 2010 жылдың маусым айында болды. Ұзақ сапардан үйге оралған едім. Төрт аптаның ішінде бес елге барып, уағыз айттым. Бұл бес ел бір-бірінен шалғайда, әртүрлі уақыт белдеулерінде орналасқан, 10 сағатқа дейінгі уақыт айырмашылығына үйренуге және жердің солтүстік және оңтүстік жарты шарлары арасында ұшуға мәжбүр болдым.

Таңертеңгі мезгіл болатын. Уақыт белдеулерінің ауысқанынан әлі толық айығып үлгерген жоқпын, ұйқылы-ояу күйде үйдің ішін кезіп, үйде кіші ұлым Арден екеуіміз ғана қалғанымызды білдім. Мені көріп, балам өзімен бірге кино көруге шақырды. Мен ұлыммен көңіл көтеру мүмкіндігіне қуанып, оның жанына жайғастым да: «Біз не көріп отырмыз?» деп сұрадым.

«Терминатор», - деп жауап берді ол.

Күте тұрыңыз, кітапты тастамаңыз. Бұл фильмді насихаттамақ ойым жоқ және оны көруге кеңес бермеймін. Тек сол фильмнен табылған бір құнды нәрсені осы кітаптың беттерінде сіздермен бөліспек ниетім бар, өйткені сол құнды ой осы кітаптың жазылу мақсатына толық сәйкес келеді.

Егер сіз «Терминатор» фильмінің сюжетін білмесеңіз, онда мен оның не туралы екенін қысқаша айтып беремін. Бұл бір күні шынайы махаббатымды кездестіремін деген үміті бар, өмірі ешбір айтарлықтай оқиғасыз өтіп жатқан даяшы қыз Сара Коннор туралы бейнебаян. Әр күнінің кешегіден еш айырмашылығы жоқ. Күндіз кафеге келушілерге дастархан жасайды, кешке ол тағы бір кездейсоқ кездесу оған сүйкімді ханзада сыйлайды деп үміттенеді. Күндіз жұмыс істейді, түнде бақытын күтеді.

Сексенінші жылдарда кинода осындай қарапайым сюжет кең тараған еді. Алайда, Сараның өмірі болашақтан келген баскесер роботтың пайда болуымен түбегейлі өзгереді. Кезекті демалысында Сара өзімен аттас бірнеше әйелдің өлі денесі табылғанын біледі. Енді ол өзіне қауіп төніп тұрғанын түсінеді.

Калифорнияның бұрынғы губернаторы және Мария Шрайвердің бұрынғы күйеуі, актер Арнольд Шварцнеггер сомдаған терминатор болашақтан келген, Сара Коннор есімді әрбір қыз оның нысанасына айналды. Киборгты ешкім де тоқтата алар емес. Ол роботтың ақпаратты өңдеу қабілеті мен функцияларына ие, сонымен қатар ол соңғы үлгідегі автоматты қарумен мұздай қаруланған. Сонымен қатар, оның қарамағында сексенінші жылдардағы ең жетілдірілген деректер базасы бар – оның көру аймағында тұратын Сара Коннор есімді барлық әйелдердің телефон нөмірлері мен мекенжайлары көрсетілген

телефон анықтамалығынан жыртылған бет. Болашақтан келетін терминатор тізімдегі барлық әйелдерді жүйелі түрде әрі еш аяусыз қырып жатқандықтан, кейіпкеріміз алаңдай бастайды.

Жұмыстан кейін ол құрбысымен бірге жалға алған пәтеріне оралады, телефондағы жауап беру құрылғысы арқылы кешке белгіленген кездесудің болмайтынын біледі, содан кейін Сара клубқа барады. Өзіне шынымен де қауіп төніп тұрған болса, ең болмағанда, көпшіліктің арасында жасырынуды мүмкін. Көп ұзамай терминатор Сараның ізіне түседі. Ол әуелі Сараның пәтеріне соғады, содан кейін клубқа келеді. Қару жарқылдап, атыс басталады. Дүрбелең, төгілген қан, айқай-шу, төбелес, шыға беріске тұра ұмтылған көпшілік. Бірақ тоқтай тұрыңыз, бұл қайғылы оқиғаның тағы бір қатысушысы бар.

Сараны өлтірмек ниетпен болашақтан терминатор келгенде, оның қорғаушысы да кенеттен пайда болады. Ол Сараны: «Өмір сүргің келсе, маған ер» деп шақырады.

Әлбетте, жан тәтті, сондықтан, Сара көп ойланбайды. Ол клубтан жүгіріп шығып, бейтаныс жігіттің көлігіне отырады, екеуі қауіптен қашып құтылуға тырысады. Терминатор да бұлардан көз жазып қалмақ емес. Көліктері бар жылдамдығымен зулап келеді. Терезеге оқ тиіп, әйнегі шағылып қалды, Сараның зәресі зәр түбінде. Екеуі қалай бұлтарса да, терминатор олардың ізінен қалар емес.

Нәзік даяшы қыз, өзі қуғынға ұшыраған құрбан не себептен бұл шытырман оқиғаның кейіпкеріне айналғанын түсінбейді. Оқ борап, көліктер соқтығысып жатқанда, қорғаушысы Сараның кім екенін айта бастайды. Болашақта оның тағдыры аңызға айналады, Сара бүкіл бір елдің әскерін қаруландыру жоспарын жазып, ұлы арқылы беріп жібереді екен. Сара құрған сол жоспардың арқасында, бүкіл адамзаттың жауына қарсы шайқас жеңіспен аяқталады, сөйтіп, Сара қаһарман батырлардың біріне айналады.

Сара өзінің осынау күтпеген оқиғаның кейіпкері болғанына сене алмайды, әлдебір қателік орын алса керек деп ойлайды. Сараның тарапынан қазір де, болашақта да ешкімге ешқандай қауіп төнбек емес! Осы бір күтпеген жерден басталған оғаш

оқиғаның ішінде жүріп, ақылға орын бермек болған Сара болашақтан келген қорғаушысының сөздерін жоққа шығарады. Ол қаһарман емес... ол жай даяшы! Оның ұлы былай тұрсын, жігіті де жоқ! Болашақ жайындағы бұл әңгіме - бір сұмдық қателік, қорғаушы да, терминатор да оны басқа біреумен шатастырып жүр!

Бірақ қорғаушы сөзінен қайтпайды. Сара Коннордың болашақ қаһарман екенін, өзінің міндеті Сараны қаруландыру және қорғау екенін тағы да айтады. Сара енді түсінген сияқты. Қалтырап: «Мен ештеңе істеген жоқпын!» – деп еріксіз айғайлап жіберді.

Оған болашақтан келген қорғаушы: «Әлі істеген жоқсың, бірақ істейсің!» – деп жауап береді. Диванда, баламның жанында отырған менің жүрегіме осы сөз дөп тиді. «Әлі істеген жоқсың, бірақ істейсің!» деген бір ауыз сөз дұшпанымыздың біздің кім екенімізді өзімізден бұрын білетінін есіме салды. Сол түні Сара екі нәрсені ұқты, осы екі ақиқатты біздің де білетін кезіміз келді: Құдайдың сүйіктісі,

1. Сен – нысанасың.
2. Сен қаһарман бола аласың.

«Бола аласың» деуімнің себебі, таңдау – өзіңде.

## Нысана

Алдымен, нысана болу деген сөздің нені білдіретінін түсінейік. Әр мәсіхшіге дұшпанымыз, түнек әміршісі шайтанның қаруы бағытталған. Бұл даусыз шындық. Жер бетінде Құдайдың нұры мен өмірін алып жүрушілерге қарсы күресетін өте нақты, ұйымдасқан түнек күштері бар.

Сондықтан нысана болу дегеннің не екенін білу өте маңызды.

Осы орайда «нысана» сөзінің синонимдерін қарастырайық: мақсат, көздеу, міндет, назар аудару, аяқтау және ниет сияқты сөздерді қамтиды. Шайтан сізді шын мәнінде кім екеніңізден және өміріңіздің шынайы мақсатынан алшақтатуды көздейді. Оның басты міндеті - сізді құдірет пен билікке толы өмірден шығарып, жойылу жолына түсіру.

Қаһарман екендігіңіз туралы идеяны толық түсіну үшін жаңа, мүмкін, жат көрінетін бейнені жүрекпен қабылдауыңыз керек. Және бұл бейне фильмнің сюжетінен әлдеқайда маңызды. Өйткені, түнек патшалығынан келген қас жауыңыз сіздің кім екеніңізді біледі. Ол сіздің әлеуетіңіздің қандай екенінен хабардар, сондықтан болашағыңызды түп-тамырымен жоюға үнемі күш салады. Менің ойымша, сіздің өміріңізге жасалған шабуылдар сіздің бұрын кім болғаныңызға қарағанда, болашақта кім болатыныңызға көбірек байланысты.

Көрдіңіз бе, «Терминатор» фильміндегі болашақтан келген баскесер сияқты, жау да сіздің атыңызды біледі. Дегенмен, қорықпаңыз. Терең тыныс алыңыз да, белгілі бір мақсат үшін өмір сүріп жүріп жүргеніңізді көңіліңізге тоқып алыңыз. Үрейге жол бермеңіз, бәрін жеке өзіңізге қабылдамаңыз, өйткені бұл мүлде жеке шаруа емес. Шабуыл әрқайсымызға жасалады. Өйткені, біздің дұшпанымыз үшін бұл жеке басының мәселесі емес, оның атқаратын жұмысы сол.

Дұшпанына қауіп төндірмейтін, момақана адамдарды мыңдап қыру ешкімге де керек емес. Сенің есімің менікімен бірдей, екеуіміздің де есіміміз: мәсіхші. Бұл атау діни топқа қатысты емес, «майланған» дегенді білдіреді. Сен Құдай Тағаланың патша мәртебесіндегі сүйікті қызысың. Жаудың әрқайсымызға қолданатын амалы әртүрлі болып көрінуі мүмкін, бірақ ол саған кедергі жасау, өсуіңді тоқтату және сені Құдайдың өзіңе берген тапсырмасынан алшақтату үшін қолынан келгеннің бәрін жасайды. Оның шабуылдарынан ешкім де қашып құтыла алмайды. Қаржылық жағдайың, отбасылық жағдайың немесе жасың сені одан қорғайды деп ойлама.

Бұл сен туралы да, мен туралы да емес. Шынымды айтсам, бұл тіпті біздің шайқасымыз емес. Бұл Жаратқан Иенің шайқасы. Біз – Иеміздің түнекті жеңер жарық сәулелі қаруымыз.

*Бүкіл дүниежүзілік тарихтың барысы бір  
ғана, тіпті кішіпейіл адамның жүрегінің  
өзгеруіне байланысты болуы мүмкін...  
Өйткені жақсылық пен зұлымдықтың  
арасындағы шайқас адамның санасы*

*мен жан дүниесінде өтеді де, ақырында  
жеңіспен не жеңіліспен аяқталады.*

– М. Скотт Пек

## Әйелдер жауынгер ретінде

Әйел адам шайтанның неғұрлым нақты да, лайықты нысанасы болып табылады.

*«Әйел екеуіңді, сенің ұрпағың мен оның  
ұрпағын өзара өштестіріп қоямын»  
(Жаратылыс 3:15).*

Өштесу дегеніміз – терең қастық пен бітіспес соғыс. Арадағы ордың тереңдігі сонша, адамзаттың әрбір жаңа ұрпағына шайтанның өшпенділігі мен дұшпандығы күшейе түседі, өйткені оның уақыты таусылып, барған сайын құтырынып барады. Бұрын-соңды оның әйелдер мен балаларға шабуылы соншалықты қатыгез, ашық болып, соншалық кең таралған емес еді.

Ең консервативті деректер бойынша жер бетінде елу миллион әйелдің жетіспеушілігі – осының бұлтартпас дәлелі. «Жетіспейді» дегенді қалай түсінеміз? Олар жоқ, орны толмайды, оларды қайтару мүмкін емес.

Олардың жетіспеушілігінің басты себебі – қыз балалардың санын мақсатты түрде азайту, гендерцид. Геноцид дегеніміз – қоғамдағы әлдебір нәсілдік, ұлттық, саяси немесе мәдени топты жою; гендерцид – белгілі бір жыныстың өкілдерін жою.

Мара Хвистендаль өзінің жақында жарияланған «Табиғи емес сұрыптау» атты кітабында апатты жағдайды сипаттайтын статистикалық мәліметтерді келтіреді: Азиядағы 160 миллионнан астам қыз бала анасының құрсағында жатқанында-ақ түсік жасату арқылы өлтіріліп, жарық көрместен о дүниеге аттанып кеткен болуы мүмкін (1). Қытай, Үндістан, Пәкістан және Африка құрлығы сияқты елдерде қыздардың өміріне қауіп төніп тұр. Бұл оларды зорлауға, сатуға, ұрып-соғуға, тіпті өлтіруге болады дегенді білдіреді. Және осындай зұлымдық қылмыс деп саналмайды.



Сүйіктім, өркениетті елде тұрып жатырмын, сондықтан маған ешбір қауіп төніп тұрған жоқ деп ойлама. Статистика өтірік айтпайды. Туған жеріңе қарай, басқа салада нысанаға айналасың. Қанішер дұшпанның соққысы басқа жақтан келеді. Және ол қазірдің өзінде сені алаңдатып, жердегі Құдайдың жоспарына кіруіңе жол бермеуге тырысуда.

Мен мұның бәрін сені қорқыту үшін айтып отырған жоқпын. Қазіргі кезеңнің тарихтағы маңыздылығын білгеніңді қалаймын. Осы заманда дүниеге келген саған шабуыл жасалуда. Қаһарман болу-болмау — өз таңдауың.

Мән-жайды дұрыс түсінбесең, әйелдерге немесе сенімге жасалған шабуылдарды жеке өзіңе жасалған қастандық деп қабылдайсың да, жеке деңгейде жауап бересің. Бірақ бұл шайқас біз ойлағаннан әлдеқайда ауқымды. Ешкім де өз бетімен күресіп, бұл шайқаста жеңіске жетпек емес. Бұл қақтығыс көктен келген стратегия мен Құдайдың қолдауын қажет етеді. Әуелде жеке жауап беруден бастасақ та, жалғыз шайқасып, жеңіске жете алмаймыз. Әрқайсымыз жеке дара мәңгілік қарумен қаруланып, басқалармен бірлесе әрекет етуге дағдылануымыз керек.

Статистика мәліметтері қаншалықты қорқынышты болса да, олар түнектің қаншалықты қалың екенін толық көрсете алмайды. Көзімізді ашып, аспан патшалығындағы ақиқатты жер бетіне дауыстап жеткізер уақытымыз келді. Оқиға желісі қазірдің өзінде белгілі. Бір жағынан қатыгез қайтпас жау сені құртуға өршелене ұмтылса, екінші жағынан айбынды Ханзада өшпес сүйіспеншілікпен сені қандай етіп жаратқанын да көрсетуге ұмтылады. Көктегі Әміршіміз Иса сені әрқашан жақсы көреді. Оның сүйіспеншілігі шексіз, дұшпанның өшпенділігінен әлдеқайда күшті. Сен бұл шайқаста қандай ролді таңдайсың, бар мәселе сонда ғана. Сен қарусыз азаматша, құрбан, соғыс тұтқыны немесе батыр әйел боласың ба?

Бұл сұраққа жауап беруден бұрын, жүріп жатқан соғыста бейтарап қала алмайтынымызды есіңе салғым келеді. Ерте ме, кеш пе, бір жағына шығуымызға тура келеді. Басқа біреудің таңдауымен, бір тарапта еріксіз қалғаннан, ұстанымыңды өзіңнің таңдағаның жөн. *Құдай сені әлем жаратылмай тұрып, таңдап алды, соны есте сақта.*

«Құдай ниет еткендерінің бәрін өз еркіне сай орындайды. Ол бізді Мәсіхпен байланысты өз халқы болуға алдын ала таңдап алған еді. Бұл Құдайдың әуел бастағы мақсатына сәйкес болды. Мұнымен Ол Мәсіхке басқалардан бұрын үміт артқан біздің (яғни яһудилердің) Өзінің ұлылығын мадақтауымызды көздеді. Басқа ұлттық сендер де шындық туралы сөзді: өздеріңді құтқарған Ізгі хабарды естіп, Мәсіхке сенім артқанда Онымен тығыз байланысқа түстіңдер. Уәде етілген Киелі Рух сол кезде бойларыңа кірді, Ол — сендердің Құдайдың меншігі екендіктеріңнің белгісі. Киелі Рух, сондай-ақ, болашақта алатын игіліктеріміздің бастапқы бөлігі әрі кепілі де. Құдай Өзінің меншікті халқын жамандықтың әсерінен түгелдей құтқарғанда сол игіліктердің бәрін иемденетін боламыз. Осылай Тәңір Иенің керемет ұлылығы мадақталмақ» (Ефес. 1:11-14).

Менің білуімше, әңгіменің соңына қарай бәрі түсінікті болады. Ақ пен қара, күшті мен әлсіз, белсенді және енжар, сарбаз бен сатқын, батыр мен құрбан. Иә, бұл мысалдардың барлығы өте өткір, мен оларды әйелдердің қазіргі жағдайы төтенше екенін көрсету үшін келтіріп отырмын. Бұл саған тікелей гендерцид қаупі төніп тұр дегенді білдірмейді. Мен тек сындарлы, белсенді әрекеттің аса қажеттілігін атап көрсетемін. Қазір бейхабар әрі қарусыз қалатын уақыт емес, осы кітаптың жазылу мақсаты — сені жарақтандыру.

Мен К.С.Льюистің «The Screwtape Letters» кітабына сілтеме жасадым. Бұл кітап әлдебір жас жігітті азғыруды көздеген кішкентай жын мен оның ұстазының арасындағы хат алмасу түрінде жазылған. Кітаптың құндылығы мынада: дұшпанның сенушілерді Құдайдан алыстату үшін шындықты қалай бұрмалайтыны жақсы көрсетілген.

Хаттардың бірінде жындар әйелдің ролін бұрмалай алатындарын мақтан етеді: Сенуші әйелдердің адасуы мынадай дұғасынан көрініс табады: «Құдайым, мені жиырмасыншы ғасырдың қарапайым ғана, қатардағы қызы ете гөр!» Біздің

еңбегіміздің арқасында бұл сөздердің шынайы мағынасы: «Мені сылқым, ақымақ және арамтамақ ете гөр» (2).

1942 жылы жарық көрген осынау басылымның пайғамбарлық ирониясы көзіме жас келтіреді, өйткені ол біздің заманымыздың көптеген қыздарының қайғы-қасіретін дәл көрсетті. Келтірілген үзіндіден төрт сөздің ерекшеленетінін көруге болады: «қарапайым», «сылқым», «ақымақ» және «арамтамақ».

Алдымен «қарапайым» деген сөзді қарастырайық. Қайтадан туылғаныңызда, қарапайым, қатардағы, қарабайыр, үйреншікті, бір сарынды өміріңіз артта қалды. Бұл сіздің оғаш мінез танытып, әдеттен тыс қылықтар жасайтын адамға айналып кеткеніңізді білдірмейді. Исаның құрбандығы арқылы ақталғаннан кейін, қарабайырлықтан, орташа адам болудан арылғаныңызды білдіреді. Жер басып жүргеніңізбен, көктің, мәңгіліктің қызысыз.

«Сылқым» деген сөз қазіргі кезде онша көп қолданылмайды, ол азғырушы немесе нәпсіқұмар әйелді білдіреді. Бұл сөздің бірнеше синонимдерін келтірейік: ақымақ, жеңілтек, жеңіл мінезді әйел, жезөкше. Өкінішке орай, бұл сөздердің барлығы жиырма бірінші ғасыр жырлары мен мәдениетіне берік сіңіп кеткен.

«Ақымақ» немесе бүгінгі таңда кең тараған «идиот» сөзі алғаш рет он тоғызыншы ғасырдың басында ой-өрісі сегіз-он екі жастағы баланың деңгейінде қалып қойған ересек адамды сипаттау үшін пайда болды. Льюистің кітабының контекстінде бұл есеюден, қыздың қыңырлығынан әйелдің даналығына көшуден бас тартқан қыздардың ұрпағын білдіреді.

Ал соңғы «арамтамақ» сөзі басқалардың қамқорлығының арқасында немесе басқа адамның есебінен күн көретін, өз тарапынан ештеңе бермейтін адамды сипаттайды. Мұндай өмір салты Құдайдың қызының бейнесіне тікелей қарама-қайшы келеді! Біз басқалардың есебінен емес, қайта, басқа адамдарға көмектесіп, өмірде жолы болмағандарға қамқорлық жасап, өмір сүруіміз керек.

Алайда, супермаркет кассаларының жанында тұрған

журналдардың мұқабасындағы әйелдердің фотосуреттерін қараңыз. Егде жасты ауру деп санайды, ал жеңілтектікті, жалаңаш денесін көрсетуді дұрыс нәрсе дейді. Сексуалдық шынайы жақындықтан жоғары деп санайды, азғындықта өмір сүруге және қолымыздан келгеннің бәрін алуға шақырады. Не деген құлдырау!

Қарабайырлықтан әбден зардап шектік, жау біздің қатардағы адам болудан әлдеқайда зор нәрселер үшін жаралғанымызды біледі. Не үшін және қалай мінәжат ететінімізді кім шешеді? Дұғаларымыздың түрлі жағдайдың қысымына тәуелді болуына жол бермеуіміз керек. Қоғамда қалыптасқан мәдениет те дұрыс бағыт бермейді. Дұғаларымыз тек аспанның ықпалында болуы керек. Аспан мен жердің Жаратушысы – өміріміздің сәулетшісі және авторы. Жиырма бірінші ғасыр қыздарының көктен келген сөздерді айтатын уақыты келді. Бәлкім, жүрегіңізге симайтын асқақ арманыңыз бар шығар, оны жеткізерге сөз таппай жүрген боларсыз, олай болса, сізге семсер керек.

**Қазір қорқып шегінетін уақыт емес. Көтеріліп, сүйіспеншілікте гүлдейтін уақытымыз келді.**

Қалай болғанда да, сіз ізгілікпен әрекет ететін, кемелденген және басқалардың өмірін байытуға ниетті мәңгілік Құдіретті Құдайдың көрнекті қаһарман қызы болғыңыз келеді деп ойлаймын.

Бұл кітаптың мақсаттарының бірі - тарихтың дәл осы сәтіне бағытталатын батыл, сенімге толы дұғаларды (семсерлерді) жасауға көмектесу.

## Ескі амалдар

Қазір қорқып шегінетін уақыт емес. Көтеріліп, сүйіспеншілікте гүлдейтін уақытымыз келді. Мәсіхші болғанымнан кейін, Құдайдың менің өміріме қатысты жоспары бар екенін білдім. Жер бетіндегі өмірім аяқталғанда баратын жерім өзгеріп қана қойған жоқ. Енді өмірімнің мәні мен мағынасы бар екенін білдім. Жаратқан Ием, орасан қымбат құн төлеп, мені жау қолынан құтқарып алды, өмірім енді маған тиесілі емес,

мен оны босқа өткізе алмаймын. Құдай мені Өз мақсатымен жаратты.

Құдайдың жоспарына сай адамға айналу — жау стратегиясынан қорғанудың ең тиімді жолы әрі ең үлкен шабуыл. Дұшпан дүниеге келуіңе тосқауыл қоя алмады. Олай болса, жүрегіңе Құдайдың Өзі сепкен рухани дәнді жаудан қорғауың керек. Дұшпан сенің кім болатыныңды біліп, қорқады, сондықтан ол сені басып тастауға тырысады. Есіңде болсын, жау қырағы, бірақ ол да қорқады. Сенің күшің оған қауіп төндіреді.

«Ендеше ақылды шара ойластырып, олардың бұдан әрі көбеюлеріне жол бермейік. Әйтпесе соғыс бола қалған күнде дұшпандарымызға қосылып, бізге қарсы шайқасып, елімізден басқа жаққа көшіп кетер, — деп ойындағысын айтты. Содан олар Исраил халқын ауыр жұмыспен діңкелетіп, қысым көрсету үшін үстерінен бақылаушылар тағайындады. Сонымен исраилдіктер Мысыр патшасы перғауын үшін қоймалар ретінде Питом, Рамсес қалаларын салды. *Бірақ Исраил халқы неғұрлым көп қысым көрген сайын, соғұрлым өсіп-өніп, кеңінен жайыла түсті. Мысырлықтар олардан қатты қауіптеніп, халықты аяусыз құлдыққа салды*» (Мысырдан шығу 1:10-12, автордың курсиві).

Перғауынның зұлымдық тактикасы Исраил халқын әлсірете алмады, енді зұлым патша гендерцид және сәби өлтіру тәрізді қатігез шараларға кірісті. Бұл жаудың жаңа тактикасы емес; оның көп ғасырлық сұмдық тарихы бар. Киелі Кітапта нәрестелерді өлтірудің екі жағдайы туралы айтылады. Біріншісі Мысыр патшасы еврей акушерлеріне жарлық шығарған кезде Мысырдан шығу кітабында жазылған.

«Исраилдік әйелдерді босандырған кезде нәрестенің жынысына назар аударыңдар: дүниеге ұл келсе, өлтіріңдер, ал қыз туса, тірі қалдырыңдар! — деп бұйырды» (Мысырдан шығу 1:16).

Перғауынның Мұса туылғанға дейін барлық ер балаларды жоюды бұйырғанын атап өткен жөн. Қаһарманның туатын кезі келгендіктен бе? Жау құлдықтағы халықтың көтерілісінен

қорықты ма? Перғауын екі мүмкіндікті де болдырмайтын жүйелі, деструктивті тәсілді қолданды. Алайда, бұл қырғын да Мұса есімді ұлдың дүниеге келуіне кедергі бола алмады. Ол Мысырдың ұлы ретінде перғауынның үйінде аман-есен өсіп-жетілді.

Мұса өзінің кім екенін, не үшін туылғанын білгеннен кейін, Құдай оны төрт жүз жыл құлдықта болған Израил халқын бостандыққа жетелейтін азат етушіге айналдыруы керек болды, ол үшін Жаратқан Ие шөл даланы пайдаланды. Перғауын Израил ұлдарының тұтас бір ұрпағын (яғни, болашақ әскерді) жойып жіберді. Алайда, Құдай өз халқын азат етіп, оларды ерлікпен соғысқа бастайтын басшы жіберді.

Киелі Жазбадағы келесі гендерцид оқиғасы Иса туылған кезде болды. Даналар Иродқа қайтып келіп, патшаны мазалаған сұраққа жауап беруге тиіс еді, алайда, өз жөндерімен кете барды. Сонда Ирод патша екі жасқа толмаған ұлдарды түгел қырып салуды бұйырды.

«Жат жерлік ғұламалардың өзінен амалын асырып кеткенін түсінгенде Ирод долдана ашуланып, жасақшыларын жіберіп, Бетлехемдегі және соның маңайындағы екі жасқа дейінгі ер балалардың бәрін де өлтіртті. Бұл жасты ол ғұламалардан біліп алған мезгілге сәйкес белгілеген еді. Сонда Құдайдың Еремия пайғамбар арқылы жіберген мына хабары іске асты:

«Рамақ жерінде зор қасіреттен  
Дауыс естіледі зар еңіреген.  
Рахила өлген балаларын жоқтап,  
Жұбанудан бас тартады зар жылап:  
*Келмеске кетті олар көздері құрып!»*»  
(Мат. 2:16—18, курсив автордыкі).

«Келмеске кетті, көздері құрып» деген сөздер қандай ащы! Киелі Кітаптағы осы екі әңгімеде ашу-ызаға батқан екі патша ұл балаларды аяусыз қырып салды, оған себеп, оларға берілген Құдай аманатының орындалуынан қорықты. Бүгін де құғын-сүргіннен, тұтқыннан құтылудың алдында тұрмыз, бірақ бұл жолы адамзаттың жауы ұлдарға емес, қыздарға шабуылдауда.

«Айдаһар әйелге долданып, оның өзге де ұрпақтарымен, яғни Құдайдың бұйрықтарына бағынып, Исаның шынайы хабарына адал болып жүргендерімен, шайқасуға аттанды» (Аян 12:17).

Қорыққан патшалар мен үрейленген айдаһардың ниетінің ұқсастығына назар аударыңыз. Патшалар да, айдаһар кейпіндегі шайтан да биліктен айырылмақ емес, қаһарына мініп, адамзатқа, адам баласына қарсы соғысады.

Осы шайқаста тірі қалған әрбір адамның қаһарман жолын таңдауға мүмкіндігі бар. Бұл кітаптың мақсаты – сізді қаруландыру және күш-қуат беру, өйткені күш-қуатымыз артқан сайын, Ұлы Құдайымыз жауға қарсы көтеріледі.





## Семсердің дүниеге келуі

*Әрбір адам қасқайып, тік тұр; қынынан  
суырылған семсерден тараған сәуле  
жүздерін нұrlандырады, батырдың ғана  
қолынан келетінді істеуге дайын.*

– Элизабет Барретт Браунинг



Неліктен семсер деп ойлайтын шығарсыз? Қорғаныс үшін бірер қадам шегініп, мылтықпен дәлірек көздеген дұрыс емес пе? Жаудың осынша ауқымды шабуылына жаппай қырып-жоятын қарумен жауап берген дұрыс емес пе? Қару ретінде семсер ескірген жоқ па?

Мыңдаған жылдар бойғы тарихта семсер маңызды орын алды. Семсердің романтикалық бейнесі адам санасында мәңгілікке сақталды. Біздің білуімізше, семсер алғаш рет Мәсіхтің туылуынан үш мың жыл бұрын қола дәуірде пайда болды. Бұл құрал қарапайым найза мен пышақтан металл өңдеушілер қола мен мысты бірге қолдана бастаған кезде пайда болды. Бірақ семсердің шығу тарихын толық деп санауға болмайды, өйткені ол тек бізге белгілі ғасырларда пайда болған қару туралы айтады. Семсер бізге белгілі уақыт кезеңінен әлдеқайда көне.

Семсердің адамзат дәуірінен әлдеқайда бұрын көкте жаратылғанын және құдіретті періштелердің оны біз көре алмайтын пішінде жерге әкелгенін білеміз. Киелі Кітаптағы бірінші семсер жалыннан жасалған және құдіретті қанатты

періштенің қолында өздігінен айналады.

«Адамды қуып шыққаннан кейін, мәңгілік өмірді сыйлайтын ағашқа апаратын жолды күзету үшін пейіш бағының шығыс жағына керуб деген періштелерді және жүзінен от шашып, әрі-бері қозғалып жарқылдап *тұрған бір семсерді қойды*» (Жар. 3:24, курсив автордыкі).

Айналып тұрған жалынды семсерді көз алдыңызға елестетіңіз. Адам ата мен Хауа ана өмір ағашына жақындап, жемісін тата алмау үшін оған апаратын жолды бөгеп тұр.

Кейін семсер ұстаған жеке адамдар мен тұтас әскерлер Киелі Кітапта көптеп кездеседі. Олардың арасында жақсылық үшін күрескендер де, зұлымдық жасаушылар да бар. Киелі Жазбада ең соңғы айтылатын семсер – Аян кітабындағы билік пен әділ төреліктің құдіретті құралы:

«Аттылының аузынан шығып тұрған, халықтарды шауып тастайтын *өткір семсері* бар екен. Ол халықтарға қатаңдықпен билік жүргізетін болады. Жүзімді қысып таптағанда шырынының ағып шығатыны сияқты, Ол құдіреті шексіз Құдайдың қаһарлы ашуын Оған мойынсұнбағандардың үстеріне төккізеді. Аттылының жамылғысының екі жанында: «Патшалардың Патшасы, иелердің Иесі» деген атағы да жазылған» (Аян 19:15, 16, курсив автордыкі).

Осылайша, семсер адамзат тарихында, бізге белгілі заманның басынан соңғы тарауына дейін бар. Сіз бен біз адамзат тарихының басталуынан гөрі аяқталуына әлдеқайда жақын кезеңде өмір сүрудеміз. Тарихымыздың басталуы қайғылы болғанымен, жеңіс салтанатымен аяқталады. Бұл кезең толғақтың күшеюі және нәрестенің дүниеге келер алдындағы күш-жігердің артуына ұқсас.

Қазіргі кезеңде семсермен қарулануымыз керек екені анық. Біз күзетші періштелер емеспіз, сондықтан, міндетіміз – қару

сілтеп, Құдай рақымының бағына апарар жолды күзету емес . Сондай-ақ, Құдай бізді төреші етіп те тағайындаған жоқ, өйткені бұл мәртебе патшалардың Патшасына ғана тиесілі. Құдайдың қыздарының қолындағы семсер – өмір мен нұрдың құралы.

## Құдайдың семсері

Осы кітапты жазу барысында біраз нәрселерді түсіндім. Соларды сізбен бөліспекпін. Ағылшын тілінде «God’s Word» (Құдайдың Сөзі) және «God Sword» (Құдайдың Семсері) сөз тіркестері бірдей әріптерден құралған. Басқа әріптерді қоспай, олардың арасындағы қашықтықты ғана өзгертсеңіз, «Құдай сөзі» «Құдайдың семсеріне» айналатынын көресіз\*.

Пауылдың Ефестіктерге жазған хатындағы «Құдай сөзін рухани семсер қылып ұстаңдар!» (Ефес. 6:17) деген сөздерінің қандай керемет және күтпеген растауы!

Бізге қажет нәрсенің бәрі Құдайдың Сөзінде жасырылған және біз оны жасырын қазына іздегендей іздейміз!

Жақында, мінәжат кезінде, маған Құдайдың көптеген қыздарының қарусыз екені аян болды. Яғни, оларда дайындық та, жақсы құрал-жабдық та жоқ, онымен қоймай, олардың жағдайы тұрақсыз, өздері өтірікке еруге бейім. Соңғы күндерде жанымыздың дұшпаны жалған пайғамбарлар мен адасып жүрген бауырларымыз арқылы беретін соққысын күшейтеді.

Жаңа Өсиет өтірік пен жалған пайғамбарлар туралы ескертулерге толы. Матай жазған Ізгі Хабар мен Жоханның 1-хаты бізге: «Талай жалған пайғамбарлар халық алдына шығып, көптеген адамдарды алдап, азғыратын болады» деп ескертеді (Матай 24:11).

«Сүйікті бауырларым, кез келген рухтарға сене бермеңдер, олар Құдайдан келген бе, жоқ па — алдымен соны анықтаңдар! Өйткені көптеген жалған пайғамбарлар жер жүзіне тарады» (Жоханның 1-хаты 4:1).

---

\* Ағылшын тілінде: *God’s word* — *Құдайдың сөзі*, *God sword* — *Құдайдың семсері*. — *Аудармашының ескертуі*.

Өтірікпен қалай күресуге болады? Адамдардың сөздерін Құдай Сөзіндегі ақиқат елегінен өткізу арқылы. Құдай Сөзі өміріміздің әрбір саласына енгенде, шындыққа бейімделе түсеміз. Қанша жерден білімді болсақ та, әрекетіміз ақиқатқа сай болмаса, өмірімізге тағы да қауіп төнеді.

«Құдайдың айтқандарын құр естуші ғана болмай, оларды іске асырушы болыңдар! Әйтпесе өздеріңді-өздерің алдайсыңдар» (Жақып 1:22).

Семсер қынынан жаумен шайқасу үшін алынады. Біздің жағдайда бұл Құдай Сөзінің семсерін күнделікті өмірімізге алып келуді білдіреді.

*Жақсылық жасамай, жақсыны білу көбінесе жамандыққа айналады.*

– С.Мартелли, «Семсерлесу шебері»

Семсерлесу шеберлігін қай дәрежеде меңгергеніңіз ұрыс қызғанда анық көрінеді. Ұрыстарда адамның жаттығуда меңгерген шеберлігі көрінеді. Қақтығыс дайындық кезеңінде шыңдалған мінезді сынай алады.

Бұл кітапты не үшін жазып отырмын деген сұраққа нақты жауап беретін бір оқиғаны әңгімелеп бермекпін.

2009 жылы табиғаты өте көркем Жаңа Зеландия елінде болдым, онда бірнеше конференцияда уағыз айттым. Бірде мен таңертең ұзағырақ ұйықтауға мүмкіндік алдым. Түн ортасы болды, жастықтарымды ыңғайлап, көрпеге рахаттана оранып алдым.

Көзімді жұмбастан бұрын электронды сағаттың экранын теріс қаратып бұрып қойдым. Сағаттың да, ұялы телефонның да қоңырауын сөндірдім. Ұйқымды әбден қандырмақпын! Тереземнің пердесін жауып, бөлме ішіне таңертең жарық түспейтін қылып қойдым, құлағымды тығындап алдым да, ұйықтататын дәрімді жұттым. Жол жүріп шаршаған денеме түн ұйқысын қамтамасыз ету үшін барлық шараларды мұқият жасадым.

Алайда, жоспарым іске аспады. Түнгі үш пен төрттің

арасында миымда тынымсыз қайталанған «Семсеріңді қайра» деген сөзден оянып кеттім.

Семсеріңді қайра дей ме? Бұл нені білдіреді? Түсіме не кіріп еді? Аунап түстім де, жастықтардың арасында ыңғайлырақ орналастым. Бірақ әлгі сөзден арыла алмадым, миымда «Семсеріңді қайра» деген сөз қайталана берді.

Жуынатын бөлмеге барып келдім де, төсегіме қайта жаттым. Түстер әлеміне қайта сүңгідім, бірақ бұл жолы ұйқым мазасыз болды. «Семсеріңді қайра» деген сөз қайталана берді.

Ақыры, көзімді ашып, сағатқа қарадым, таңғы төрттен сәл асыпты. Санам тынышталмай, ұйықтай алмайтыным анық. Көзімді жұмдым да, мазамды алған әлгі сөзді қайдан естігенімді есіме түсіруге тырыстым. Мүмкін жақында оқыған кітабымнан, әлде жақында көрген кинода кездесті ме? Кенет осы сапарымның алдындағы ұлыммен арада болған әңгіме есіме түсті. Мен одан: «Жаңа Зеландиядан не әкеп берейін?» деп сұрадым. Ол ойланбастан: «Ана, «Сақиналар әміршісі» фильміне қатысты бір зат әкелші», – деп жауап берді.

Мұндай өтінішті орындай алатыныма күмәнданданып, не қалайтынын нақтырақ айтуын өтіндім. Балам бірнеше затты атады, сондықтан мен Оклендке келген бойда әуежайда өзімді қарсы алған тамаша қыздан «Сақиналар әміршісінің» атрибуттарын қайдан таба алатынымды сұрадым. Ол мұндай қазынаны кейбір интернет-дүкеннен немесе АҚШ-тан табу оңайырақ болатынын айтты. Осыдан кейін баламның өтінішіне аса мән беруді қойдым. Бірақ қазір, түн ортасында кенеттен «Семсеріңді қайра» деген сөз Дж. Р. Р. Толкиеннің «Сақиналар әміршісі» трилогиясы бойынша түсірілген «Патшаның оралуы» фильмінен шыққан ба деп ойлады.

Төсектен тұрып, шамды жақтым, ойыма келген бірнеше идеяны қағазға түсірсем, ұйықтай аламын ба деген үмітпен қолыма қалам алдым. Қаламымның ұшы қағаз бетіне тиюі мұң екен, жаңа ойлар тасқыны санамды басып кетті. Жазып үлгермей отырмын. Құдайдың осы кітап арқылы жеткізбек болған ойларын жаза бастауым үшін Киелі Рух көркем бейнелерді, Киелі Кітап аяттарын және сөз тіркестерін берді.

Көптеген қауымдар Құдайдың Сөзін толығымен қабылдаудың орнына, белгілі бір үзінділері мен бөліктерін ғана алады деп сыбырлаған Киелі Рухтың үнін жүрегіммен естідім. Сондай-ақ Киелі Рух жер бетіне экономикалық, табиғи, саяси, мәдени және әлеуметтік күйзелістердің екі еселенген күшпен және жиілікпен келетінін айтты. Бұл сынақтар түптеп келгенде, нақты мақсат төңірегінде топтасатын Құдайдың халқының бірлігіне қызмет етеді. Құдай Сөзінің салмағы мен беделі артқан сайын көптеген өзекті сұрақтарға жауаптар да табыла бермек.

Киелі Рухтың айтқандарын тыңдап отырғанымда, көз алдыма әлдебір қару мен байрақтардың сынығын жерден алып, жоғары көтерген адамдар келді. Жүзі сынып, тұтқасы ғана қалған семсерлерден қайран жоқ. Бір кезде тиген жерін түйреп өтетін семсерлердің өткір ұштары, жүздері жан-жаққа шашылып, іске жарамсыз темір-терсек болып жатыр.

Басқа бір сарбаздардың қолында тұтқасы жоқ, сынған семсердің жүзі ғана бар. Олар қолдарын жаралап, семсердің сынығын тастауға мәжбүр. Бұлардың да қаруынан пайда жоқ. Кейбір жауынгерлердің самсерлерінің тұтқасы мен жүзінің арасындағы тиегі жоқ, қолдары сырғып, тұтқадан өткір жүзіне қарай өтіп кетуде. Сынған бөліктерді жинап, қайта біріктірсе, қару қалпына келіп, күшіне қайта ие болар еді. Алайда, қазіргі күйінде, қару емес, темір сынықтары ғана.

Қарудың сынықтары кең алқапта шашылып жатыр; қару бүтін күйінде ғана пайдалы. Қару-жарақтың әлдебір бөлігін ғана қолымызға ұстап жүргенімізде, мұздай қаруланған дұшпанымыз қарқынды түрде ілгері басуда. Құдайдың сөзі бүтін күйінде ғана қару бола алады. Біз болсақ, оны бүтін қолданбай, ішінен жұлынып алынған сөздерді семсер етіп сермеп жүрміз. Дұшпанымызға мазақ болып жүрген жоқпыз ба?

Өміріміздің тыныш кезеңінде Ізгі хабардың кейбір үзінділерінен жұбаныш пен қолдау табуымыз мүмкін. Алайда, қиын сәттерде Киелі Кітаптан алынған үзік аяттар жеткіліксіз, қауымда бірлік болмаса, дұшпан соққысына төтеп бере алмайтыны тәрізді, рухани семсеріміз де бүтін болмаса, ондай қарудан шайқаста қайран жоқ.

Бүгінгі шайқасқа қажет қаруымызды қалпына келтіруге керектің бәрі Құдай Сөзінде бар. Қару сынықтары Құдайдың Сөзін жариялауымызды күтуде. Бізді бірауыздан дұға ететін жағдайға келтіріп, бөлінгенді біріктіру үшін сынақтар қажет болса, мейлі, солай болсын.

Мені дұрыс түсініңіз. Ымырашыл болуға немесе Құдайдың Сөзіне өзгеріс енгізуге шақырмаймын. Киелі Жазбаны зерттеуге, дұға етуге және Құдайдың Сөзін қоспасыз, таза күйінде жариялауға және оның жүрегімізді өзгертуіне жол беруге шақырамын. Құдай Сөзі тірі, белсенді, кемелді және таза.

Сол күнгі көріп, естігенімнен түйгенім – Құдай Сөзінің даналығы мен құдіретін толығымен мойындауға тиіспіз. Құдай Сөзінің құдайлық қасиетін жойып, оны адами сөздерге айналдырудың орнына, адамның тілін құдайлық бейнеге сай етуіміз керек.

Шайтан Құдайдың құдіретті Сөзін үзіп-жұлып қолданатын, жік-жікке бөлінген Қауымнан қорықпайды, бірақ ол Құдай Сөзінің қайраулы семсерін көтеріп, талай тағдырды өзгерте алатын Қауымнан үрейленеді. Киелі Кітаптың өзімізге ұнамды аяттарын ғана емес, Құдайдың Сөзін түгел оқып, қолдана бастағанымызда, бізге шын мәнінде не берілгенін білетін боламыз. Бір-бірімізді аяқтан шалудың орнына, күшімізді рухани бауырларымызға көмектесу мен оларды шыңдау үшін пайдаланатын болсақ, Мәсіхтің денесі бірлікте көтеріледі. Қауым Құдайдың тазартуын және қайта құруын қабылдағанда, ол семсер достарға емес, жауларға қарсы қолдану керектігін есіне алады.

## Қайралған семсер

Жаңа Зеландиядан қайтып келгеннен кейін, «Сақиналар әміршісі» трилогиясын қайта көріп шықтым. Ондағы ойым – «Семсеріңді қайра» деген сөз бұл фильмде шынымен де айтылады ма, жоқ па, айтылса, қандай контекстте екенін білу. «Патшаның оралуы» – ұзақ хикая, сондықтан мен оны қысқаша ғана мазмұндап берейін.

Фильм ізгілік пен зұлымдық, адам мен жын-шайтан, жарық

пен түнек арасындағы эпикалық шайқасты баяндайды. Одақтас әскерлер жиналуда, бірақ олар өздеріне қарсы көтерілген зұлым әскерге қарағанда, тым аз. Қайсар жігіттердің жеңуге мүмкіндігі жоқ сияқты. Содан кейін ханшайым Эовин болашақта орындалмақ уәде жайлы аян көреді. Ол тақта отырған әкесіне келіп, оны ежелгі семсерді қайрауын өтінеді. Міне, оның сөздері:

«... сөнген күлден от шығар.

Қараңғылықты жарық сәуле жарып өтер.

Сынық семсердің жүзі қайта жаңарып, жарқырайды.

Тәжінен айырылған адам қайтадан таққа отырар.

...Семсеріңді қайра».

Фильм сюжетінен кеңірек контексте Толкиеннің поэтикалық дастанындағы бұл екі сөз жалындап қызған пештің, балғаның және семсер қайрауды білетін құдіретті шебер ұстаның бейнелерімен астасып жатыр. Жеке-дара бөліктер өзара бірігіп, жалын, қысым және судың күшімен біртұтас құдіретті қаруға айналды. Семсерге жаңа өмір берілді.

Бір кездері қолданыста болғанымен, уақыт өте, өткеннің ескерткішіне айналған қайран қару енді жарқын болашақ символына айналды! Семсердің қайта қайралған жүзінде өткеннің жеңістері бүгінгі үмітсіздікті жойды, жарқын болашаққа деген үміт қайта жаңғырды.

Біздің қазіргі жағдайымыз осы кітаптың ойдан шығарылған сюжетіне ұқсас емес пе? Бүгінгі жеңісті ойламай, өткеннің айғақтарын мақтан тұтып жүрген жоқпыз ба?

Қайралған семсердің символикасы жайлы ойласам, жүрегім тебіренеді. Бізге сеніп тапсырылған семсер көне семсерге қарағанда, әлдеқайда құдіретті қару. Бізге бір емес, көптеген жеңіске арналған мәңгілік семсер берілді. Тірі Құдайымыздың сөзі өзінің растығын қайта-қайта дәлелдейді. «Сақиналар әміршісі» фильмінде семсердің құдіретімен жаңа тәртіп орнады; ал Құдайдың семсері көк пен жерді жаратты. Олардың семсері жер қойнауынан өндірілген темірден жасалған; біздің семсеріміз бәрін жалмап тұрған аспан жалынында соғылған. Тарихқа із



қалдырумен ғана шектелмей, тарихты өзгертетін адам болайық, ол үшін Құдай Сөзінің семсерін қолға алуымыз керек.

Тағынан айырылған король Арагорннан айырмашылығы, Иеміздің патшалық мәртебесі – мәңгілік. Алайда, біз Оның билігін мойындаймыз ба? Бәлкім, біз Құдай Сөзінің семсерін қос қолдап ұстап, оған үстемдік беруден қорқамыз ба? Егер біз Құдай Сөзін мұқият зерттеудің орнына, оған сай өмір сүре бастасақ, не болар еді? Құдайдың Сөзін жариялап, оны Киелі Рухтың түсіндіруіне мүмкіндік берсек ше? Меніңше, қауымның семсерлесу шеберлігін жетік меңгерер кезі келді. Семсермен жара салудан гөрі оның көмегімен жараны сауықтыру әлдеқайда қиын, асқан шеберлікті қажет ететін іс.

«Олар халқымның терең жарақатын жеңіл-желпі таңа салып: «Амандық пен тыныштық болады!» деп халықты алдайды. Алайда амандық пен тыныштық жоқ қой!» (Ерем. 6:14; Ерем. 8:11).

Жүрек трансплантациясы қажет болғанда косметикалық хирургия мен жеңіл-желпі отаның пайдасы шамалы. Жер бетіндегі адамдардың өмірінде амандық пен тыныштық жоқ болса, оны қанша мұқият қарасақ та, көре алмаймыз. Біз тыныштыққа қол жеткізе аламыз, және біз Тыныштық Ханзадасының қол астында болуымыз керек, бірақ Құдай үкім шығарған тұста біз «тыныштық» деп айта алмаймыз. Бұл ауруға қарсы Құдайдың шипасы міне:

«Жаратқан Ие тағы мынаны айтады: «Жол торабына барып, айналаны байқап қараңдар, ежелгі жолдардың қайда екенін сұрап алыңдар! Ізгі жолдың қайда екенін сұрастырып біліп алып, онымен жүріңдер! Сонда жандарыңа тыныштық табасыңдар. Бірақ сендер: «Жоқ, онымен жүрмейміз!» деп бас тарттыңдар» (Ерем. 6:16).

Текст в боксе на 43-странице: Құдай Сөзінің семсері осы дүниелік ниеттерді көктің аманатынан айырады.

Басты жол бар да, көне жол бар. Біріншісі кең, сара жол, кең болғандықтан, көлік те шамадан тыс көп. Көне жол тар, сондықтан ондағы көлік саны да болмашы. Құдай Сөзінің жолымызды жарықтандырып, кедергілерді жоятын құдіреті бар. Құдай Сөзінің семсері жердегі ниеттерді көктегі ниеттерден ажыратады.

Көзге көрінбейтін семсерді қолдану өмірге еш қатысы жоқ қиял-ғажайып ертегі тәрізді оғаш ой болып көрінуі мүмкін. Өйткені Иса Петірге семсеріне сенгендердің семсерден өлетінін айтқан жоқ па? (Мат. 26:52 қара.) Әңгімемізді жалғастырмас бұрын, осы сұраққа жауап беруіміз керек. Ол үшін Исаның шәкірттерімен бірге ақырғы рет дастархандас болған соңғы кешке оралайық. Сол кеште Иса оларға бұрыннан белгілі фактілерді болашаққа қарсы қоя бастады.

«Содан кейін Иса шәкірттеріне:

- Мен сендерді жолға ақша салатын қалта да, жолдорба да, артық аяқкиім де алғызбай жұмсап жібергенімде, бір нәрседен мұқтаждық көрдіңдер ме?
- деген сұрақ қойды. Олар:
- Жоқ, еш нәрседен мұқтаждық көрген жоқпыз, — деп жауап қайтарды» (Лұқа 22:35).

Шәкірттер ауылдарды аралап жүргендегі шытырман оқиғаларды есіне алып, жолға Исаның сөзінен басқа ештеңе алмай шыққанда, Құдайдың кереметімен ешнәрседен мұқтаждық көрмегендерін ойлады. Олардың күлімсіреп, бастарын изеп отырғаны көз алдыма келеді. Сонда Иса оларға жаңа маусым туралы былай деді:

«...Ал енді, кімнің ақша қалтасы болса, соны да, жолдорбасын да алып жүрсін. Кімнің семсері жоқ болса, ол шапанын сатып, семсер алсын» (Лұқа 22:36, курсив автордыкі).

Дәл осы аятты Киелі Кітаптың басқа аудармасынан келтірмекпін (мен оны ойымнан шығарған жоқпын, шынымды айтам):

«Енді әмияның болса, әмияныңды да, дорбаңды да ал, семсерің жоқ болса, шапаныңды сатып, семсер ал» (қазіргі заманғы аударма).

Иса оларға ақша мен дорбаны алыңдар деп қана қойған жоқ, сонымен қатар, киімнен гөрі семсердің маңыздырақ болуы мүмкін екенін айтты! Исаның «Игі Ұстаз» деген атаққа ие болған күндері артта қалды, енді Ол заң бұзушы деп танылды. Шәкірттер Иса жайында айтылған пайғамбарлық сөздер түгел орындалатын күннің қарсаңында жиналған еді. Қолдарындағы заттарын тездетіп қарап шығып еді, он екі адамнан екі семсер табылды.

«Шәкірттері: «Мырза, қараңыз, мұнда екі семсер бар!» дегенде, Иса «Жетер енді!» деп жауап қайырды» (Лұқа 22:38).

Содан кейін Иса Зәйтүн тауына барып, дұға етті, онысы жәй ғана дұға емес, нағыз арпалыс болды. Ал шәкірттері ұйықтап жатқанда, періштелер келіп, Исаға жігер берді. Сонда Иса шәкірттерін оятып, дұға етуге шақырды, сол сәт Яһуда бастаған қарулы топ та келді.

Осыдан кейін орын алған оқиғадан ұйықысынан жаңа оянған адам түгілі, ояу жүрген, сергек адамның өзі де шошып кетер еді. Сонымен, шәкірттер ояңды да, не болып жатқанын түсінді. Сол-ақ екен, Раббыларын қорғау үшін семсерлерін қынынан суырды.

«Исаның қасындағылар енді не болатынын сезіп:  
— *Мырза, семсермен құртып салайық па?* —  
деп сұрады. Олардың біреуі семсерін бас діни қызметкердің малайына қарай сілтеп қалып, оның оң құлағын шауып түсірді. Бірақ Иса:  
— Тоқтатыңдар, жетер енді! — деп бұйырып,  
малайдың құлағына қолын тигізіп, оны сауықтырып жіберді» (Лұқа 22:49–51, курсив автордыкі).

Қолдануға дайын болмасаң, семсер суырудың не қажеті бар? Менің болжауымша, сұрақ қойған – Жохан, ал семсер сілтеген – Петір. Бұл жағдайда Лұқа Петірдің жағына шыққанға

ұқсайды, өйткені оның оқиғаларды сипаттауынан біз бас діни қызметкердің қызметшісінің құлағын кескен Петір екенін білеміз. Петір семсер сілтегеннен кейін Исаның оған не дегенін Матай жазған Ізгі Хабардан оқи аламыз.

«Ал Иса оған: «Семсеріңді қынабына сал! — деп бұйырды. — Семсеріне сенген семсерден өлер. Мен қазір Әкемнен сұрасам, Ол Маған дереу он екі әскери бөлімнен астам у періштелерін жібереді! Әлде солай болмайды деп ойлайсың ба? Бірақ олай істесем, Киелі жазбалардағы осы оқиғалар болуға тиіс деп алдын ала айтылғандар қалай жүзеге асар еді?!»» (Матай 26:52-54).

Киелі Кітаптың осы тұсы мен үшін жұмбақ. Петірдің сол сәттегі көңіл-күйін өзімше болжаған боламын. Иса семсер алып жүріңдер демеп пе еді? Сол себепті, Петір қару қолданатын уақыт келді деп ойласа керек.

Қалай болғанда да, Иеміздің семсер жайында айтқанда, Өзін де, шәкірттерін де жаудан қорғауды көздемегені анық. Қол астында мыңдаған періштелері бар Құдайдың Ұлына, сайып келгенде, күзет керек пе?

Сондай-ақ Иса Петірге семсерден мүлде бас тартуды бұйырған жоқ; Ол жай ғана қаруды қынына салуды айтты. Бұл да маған оғаш болып көрінеді, өйткені ол: «Семсеріне сенгендер семсерден өледі» деген. Сізді білмеймін, Исаның орнында өзім болсам: «Семсеріңді бұдан былай шығарма, ол сені құртады!» дер едім. Осынау қарама-қайшылықтар Исаның семсер жайындағы сөздерін тікелей емес, астарлы сөз деп қабылдауға мәжбүр етеді. Исаның Жохан жазған Ізгі Хабардағы әлгі сөздері шәкірттерді осы оқиғаға алдын-ала дайындауды көздеген сияқты. Ол көкке оралу қарсаңында шәкірттеріне жер бетінде жүргенде айтқан сөздерінен өзгеше, жаңа сөздер айтуының себебін түсіндірді.

«Бұларды айтқандағы мақсатым — сендердің бастарыңа сондай күн туғанда Менің оны алдын ала айтып кеткенімді естеріңе алып, жігерленулерің.

Мен сендерге қызметімнің басында бұларды айтқан жоқпын, себебі өздеріңмен бірге болдым ғой. Енді Мен Өзімді Жібергенге қайтып кетемін. Ал бірде-біреуің Менен: «Қайда барасыз?» — деп сұрамайсыңдар» (Жохан 16:4, 5).

Кейбір сөздердің мағынасын мезгілі жеткенде ғана ұғына аламыз. Сол сәтке дейін естігіміз келмегендіктен немесе естудің қажеті болмағандықтан «саңырау» болып қаламыз. Алайда, уақыты келгенде, санамыз ашылып, бұрын түсініксіз болып көрінген нәрсе кенеттен айдан анық бола қалады. Кейбір айтылмаған ойлар адаммен бірге болған кезде түсінікті болып көрінеді. Ал қоштасқаннан кейін ол ойлар көмескіленіп кетеді.

Семсер төңірегіндегі жұмбақты шешу үшін тағы бір үзіндіге назар аударайық. Кетер алдында Иса шәкірттеріне: «Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» деп уәде берді (Мат. 28:20).

Бұл уәде сол сәтке қарағанда, болашақ үшін маңыздырақ еді. Исаның тәни кейіпте шәкірттерінің арасында болған мерзімі аяқталды. Бұл уәде ұзақ сапарларда сынақтарға тап болып, жеңістерге жеткен кезде олардың жүрегінде сақталды. Бұл уәде Исаның он екі шәкіртін ғана емес, сізді де, мені де жігерлендіреді! Бұл уәде берер үміт сізге де, маған да тиесілі.

Күйеуімнің қасында отырып, «Мен сенімен біргемін, жаным» деген сөзімді есту бір басқа да, арамызды уақыт пен қашықтық бөліп тұрғанда есту басқа. Біріншісі айқын болса, екіншісі көзге көрінбейтін нәрсеге сенуді қажет етеді.

Осылайша, Исаның не себептен кейде қарама-қайшы сөздер айтқанын түсінуге болады. Иеміз әуелі семсер алып жүруді бұйырады, ал көп ұзамай оны қолданғаны үшін Петірді сөгеді. Исаға опасыздық жасалған түні

**Семсерлесу  
өнеріне қатысты  
дерек:**

Шабуыл болсын, қорғаныс болсын, тек сабырлы да байсалды күйде ғана жақсы семсерлесе аласыз.

Зәйтүн тауы семсер сермеуге лайық орын емес еді (мезгіл де лайық емес). Бұл Құдайға бағышталу мен дұға етудің уақыты мен орны еді.

Шәкірттері ояу болса, олар Исаның сол мінәжатта өз өмірін қорғап қалуға емес, Құдай Әкеге толық бағыштауға бар күшін салып жатқанын білер еді.

**Семсер қынынан алынса, жүректегі ниеттер ашылады** Матай Исаның семсер туралы айтқан тағы бір сөздерін келтіреді.

«Мені дүние жүзіне (жалған) татулық әкелу үшін келді деп ойламаңдар. Мен сондай татулықты емес, жақсы мен жаманды бір-бірінен ажырататын семсер әкелу үшін келдім» (Матай 10:34, орысшадан аударма).

Семсер қынынан алынса, жүректегі ниеттер ашылады. Бұл қарудың бізді үрейге бой алдырып, қаша жөнелуге немесе батыл әрекетке, бірлікке бастай алатын құдіреті бар. Соңғы кешкі ас кезінде болған бүкіл әңгімеден кейін шәкірттердің өзін-өзі қорғау үшін немесе қуғындаушыларды қорқыту үшін қайтадан семсер суырғаны туралы бірде-бір оқиға жазылмаған. Демек, Иса өзін-өзі қорғау туралы айтпаған, мәселені өз қолымызға алып, өз күшімізбен әрекет етуіміз керек деп те айтқан жоқ.

Иса қызметінің басында қырық күндік оразадан кейін шөл далада жалғыз қалып, сынақтан өтті. Енді Гетсимани бағында, достарының арасында тағы да сыналды. Алайда, бірінші сынақ пен екіншісінің арасында айырмашылық бар. Біріншісінде шайтан әбден ашыққан Исаны тастарды нанға айналдыруға азғырды. Шайтанның бұл сөзі Киелі Жазбаға қайшы келетінін мойындауымыз керек, өйткені, Исраил халқы шөл даланы кезіп жүргенде, Мұса пайғамбар оларды нанмен қамтамасыз еткен болатын.

Алайда, Иса оған былай деп жауап қатты:

«Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың аузынан шыққан әрбір сөзімен өмір сүреді» деп (Тауратта) жазылған ғой!» (Матай 4:4).

Бірінші жағдайда Құдайдың кереметі ашыққан халықты тамақтандыру үшін қажет болса, екіншісінде Өз қамы үшін керек болды. Кейінірек, жердегі қызметінде Иса Өзін өмірдің наны ретінде айтқан кезде бұл айырмашылықты қаншалықты жақсы түсінгенін көрсетті.

«Сонда Иса оларға былай деді:

— Шынайы өмір сыйлайтын «нан» Менмін. Маған келгендер рухани нәрден тарықпайды, Маған сенгендер ешқашан шөлдемейді!» (Жохан 6:35).

Исаның осы сөзін тура мағынасында түсінуіміз керек пе? Жоқ. Мен Исамен кездескеннен кейін де физикалық аштық пен шөлді сезіндім. Шөл даладағы ораза Исаны өзгертті. Оразаға дейін Ол нан жеп, нәр алып өмір сүрген, ал оразадан кейін Өзі өмір беруші тірі нанға айналды. Яғни, Иса адам кейпіндегі Құдайдың Сөзі еді.

Сондай-ақ шайтан Исаны ғибадатхананың төбесінен секіруге, онымен қоймай, Құдай Әкенің Өзін құтқарып алуын талап етуге азғырды.

«— Егер Құдайдың рухани Ұлы болсаң, төмен қарай секіре гөр! Өйткені «Періштелеріне Ол Сен жайлы бұйрық береді: Сен аяғыңды тасқа соғып алмауың үшін қолдарына көтеріп Сені алып жүреді» деп (Забурда) жазылған ғой. Иса оған жауап қайтарып:

— Алайда «Құдай Иеңді еркінсіп сынама!» деп те (Тауратта) жазылған ғой! — деді» (Матай 4:6, 7).

Иса жер бетіне діни жетекшілерге Құдайдың Ұлы екенін дәлелдемек болып, биіктен төмен секіру үшін келген жоқ. Ол айқыштағы өлімі арқылы біздің мәртебемізді көтеру үшін келді. Шайтан Исаны жер бетіндегі барлық патшалықтармен және оның даңқымен азғыруға тырысқанда, Иса тағы да Құдай Сөзінің семсерін қолданды:

«Сонда Иса оған былай деп жауап қайтарды:

— Кет қасымнан, шайтан! «Құдай Иеңді терең

қастерлеп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!» деп (Тауратта) жазылған ғой!

Мұнан соң әзәзіл шайтан Оның қасынан кетіп қалды. Сол сәтте періштелер келіп, Исаға қызмет көрсетті» (Матай 4:10, 11).

Біз «жазылған ғой!» деген сынақтан өткеннен кейін, періштелер пайда болады. Шайтан Исаның көз алдында Құдай Сөзінің мағынасын, демек, оны қолдануды да бұрмалауға тырысты. Дұшпанның бізге жасайтыны да – сол. Құдайдың уәделерін бұрмалап, қара басымыздың қамын ғана ойласақ, басқа адамдарға тамсанумен болсақ, өзіміздікпен өз мүддемізді көздесек, шайтанның үмітін ақтаймыз. Ол бізге ақиқатты бұрмалау арқылы соққы береді, олай болса, оған ақиқатты мойындау арқылы тойтарыс берейік.

Семсер жекпе-жегінде намыс қорғау дәстүрі пайда болғалы бері «Ақиқат – семсерде» деген сөз үнемі айтылып келеді.

Ақиқат семсеріне, яғни, Құдайдың Сөзіне сүйеніп, өмір сүрер уақытымыз келді. Кітап мазмұнын мейлінше әсерлі ету үшін, кітапқа семсердің суреттері мен семсерлесу өнерінің терминологиясы енгізілген, осылайша біз Құдайдың Өзі таңдаған қарумен жақынырақ танысамыз.

«Семсерлесу» сөзінің ағылшынша баламасы *fencing*, «қорғау» сөзінен шыққан. Құдай Сөзінен мықты қорған жоқ.


Семсерлесу техникасын зерттей келе, бұл әйелдердің ерлермен бәсекеге түсе алатын санаулы ғана спорт түрлерінің бірі екенін білдім, өйткені семсерлесу білек күшінен гөрі, ақыл-ой әрекетінің басым болуын талап етеді. Семсерлесу шеберлігі жойқын күшті соққыларды емес, дәл қимылды қажет етеді. Жекпе-жекте жеңіске жету үшін өз әрекетіне деген мықты сенім емес, қарсыластың келесі қадамын интуитивті білу керек.



## Сен батыр бола аласың

*Жүгіруге бел байламасаң, марафонда  
жеңіске жету мүмкін емес, күреске кірмей,  
жеңімпаз бола алмайсың.*

– Ричард М. ДеВоз



Дұшпанның көздейтін нысанасына не себепті айналғанымызды түсіндік. Неліктен бізге берілген қару семсер екенін талдадық. Енді батыр болудың не екеніне тоқталайық.

Қаһарман әйел, батыр әйел – суперәйел, чемпион, жаулап алушы, жұлдыз, басты кейіпкер, көшбасшы, батыл әйел.

Қаһарман әйел болу ықтималдығына бола ғана сізді нысанаға алынғаныңыз қапаландыратын шығар. Шынында да, әлдекімнің өзіңізге қастандық ойластырып жүргенін білу – қуанарлық жайт емес. Алайда, сіз өзіңіздің қатардағы, жай адам емес екеніңізді білесіз. Сіз көк пен жердің, көзге көрінетін және көрінбейтін барлық нәрселердің Жаратушысы, Құдіреті шексіз Құдайдың майланған қызысыз, сондықтан адамзаттың дұшпаны үшін ықтимал қауіпсіз.

Сіздің шайқастың шынайы әрі қатерлі екенін түсінетініңізге сенімдімін, бірақ, мүмкін, кейіпкеріміз Сара Коннор сияқты, сіз де әлі ештеңе жасамаған боларсыз. Сонымен бірге, сіз әлдебір

істерді атқаратын күннің келетінін іштей сезесіз. Ең бастысы, өміріңізде Құдайдың еркі орындалуына рұқсат берген сәттен бастап, ерлік жасауға қадам бастыңыз.

Жақында мен бүгінгі күннің қаһарман қызы санайтын (әлемді өзгертіп, мыңдаған адамдарға әсер етіп жүрген) бір құрбым: «Қалай ойлайсың, Құдай мені осы қызметке шақырды ма?» деп сұрады.

Күліп жібердім. Әрине, оны Құдай шақырды. Ол ойында жүрген күмәнін шын жүректен айтып салды. Неліктен? Кейде күнделікті өміріміздің тұманы бізден мәңгілік болашағымызды жасырады. Қазіргі заман тарихының бір бөлігі екеніңізге ешқашан күмәнданбаңыз.

*Біз бүгінде сол кездегі сенім батырлары сияқты  
болуымыз мүмкін, бірақ сол күндері олар өздерінің  
батыр екенін білмегенін есте сақтаңыз.*

– А.В.Тозер

Әлбетте, егер Киелі Кітаптағы сенім батырлары өз заманының қаһармандары екенін білмесе, біз де өзіміздің ерлігімізді білмеуіміз мүмкін. Біз де сондаймыз, өйткені олар өздері білмей батыр болған.

## Құдай қатардағы адамдардан қаһарман жасайды

Өмір – бізге берілген сый. Өмірлік жолымыз да – сенім арқылы ашылатын сый.

Батыр қызға тән қасиеттерді өзімізден жанталаса іздеуіміздің қажеті жоқ. Құдай сіздің есіміңізді кереметтерге, көктен келер ғажайып нышандарға, шайқастарға және табиғаттан тыс оқиғаларға толы салтанатты эпопеяның қатысушылары, сенім батырларының тізіміне жазып қойған.

«Бізге сый етіп берілген тарих Ыбырайымның емес, Құдайдың тарихы» (Рим. 4:2, MSG\*\* аудармасы).

Сенімнің алғашқы қаһарманы Ыбырайымның тарихта қалған саяхаты мәселелерді өз бетімен шешуге тырысуды тоқтатқан кезде басталды. Біз де әңгімемізді осы тұстан бастайық.

Көпшілігіміз сияқты, Ыбырайым да пұтқа табынушының ұрпағы еді (Ешуа 24:2-ні қараңыз). Пұтқа табынушылық адамның қолымен жасалған бейнелер мен заттарға табынуға негізделген. Құдай біз ойлағаннан да зор нәрсені істеуді жоспарлағанда, Ол біз жоспарлаған нәрсеге батасын бермейді, бірақ бізді Өз жоспарларына жетелейді.

Киелі Жазба былай дейді: «Ыбырайым Құдайдың өзіне арнаған жоспарына кірді, бұл бұрылыс нүктесі болды. Ол өз күшімен әділ болуға тырыспай, Құдайдың өзін әділ адам ететініне сенді» (Рим. 4:3, MSG аудармасы).

Ал енді мынадай сұрақ туындайды: біз де соған дайынбыз ба? Дайын болсақ, онда Құдайдың біз үшін жасаған істеріне кірер кез келді. Осылайша біз Киелі Рухтың жүрегіміздегі жұмысын бастауға мүмкіндік береміз. Бұл әрекет біздің Оған деген сенімімізді көрсетеді. Біз алға қадам басып, жүрегімізді дұрыс жолға қойған сайын, өмірімізде көзге көрінбейтін, әйтсе де, өте маңызды нәрселер орын алатын болады. Құдаймен бірге жүргенімізде, Иеміздің көзқарасын ғана қабылдап қоймай, Оның билігіне де ортақтасамыз.

«Иса оларға былай деп жауап берді:

— Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды» (Жохан 5:19, курсив автордыкі).

Келісім «әлдебіреумен арадағы бірлік пен үйлесім» дегенді

---

\*\* Осы тұста және әрі қарай: *The Message Bible* — Киелі Кітаптың грек тілінен қазіргі заманғы ағылшын тіліне Юджин Питерсон жасаған аудармасы. – Аудармашының ескертуі.

білдіреді. Егер Құдайдың жалғыз Ұлы Иса Әкесінің рұқсатынсыз ешнәрсе істемеген болса, біз, Оның батыр қыздары, Иеміздің жолын ұстанбасақ, мәңгілік құнды ештеңеге қол жеткізе алмаймыз!

Киелі кітап Ыбырайым тәрізді бұрын өткен батырларды «тәуекел және сеніммен өмір сүруге және Құдайдың жолымен жүруге» дайын болғандар ретінде сипаттайды (Рим. 4:12, MSG аудармасы). Мәсіхтің құрбандығы арқылы Құдайдың бізді өткен күнеларымыздан құтқарғанына қалай сенсек, Мәсіхте оның болашақта біздің атымыздан әрекет етіп жатқанына сенеміз.

«Тауратта «Мен сені көптеген халықтардың түп атасы етіп тағайындадым» деп жазылған ғой. Ыбырайым Құдайдың назарына өзінің қасиетті өмірімен іліккен жоқ. Ол өлгендерді қайта тірілтетін және жаңа нәрселерді жоқтан жарата алатын Құдайға сенімім артты» (Рим. 4:17, MSG аудармасы).

Біз әділ өмір сүру арқылы өзімізді-өзіміз құтқара алмаймыз. Исадан басқа әділ жан жоқ. Сондықтан біз өзімізді Құдайға тапсырамыз, сеніміміз арқылы Ыбырайым арқылы істегенін Жаратқан Ие біздің де өмірімізде жасайды деп күтеміз. Құдайдың бізді – елеусіз, қарапайым адамдарды – маңызды тұлғаға айналдыруына мүмкіндік береміз. Құдай Әкенің бір кездері еңсесі түскен, жүрегі жаралы қызы нағыз қаһарманға айналуы мүмкін. Құдайдың ісін өз атымыздан орындау арқылы біз іс-әрекетте қаһарман боламыз. Бізден бұрын өткен сенім батырлары жалпы халық арасынан сенімге негізделген ерліктерімен ерекшеленді. Құдайдың алдында олар батыр мәртебесіне ие болды.

«Тіршіліктің негізгі фактісі - Құдайға деген сенім, Жаратушыға үміт арту біздің өмірімізге мән беретін барлық нәрсенің берік негізі болып табылады. Көзге көрінбейтін нәрсенің қай-қайсысына да көзқарасымыз – осындай. Сенім батырларының басқалардан ерекшелігі — олардың көпшіліктен өзгеше *сенім әрекеті*» (Евр. 11:1, 2, MSG аудармасы, курсив автордыкі).

## Батырлар – берік негізде тұрған адамдар

Біз сенім әрекеттерін Еврейлерге арналған хаттың «сенім» сөзі қайталаған әрбір аятынан көреміз. Төменде осы батырлардың сенім арқылы жасаған барлық істерінің тізімі берілген:

- Құдайға ұнамды құрбандықтар жасады;
- ажалға жолықтырылмай бұ дүниеден әкетілді;
- Құдайға ұнамды болды;
- шөл даланың қақ ортасында үлкен кеме жасады;
- дүниенің қиқарлығын әшкерелеп, жақсылық пен зұлымдықтың арасына шекара сызды;
- белгісіз жерлерге барды;
- келімсек болып, Тәңір Иеге сеніп өмір сүрді;
- мәңгілікке көздерін қадады;
- Құдайдың құдіретін қабылдады; қартайған шағында жүкті болып, тұтас бір халықты дүниеге әкелді;
- сын сағатта Құдайға бет бұрып, Оның уәделерін еске түсірді;
- болашаққа көз тігіп, ұрпақтарына көреген батасын берді;
- халықтың болашақта Мысырдан көшіп шығатыны жайлы пайғамбарлық сөз айтты;
- перғауынның жарлығынан қаймықпай, ұлын үш ай бойы жасырды;
- Мысырдың қазыналарынан бас тартты;
- Мәсіх үшін масқара болуды Мысырдың қазыналарынан артық байлыққа санады, патшаның қаһарынан қаймықпай, Мысырды тастап кетті;
- Құтқарылу мейрамын тойлады;
- Қызыл теңізден құрғақ жермен жүргендей өте шықты;
- Иерихон қамалын жеті рет айналып өтті;
- барлаушыларды үйіне түсіріп, аман-есен сақтап қалды;
- патшаларды жеңіп шықты;

- әділдік орнатты;
- уәде етілгенге ие болды;
- арыстандардың аузын жауып, жалын шашқан өртті сөндіріп, семсер жүзінен аман қалды;
- шайқастарда жеңіске жетті;
- жау жасақтарын қуып шықты;
- өлгендері қайта тіріліп, олармен қайтадан қауышты.

Осынау ұзын-сонар тізімнен төрт нәрсені атап өткім келеді, оларды өз өміріңізге сенім арқылы қабылдап, сенім батырларындай әрекет ете алатын боласыз.

1. **Құдайдың бергенін сеніммен қабылдап, сонымен өмір сүр!** Ыбырайым Құдайдың бергенімен өмір сүрді. «Құдайдың бұл жобасы аяқталды, енді өмір бойы шатырда тұратын кезбе болып, сеніммен өмір сүруді доғарайын» деген жоқ. Өмірінің соңына дейін ол Құдайдың өзіне ашқанын ұстанды.
2. **Құдайға ұнамды өмір сүр.** Біздің көзге көрінбейтін тірекке сүйеніп, Өзі берген аянға негізделіп өмір сүргеніміз Көктегі Әкемізге аса ұнамды. Еврейлерге арналған хатта: «Ал сенім артпай Құдайға ұнау мүмкін емес. Құдайға келген әркім Оның бар екеніне сенуге және Өзін іздеп, жақыннан танығысы келгендерді Құдайдың жарылқайтынына илануға тиіс» (Евр. 11:6). Сеніммен өмір сүргеніміз Құдайға ұнамды. Сенім «уәденің орындалуына» (Евр. 11:1) әкелумен қатар, нық сенімділік, үміт, тұрақтылық және адалдық болып табылады. Өміріміз мызғымас сенімге және Патшамызбен берік байланысқа толы болады. Құдайға ұнамды өмір сүруді таңдасаңыз, келесі мақсатқа да жетесіз.
3. **Ұрпағыңа бата бер.** Құдайдың еркіне сай өмірді, Құдайға мойынсұнуды таңдағанымызда, мыңдаған ұрпағымызға Құдайдың жарылқауы қонады! Забур жырында бізге қандай уәделер берілгенін оқыңыз: «Ол — біздің Құдайымыз, Жаратқан Ие, Бүкіл әлемге Өзі билік жүргізуде.

Мәңгі есінде сақтайды Ол өз Келісімін,  
Келер мың буынға да бұйырған өсиеттерін —  
Ыбырайыммен жасаған Келісімін,  
Ысқаққа да антпен берген сол уәдесін» (Заб. 104:7, 9).

- 4. Жер бетінде келімсек болып өмір сүріңіз.** Біздің өміріміз – осы дүниедегі уақытша саяхат екенін түсіну маңызды. Тамырымыз да, өміріміздің қайнар көзі де – Мәсіхте. Сондықтан, бұл дүниеге терең тамыр жаюдан аулақпыз. Өсімдіктер су мен қоректік заттарды тамыр жүйесі арқылы сіңіреді. Біз өзімізге қажет нәрсені Құдайдан алып, әлемге береміз. Бұл дүниедегі келімсек ретіндегі өмір оғаш мінез-құлық танытуды білдірмейді. Ең бастысы, жердегі емес, көктегі құндылықтарды назарымызда ұстау. «Ойларыңды күнәкар дүниедегіге емес, көктегіге аударыңдар! Себебі сендер рухани өлдіңдер, енді өлген кісідей бұрынғы күнәлі іс-әрекеттеріңе жоқсыңдар. Ал Мәсіхпен бірлесіп сүрген жаңа өмірлерің ел көзінен таса, Құдайдың алдында» (Қол. 3:2, 3).

## Батырлардың әр нәрсеге өзіндік көзқарасы бар

Еврейлерге арналған хаттың 11-тарауында сипатталған керемет істердің барлығын өзіміз сияқты адамдар жасады. Біздің олардан жалғыз айырмашылығымыз – олар мәңгілік құндылықтарды өмірдің өткінші қызығынан артық көрді, жердегі шектеулерде өмір сүруден бас тартты. Біз солардың ұрпағы әрі мұрагеріміз!

Жоғарыда айтылғандардың бәріне қоса, олар барлық қиындықтар мен сынақтардан ерлікпен өтті. Олардың кейбірі шейіт болып азап шекті, бірақ мойыған жоқ. Олар қорлыққа, соққыға, зынданға, бұғауға төзе білді. Біреулері таспен атқыланып, арамен кесіліп, семсермен шабылып өлтірілді. Басқалары қой-ешкінің терісін жамылып, жоқшылық көріп, азапталып жәбірленді, олардың үй-жайы да, дос-жараны да, ешбір құқықтары да болмады. Дегенмен, олардың өмірбаяны – зор құдіреттің айғағы. Киелі Кітап бұл батырлардың ерліктерін

сипаттауды келесі сөздермен аяқтайды: «Күнәкар дүние сондай ержүрек адамдарға лайықсыз еді! Олар айдалада таулы-тасты жерлерде қаңғып жүріп, үңгірлер мен апандарда жасырынып өмір сүрді» (Евр. 11:38).

Осы сөздер жүрегімде от боп лаулайды. Жерден гөрі көктің азаматы болып өмір сүргім келеді! Өмірге деген көзқарасымыз өзгеру үшін азап пен қорлықты бастан кешіру міндет емес, дегенмен, кейбір үмітімізді өзгерткеніміз жөн.

### Батырлар мүмкіндікті қалт жібермейді

Осы тарауды жазып жүргенімде, біз тұратын қала өртке оранды, ал біз болсақ, Құдайдың құдіретіне куә болдық.

Сәрсенбі күні болатын. Үйіміздің жертөлесінде ынталана жұмыс істеп жүрген едім, күйеуім Джон үйге келіп, онымен бірге кеңсеге баруым керек екенін айтты. Сейсенбі күні ол кеңседегілердің барлығымен бірге Уолдо каньонындағы өрттің сөнуін сұрап дұға еткен еді. Өкінішке орай, сол күні кешке біз үйіміздің баспалдағында тұрып, жел айдаған оттың тау бөктерімен төмен түсіп, жолындағы жүздеген үйлерді жалмап кеткенін көрдік. 32 мың адам қаладан кетуге мәжбүр болды. Сондықтан сәрсенбі күні таңертең Джон миссиямыздың қызметкерлерімен бірге тағы да мінәжат етті. Бүкіл кеңсені эвакуациялау қаупі төніп тұрды.

Жағдай қиындай түсті. Қызметкерлердің көбі қатты уайымда болды, өйткені өрт олардың үйлеріне, барлық мүлкіне қауіп төндірді. Басшы ретінде біз ғимараттан шығуымыз керек деп шешім қабылдадық, сол кезде кенеттен Джон жаныма келіп: «Лиза, біз кеңсеге қайта оралып, үшінші рет дұға етеміз», – деді.

*Шайқаста жеңіске жету үшін кейде оған  
бірнеше рет кіру керек.*

– Маргарет Тэтчер

Бастапқыда мен кітабыммен жұмыс істеуім керек болғандықтан, қарсылық білдірдім. Содан кейін Еврейлерге арналған хаттағы батырлардай сенімімді көрсете алатын сәт келгенін түсіндім:



*«...жалын шашқан өртті сөндіріп, семсер жүзінен аман қалды. Олар әлсірегенде Құдайдан күш алып, ұрыс-шайқаста нығайып, жау жасақтарын қуып шықты» (Евр. 11:34, курсив автордыкі).*

Джон екеуіміз кеңсеге жөнелдік, жолай мызғымас сенімімен танымал болған құрбымызға жолығып, оны да ала кеттік. Өрттің ортасында қалған адам, қауіпсіз жерде тұрған адамның даусын естісе, түтіннің арасынан шығар жолды таба алады. Құрбымызға жағдайды қысқаша баяндап бердік, ал Джон оған не туралы дұға ететінімізді түсіндірді. Оның да жүрегіндегісі сол екен, Құдайдың кереметі жайында бізбен бірге дұға етуге келісті әрі бұрын өткен оқиғаларды еске алды. Өйткені, біздің өрт қаупімен кездесіп отырғанымыз алғаш емес. Бүгінгі шайқаста кеше үйренгенімізді еске түсіруіміз керек.

Бәлкім, өткен оқиғаларды еске түсіретін бірде-бір үйінді тасым жоқ дерсің. Олай болса, менің саған арналған керемет жаңалығым бар: Еврейлерге арналған хатта тізіп айтылған сенім істері — құрылыс материалың, өз қорғаныңды солардан салып ал.

Құрбымызбен тағы біраз сөйлестік те, қызметкерлермен бірге дұға етерде оған қоңырау шалатын болып келістік, сонда мінәжатымызға ол да қосыла алады. Үшеуіміз құдіретті Құдайдың бізге қалай жауап беретінін көру үшін дұғаның басталуын тағатсыздана күттік. Қызметкерлер түгел жиналғанда, Джон қолына маркер алып, тақтаға не туралы дұға ететінімізді жаза бастады. Өрттің аумағы одан әрі кеңеймесін, қайта сөне бастасын, бұдан былай бірде-бір ғимарат өртенбесін, адам өлімі болмасын, эвакуация туралы бұйрық алынып тасталсын деп дұға еттік. Кабинетке жиналғандардың жүзіне қарап, қорқыныш, сенім, қобалжу, күмән, тіпті қуаныш та көрдім. Сосын бәріміз сыртқа шығып мінәжат ете бастадық.

Сонымен, бүкіл ұжымымызбен үшінші рет дұғаға жиналдық. Кейбіреулердің «сенімнің ізгілікті мүддесі үшін жан сала күресуден» қазірдің өзінде шаршағанын байқадым. Қол ұстасып, шеңбер құрдық та, дауыстап Құдайға сиына бастадық. Сол-ақ екен, дұғамыз күшейе бастады. Қанша уақыт дұға

еткеніміз есімде жоқ, әйтеуір көз ұшындағы әлденені анық көргенімізше сиынғанымызды білемін... Мінәжатымыздың жауабын көрдік. Арамыздағы үш адам аян көрді. Құдай отпен жауап берді... аспан оты жердегі отты жалмады. Мұның қалай болғанын түсіндіруді сұрамаңыз, түсіндіре алмаймын. Мінәжат кезінде атмосфералық қысымның төмендегенін, күн едәуір салқындап, ауа райының күрт өзгергенін байқадық. Джон екеуміздің кеңседен шыққанымыздан

**Семсерлесу  
өнеріне қатысты  
дерек:**

Егер сіз өз ойыныңызды тоқтатып, қарсыласыңыздың жетегінде кетсеңіз, жеңіліске ұшырайсыз.

кейін бір сағат өтпей жатып, жаңбыр жауып, қатты жел соқты. Кешке қарай кешегі өзіміз көрген өрттердің барлығы сөнді. Қайтып бірде-бір үй өртенген жоқ. Кешкі жаңалықтарда өрт өзінен-өзі кері қайтты деп хабарланды.

Біздің командамен бірге көптеген басқа адамдардың да дұға еткенін білемін. Бірлік пен сенімде мінәжат еткенімізде, қандай кереметтер болатынын көрдік. Ержүрек өрт сөндірушілер, полиция, ұлттық ұлан және ішкі әскердің басқа да бөлімшелері өртпен аянбай күресті. Олар ерлікпен жұмыс істегендей, біз де дұға ететін уақыт келді, өйткені олар оттың шетінде тұруға дайын болса, біз ең азы аспаннан көмек сұрай аламыз.

Дұғадан бөлек, біздің қызметкерлер эвакуацияланғандарға баспана табу үшін де көп еңбек сіңірді. Мінәжатты әрекетпен ұштастыру керектігін батырлар түсінеді!

## Батырлар – ортақ мұраның бір бөлігі

Еврейлерге арналған хаттың 11-тарауында былай делінген:

«Сенім батырларының әрқайсысы уәде етілген игіліктерге қол жеткізбесе де, сенімдерін ұстанған күйі дүние салды. Тәңір Ие өздеріне уәде еткен игіліктерді иемденбестен соларды тек алыстан ғана көріп, оларға

қуана қол бұлғады. Олар өздерінің жер бетінде тек жат жұрттық келімсек ретінде тұрғандарын мойындады» (Евр. 11:13, MSG аудармасы).

Сенім батырлары алыстан не көрді? Қымбат үйлер мен көліктерді ме? Олай емес-ау! Заттарға ешкім қол бұлғамайды, *заттармен* амандаспайды, *адамдарға* ғана сәлем беріп, қол бұлғаймыз!

Сенім батырларынан үлгі алмақ болсақ, алысқа көз тігуіміз керек. Олар қолындағысына емес, көкжиектегіге қарады. Батырлар – көктен келер берік үміт пен сенімге ие адамдар, өйткені сенім «үміттенгеннің жүзеге асатынына күмәнданбау, әлі де көрінбей тұрған уәденің орындалуына шүбәсіз илану» (Евр.11:1).

Келесі аятты оқып, жүрегіңіз қуаныш пен кішіпейілділікке толсын, өйткені Ұлы Құдай сізді және мені батырлар қатарына қосуға лайық деп санайды.

«Бұлардың барлығы сенімдерінің арқасында Тәңір Иенің ризашылығына ие болды. Дегенмен Оның уәде еткенін иемдене алмады. Ол осы адамдарды бізбен бірге ғана кемелді етіп, мәңгілік мақсатына жеткізуді қалады» (Евр. 11:39, 40).

Біз де олардың өмірінің ұзақ тізбегінде тұрмыз. Олардың өмірлік тарихының біз де бір бөлігіміз. Олардың ерліктері біздің ерліктерімізбен ұштасып барып аяқталмақ.

Осы аты аңызға айналған сенім қаһармандарының өміріне қараймын да, олардың алыстан көрген нәрселерін бізге неге жақыннан көруге мүмкіндік берілгенін түсінбеймін. Олар егістіктің жемісін де татпастан еңбек етті, ал бізге Құдай сол егістіктен өнім алуға рұқсат берді.

- Олар ыстық-суыққа төзген; біз кондиционері бар ғимараттарда жиналамыз.
- Олардың баспанасы болмаған; біз Құдайдың үйінен баспана таптық.
- Олар айдалада жалғыз жүріп, Құдайды мадақтады;

біз мыңдаған бауырластарымызбен бірге мадақтау өлеңдерін айтамыз.

- Олар құралақан болды; біздің ұысымыз толы.

Олардың сеніміне біз өз сенімімізді қоса аламыз ба?

Егіннің Иесінен біздің көзімізді ашып, көкжиегімізді кеңейтуін сұрап дұға ететін кез келді, осылайша үйреншікті шектеулерден шығып, сенім батырлары жасаған істерді біз де жасай бастаймыз. Біз олардың сөздерін іс-әрекетімізбен қуаттай аламыз ба? Олар үшін тек символ болған нәрселерді қолымызбен ұстап көре аламыз ба?

«Осылай өз сенімдерін айқын паш еткен қалың көпшілік бізді жарыстағы жанкүйерлердей қоршап тұр. Сондықтан да бізге бөгет болатынның барлығынан, әсіресе, тез шырмап алатын әрбір күнәдан арылып, алдымыздағы «жарысты» қажырлылықпен аяқтайық! Басқа жаққа мойын бұрмай, бар назарымызды Исаға аударайық! Бастапқыда сенім жолын салған Ол бізді сеніміміз арқылы Құдай белгілеген мақсатымызға жеткізеді де. Иса Өзін күтіп тұрған зор қуаныш үшін айқышқа шегеленудің қорлығын елемей, соған төзді. Бұдан кейін Ол Құдайдың тағының оң жағындағы құрметті орнына жайғасып отырды» (Евр. 12:1, 2).

Нақыл сөздер кітабында жазылғандай, Құдай адамзатқа қарап, шат-шадыман болды. Бізге жігер беріп жүрген кешегі батырлар ма деп жиі ойлаймын. Бұл кәуәлер бұлты бізді қоршап, періштелер қоршап, алға жетелейтіндей бізді алға жетелейді емес пе?

Исада бәріміз де сенім батырларымыз, ал Ол арамыздағы қас батыр. Осыны түсінген адамға дұшпанның нысанасына іліну қорқынышты емес. Еңсемізді көтеріп, мынаны жариялауымыз керек: мен жеңіске жету үшін тағайындалдым, өйткені мен туралы Құдай былай дейді: «Ал, балаларым менің, сендер Құдайдансыңдар, жалған пайғамбарларды жеңіп шықтыңдар. Өйткені сендердегі Киелі Рух күнәкар дүниені билеп тұрған шайтаннан құдіретті» (Жоханның 1-хаты 4:4).

Осы сөздер жүрегіңіздегі сеніміңізді жаңғыртып, батыр қыздың үмітін оятса екен деймін. Сырт кейпімізден ішкі жан дүниеміздің әлдеқайда үлкен екенін білу қандай бақыт. Көзге көрінбейтін әлемде сіздің мәртебеңіз бен қаһармандық әлеуетіңіздің құпиясы сақтаулы. Ерлік – Құдайға ғибадат.

## Батырлар – табиғаттан тыс тұлғалар

«Ұлы жандар — Саған бағышталғандар,  
Маған өте ұнайды елде олар» (Заб. 15:3).

Осы аятты қатты ұнатамын, өйткені, ол Құдайға ұнамды өмір сүруді ерлікке теңейді. Қасиетті, Құдайға бағышталған деген сөздер «бөлініп алынған, көктегі, басқалардан асқан, табиғаттан тыс» дегенді білдіреді. Сондай-ақ бұл біздің Құдайдың Рухымен жеңіске жететінімізді білдіреді. «Күш-қуатпен де емес, билік күшімен де емес, тек Менің Рухыммен ғана табысқа жетесің! — дейді Әлемнің Иесі» (Зэк. 4:6).

Біздің батыр деген мәртебеміз адами қабілетімізге де, күшімізге де, тіпті адам рухына да байланысты емес, Құдай Рухының құдіретіне ғана байланысты. Біз осы дүние шектеулерінен тыс болуға шақырылғанбыз, соған сәйкес әрекет етудің уақыты келді. Рухта өмір сүру дегеніміз – өз күшімізге сенуге итермелейтін қарапайым әрекеттер мен үйреншікті эмоцияларға жол бермеу. Сондай-ақ, біздің іс-әрекетіміз арқылы жаудың әрекет етуіне жол бермейік.

«Себебі әлі де ескі күнәкар болмыстарыңа  
сүйенесіңдер: араларыңда қызғаныш пен таластың  
болуы сендердің ескі болмыстарыңа сүйеніп, өз  
еріктеріңмен жүретіндіктеріңнің дәлелі емес пе?»  
(1 Қорынт. 3:3).

Естідіңіз бе? Бойымыздағы құдіретті басқаруға адами күш пен қабілет жеткіліксіз. Өмірімізден қызғаныш пен жанжалды жою арқылы біз пендешілік шектеуінен шығамыз. Бірлікте әрекет етуді шешкенде, біз ескі, күнәкар болмысымызды жеңеміз.

Суперқаһармандар қауіп төніп тұрған немесе үрейге бой алдырған адамдарға көмектесе алады, өйткені олар жоғары билік алдында жауапты екенін түсінеді. Өз күшімізбен батыр бола аламыз деп ойласақ, алысқа бармаймыз. Құдай – біздің күш-қуатымыздың қайнар көзі, бізге күш-қуат беріп, басқаларға Оның есімін паш ету мәртебесін берген Жаратушымыздың алдында жауап береміз.

## Батырлар ержүрек

*Қатер төнгенде батыл болу - шайқастың жартысы.*

– Платон

Батырлар *әрқашан ержүрек*, бірақ әрқашан ержүрек болу мүлде *ешқашан қорықпау* деп ойламаңыз. Ральф Уолдо Эмерсонның қарапайым сөздері, менің ойымша, батырлықтың мәнін өте дәл көрсетеді: «Батыр қарапайым адамнан ержүрек емес, ол басқалардан бес-ақ минут қана ұзақ батылдық танытады». Кейде шабуыл кезіндегі қосымша бес минуттық батылдық Құдайға соңғы сөзді айтуға мүмкіндік беретін толық үнсіздікке ұласады. Әлде бұл жай ғана Құдай көрсеткен жерде тұрып, табанды болуды білдіреді. Қосымша бес минуттық батылдық қорғансыздарға шабуыл жасалғанда, дауысыңызды көтеру керек дегенді білдірмейді.

Кейде ұрыс даласында жалғыз қалып, қайтпағаныңызға ғана бола, жеңіске жетесіз, өтірік әшкереленеді, жау жеңіліп қашады. Батылдық сізді табанды әрі берік етеді.

Өмір қорқынышты сәттерге толы, үрейге бой алдырмаймын деу желдің екпінін тежей аламын деумен бірдей. Дегенмен, түрлі жағдайларда жауабымыздың қандай

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

нағыз сайыскер дауыс беру құқығынан бас тартпайды, өз таңдауын өзі жасайды.

боларын таңдауға әрқашан құқылымыз. Бүркіттер балапан кезінде жел ұйытқуынан үрейленеді, ал есейе келе, желдің күшін пайдаланып, көкте қалқиды. Қорқынышыңыз Құдайға жақындай түсуіңізге түрткі болсын.

## Батырлардың ғажайып ерекшеліктері бар

Айта кетерлік жайт, барлық батырлар әлдебір әдеттен тыс ерекшеліктерге ие, өйткені, олардың өмірі ұлы нәрсеге байланысты.

*Батыр – өмірін өзінен жоғары нәрсеге  
арнаған адам.*

– Джозеф Кэмпбелл

Батырлар чемпиондық атақтан гөрі, чемпиондық мақсаттарға ұмтылады. Сыртқы мотивациялық факторлар оларды тәуекелге баруға, батыл, жанашыр, әрекетке дайын, жауапты және ержүрек болуға итермелейді. Кейіпкерлер көзге көрінетін сыртқы қабырғаның артында әрқашан басқа нәрсе жасырынып жататынын түсінеді. Батырлар тік тұрудан қорықпайды. Олар барлық жағдайдан жоғары көтерілуге дайын, сондықтан ерекше істер жасай алады.

Осы кітапты жазып жүргенімде, «Кек алушылар» атты фильм көрермендердің сүйікті киносына айналды. Айта кету керек, фильмдегі кек алушы жәбірленгендердің қорғаушысы. Бұл фильмнің сәтті болуының бір себебі, әрбір кек алушы – бірегей жалғыз қаһарман, фильм барысында басқалармен тізе қосып, команда болып жұмыс істеуді үйренеді. Жеке алғанда, олар өте күшті, ал бірлесе әрекет еткенде, мүлде жеңілмейтін болады.

Капитан Америка таптырмас күш пен абырой сияқты қасиеттерге ие, бірақ аздаған аңғалдығы бар. Тор сүйкімді және ақкөңіл, оның мызғымас балғасы бар, алайда, ағасына сеніп, алданып қалады. Темір адам керемет. Ол асықпайтын мінезімен сүйкімді, бірақ сонымен қатар мысқылшыл және сәл мұңды. Халқтың керемет күші бар, бірақ сол күшін тізгіндей алмайды. Қара жесір қысым түскен сәттерде өте шебер және

епті, бірақ өткеннің елестерінен арыла алмай жүр. Бұл тізімде басқа суперқаһармандар да бар, бірақ әрқайсысының күшімен қатар осал тұстары да бар.

Киелі кітаптағы Исадан басқа барлық батырлардың да ізгілігі мен кемшіліктері болған! Суперқаһармандардың арасында әр түрлі пішіндегі және өлшемдегі ерлер де, әйелдер де бар... сіз бен біз сияқты.

Мәсіхші «Мәсіхтің ізбасары және майланған адам» дегенді білдіреді. Біз Исаға ғибадат етеміз, сол арқылы Құдайдың нығметі мен рақымына бізді қаһарман етуге мүмкіндік береміз. Пауыл елшінің Ефес қауымына не айтқанын тыңдаңыз:

«Соңында айтарым мынау, бауырластарым: Иемізбен тығыз байланыста жүріп, Оның құдіретінен қуат алып, нығая беріңдер! Шайтанның қастық іс-әрекетіне тойтарыс бере алуларың үшін Құдай берген «рухани қару-жарақпен» түгел жабдықталыңдар! Біз адам баласына қарсы емес, қазіргі қара түнектің әкімдері мен күштілеріне әрі дүниені билеп-төстеушілеріне: көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз. Сондықтан Құдай берген «рухани қару-жарақтың» бәрін асыныңдар! Сөйтіп зұлым күштер шабуыл жасаған күні қарсы тұрып, ақырына дейін күресіп, жеңіп шыға аласыңдар. Сонымен, шындықпен «белді бекем буып», әділдікті «сауыт қылып киіп», табанды тұрыңдар! «Аяқкиімдеріңді де киіп», татуласу туралы Ізгі хабарды таратуға дайын болыңдар! Бұларға қоса сенімдеріңді «қалқан қылыңдар», онымен шайтанның барлық «отты жебелерін» өшіріп тастай аласыңдар; құтқарылғандықтарыңды «дулыға етіп киіп» қорғаныңдар; Құдай сөзін «рухани семсер қылып ұстаңдар»! Осы қаруды қолдануды үйреніңдер. Ол сендерге өмір бойы қажет болады. Киелі Рух арқылы әрдайым Құдайға сиынып, барлық өтініштеріңді айтып, рухани сергек те шыдамды болыңдар: Құдайдың бүкіл халқы үшін мінажат ете беріңдер! (Еф. 6:10-18, МсG аудармасы).

Бұл үзіндіде маңызды ақпарат бар. Әрбір ойды бөліп



қарастырайық, өйткені осы аяттарда Ефестіктерге арналған хаттың негізгі ойы мен мақсаты тұжырымдалған.

1. Құдай күшті, қыздарының да күшті болғанын қалайды!
2. Құдайдың бізге берген қаруы тамаша.
3. Осылай қарулансаң, жаудың саған қарсы ойластырған ешбір айласы жүзеге аспайды.
4. Бәріміз де рухани шайқастамыз, және бұл шайқаста екі жақ та өліспей беріспейді.
5. Қазір дайындалсаң, жау тұзағына түспейсің.
6. Бұл шайқаста өз күшіңмен күресу мүмкін емес.
7. Өміріңнің негізінде қиқат, әділдік, тыныштық, сенім және құтқарылу жатуы тиіс.
8. Міндетті түрде Құдай Сөзімен қарулануымыз керек.
9. Мінәжат елеусіз қалмауы тиіс.

Көктегі Әкеміз біздің әрбір мұқтаждығымызды біліп, оларды жеңу үшін бізге күш пен билік берді. Бізді ең үздік, ешқашан жеңілмейтін жеке қару күтіп тұр. Бұл мәңгілік элементтердің қазіргі және болашақтағы шайқастарда жеңер күші бар. Біз жарық пен түнек, өмір мен өлім арасындағы шайқастардың ортасындамыз. Үрейге бой алдырып, шайқас алаңынан қашып кетуге болмайды.

Біз жер басып жүргенімізде, дұшпан жеңемін деген үмітпен бізге қарсы қару жасайды. Жау қаһарланып, Құдайдың қыздарына қарсы түрлі шайқастарды бірінен соң бірін бастайды. Бірақ ол жеңе алмайды, өйткені біздің қолымызда отқа соғылған семсер бар. Құдайдың қыздары семсерін қолына алып, ілгерілей бастағанда, жау шегінеді.

Алға қасқая қара, жерге нық тұр, семсеріңді көтер, жау сүйкімді әрі батыр жүзіңді көрсін.

**Семсерлесу  
өнеріне қатысты  
дерек:**


Қарсыласыңыз шабуыл жасауға оқталып тым жақындаған сайын агрессиясына төтеп беріңіз



## Шайқас алаңы

*Біз адам баласына қарсы емес, қазіргі қара түнектің әкімдері мен күштілеріне әрі дүниені билеп-төстеушілеріне: көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз.*

– Ефестіктерге 6:12



Бұл тарауда «Біздің шайқасымыз қайда өтеді?» және «Біздің жауымыз кім?» деген сұрақтарға жауап береміз.

Бұған қарапайым және жылдам жауап беруге болады: біздің шайқас көзге көрінбейтін салада өтеді, ал біздің жауларымыз айналамыздағы адамдар емес.

Біздің өміріміз бір күні түбегейлі өзгеріске ұшырайтын әлемде өтіп жатыр. Жердегі уақыт бір күні аяқталып, мәңгілік орнайтынын білеміз. «Себебі дүниенің қазіргі қалпы жуырда сап болып, жойылады» (1 Қор. 7:31).

Бүкіл жаратылыс біз әлі көрмеген нәрселердің көмегімен жаратылған.

Мысалы, көзге көрінбейтін, бірақ қуатты атомды алайық. Оны жай көзбен көруге болады ма? Жоқ. Соған қарамастан, оның ғажап қуаты бар. Льюистің «The Screwtape Letters» кітабында бір жын екіншісіне былай деп ескертеді: «Бірақ ғылымды (нағыз ғылымды айтып отырмын) мәсіхшілікке қарсы құрал ретінде қолдануға тырыспаңдар. Ғылым оны қолмен ұстай алмайтын және көре алмайтын шындықтар туралы

ойлауға мәжбүр етеді».

Әлденені көзбен көрмесек, ондай нәрсе жоқ және бізге әсер ете алмайды деп ойлауға болмайды. Ақылға сүйенер кез келді. Өкініштісі, біздің санамыз күрестен босамайды және бұл күрестен аулақ болу мүмкін емес.

«Біз адам баласына қарсы емес, қазіргі қара түнектің әкімдері мен күштілеріне әрі дүниені билеп-төстеушілеріне: көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы күресудеміз» (Ефес. 6:12).

Жақсы жаңалық: күрес құралы мен амалын таңдау мүмкіндігі – өзімізде. Біздің жауымыз қараңғылық пен зұлымдық күштерінің билігіне бағындыру үшін бізді мақсатымыздан, көзге көрінбейтін күрестен алшақтатқысы келеді. Ол біздің қараңғылық бастауына соққы бергенімізді қаламайды. Адамдармен соғысып, жауға қарсы әрекет етуді ағаштың жемісін алып тастау арқылы жою әрекетімен салыстыруға болады. Егер сіз шынымен ағашты жойғыңыз келсе, оның тамыр жүйесін жоюыңыз керек.

Адамдар арқылы әрекет етіп, ықпалын кеңейтуге тырысатын түнек жүйесі бар. Сізге шабуыл жасап жүрген – адамдар емес, дегенмен кейде дәл солай болып көрінеді. Сізді әлдеқайда күрделі әрі ежелгі күштер үнемі бақылап отырады, өйткені жылан сіздің өміріңіздегі Құдайдың құдіретінен қорқады.

Нәресте дүниеге келерде толғақ болатыны сияқты, мәңгілік армандар орындаларда уақытша шайқастар болады.

Қазіргі кезде әлдебір сұмдық бізді Құдайдың ең лайықты және ұлық армандарынан бөгеп тұрғандай. Біздің әрқайсымыз Оның арнамымыз, Иеміз арманы үшін күресіп, жеңіске жетті. Бірақ Оның бізге деген үміті мұнымен шектелмейді, біз туралы арманын Рухтың жетелеуімен жазылған мына дұғадан көруге болады:

«Мен бұлар үшін ғана емес, *олардың айтқандары арқылы Маған сенетін* барлық адамдар үшін де өтініп тұрмын. Әке, Мені Өзіңнің жібергендігіңе адамзаттың сенуі үшін, Сенің Менімен, Менің де Сенімен тығыз

байланыста тұрғанымыздай, сенушілер де Екеуімізбен тығыз байланыста тұрып, бәрі біртұтас болсын деп өтінемін. Солар да Біз сияқты біртұтас болсын деп, Өзің Маған сыйлаған ұлылықты Мен оларға да бердім. Мен бұлармен тығыз байланыстамын, Сен де Менімен солайсың. *Маған сенетіндер толық бірлікке жетсін!* Осылайша Өзіңнің Мені жібергеніңе әрі Мені қалай сүйсең, оларды да солай сүйетініңе адамзаттың көзі жетсін» (Жохан 17:20–23, курсив автордыкі).

Соңғы кеште он бір сенуші шәкіртімен бірге Иса біз үшін дұға етті. Солардың арқасында бір күні тәубе ететін бізді де дұғасына қосты. Бүкіл Киелі Кітапта біз олардың Исамен бірге жүргенін, Ұстазын тастай қашқанын, Оны даңқтау үшін қайтып оралғанын көреміз.

Исаға Өзі туралы куәлік ету үшін олардың өмірі мен сөздері қажет болғандай, бізге Исаны басқаларға танытатын уақыт келді. Бұл сізге бола басқалар Исаға сене бастайды дегенді білдіреді.

Бұл қалай болады? Құдайдың рақымымен. Оның ұлылығының ең қысқа анықтамасы – «Құдайдың толық өлшемі» және «Оның кемелдігі». Құдай өзінің жалғыз Ұлын толығымен берді, Иса да Өз өмірін толықтай берді. Бір тамшысын да қалдырмай, барын түгел берді. Әке Құдай мен Ұл Құдай адамзатты құтқару ісінде мүлдем біртұтас болды, мақсатта да, мақсатқа жету жолында да бір болды. Исаның бәрімізге арналған дұғасының мәні - жан мен жүректің бір болуы, осылайша әлем Оның Рухы арқылы Оның қалыңдығынан Әке мен Ұлдың ұлылығын қайтадан көреді.

**Нәресте дүниеге келерде толғақ болатыны сияқты, мәңгілік армандар орындаларда уақытша шайқастар болады.**

Өкінішке орай, Жохан жазған Ізгі Хабардың 17-тарауындағы осы аяттарды оқи отырып, кейде тіпті Исаның Өзіне де дұғалары қабыл болғанша ұзақ күтуге тура келетінін түсінемін... Өйткені біз әлі де бірлікке жете алмай жүрміз.

Әрқайсымыз бірегей жаратылғанбыз, сондықтан

көзқарасымыз, сөзіміз, сезіміміз әртүрлі. Біздің ғибадатымыз әртүрлі болуы мүмкін және болуы керек те, бірақ Мәсіхтің Денесі ретінде әрекет еткенімізде, арамызда бірлік болуы керек. Жохан жазған Ізгі Хабардың 17-тарауының 23-аятын қайталап оқып шығайық:

«Мен бұлармен тығыз байланыстамын, Сен де Менімен солайсың. Маған сенетіндер толық бірлікке жетсін! Осылайша Өзіңнің Мені жібергеніңе әрі *Мені қалай сүйсең, оларды да солай сүйетініңе адамзаттың көзі жетсін*» (курсив автордыкі).

Бірлігіміз жарасса, әлем де тәубеге келмек, ал арамызда алауыздық болса, әлем бізге қарсы шығады! Мәсіхшілердің мінез-құлқы, олардың мәдениеті мен өмірі біз жариялап жүрген құндылықтардың шынайы екеніне күмән туғызады. Біз Құдай шынымен де Өз Ұлын әлемді құтқару үшін жібергендей өмір сүреміз бе, әлде бізге қарап, мәсіхшілер қара басының ғана қамын ойлады деп айту оңай ма? Біз Құдайдың Исаны қалай сүйсе, бізді де солай жақсы көретініне сенеміз бе? Әкеміздің көктегі Ұлын сүйгендей бізді де сүйетінін елестету қиын. Менің ойымша, Исаның дұғасына жауап ретінде әрекет ете бастайтын кезіміз келді. Жүрегіміз бен ниетіміз бір болғанда, Исаның мына сөзі орындалады:

«Әке, Маған тапсырған адамдарыңның *Өзім болатын жерде болуларын* және Өзің Маған сыйлаған салтанатты ұлылығымды көрулерін қалаймын. Бұл ұлылығымды Сен Маған Мені сүйгендіктен *әлем жаратылмастан бұрын-ақ* сыйлаған едің» (Жохан 17:24), курсив автордыкі).

Исаның сізді Әкесі берген сый деп атағанын байқадыңыз ба? Басқаша айтқанда, Әке: «Иса, мұны әзірше жүрегіңе сақтап қой. Бұл — Менің сыйлығым, кейін, жер бетіне барғаныңда, ашарсың» деді. Бірлік – құпия. Біз әлі жер басып жүрсек, қалайша Исамен бірге бола аламыз? Жауап: Мәсіхте бәрі бір болады. Бұл дүние бізден Мәсіхтің бар екендігінің дәлелін іздейді. Біз Мәсіхтегі ұлылығымызды түсінбеймізше, олар

мұны көретініне күмәнім бар. *Назарымызды өзімізден Иемізге аударғанымызда ғана*, Исаның бейнесі бізден көріне бастайды.

Ефестіктерге арналған хат бұл құпияны жақсы түсіндіреді:

«Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп, біздер жамандықтың құлдығынан азат етіліп, күнәларымыз кешірілді. Осылайша Құдай Өзінің шексіз зор рақымын терең даналығымен және түсінігімен бізге молынан жаудырды. Енді Ол бізге Өзінің құпия жоспарын — Мәсіхке байланысты алға қойған ізгі ниетін ашып берді. Тәңір Ие мұны белгілі уақыты жеткенде іске асырып, бүкіл әлемді: көк пен жердегінің барлығын да біріктіріп, Бастығы ретінде Мәсіхтің билігіне тапсыратын болады» (Ефес. 1:7-10).

Киелі Жазбада Құдайдың бізден ештеңе жасырмағаны анық айтылған; күнәларымыздың құны толықтай өтелді, толығымен кешірілдік, Оның еркін, құпиясын және Мәсіхте қойылған мақсатты түсіну үшін бізге Құдайдың рақымы мен даналығы молынан төгілді. Мезгілі жеткенде, Иса жер бетіне келді, енді біз өзімізге кесілген уақыт біткенше осы жерде жүреміз. Егер бізде бір жүрек, бір дауыс, бір көзқарас пен бір мақсат, бір есім, бір патшалық және бір тапсырма болса не болар еді? Азап шеккен жеріміз Аспан Патшалығының бейнесіне айналар еді.

Бірлік пен татулық, ынтымақ өздігінен пайда болмайды. Бірлік – Құдайдың ұл-қыздарының еңбегінің жемісі.

«Татуластырушылар бақытты: олар Құдайдың рухани балалары деп аталмақ!» (Мат. 5:9).

Алауыздық тууы үшін біздің тарапымыздан ешбір әрекеттің немесе күш салудың қажеті жоқ, ондай нәрсе өздігінен пайда болады. Жанжалдар – адамзат құлағаннан бері осы дүниенің ажырамас бөлігі. Бірлік пен татулық саналы да стратегиялық даналықты қажет етеді. Аспан Патшалығының жердегі мәдениетімізге мейлінше ықпал етуіне септігімізді қосайық.

Алауыздық ешқашан да Исаны мадақтамайды. Ол біздің

жүрегімізге, үйлерімізге, дауыстарымызға, көзқарастарымызға, мақсаттарымызға іріткі салады. Алауыздықтың көптеген сипаттары бар, олардың арасында: неке адалдығын бұзу, азғындық және ұстамсыздық; жалған тәңірлерге табынушылық пен сиқыршылық; қаскөйлік, ұрыс-керіс, қызғаныш, ашу-ыза, жеке бастың абыройын ойлау, жік салу, күншілдік, кісі өлтіру, маскүнемдік, жүгенсіздік және сол сияқтылар (Ғал. 5:19–21 қараңыз). Бұл ұлы қасиеттер пендешілікке беріліп, тәни ниеттерімізбен өмір сүргенімізде әлемге енеді. Алауыздықтың қыры көп болғанымен, сыры біреу-ақ, түптеп келгенде оның жалғыз мақсаты – бізді құрту.

«Ал егер жүректерің удай қызғанышқа толып, қара бастарыңның абыройын ойласандар, онда даналықтарыңа мақтанбаңдар, әйтпесе шындықты бұрмалайсыңдар. Мұндай жалған «даналық» көктен келмейді. Керісінше, ол осы күнәкар дүниеге, өз бетімен жүрген ескі болмысымызға және жын-перілерге тән. Қай жерде қызғаныш пен қара бастың абыройын ойлау болса, тәртіпсіздік пен зұлымдық атаулы да сол жерде» (Жақып 3:14-16).

Құдайдың көздейтіні – Қауымның біртұтас болуы. Сонымен қатар, Иса қалыңдығының махаббатын, Жалғыз Күйеу Жігітке ғана тиесілі болуын қызғанышпен аңсайды.

Сондықтан, бірлік үшін күресуіміз керек.

Иса бізбен бір болу үшін және біздің бір-бірімізбен бір болу үшін өлімді, тозақты және қабірді жеңді. Кейбір жағдайларда темірді темірге ысқылағанда, екеуі де қайралып, өткір болады. Адамдардың арасындағы қарым-қатынастар да солай шыңдалады. Бірлікте жүруді әдейі таңдаған бойда сіз күшті қарсылыққа тап боласыз.

Көпшілікке күш-қуат беру үшін ту

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

Семсердің тартымдылығы соншалық, он алтыншы ғасырда жекпе-жекте (ар-намысты қорғауды көздеген семсер сайысында) қаза тапқан дворяндардың саны (40 000) соғыста қаза тапқандардан асып түсті.



көтерген сайын, алауыздықтың арамызға іріткі салатынын көресің. Мен бұл сценарийдің адамдар арасындағы қарым-қатынас бар жерде, жеке достықтан бастап, қауымға дейін қайта-қайта жүзеге асып жүргенін көремін. Сондайда адамдар бірігіп жетпек болған мақсаттарын естерінен шығарып, әрқайсысы өзінің қажеттіліктері неге қанағаттандырылмай жатқаны туралы ойлана бастайды.

*Өмірлік жолыңызда тозаққа тап болсаңыз,  
тоқтамай жүре беріңіз.*

– Уинстон Черчилль

Тозақта үй тігіп, қона жатудың қажеті жоқ... сапарыңызды жалғастыра беріңіз. Осы орайда неке – жақсы мысал. Джон екеуіміз қалыңдық пен күйеу жігіт болып жүргенімізде, мүлде жанжалдасқан жоқпыз. Ал отау тігіп, Құдайдың алдында бірлік туралы келісімге келуіміз мұң екен, жау шабуылының астында қалдық. Мәселе әрбір отбасында болатын ұрыскерісте емес, неке ұғымының өзі шабуылға ұшырайды. Құдай белгілеген нәрсені біз өзгертпеуіміз керек; Ол қосқанды біз ажыратпауымыз керек. Бір ұрпақ бір-бірін алдап, сезімдері суығанда, бір-бірін тастап кетудің айыбы жоқ деп шешкенде, ажырасу әдетке айналды.

Некенің өзі және оның ішіндегі қарым-қатынас жаудың шабуылына ұшырайды. Ешқашан ұрыспайтын және кенеттен ажырасудың аз-ақ алдында қалған кейбір ерлі-зайыптылар туралы соңғы жаңалықтарды естігенде, Джон екеуіміз қанша рет таң қалғанымызды айту қиын. Кейде некеде жанжалдың болмауы ерлі-зайыптылардың неке үшін күреспейтінін білдіреді. Екі адамның біртұтас болуы үшін кейде күресу керек.

Өздеріңіз білетіндей, айдаһар ежелгі ертегілердің кейпкері ғана мес. Айдаһар туралы айтқанда, біз рухани өлім әкелуші шайтанды меңзейміз. Бәсекелестік, жала жабу, қызғаныш, алауыздық тудыратын сөздер – айдаһардың тілі.

Аян кітабындағы әйел Исраилді, Мәриямды, әйелдерді және қалыңдықты бейнелейтіндіктен, айдаһар Едем бағындағы жыланды, шайтанды, теңізді мекендейтін алып жыланды

бейнелейді, оның барлық ролдері Құдайдың мінез-құлқын және Оның сөздерін бұрмалау, шындықты өтірікпен алмастыру болып табылады. Айдаһар айлакер әрі зұлым, сонымен қатар ол Мәсіхке қарсы шығушының рухының күшімен әрекет етеді.

Құдай Адам мен Хауаға оң батасын беріп: «Өсіп-өніп көбейіңдер! Ұрпақтарың жайылып, жер бетін толтырыңдар! Оны өздеріңе бағындырып, теңіздегі балықтарға, аспандағы құстарға және жер бетіндегі барлық жануарларға билік жүргізіңдер!» — деді. Сол-ақ екен, сұм жылан келе қалды. Ол адам мен Құдайдың арасына жік салумен қоймай, адамға берілген жерді де бөліп, Құдайдың Өзі жаратқан қауіпсіз, табиғи суы бар бақтан алып шықты.

*Бүкіл ғаламда бейтарап аумақ жоқ; әрбір шаршы сантиметр, әрбір сәт Құдайдыкі және оған шайтан таласуда.*

– К.С.Льюис

Ол әлі күнге дейін қорқынышты түстердің көлеңкесінде тығылып, арманға қол созған кез келген адамның жолын бөгеу мүмкіндігін күтеді. Армандауға батылы барып, түнектен жарыққа шықпақ болған адамды айдаһар қасақана аяқтан шалып, жасытып тастауға ұмтылады.

*Сүйіктім, армандауға батыл болсаң, күресуге де батыл болуың керек.*

Өміріңе батырдың көзімен қара да, жүрегіңе жара салған «сол бір» адамдар мен басыңнан өткен «әлгі» азапты ысырып тастап, болашағыңа батыл қара. Көлеңкеде тығылып, үмітің мен арманыңа атылғалы тұрған жыланды қанша рет көрдің?

Кішкентай кезіңде айдаһар саған арманыңды күлге, жігеріңді құмға айналдыратын сөздер айтқан шығар. Бәлкім, ол сөздерін жасырғаны соншалық, сен оларды өз ойым деп ойлаған боларсың. Біреу сені ұсқынсыз, семіз, арық, жалпақ, ақымақ, тым ақылды, тым ұзын немесе тым аласа бойлы деп айтты ма? Мүмкін ата-анаңның махаббаты өшпенділікке, ал бір кездегі жайлы үйің бос қабықшаға айналған шығар. Бәлкім, біреу айдаһардың қанатын тағып, түн жамылып келіп,

өзіңді лас және ұят сезіндірер әрекетке барды ма. Бәлкім, сені ұяттың тұңғыығына батырған сұм жылан жорғалап кетіп бара жатқанында: «Мұны өзің сұрадың, сен мұны қаладың, маған осыны істеткен – өзің», – деп ысылдаған шығар.

Осы тәрізді айыптау сөздері Адам ата заманынан бері әйелдердің құлағына құйылып келеді. Қорғаушы құтқара алмаған соң, міндетін орындамағанын мойындаудың орнына, кінәсін әйелге аударады. Жыланның батыр Адамды емес, Хауа ананы алдағаны рас. Адам өзіне тиесілі емес нәрсені өз еркімен алды. Ол Жаратқанның билігіне бағынбай, Құдай сияқты болғысы келді. Қазір де ер адам қызды немесе әйелді пәктігінде алған кезде, оның пәктігін ұрлап, иемденгісі келгенін мойындаудың орнына, оның әрекетіне Хауа ананың ықпалын айыптайды.

Сонымен, соңғы бірнеше мыңжылдықта әйелді айыптау арқылы, ең болмағанда, бір ер адам азаттыққа жетті ме? Жоқ! Ер адамды жазғыру бір әйелді бақытты етті ме? Жоқ! Иса біздің күнәміз бен кінәмізді біржола жою үшін келді. Кінәлілерді іздеу және басқаларды кінәлау болып жатқан оқиғалардың шынайы мәнінен алшақтатады. Адамдардың бір-біріне салатын жарасы – бұл сахнаның артында болып жатқан әрекетті көрсететін қуыршақ көлеңкелер. Біз адамдарға қарсы шайқаспаймыз. Әрбір жанжалдың артында Құдайдың балаларының әрекеттерін, көңіл-күйін және сезімдерін бұрмалаушы айдаһар тұр. Оның тұзағына еркектер де, әйелдер де түседі. Ол біздің төл құқығымызды ұрлап, Құдайдың бейнесін алып жүру қабілетімізді жойғысы келеді: «Ұры ұрлап, сойып, құрту үшін келеді» (Жохан 10:10).

Ұрлықтың соңынан жойылу мен өлім ереді. Адам мен Хауа өздеріне тиесілі емес нәрсені алды, сол сәт жер бетіне өлім келді. Көп ұзамай жерде жойқын апаттар басталды.

«...бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды, өйткені барлығы күнә жасады» (Рим. 5:12).

Иса біздің өркендегенімізді қалайды. Ұрлық, өлім және

жойылу арқылы жоғалтқанымызды басқалармен бірлесіп те, жеке түрде де қалпына келтіреміз. Бір мақсат төңірегінде бірігіп, жеке еңбегімізбен өркендесек, біз қайтадан Жаратқан Ие бас бағбан болып табылатын салтанатты баққа айнала аламыз.

«Сол кезде Жаратқан Ие ирелеңдеп, бұралаңдаған алып жылан және теңіздегі айдаһарға ұқсаған жауларға назарын аудармақ. Оларды Өзінің қатты, үлкен әрі күшті семсерімен қырып-жоймақ.

Құдайдың «жүзімдігі» туралы екінші жыр Сол заманда ұнамды жүзімдік жайлы мына жырды айтыңдар:

«Мен, Жаратқан Ие, оны күтіп баптаймын,  
 Әрі суарып тұрамын әрдайым,  
 Ешкім оған зиян жасамасын лайым  
 Деп күні-түні күзетіп қорғаймын»  
 (Ишая 27:1–3, курсив автордыкі).


Құдіреті күшті Құдайымыз біз үшін күресуде, демек, біз өркендейміз. Біз, Оның халқы, өркендеген сайын, Құдайымыз дұшпанға соққы береді. Аспандағы шайқастар жер бетінде көрінеді, ал жердегі шайқастар көктің назарынан тыс қалмайды. Арамызда бірлік болғанда, және Құдай алдында маңызды болып табылатын мақсаттың төңірегіне шоғырланғанымызда, өміріміз гүлденеді.

Сүйіктім, қолыңнан келер ең үлкен ерлік – жеміс беру. Киелі Жазбаның басынан аяғына дейін Құдай өз халқын жүзімдікке, бау-бақшаға, егістікке теңейді. Сен – Құдайдың Өзі еккен бақсың. Ағаштар айналасындағы өсімдіктерге шабуыл жасамайды, ағаштардың көлеңкесінде жайқалған гүлдердің сұлулығы сол ағаштардың сымбаты мен қуатын көлегейлейді деп ойламайды. Ендеше, тамырың тереңге бойласын, көзге көрінбейтін әлемнен қуат ал, айдаһардың көлеңкесі болашағыңның нұрын ешқашан сөндірмесін.

## Айқыш ағаш – семсер

*Қан біздің не бүлдіргеніміз жөніндегі мәселені шешеді, ал айқыш ағаш біздің кім екенімізді анықтайды. Қан бізді күнәдан азат етеді, айқыш біздің күнә жасау қабілетіміздің тамырына балта шабады.*

– Уочман Ни



Мәсіхтің айқышы туралы ойлағанымызда, көптеген сөздер еске түседі, бірақ олардың арасында «семсер» сөзі кездеспейді. Менің ойымша, айқыш біздің өміріміздің әртүрлі кезеңдерінде әрқайсымызбен әртүрлі сөйлесетін күшке ие. Ендеше тоқтап, дәл қазір айқыш сен үшін нені білдіретіні туралы ойланайық.

Құтқарылу мейрамының қарсаңында әлеуметтік желілерде «Бір сөзбен айтқанда, айқыш сіз үшін нені білдіреді?» деп, сұрақ қойдым.

Көптеген жауап келді. Тізімге махаббат (бүгінгі таңда ең жиі кездесетін жауап), рақым, бостандық, кешірім және ақталудан бастап, Иса, өмір, мейірімділік, құрбандық, толып жатқан ризашылық сезімі сияқты әртүрлі сөздер мен тамаша анықтамалар енді.

Әуелі, Мәсіхтің айқышының дұрыс деп қабылданған, жалпыға бірдей анықтамасы жоқ екенін атап өтейін. Айқыш – Құдайды адаммен татуластыру үшін салынған аспан мен жер арасындағы көпір, айқыш сұмдық жеңіліс болып көрінген нәрсені керемет жеңіске айналдырды. Бұл өзгертетін және жігерлендіретін

үміт барлық дәуірде болды. Ғасырлар қойнауын мұншалықты қатты қозғап, адамзаттың зұлмат тарихын нұрландыра алатын, сонымен бірге болашаққа нұрын шашатын мұндай жеңіс жоқ. Сондықтан, айқышта болған барлық оқиғалардың терең мәнін жердегі сөздермен сипаттауға болатынына күмәным бар. Айқыштың жеңісі уақыттан тыс әрі мәңгілік.

Бір сәт көзіңді жұмып, ағаш айқышты елестетші. Бір кездері жайқалып өсіп тұрған ағаштың қазір өлімнің жансыз құралына айналғанын көргім келеді. Бұтақтары мен қабығынан тазартылған құраған ағаш темір арамен кесіліп, жарылған. Дәрекі ағаш кесектері айқастырылып, бекітілген. Тігінен орнатылған айқыш ағаш ұшы жерге қадалған семсерге ұқсайды.

Енді адам кейпіндегі Құдайдың Сөзі, Исаны елестетіп көр. Құдайдың Ұлы, Оның жаралы жалаңаш денесі сол қорқынышты семсердің жүзін бойлай керілген. Тоғыз дюймдік шегелер оның қолын айқышқа бекіткен, Ұстазымыздың басының артында ағаш семсердің сабы көрінеді. Мүмкін көкте айқыштар мен семсерлер бір шығар.

Адам атаның тыйым салынған ағаштың жемісін ұрлап, рухани өлгені сияқты, Иса да жансыз ағашта өліп, оның жемісіне айналды, осылайша Исада бәріміз тірілдік.

Жақында, Еврейлерге арналған хатты зерттеп жүргенімде, семсерлер әлеміне қатысты кейбір бұрыннан таныс сөздердің жаңа мағыналары ашылды:

«Құдай Ыбырайымға уәде берді. Өзінен жоғары ешкім тұрмағандықтан, Құдай Өзінің атымен ант етіп...  
Уәделерін қамтамасыз ету үшін Құдай *Өз сөзін*, яғни, берік кепілдік берді — *Ол Өз сөзін бұза алмайды*. Оның сөзі өзгермейтін болса, уәдесі де өзгермейді»  
(Евр. 6:13, 17, 18, MSG аудармасы, курсив автордыкі).

Осы аяттарды оқып отырғанымда кенет санамның терезесінен найзағай жарқ еткендей болды. Мен енді айқышты өлімнің өрескел құралы ретінде көрмедім. Оның орнына көз алдыма ұшы жерге қадалған ағаш семсер келді. Мен семсердің жүзін бойлай керілген Исаның денесін көрдім. Оның қолдары

айқыштың бойына кең жайылған, тіпті өлім аузында жатқанда да, Оның мойынсұнуы бәрімізге құшағын ашты.

Семсерді зерттеу барысында бірталай нәрселерді білдім, «сабына дейін» деген сөз тіркесі туралы жаңа түсінікке ие болдым. Бұрын бұл сөз тіркесін астарлы мағынада, яғни «соңына дейін, толығымен, сарқып» деген мағынада түсіну керек деп ойлайтынмын. Алайда, бұл жерде тура мағына да бар, өйткені «сап» сөзі семсердің құрылысын білдіреді.

Сап – семсердің жүзі біткен жерден басталатын тұтқасы. Сапқа айқыш тиек (гарда), тұтқа және сүйір төбе кіреді. Үшеуі қосылып, сапты құрайды. Семсер дұшпан денесіне сабына дейін сұңгіп кеткенде, оның тірі қалу мүмкіндігі жоқтың қасы. Жеңімпаз өзінің жеңісі сөзсіз екеніне көзі жеткенде ғана семсерін жауының денесінен алып тастайды.

Агрессивті қарсыластар жауды түйреп, семсерді сабына дейін сұғып алып, ауыр соққылар береді. Олар құрбанының қиналғанын көруді және сезінуді ұнатады. Шабуылшы өзінің жеңісіне сенімді, өйткені ол жауға барынша жақындады. Оның жаумен арасы осылай қысқарған кезде қауіпсіз аймақ қалмады.

Өзінің Ұлы Иса Мәсіхтің құрбандығы арқылы Құдай Өзі мен адам арасындағы араздықты жою үшін семсерді қолданды.

Айқышта Құдай Ыбырайымға берген уәдесін толығымен орындады.

## Айқыш үшін кім жауапты болды?

“Шайтан Иеміз Иса Мәсіхті айқышқа шегелеп өлтірді” деген сөзді жиі естимін, бірақ Інжілдегі астарлы әңгімелердің бірі мүлде басқа қайғылы көріністі ашады. Оқиға үй иесінің жүзімдік отырғызып, оны қоршаумен қоршап, шырын сығатын орын дайындап, мұнара салып, жерді жалға бергенінен басталады. Орақ уақыты келгенде, қожайын бірнеше қызметшісін жіберді, алайда, жерді жалға алған жүзімшілер оларды ұрып-соғып, таспен ұрып, өлтіреді. Содан кейін жүзімдіктің иесі басқа қызметшілерін жібереді, олар да жүзімшілердің қолынан қаза тапты. Ақыры үй иесі жүзімшілер құрмет көрсетіп, жүзімдікті жалға алғаны үшін тиісті төлемін береді деген үмітпен баласын жібереді. Оқиғаның әрі қарай қалай өрбігенін қараңыз:

«Алайда жүзімшілер ұлын көргенде өзара: «Бұл — мұрагер ғой! Кәне, жүріңдер, оны өлтіріп, мұрасына ие болайық!» — деседі. Оны ұстап алып, бақ сыртына алып шығып, өлтіріп тастайды. Енді жүзімдіктің иесі келгенде, осы жүзімшілерге не істемек? — деді. Тыңдап тұрғандар Исаға:

— Ол зұлымдарды азаптап өлтіріп, бағын басқаларға тапсырмақ. Солар мерзімі жеткенде оған тиісті өнімін беретін болады, — деп жауап берді. Сонда Иса былай деді:

— Киелі жазбадан мынаны ешқашан оқымап па едіңіздер: «Құрылысшылар менсінбеген Тас енді үйдің басты іргетасына айналды! Жаратқанның Өзі соны істеді, көз алдымызда бұл керемет болды!» Сондықтан да сіздерге айтамын: Құдай өз Патшалығын сіздерден тартып алып, басқа бір халыққа тапсырмақ! Олар оның өнімін беріп тұратын болады. Ал әлгі Тасқа сүрініп құлаған әркім талқандалады, әрі осы Тас үстіне құлағандар жаншылып қалады! Астарлы әңгімелерін тыңдаған *басты діни қызметкерлер мен парызшылдар Исаның өздері туралы айтқанын ұғып...*» (Мат. 21:38–45, курсив автордыкі).

Бұл астарлы әңгімеде Құдай Әке — қожайын, ал ертедегі пайғамбарлар мен патшалар — Оның жіберген қызметшілері. Иса — Оның Ұлы, діни қызметкерлер мен парызшылдар — жүзім өсірушілер. Кейінірек, басқа бір жағдайда Иса шәкірттерінің есіне алдағы уақытта не болатынын салды:

«Екі күннен кейін Құтқарылу мейрамы болатынын білесіңдер. Сонда адамдар көктен келген Мені айқышқа шегелеп өлтіру үшін ұстап береді», — деді. Сол уақытта елдің басты діни қызметкерлері мен рубасылары бас діни қызметкердің сарайына жиналып, кеңес құрды. Олар Исаны айламен қолға түсіріп, өлтірудің жолын қарастырды» (Мат. 26:2-4).

Ишая пайғамбар мен Дәуіт патша Құдайдың таңдаған халқы



Құдайдың жалғыз Ұлын өлтіретінін алдын-ала айтқан болатын. Діни жетекшілер Құдайдың Ұлын өлтіріп, мұрасын иемденеміз деп ойлады.

*«...Бұны осы дүниелік билеушілердің біреуі де ұққан емес; ұққан болса, олар Ұлылықтың Иесін айқышқа шегелетіп өлтіртпес еді» (1 Қор. 2:8, курсив автордыкі).*

Сол ғасыр билігінің көзін соқыр еткен не? Олар айқыштың өзгертетін және жеңетін күшін көре алмады.

Биліктің сол шешіміне ықпал еткен Мәсіхтің дәуіріндегі діни және саяси билік өкілдері де, жын-шайтандарды айдап салған түнек әміршісі де болуы мүмкін.

Шайтан Құдайдың жалғыз Ұлын Өзі «таңдалғандар» деп атайтындардың қолымен өлтіруі бізге Құдайдың мәңгілік қаһарын төгеді деп үміттенді ме екен? Өйткені, Құдай сияқты боламын деп, тыйым салынған ағаштың жемісін жеген Адам ата, әп-сәтте Едем бағынан қуылды. Шайтанның ойынша, Құдай Ұлының өлімге кесіліп, айқышқа шегеленуі адамзаттың ақыры болмақ па еді?

Пауыл елшінің жоғарыда айтылған терең ойлы сөзінен (1 Қор. 2:8) бір-екі аят бұрын не жазылғанын оқып көрейік. Елші адам даналығын Рух даналығына қарсы қояды:

*«Дегенмен, біз рухани жетілгендерге даналық туралы хабарды уағыздай береміз. Ал бұл даналық осы күнәкар дүниенікі емес, сондай-ақ, осы дүниелік билеушілердікі де емес; солар — болашақта құрып кететіндер. Керісінше, жариялап жүргеніміз — Құдайдың құпия даналығы, бұл адамзаттың көзінен таса болып келді. Ал Құдай оны біздің ұлылыққа ие болуымыз үшін әлемді жаратпастан бұрын-ақ белгілеп қойған болатын» (1 Қор. 2:6, 7, курсив автордыкі).*

Біздің ақымақтығымыз ашылмай тұрып, Құдайдың даналығы күшінде еді. Әлем жаратылмай тұрып-ақ, Құдай біз туралы ойлады. Айқыш мәңгілік даналықтың көктегі құпия өрнегіне тоқылған. Оның таңғажайып махаббаты ұдайы төгіліп, адам санасынан әлдеқайда жоғары, ғажайып түрде ашылады.

Ойлап көріңізші, қойлар жаратылғанға дейін Иса біздің күнәларымыз үшін құрбандыққа шалынатын Тоқты болатын. Ол дүние жаратылғанға дейін де әлемнің Құтқарушысы болды. Егер мұның бәрі жеткіліксіз болса, басқаша айтайын: біз жаратылмай тұрып, мінсіз болу үшін «Исада» таңдалғанбыз!

«...Құдай бізді Өзінің алдында қасиетті де мінсіз халқы болып жүрсін деп, әлемді жаратпастан бұрын Мәсіхтің құрбандығына бола сүйіспеншілікпен *таңдаған еді*» (Ефес. 1:4, курсив автордыкі).

Едем бағы егілмей тұрып, сол бақ біздің мекеніміз болды. Адам ата мен Хауа ана бақтан қуылғанға дейін біз Мәсіхте қауіпсіз жасырылғанбыз. Біздің күнәларымыз қан түстес қызыл болмай тұрып, Құдай оларды жуып, қардай аппақ етті.

Менің ойымша, сол дәуірдегі билік Исаның қайта тірілгеніне аса таң қалған жоқ. Олар өлгендердің қайта тірілгенін бұрын да көрген және үш күннен кейін қайта тірілетінін Исаның Өзі айтқан. Меніңше, шайтан Исаның қайта тірілуі жоспардың бір бөлігі екенін білген. Алайда, Исаның қабірден қайта тірілуімен біз де қайта тірілдік, солай боларын шайтан білмеді! Киелі Жазба былай дейді:

«Мен рухани жағынан *Мәсіхпен бірге айқышқа шегеленіп*, өлдім, енді мен өмір сүрмеймін, бірақ тірімін, сондықтан өзім бұдан былай өмір сүріп жатқаным жоқ, қайта, бойымда Мәсіх өмір сүруде. Ендігі тәндік өмірім — Құдайдың рухани Ұлына деген сенімімнің арқасындағы өмір» (ғал. 2:20, курсив автордыкі).

Ол біздің орнымызды басып қана қойған жоқ, Ол бізге... Өзінің орнын берді. Бізде Оның өмірі, Оның есімі, Оның сөздері, Оның билігі және Оның уәдесі бар. Мәсіх айқышқа шегеленген кезде ешқайсымыз әлі туылған жоқпыз. Бірақ бұл маңызды емес, өйткені біз уақыттың басталуынан бұрын Иса Мәсіхте таңдалған,... Құдайдың алдын ала белгіленген балаларымыз. Адам ата арқылы күнәнің бүкіл адамзатқа тарағаны сияқты,

Мәсіхте бәріміздің күнәміз кешірілді. Мәсіхтегі біздің жасырын өміріміз – Ол үнемі ашуды қалайтын құпия.

Айқыш ағаш негізгі жоспарда әуелден-ақ болған. Айқыш Адам мен Хауа күнә жасаған жағдайда жүзеге асатын қосалқы жоспар емес еді.

Осыны енді түсінген боларсыз. Иса күн сайын жер бетіндегі адасқан халыққа Әкенің жүрегін, еркін және болмысын көрсету үшін өмір сүрді, *«себебі «Оның арқасында біз өмір сүріп, әрекет жасап, тіршілік етіп жүрміз».* Сол сияқты кейбір ақындарыңыз да: «Біз Оның ұрпағымыз» деген» (Елшілердің істері 17:28, курсив автордыкі).

Ол біздің өміріміз, авторымыз, өмірімізді өзгертетін де – Өзі. Осы сөздердің әрқайсысының анықтамасын зерттей отырып, мен бұл аяттың мағынасын кеңейтіп, «Исада» деген ұғымды тереңірек түсіне аламын. Иеміздің арқасында біз енді Адам атамен біртұтас емеспіз. Біз Мәсіхте өмір сүреміз, біз жер бетінде жүрсек те, Онымен көкте жайғастық.

Исаның өлімі тосын жағдай болмағанымен, шәкірттерінің төбелеріне жай түскендей болды. Иса өзінің ең жақын достарына да, ең қатал сыншыларына да өзінің азап шегетінін, өлім құшатынын, бірақ үш күннен кейін қайта тірілетінін айтқанына қарамастан, жүректері саңырау болды, Исаның айтқанын түсінбеді.

«Сол кезден бастап Иса Өзінің Иерусалимге баруға тиісті екенін *ашық* білдіре бастады:

— Ол жерде Мен рубасылар, басты діни қызметкерлер мен дін мұғалімдерінен көп азап шегуге тиіспін: Менің өлтірілуім, бірақ содан кейінгі үшінші күні қайтадан тірілуім де қажет! — деді» (Мат. 16:21, курсив автордыкі).

Бұл Исаның «құлағы барлар ғана естиді» деп астарлы әңгіме айтқан кездердің бірі емес еді (Мат. 13:10–17 қараңыз). Иса шәкірттеріне таяуда Иерусалимге өз еркімен баратынын, сонда

**Біздің  
ақымақтығымыз  
ашылмай тұрып,  
Құдайдың  
даналығы күшінде  
еді.**

өз халқының басшылары Одан бас тартатынын ашық және қайта-қайта айтты. Бұның соңы сұмдық азапқа, өлімге және қайта тірілуге әкеледі. Өзіңіз білетіндей, сонда Петір Исаны шетке алып шығып, Онымен дауласа бастады.

«Сонда Петір Исаны былайырақ алып шығып:

— Құдай сақтасын, Мырза, ондай нәрсе басыңызға түсе көрмесін! — деп қарсылық білдіре бастады. Бірақ Иса Петірге бұрылып:

— Менен аулақ кет, әзәзіл! н Маған тұзақ құрып жатырсың: сен Құдайдың емес, адамның қалауын ойлап тұрсың, — деп тыйым салды» (Мат. 16:22, 23).

Бұл көріністегі шағын диалог өте мазмұнды. Біріншіден, Иса жақында ғана көктен аян алып, Исаны «Ием» деп атаған Петірге қарап тұрып, шайтанға сөйлегені таңқаларлық емес пе?

Содан кейін Петірдің сүйікті көсемін қорғауға деген ынтасы мен ұмтылысы, шын мәнінде, өлім тұзағына шақыру екені айтылады. Ақырында, алғашқы екеуінен кем түспейтін тағы бір аян – кейде шайтан мен адамның пікірі сәйкес келуі мүмкін.

Түсінікті болу үшін математикалық есептеулер жүргізейік, өйткені аспан мен жер теңдеулерді екі түрлі құрастырады.

- Жер тұрғысынан теңдеу (адамның және шайтанның ойынша) былай құрылады:

Шеттетілу + азап + өлім = күштен айырылу мен жеңіліс.

- Аспан тұрғысынан құрылған теңдеу (Иса мен Құдай):

Шеттетілу + азап + өлім = шексіз күш пен жеңіс.

Бұл қадамның қисынсыз және ақылға қайшы болғаны соншалық, нақты түсіндіруге қарамастан, ол тосын болып шықты. Бұл жеңіс тек Исаға ғана тиесілі емес, өйткені Оның жеңісі біздікі де. Айқыштың өзгертуші құдіреті Петірдің өмірінен анық көрінеді. Жауының құлағын кескен, Исадан бас тартқан, шайтанның сөзін сөйлеген адам, енді жиналған жұрттың алдында ақиқат жолын уағыздап тұр. Және тыңдармандарының арасында бір кездері өзі қалтырай қорыққан билік өкілдері барын да біледі.

«Сондықтан бүкіл Израил халқы мынаны анық білсін: Құдай сендер айқышқа шегелеткен осы Исаны «Иеміз» және «Мәсіх» етіп тағайындады!

Халық мұны естігенде жүректері қарс айырылып, опық жеді. Олар Петір мен басқа елшілерден:

— Ағайындар-ау, біз енді не істеуіміз керек? — деп сұрады. Петір оларға былай деп жауап берді:

— Әрқайсың күнәларыңның кешірілуі үшін теріс жолдан қайтып, Иса Мәсіхтің атымен м шомылдыру рәсімінен өтіңдер! Сонда сендер Құдайдың сыйын — Оның Киелі Рухын қабылдайсыңдар» (Елшілердің істері 2:36-38).

Біз құтқарылдық, кешірілдік, сауықтық, Құдайдың сүйіспеншілігін, рақымы мен құдіретін қабылдадық, «Мәсіхте» қалпына келтірілдік. «Мәсіхте» Құдай құлап бара жатқан бізді, аяғымызды жерге тигізбей, қағып алды. Бұл ұлы әрекеттің құпиясы мен ғажабы мәңгілікте ашылады.

Тек мәңгілік қана айқыштың данышпан сырын толық ашып көрсетеді.

Жау да, бақ та, еркек те, әйел де, жылан да жаратылмай тұрып, жауап бар еді. Соғыс басталмай тұрып, жеңіс барды. Ойын барысы қалыптаспай тұрып, айқыш оны өзгертетін элемент ретінде бар болатын. Айқыш – Исаның туылу себебі. Бізді өмірге әкелген сол өлі ағаш еді. Біз сүрінбей тұрып, Құдай бізді Мәсіхте көтерді. Біз жолдан адаспай тұрып, ол бізге жол ашты. Ол бізді бірінші болып сүйді, біз Оны танымай тұрғанда, Ол бізді білді. Біз өзіміздің жалаңаш екенімізді білмей тұрып-ақ, Құдай үстімізге киім жапты; Біз құрдымға кеткенімізді білмей тұрып, Ол бізді қалпымызға келтірді. Өмір Беруші Иеміз айқыш ағашты өмір ағашына айналдырды.

**Семсерлесу  
өнеріне қатысты  
дерек:**

семсермен сайысу  
кезіндегі ең зиянды  
эмоциялар – ашу мен  
қорқыныш.

Неліктен айқыш құралы? Жылдар

өте түсінгенім, Құдай өмірімізде қасірет пен тауқыметтің болуына жол береді екен, сонда ғана біз Оған қаншалықты мұқтаж екенімізді түсіне аламыз. Семсерлесу өнерін зерттегенім көптеген себептердің бірін ашуға көмектесті.

## Круазе

Семсерлесу өнерін зерттеу барысында французша «круазе» деп аталатын тәсіл бар екеніне таң қалдым. «Круазе» деген сөздің мағынасы «айқастыру, соққыны қабылдау». Бұл әдіс жаудың қаһарлы шабуылына тойтарыс бере отырып, қарусыздандыруға мүмкіндік береді.

Круазе былай деп сипатталады: «Круазе тәсілінің бүкіл сыры оның орындалу техникасында жатыр; егер дене тепе-теңдігіне бұлшық ет жұмысы қосылса, ол басып кетеді де, сіздің тиімді және дәл соққы беру қабілетіңізді бұзады. Круазе әсіресе тым агрессивті сайыскерлерге қарсы жақсы жұмыс істейді, өйткені бұлшық еттерінің күші мен агрессиясын өзіне қарсы қолдануға мүмкіндік береді» (4).

Семсерлесу спорт түріне айналып, Италия мен Франциядан Ұлыбританияға тараған кезде, британдықтар бұл қимылдың атын жеңілдетіп, оны «айқыш» деп атай бастады. Ойланарлық жайт! Айқышта не болып еді? Біздің даңқты Құтқарушымыз римдік сарбаз Оның бүйірін найзамен тескенде, Ол сол соққымен бірге барлық ғасырлардағы қастықты өзіне алды. Дұшпан соққы беріп, күйретіп тастамақ еді, қаруынан айырылды.

Круазенің күші немесе айқыштың күші тіреуден келеді. Круазе дұрыс әрі қобалжусыз орындалса, қарсыласыңыз сіздің семсеріңіздің жүзіне өзі барып шаншылады. Бұл тәсіл білек күшін қажет етпейді; шын мәнінде, неғұрлым жұмсақ орындалса, соғұрлым нәтижелі болады.

**Айқышта Құдай  
Өзінің Кім екенін  
біздің кім бола  
алатынымызбен  
тепе-теңдікке  
келтірді.**

Айқышта Құдай Өзінің Кім екенін біздің кім бола алатынымызбен тепе-теңдікке келтірді. Мәсіхтің туылуынан үш жүз жыл бұрын грек математигі Архимед тіреу нүктесінің маңызы туралы гипотеза ұсынды. «Тіреу

нүктесін берсеңдер, Жерді де төңкеріп тастаймын» деді ол (5).

Тірек теңдеулерінің бірі мынау: күш моменті = күш × қашықтық (6). Бір сәтте айқыш Құдай мен адам арасындағы орасан зор алшақтықты жеңіп, жаудың бүкіл күшін күйретті.

Айқыш Құдайдың қолындағы иінтірек болса, Мәсіх дүниені құтқару үшін өмірін қиған сәтте жер оның тіреу нүктесі болды.

Құдайдың әрекеті кезінде Иса ешқандай қарсылық көрсеткен жоқ. Жанын Құдайға тапсырып, денесін жауларына берді.

*Исаның есімі - әлемді көтеретін жалғыз иінтірек.*

– Авторы белгісіз

Исаның есімі әлемді көтеретіні сияқты, Мәсіхтің айқышы да әлемді құтқарған иінтірек болып табылады.

Сөз соңында айта кететін жайт, жекпе-жекте сайыскерлердің білек күші емес, ептілігі мен стратегиялық ұстамдылығы сыналады. Иса айқышқа төзді және Өзінің басты мақсаты үшін біздің барлық күнәларымыздың ауыртпалығын Өз мойнына алды: «Құдайдың рухани Ұлы шайтанның ісін жою үшін бұ дүниеге келді» (Жоханның 1-хаты 3:8, курсив автордыкі).

Құдіреті күшті Құдайдың Ұлы Иеміз Иса адамзат тарихына шайтанның патшалығын жою үшін келді. Исаның тағы бір есімі – Имануил «Құдай бізбен бірге» дегенді білдіреді. Иса көзге көрінбегенімен, ешқашан жеңілмейді. Ол тарих сахнасынан кетіп қалғандай көрінсе де, шын мәнінде Ол Өзінің билігін арттырды, өйткені Оның құзыры бәрімізді қамтиды. Өзінің көкке көтерілуіне дейін Ол адам кейпінде көрінумен шектелді; енді Ол бізді Өзінің Рухымен қоршады (Мат. 28:20).

Менің ойымша, Иса Мәсіх біз арқылы Өзінің істерін таратуды қалайды, осылайша Әкемізді бізге ашып бергеніндей, біз Ұлының даңқын әлемге паш етеміз. Біздің барлық әрекеттеріміз бір мақсатқа – басқаларды Оған жақындатуға қызмет етуі тиіс.

«Алайда Иса Мәсіхтің қанын төгіп, құрбан болғандығы арқылы бұрын алшақ жүрген сендер енді Құдайға жақындадыңдар. Мәсіх — татулығымыздың Бастауы:

Ол екі топқа бөліп тұрған қабырғадай өштестікті жойып, алып тастап, екі жағын біріктірді. Мәсіх өз денесін біз үшін құрбан еткенде, Таураттың өсиеттері мен ережелерін (орындауды құтқарылу жолы ретінде) күшінен айырды. Осылай Ол яһуди және басқа ұлттық сенушілерді Өзімен байланысқан бір жаңа халық етіп қайта жасап, өзара татуластырды. Мәсіх айқыштағы құрбандығымен екеуінің өштестігін жойып, бір рухани дене (біртұтас қауым) болып біріккен екеуін Құдаймен татуластырды» (Ефес. 2:13-16).

Айқыш Құдай мен адамзат арасындағы араздықтың барлық іздерін өшірді, Исаның қаны және Оның жаралы денесі арқылы біз бір болдық. Мәсіхте ерлер мен әйелдер бір тән. Мәсіхте яһудилер мен басқа ұлттар бір жүзім бұтасына телінген. Мәсіхте Көне өсиет пен Жаңа өсиет кейіпкерлері куәлардың қалың көпшілігіне айналды.

Ефестіктерге арналған хаттағы осы сөздерді оқыған сайын, олардың күші мен сұлулығының тереңдігін сезініп, жүрегім тебіренеді. Исаның мойынсұну арқылы небір тамаша нәрселерге қол жеткізгенін ойлап, қайран қаламын. Біз осы дүниеде өмір сүреміз, дегенмен, осы дүниелік емеспіз, бұл жолды бізге Иса ашты. Мәсіхті ұстанып, Құдайдың жолымен тежеусіз алға басамыз.

Едем бағында адамзат ізгі ниет атаулыдан айырылып қалған еді, енді ол бізге қайтарылды. Едемдегі өмір тамаша болуы керек еді, бірақ Мәсіхте өміріміз одан да асып түспек. Ол бізге інжір жапырағы мен өлі жануарлардың терісін емес, Өзінің әділдігін кигізді және біздің жан-дүниемізді өзгертті. Біз Оның сүйектерінен пайда болған қаңқалар емеспіз. Ол бізді Өзінің нәзік етімен жауып тастады. Ол біздің тас жүрегімізді алып, орнына Өз жасушаларынан тоқылған жаңа жүрек берді. Содан кейін Өміріміздің барлық әрбір өлі саласын құтқарып, тірілту үшін Мәсіхті өлімнен қайта тірілткен Рухын берді.

«Өлімнен Иса Мәсіхті қайта тірілткен Құдайдың Киелі Рухы өмірлеріңнен орын алды. Сондықтан Құдай



бойларыңда тұратын Өзінің Киелі Рухы арқылы сендердің денелеріңді де өлімнен тірілтіп алатын болады» (Рим. 8:11).

Біз Оған ұқсауымыз үшін Ол біз сияқты болды. Мәсіхте бір ғажап құпия бар, болашақта бәріміз біртұтас боламыз.

«Мен оларға біртұтас жүрек сыйлап, жаңа рух дарытамын. Көкіректерінен тас жүректі алып тастап, орнына сезімтал жүрек сыйлаймын. Сонда олар Менің ережелерімді ұстанып, заңдарыма бағынып соларды орындайтын болады. Олар Менің халқым, ал Мен олардың Құдайы боламын» (Езекиел 11:19, 20).

Мәсіхте бір жүрек көп адамды біріктіреді. Оның бойында еркек пен әйел біртұтас болады. Мәсіх пен Оның қалыңдығы Оның құрбандығы арқылы біртұтас болады. Бөлек болғанның бәрі Оның бойында біртұтас болады. Мәсіхтің мойынсұнуының толық құрбандығы бізді күнәдан толығымен құтқарды. Айқышта оны қабылдауға дайын адамдарды бірлестіретін күш бар.

Адасып, шашырап кеткендердің барлығы Мәсіх арқылы Құдайға қайтады.

## Мойнына күнә артылған теке

Һарон діни қызметкер болған күндері құрбандыққа екі теке әкелінетін болған, соны білесіз бе? Біреуі күнәні өтеу үшін құрбандыққа шалынатын, ал екіншісі тірі қалады. Діни қызметкер Құдай халқының күнәсін осы қалтыраған мақұлықтың мойнына артып, шалғай құла түзге айдап жіберетін болған. Күнәні мойнына артып әкетуге бағышталған теке тірідей елсіз иен далаға айдалып тасталғанда, халықтың күнәларының арамдығын өзімен бірге алып кетеді. Ол маңдайына таңба басылған Қабыл тәрізді иен далада масқара болып жүруге мәжбүр болды (Леуіліктер 16:10 қараңыз).

Бұл теке біржола шеттетілді. Бұдан былай отарда оған орын жоқ. Шопан енді оны шөбі жайқалған өріске жаймайды, жыртқыштан қорғамайды. Аластатылған теке әлдебір үйге

жақындаса, оны қуып жіберетін. Түнде қауіп-қатердің ортасында жалғыз өзі қаңғып, басқа хайуанның жылуына жылынуға шамасы келмей, тоңып қалтырайды. Күндіз аптап ыстықта даланы кезіп жүреді. Бұл жануар өмірінің қалған күндерінде, тағы аңның жемтігіне айналғанша, қорек пен суды өзі іздеуге мәжбүр болды.

Өзіңді осы текенің кебін кигендей сезінген кездерің болды ма? Мүмкін бәрі сенен теріс айналып, бас тартып, кінәлап, араларынан шеттеткен шығар. Ұят пен кінәдан өртеніп, айдаланы кездің. Бәлкім, қазір де түн сайын үрейден бүрісіп, жалғыз ұйықтайтын шығарсың. Мүмкін сен бұл «қамаудан» шығуға тырысқан шығарсың, алайда, қайта оралуыңа рұқсат жоқ. Отбасың сені кінәлап, қуып жібереді. Достарың мен қауымың сенен бас тартады.

Үміт үзбе! Исада сен үшін орын бар. Иса ғана күнәсіз, адамның қайсысында да күнә бар. Бізге енді айыптың бәрін өзіне алар теке қажет емес, өйткені Иса дүниенің барлық күнәсін Өз мойнына алды. Ұят бізді оқшаулап, мойнына айып артылған текенің орнында ұстамақ еді. Алайда, Исаның қаны кінәні түп-тамырымен жойып, бір кездері адасып, иен даланы кезіп жүрген біздерді кері қайтарды.

Ол жан тәсілім етерде де, үкім шығара алар еді, бірақ оның орнына: «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді», — деді. (Лұқа 23:34). Құдайдың Ұлының осы сөзі Адам ата мен Хауа анадан бері келе жатқан кінәні жойды. Адам атаның ұлы Әбілдің қаны ағасының қылмысын әшкерелеп, әділдік талап етеді. Исаның қаны Оның бауырларын кешірді. Сондықтан, Киелі кітапта жазылғандай, Исаның қаны Әбілдікінен гөрі игілікті хабарға меңзейді: «Ал сендер ... Жаңа Келісімнің негізін салған Исаға да келдіңдер. Оның төгілген қаны Әбілдікінен гөрі игілікті хабарға меңзейді» (Евр. 12:22–24).

«Әке, оларды кешіре гөр!» — деген сөзде игілік көбірек. Ол бізді ісімізге лайық жазаға кескеннен, біздің ұсқынсыздығымызды Өз мойнына алғанды жөн көрді.

«Шынында Құдайдың Қызметшісі біздің қасіретімізді Өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді. Оның ұрылып, азап шегуін Құдай бұйырған

жаза деп ойладық! Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық. Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты» (Ишая 53:4-6).

Иса жазаға кесілетіндей бірде-бір нәрсе істеген жоқ, ал біз оның құрбандығына лайық болатындай бірде-бір іс атқармадық. Иса шеттетілу, сатқындық, қорлықты басынан кешірді, соққыға жығылды, азап пен қысымшылық көрді, семсермен түйреліп, айқышқа шегеленді.

Сүйіспеншілікке толы Құдай ғана Ұлын өлтіргені үшін өкінгендерге Өз Рухын бере алады. Олар айқышты Исаның ақыры деп ойлады; өздерінің шынайы өмірінің бастамасы сонда екені ойларына да келген жоқ. Айқыш – махаббаттың семсері.

Жазбаларды отыз жылдан астам зерттеудемін, айқыштың бұл ғажап кереметін түсіне алар ма екенмін деп ойлаймын. Айқыш - күштің бейнесі емес, оның өлшемі. Мәсіх үшін өлім болған нәрсе біз үшін мол өмірге айналды.

Біздің Иса – Құдай Сөзі, Оның уәдесі өзгермейді де, мызғымайды: «Иса Мәсіх өткенде, қазір және болашақта мәңгілік Өзі болып қала береді» (Евр. 13:8).



Айқыш – барлық уәделердің шындық екеніне толық кепілдік. Семсер аспан мен жер арасындағы араздықты түбегейлі жояды, өйткені бұл сөзсіз бізді Құдай Сөзінің отасы арқылы өзгертетін семсер. Үмітің үзілгенге дейін-ақ, айқыш сенің үмітің еді; сен мәселенің бар екенін білмей тұрғанда-ақ, Құдай оның шешімін тапты. Айқыш Құдайдың адалдығын бейнелейді және, сонымен бірге, Оның бізге деген сенімін көрсетеді. Айқыш арқылы біз Мәсіхпен бірге жүру үшін сауыт киіп, қару-жарақ асынамыз.





ЕКІНШІ БӨЛІМ  
ЖАРАҚТАЛҒАН



## Жауынгер болу

*Қиындық адамның күшін арттырады.  
Зұлымдықпен күресу бізге онымен әрі қарай  
күресуге күш береді.*

– Осси Дэвис



Менің ойымша, Құдай өз қыздарын жай ғана сарбаз емес, одан да жоғары болуға шақырады. Ол бізді жауынгер болсын дейді. Сондықтан бұл тарауда мен кейбір әскери терминдерді қолданатын боламын, бірақ сарбаз бейнесін жауынгер бейнесімен салыстырғанда, есіңізде болсын, мен біздің әскерде қызмет ететін ерлерді немесе әйелдерді айтпаймын.

Семсер ұстау, семсерлесу өнері туралы кітаптарды зерделей келе, әскер жинап, оны ұрыс даласына алып барудың сан алуан себептері бар екенін тез аңғардым.

Өздерінің шарасыз және жойқын мақсаттары үшін жан аямай күресетін террористер бар. Соғысқанды жақсы көретін жалдамалы сарбаздар да бар, оларға әлдебір жеке себеп керек емес, олар жақсы баға ұсынатын адамға хайуандық рұхын сатады. Екінші жағынан, әскерге қызметке қабылданып, онда қызмет атқарып жүрген сарбаздар бар.

Сосын шынайы жауынгерлер бар.

Жауынгер — бұл өмір салты. Жауынгердің соғысатын шайқасының көбісі көзге көрінбейді. Барлық жауынгерлер



ежелгі самурайлар «жауынгердің жолы» деп атайтын, *қорқынышы жоқ еркіндікке* негізделген көзқараста шебер болуы керек. Бұл сөзтіркесі біздің тақырыбымыздың басты мағынасын дәл көрсетеді. Егер «еркіндігі жоқ қорқыныш» деп сөздердің орнын ауыстырсақ, тұтқынға түскен адамның күйін сипаттайтын ой шығады.

Өкінішке орай, еркіндіксіз, бостандықсыз қорқыныш пен үрей қазіргі уақытта көптеген адамдар үшін қалыпты жағдайға айналуда. Жауынгер қыздар ретінде бізде Құдайдың өміріне қол жеткізу үшін өз өмірімізді жоғалтуға мүмкіндігіміз бар. Осының арқасында біз еркіндік жолын қорықпай таңдай аламыз, өйткені Иеміз Иса Мәсіх айқыштағы өмір мен өлім мәселелерімен баяғыда шешіп қойған.

Жауынгер үшін бұл ерекше ұстаным. Самурайлар әр семсердің өзінің рухы бар және одан келетін күш бар деп сенгендіктен, семсерлеріне ат қоятын. Кейнінен, осылай басталған сенім қаруға табынушылыққа айналды. Бізге рухы бар семсердің қажеті жоқ, өйткені бізде Рухтың семсері бар! Құдайдың Сөзін басшылыққа ала отырып, біз Исаның есімін қолданамыз және Оған бүкіл өмірімізбен ғибадат етеміз. Оның еркін өзіміздікінен жоғары қоямыз.

Террористті қорқыныш, ал жалдамалы сарбазды ашкөздік басқарады, бірақ екеуі де бұйрықты орындауға мәжбүр. Жауынгердің таңдауы бар. Жауынгер болу үшін рәсімнен өтетін сарбаз ізгілік пен тектілікті дәріптеуден өтеді.

Сүйіктім, сен ұлтаралық алауыздық, қақтығыстар мен соғыстар кезінде дүниеге келдің. Ұрыс барлық майданда жүріп жатыр. Өкініштісі, жау балаларды да аямай зорлап, ұрып-соғады. Отбасылық жылулық пен махаббат ошағы болудың орнына үй іші зұлымдық пен қатыгездіктің ордасына айналады. Сексуалдық және еңбек құлдықтарының тапқыр



желілері аяусыз құрылуда (соңғы мәліметтер бойынша қазір әлемде құлдыққа сатылған жиырма жеті миллион адам бар)<sup>7</sup>. Бұл жасырын террордан бөлек, біз ашық қауіптер заманында өмір сүріп жатырмыз. Халықтардың бір-бірін үнемі арандатып, себепсіз, мағынасыз соғыстармен қорқытып отырғанына куә болып отырмыз.

Көптеген майдандарда өшпенділік пен зұлымдық тоқтамайды, қауіп-қатер адамдарды аямайды, сондықтан біз шайқасымызды тек жеке өмірдегі уақытша күреске айналдыра алмаймыз. Біздің мақсатымыз әр шайқаста жеңіске жету болу керек, осылайша біз соғысты жеңіп шығамыз. Бұл стратегия, интуицияны, пайымдылықты, даналықты, шыдамдылықты, табандылықты, біртұтас үнді және біріккен әрекетті қажет етеді.

Түсінікті болу үшін, виртуалды бейне ойынды елестетейік. Егер тек бір деңгейден өтуді мақсат қойсаң, нәтиже қандай болады? Менің түсінуімше, олай ойлайтын қатысушылар ойында ұзаққа бармайды және жақсы нәтижемен мақтана алмайды. Айта кетейік, мен бұл видео ойындарды ойнап көрген емеспін, бірақ менің ұлдарым белгілі бір шеберлік деңгейіне жетті. Кішкене бақылаудан кейін бір затты байқадым. Мақсат — бір деңгейдің барлық сынақтарынан тезірек өтіп шығу ғана емес. Сонымен қатар, ойындағы бір нәрсені тауып алу керек немесе келесі деңгейлерде не қажет екенін біліп алу керек.

Мен ұлдарымның ойынын бақылап, берілген деңгейдің шекарасы мен маршрутында жасырылған белгілі бір заттарды табу үшін тәуекелге баратындарын көремін. Элементтердің әрқайсысы бірегей құндылық болып табылады, бірақ, әдетте, олардың ешқайсысы дереу тұтыну үшін қажет емес. Көбінесе олар болашақта пайдалану үшін жиналады.

Ал енді ойын үлгісінен алшақтап, біздің әлемге оралайық. Кішкентай немесе елеусіз болып көрінетін кез-келген шешім немесе қозғалыс болашақта маңызды есік ашатынына, тіпті бізге күш беретініне күмәнданбауымыз керек. Сондықтан егжей-тегжейлерді назардан тыс қалдырмау өте маңызды. Біз өзімізбен бірге болашаққа тек қазіргі әрекеттерімізді ғана емес, сонымен қатар саяхатымыздың әр кезеңінде алған сабақтарымызды ала барамыз. Сақтаған құпия немесе *өткен* маусымда байқалмай

қалған мойынсұну *келесі маусымда* сені қорғауы мүмкін.

Жауынгерлер өмір бойы алға қарап, әрбір қиындықта өз шеберлігін шыңдап, күш-қуатын арттыруға мүмкіндік бар екенін түсінеді.

*Біз бірнеше гектар жерді емес, идеяны  
қорғап жатырмыз. Бір шайқаста жауды  
жеңсек те, көп ұрыстан кейін жеңсек те,  
нәтиже бірдей болады.*

– Томас Пэйн

Соғыстың мәні ар-ұжданды қанмен кірлеуде емес, өз принциптерін қорғауда болуы керек. Америкалық революционерлер сол кездегі әділетсіздікке қарсы күресу үшін қолдарына қару алды. Екі жақтан қырылып жатқан жауынгерлер мен сарбаздар үшін соғыс өте қымбат болды. Бірақ біз әділетсіздікке қарсы емес, Құдайдың шайтанға қарсы соғысуында қарсы күрес жүргізіп келе жатырмыз. Өйткені, сен жарық пен қараңғылық арасындағы ежелгі күрестің бір бөлігісің.

## Жаудың мақсаты

Жазбаларды зерттеуге қайта оралайық. «Жауынгер» сөзі алғаш рет айтылғанда, батыр, ұлы, құдіретті ден сын есімдермен бірге қолданылады: «Құш — Нымродтың әкесі. Нымрод жер бетіндегі бірінші батыр жауынгерге айналып, Жаратқан Иенің көзіне түскен мықты аңшы да болды» (Жарат. 10:8, ағылшын тілінен NLT\*\*\* аудармасы, автордың курсиві). «Жер бетіндегі бірінші...» деген сөз бізге батыр жауынгерлердің көкте бұрыннан болғанын, ал Нымрод жердегі алғашқы адам жауынгер екенін түсіндіреді. Біздің күнәкар әлеміміз — асқақ аспанның күнәкар, бұлыңғыр көрінісі. Сондықтан аспанда бұрыннан басталған қақтығыстардың жерге көшіп, жер бетіне тарағанына таң қалмауымыз керек. Аян кітабында көктегі осындай шайқас сипатталған:

---

\*\*\* *New Living Translation, Kueli Kitapтың ағылшын тіліндегі «Жаңа тірі аудармасы».* — Аудармашының ескертуі

«Сонда көкте соғыс бұрқ ете түсті. Михайл мен оның қол астындағы періштелері айдаһарға қарсы аттанды. Айдаһар өз нөкерлерімен бірге оларға қарсы шайқасты, бірақ төтеп бере алмады. Бұдан былай соларға көктен орын берілмеді» (Аян 12:7,8 , автордың курсиві).

Бұл үзіндіде біз көктегі ең күшті жауынгерлердің бірі, бас періште Михайлдің есімін білеміз. Бұл соғыста айдаһар мен оның нөкерлері жеңіліске ұшырап қана қоймай, көктегі орнынан айырылды. Ежелгі шайқас басқа жерге ауысады, ал айдаһар Құдайдың қыздарына қарсы соғыс бастайды.

«Жер мен теңізде тұратындарға қасірет! Себебі әзәзіл шайтан төменге, сендердің қастарыңа түсті. Ол өз уақытының аз қалғанын білгендіктен қатты ашулы». Айдаһар өзінің жерге лақтырылғанын білгенде, Ұлды туған әйелдің соңына түсіп, оны қудалай бастады. Сонда әйелге айдалада өзіне дайындалған арнайы орынға ұшып бару үшін алып бүркіттің қос қанаты берілді. Айдалада әйел үш жарым кезең бойы сол ұлы жыланнан қауіпсіз тұрып, Құдайдың қамқорлығында болады. Әйелді сүмен ағызып әкетіп, құрту үшін алып жылан аузынан үлкен өзен іспетті су тасқынын лақ еткізіп төгіп жіберді» (Аян 12:12–15, автордың курсиві).

Бұл жерде пайғамбарлық белгілердің көптігі сонша, мен олардың бәрін түсінемін деп айтуға батылым бармайды. Бұл үзіндіде рухани және тура мағына көп, бірақ астарлап айтылған болса да, шынайы ақиқат мынада: бұл шайтан-айдаһар-жылан «әйелді» жою үшін, оны аяусыз қуғын-сүргінге ұшыратады. Киелі кітап зерттеушілері бұл үзіндіде әйел — Исраил халқының бейнесі деп санайды. Содан кейін айдаһар әйелдің балаларына қарсы соғыс бастайды.

«Айдаһар әйелге долданып, оның өзге де ұрпақтарымен, яғни Құдайдың бұйрықтарына бағынып, Исаның шынайы хабарына адал болып жүргендерімен, шайқасуға аттанды» (Аян 12:17, курсив автордыкі).

Мұнда қателік болуы мүмкін емес, шайтан Құдайға зиян келтіріп, Оның балаларын жойғысы келеді. Грамматикалық тұрғыдан, қауым деген сөз — әйелдік зат есім және оған ерлер де, әйелдер де кіреді, бірақ Киелі кітап айдаһардың қаһары әйелге қарсы бағытталғанын бірнеше рет атап өтеді. Алдымен Хауа, сосын Сара, сосын Израил, сосын Мәриям. Енді оның жауыз шабуылдары Исаның келіні қауымға бағытталған. Оның астарында әйелге деген өшпенділіктің ұзақ тарихы бар. Әрине, әйелге зиян келтірудің ең оңай жолы — балаларына соққы беру. Ал бұл әйелдің балалары кім? Құдайдың өсиеттерін орындайтын және Иса Мәсіхтің куәлігін ұстанатындардың бәрі. Сен осы топтың мүшесің бе?

Сүйіктім, сен жаудың нысанасысың. Ол сені ежелден бері көздейді. Ал сен батыр жауынгер бола аласың, таңдау өзіндікі.

## Нағыз жауынгер

«Жауынгер» сөзі Киелі кітапта екінші рет кездескенде, Мысырдан шығу кітабында Құдіреті шексіз Құдайға қатысты айтылған: «Ием — батыр жауынгер, есімі — Жаратқан Ие» (Мысырдан шығу 15:3).

Жаратқан Ие, біздің Ұлы да Киелі Әкеміз, басты жауынгеріміз. Бәрінен жоғары тұран Жаратқан Ие уақытша ғана әке емес, уақытша ғана сарбаз емес. Ол біздің құдіретті Құдайымыз, әкеміз, жауынгеріміз және одан да асқан керемет тұлға. Ол біздің Құдіретті Жауынгер Әкеміз, ал біз Оның сүйегінен шыққан сүйек, Оның тәнінен шыққан тән, Оның қыздарымыз. Сондықтан жауынгердің ДНҚ-сы біздің тәнімізге өрілгені айтпаса да түсінікті.

Шешуші қадамды батыл жасап, толық айқындық сезімімен алға шыққанымызды қалаймын. Сен әрі қыз, әрі жауынгерсің. Бұл лауазымның тіпті жеке поэтикалық атаулары бар, мысалы, жауынгер-ханшайым немесе ханшайым-жауынгер. Маған екеуі де ұнайды. Сен өзіңе қайсысы ұнайтынын таңда. Бұл тарауда мен жауынгер мен сарбаздың негізгі сипаттамасының айырмашылығын ескере отырып, жауынгер қыздың бейнесін салғым келеді.

Бірінші айырмашылық осы екі рөлдің де қалай басталуынан анық көрінеді: жауынгерлер шақырылады, ал сарбаздар жалданады. Тіпті еш тізімде болмай-ақ жауынгер болуға болады. Соғыс уақыты жауынгерді соғысқа баруға, жүрегін беруге мәжбүр етеді. Айналаңа қарашы, алға басуға, ұрыс алаңына шығуға тұрарлық себеп көріп тұрсың ба? Жауынгерлер ешбір бөлімшеге қабылданбайды. Олардың ішкі жігері майданға тартады.

Сен алыс елге соғысу үшін шақырылған немесе жалданған көп азаматтың бірі емессің. Ешбір ұйым сенің лауазымыңа қол сұға алмайды, өйткені сен белгілі бір мақсатпен таңдалған Патшаның қызысың. Бұл шайқаста жалпылық, мағынасыздық жоқ, бұл саған тікелей қатысы бар, сенің ескі отбасылық соғысың.

*«Патшаға сенің сұлулығыңды аңсауға рұқсат бер,  
Ол тақсыр иең сенің, ардақта оны!» (Заб. 44:12,  
ағылшынша NIV\*\*\*\* аудармасынан алынған, курсив  
автордыкі).*

Семсер ұстау мен семсерлесу шеберлігін зерттеген кезімде, қастерлеу тақырыбы үнемі көзіме түсті. Жазбаларда «рұқсат ет» сөзі қолданылғандықтан, бұл патшаға сенің сұлулығыңыздан ләззат алуға рұқсат беруге немесе одан бас тартуға болатынын білдіреді. Менің ойымша, біз Патшамызды құрметтемегенде, Оған сұлулығымызды қалауына рұқсат етпейміз. Өкініштісі, біздің заманымызда абырой төгушілік пен ұятқа қалдыру кең тарап қана қоймай, жоғары дәрежеде ұсталады.

Біздің қазіргі мәдениетіміз әйелдерді ар-ұят, әдептілікке, ұстамдылыққа ұмтылу арқылы өз денелерін құрметтеуге емес, арысздыққа, семіздікке, денсаулығы мен тамақтануына немқұрайлы қарауға шақырады.

Адалдық, жақсы даңқ, абыройлы атақ бұрында ең басты, ең маңызды зат саналса, қазір сәнден қалып, қазіргі әндерде айтылмай қалды. Қазір барлық жерде тек дөрекі билер, қымбат аксессуарлар мен көліктер туралы, түнгі клубтарда

---

\*\*\*\* Киелі Кітаптың «Жаңа халықаралық» аудармасы. —  
Аудармашының ескертуі

қалталарынан бір шоқ ақшасы шығып тұрған еркектердің көңілінен шығу үшін кезекте тұрған әйелдер туралы айтады. Рэперлер мен мықты жігіттердің жалған әлемінде намысқой, арсыз, сараң, ұятсыздардың бәрі біздің құрметімізге лайық деп есептесе керек.

Сұлулықтың орнына еліктіру келді, ал айла-шарғы күші даналық әсерінен асып түсті. Ақымақтыққа енді бізді көшеден шақыруға қажеті жоқ, өйткені оның сөздері мен әндері біздің үйімізге оңай енеді.

Жолдасым ар-ұят жүректен басталып, іс-әрекетімізден көрініс тауып, іштен жұмыс істейтінін үнемі айтып отырады. Сол сияқты жауынгер қыздың жолы да жүрегінен басталады деп ойлаймын. Сондықтан ол ең алдымен өз санасын қатаң түрде қорғауы керек. Бұл адамдардың айтқанын, сондай-ақ оның көргенін және басқалардың не істейтінін байқауды білдіреді. Намыссыздықтың бұрмаланған жібі біздің өміріміздің кенепінен өз орнын тауып, ондағы барлық әдемі нәрсені бұрмалағысы келеді.

Біздің Жауынгер-Патшамыз керемет.

Оның бейнесін ештеңемен салыстыруға болмайды.

Ғажайып жаратылыстың әлемі Оның сұлулығының кішкентай бір бөлігін ғана көрсетеді.

Құдіретті мұхит, қалықтаған бұлттар, ұлы таулар Оның өлшеусіз күш-құдіретін мен мәңгілік сұлулығын жариялайды.

Өсімдіктерден жануарларға дейін әрбір тіршілік иесі – Құдайымыздың ғажап екеніне дәлел!

Ол өзінің ұлдары мен қыздарын Оның ұлылығын, даңқын және сұлулығын басқа жаратылыстарға қарағанда анық паш ету үшін сүйіспеншілікпен жасап шығарды.

Біз Оның біртуар туындысымыз.

Сондықтан біз Оның өмірімізде билік ету құқығын қорлайтындай әрекет еткеніміз өте қайғылы. Біз басқаларды құрметтемеу арқылы Оны құрметтемесек, Оның біздегі көрінісі бұрмаланады. Тіпті бізді қоршаған әлем де біздің жүрегіміз сүйіспеншілікке толы болу керек екенін біледі. Осы махаббатан біз де көркейе түсеміз.

Қыздар ретінде біз Әкеміздің бейнесін алып жүрміз. Біздің шын жүректен шыққан сүйіспеншілігіміз ақыл-парасаттың ойлауын және күш-қуатымыздың толықтығын қамтиды. Бірақ біз Құдай Сөзінің кеңестеріне тікелей мойынсұнбау арқылы Оның нұрын бұрмалағанда, Оның Киелі Рухының өзгертуші күшінің қайтпас сұлулығы жоғалады және рухы жаңарған халықты көруді қажет ететін осы әлемге көрінбейтін болады.

Зерттеуімнің барысында мен ар-намысты нағыз жауынгерден бөлуге болмайтынын түсіндім, өйткені жауынгерлер әрқашан өздерінен жоғары нәрсені құрметтейді. Ержүрек самурайлар өз өмірінде әрқашан биік мұраттарды құрметтейтін, ал ортағасырлық рыцарьлар тектілік пен батылдықты қастерлеген. Ар-намыс деген адалдық пен тәртіпті талап ететін белгілі бір мінез-құлық нормаларын білдіреді. Рыцарьлар жердегі патшалардың билігін қорғауға ант берген. Олардың адалдығы үшін патша оларға жерлер мен титулдар дарытатын. Көбінесе бұл олардың ұрыс алаңында жан тапсыруына тура келетінін білдірді.

Біз әділдігі жердегі сыйлармен өлшенетін жердегі өткінші патшаларға қызмет етпейміз. Біздің басты сыйымыз – Құдайдың өзі. Бір күні Оның даналығы, мейірімі мен әділдігі барлық халықтарды мәңгілікке шайқайды. Біздің Патшамыздың лайықты және ұлы болғаны сонша, оның қадір-қасиеті мен ұлылығын адам сөзі мен адам өлшемімен сипаттау мүмкін емес.

Жомарт Патшамыз біздің ар-намыс пен әдеп кодексін сақтай алмайтынымызды және ешқайсымыз құрметті орынға лайық емес екенімізді білді. Сондықтан Ол бізді өз перзенттері етіп қабылдады және бізге Өз есімінің құрметін берді. Ол біздің өз бетімізбен дұрыс жолды таба алмайтынымызды білді, сондықтан Өзінің Ұлын біздің әлемге жіберіп, бізге патшалық жолдарын үйретті. Біздің даңқты Әкеміз өлім жазасынан құтылуымыз үшін және Оның келе жатқан билігін Онымен бөлісуіміз және қазіргі заманда Оның күші мен билігіне қол жеткізуіміз үшін бізге Өз өмірін берді.

Ар-намысқа толық құқығы бар халық болатын болса, біз сол халықпыз. Неліктен Оның халқының арасында абыройсыздық көп? Мықты жауынгерлердің орнына әлсіз сарбазға айналдық па? Шынымды айтсам, менде бұл сұрақтарға жауап жоқ, бірақ

біз бұл мәселенің жауабы бола алатынымызға сенемін. Бізде ағымдағы үрдістерді өзгертуге жалпы және ерекше күш бар.

Сарбаздар дайындықтан, ал жауынгерлер сынақтан өтеді.

## Жауынгер болу

Жауынгерлер қатарына жазылуға дайынсың ба? Олай болса, онда сенің әскери дайындығың сарбаздық жаттығулардан біршама ерекшеленетінін түсіну керек. Жауынгерлер дайындықтан бөлек сынақтан өтеді. Сынақ мүлдем жылдам емес және жағымды емес екенін ескертемін. (Мен бұл туралы келесі тарауда айтатын боламын.)

Кез-келген сарбаз жаудың не істеп жатқанын көріп, қимыл-қозғалысын бастықтарға жеткізе алады. Қазірдің өзінде айқын нәрсені көру үшін керемет дағды қажет емес. Екінші жағынан, жауынгерлер — Құдайдың көрінбейтін әлемде не істеп жатқанын білетін көшбасшылар. Сарбаз: «Міне, бізді проблемалар мен хаос қоршап жатыр» деп айтуы мүмкін. Жауынгер бәрі Құдайдың бақылауында екенін және Оның әскері қарсы шабуыл жасау үшін жүз пайыз дайын екенін біледі.

Жазбаларда Сирия патшасы өзінің сарбаздарын Еліше пайғамбарға қарсы жібергені жайлы керемет әңгіме бар. Сирия патшасы қандай жоспар құрса да, шабуылдарын қаншалықты мұқият ойластырса да, Еліше пайғамбар рухани аян алып, Израил патшасына жаудың барлық қимылдары туралы ескерткен. Шарасыз Сирия патшасы пайғамбарды тұтқынға алуды ұйғарды. Бұл ашуланған билеуші

әскерімен бірге түн жамылып келіп, Еліше тұрған Дофаим қаласын қоршап алды. Пайғамбардың қызметшісі таңертең оянып, жауды көргенде, үміті үзіліп, Елішеге жағдайды баяндауға барады: қаланы аттар, арбалар және құтқарылуға

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

Сайыскердің семсерлесуге шеберлігі жетпесе, ол әдетте эмоцияның жетегінде кетіп, тым көп мағынасыз қимыл жасайды. Тілі әдепсіз, агрессиясы тым көп болады.



үміт қалдырмайтын сансыз жау полкі қоршап жатыр. Жақсы сарбаздай ол жаудың қалпын хабарлап отырды. Енді жауынгердің бұл жаңалыққа не деп жауап беретінін тыңдаңыз:

«Пайғамбар оған:

— Қорықпа, біздің жағымыздағылар оларға қарағанда әлдеқайда көп! — деп жауап берді. Содан соң ол:

«Уа, Жаратқан Ие, оның көзін аша гөр, көрсін!» — деп сиынды. Жаратқан Ие қызметшінің көзін ашқанда, ол қыраттың бойында Елішені айналдыра жиналып тұрған жалындаған отты аттар мен күймелерді көрді» (Патшалықтар 4-жазба 6:16, 17).

Қорқыныш адамды соқыр қылады. Бірақ біздің жақта жауға қарсы соғысатындар әрқашан біз ойлағаннан көп. Жауынгер қыз өзін де, басқаларды да былай жігерлендіреді: «Бұл жайында не дейміз? Құдай жақтаса, бізге кім қарсы шыға алады?!» (Рим. 8:31).

Жазбаның бұл үзіндісі сұрақ қойып, оған өзі былай жауап береді: «Өйткені сендердегі Киелі Рух күнәкар дүниені билеп тұрған шайтаннан құдіретті» (Жоханның 1-хаты 4:4). Кейде бұл сенімділік көз алдымызда отты аттар мен күймелер шеңбері, кейде ішімізде лаулаған сәнбес үміт болып көрінеді.

Жауынгерлерді мәңгілік ішкі мандат басқарады, олар ішкі бұйрыққа бағынады. Яғни, олар қолдарынан келетіннің бәрін істейді. Олардың әрекеті әрқашан отқа толы, себебі үйдің туған ұл-қыздары жалдамалы қызметшілерге қарағанда көбірек істеуі керек. Басшылар жанын сала соғысқанда, сарбаздар бұйрықтарды кейде жарым-жарты, шала-пұла орындап жатады. Жазылған заңдар рухани өлім әкеледі, бірақ Киелі Рух шынайы өмір сыйлайды.

*Жақсы адамдар заңға тым жақсы  
бағынбауы керек.*

— Ральф Уолдо Эмерсон

Жауынгер пайғамбарымыз Еліше туралы әңгімеге қайта оралсақ, Елішенің дұғасына жауап ретінде Құдай жауды

соқыр етіп тастағанын және Елішенің бүкіл әскерді Исраил патшасының сарайына апарғанын көреміз. Патша жауын есік алдында көргенде қуанып, Елішеден оны өлтіруге рұқсат сұрады. Еліше былай деп жауап берді:

«Жоқ, оларға тимеңіз. Тіпті өзіңіз семсер-садағыңызбен қолға түсірген тұтқындарды да өлтірмес едіңіз ғой. Одан да алдарына тамақ қойыңыз, ішіп-жесін. Содан патшаларына кері қайтарыңыз!» (4 Пат. 6:22).

Осы оқиғадан кейін Сирия Исраилге шабуыл жасауды тоқтатты. Жауынгер тұтқындарға тойдырып тамақ берсе, сарбаз оларды өлтіруші еді. Кісі өлтіруші шабуылдарды тоқтатпайды, тек шиеленісті күшейтіп, жеккөрінішті соғысты одан сайын өршітеді. Еліше өзінің үлгісімен Мәсіхтің жауларды жақсы көру туралы кейін айтатын сөздерін іс жүзінде көрсетті (Лұқа 6:27-ні қараңыз). Құдайдың Рухы өзінің жауынгер пайғамбарларын алға бастайды. Тіпті патшаның өзі Елішеден не істеу керектігін сұрады. Сарбаздар адамның бұйрығын орындап, оны соңғы сөзіне дейін барып, бұйрық беріп, өлтіре алады. Жауынгерлер өздері қол бастап, басқаларды өз идеясына сендіреді.

Сарбаздардың санасы тар. Олар қызметке белгілі бір жылдарға жазылғанын біледі және олар артық бір күн де қалғысы келмейді. Олардың белгілі бір әскери атағы болса да, оған сәйкес ұстанымы жоқ. Олар бір күні қызметтен кетуге дайын болып қызмет етеді. Жауынгер ешқашан қызметтен кетпейді. Жауынгер — адамның өмір бойы алып жүретін мәртебесі немесе лауазымы.

Дәуіт патша өмір бойы жауынгер болды. Ол алғашқы жеңісін аю мен арыстанға қарсы шайқаста жеңіп алды.

«Сонда Дәуіт оған былай деді:

— Тақсыр, алдыңыздағы қызметшіңіз әкесінің қойларын бағып келеді. Кейде арыстан не аю қойға шауып, малдың біреуін ала қашатын кездері болды.

Сонда оны қуып жетіп, соғып, малды аранынан тартып

алатынмын. Егер өзіме бас салса, оның сабалақ жүнінен шап беріп, ұстап алып, ұрып өлтіретінмін» (1 Пат. 17:34, 35).

Дэвид өз бетімен жеке күресіп, жеңді. Оның сол кездегі жеңістеріне жалғыз куәгерлер бағып жүрген қойлары, аспандағы жұлдыздар және Құдай болды. Арыстан мен аюды жеңдім десе, ол сөзіне туған ағалары да сенбейтін еді. Сенің де жеке шайқастарың бар. Мүмкін сен басқалар жеңе алмайтын жеңістерге жеткен шығарсың. Немесе, Дэуит сияқты, жасырын жеңдің, және сенің жеңісің мүмкін болатынына ешкім сенбеді. Сабыр сақта: Құдай мұндай жеңістерді ешқашан назардан тыс қалдырмайды. Жерде немесе көкте жеңісіңді тойлайтын күн келеді. Дэуиттің жауынгер екенін дәлелдеген күні Ғолиятты өлтірген күні болды.

«Дэуит оған былай деп жауап қайырды:

— Сен маған қарсы семсер, сүңгі, найзамен келесің. Ал мен саған Әлемнің Иесінің атымен, иә, өзің масқаралап отырған израилдік әскери саптарының Құдайының атымен келе жатырмын! *Бүгін Жаратқан Ие сені қолыма түсіреді.* Сені өлтіріп, басыңды шауып тастаймын, әрі філістір әскерінің өліктерін жыртқыш құс пен аңға жемтік қылып беремін. Сонда бүкіл әлем Израилде (шынайы) Құдайдың бар екенін білетін болады!» (1 Пат. 17:45, 46, курсив автордыкі).

Дэуиттің қалай жүгіріп келе жатқанын елестетіп көр, әр қадам сайын жылдамдығын арттырып, Құдайының есімінің құдіретіне күмәнданбайды. Бұрын арыстан мен аюды өлтірмегенде, оның өмірі қалай өзгерер еді деп ойлаймын. Егер ол бір қойдың өмірі басын қатерге тігуге тұрарлық емес деп шешсе ше? Сарбаз өз күшін болашақ үшін сақтаған дұрыс деп шешеді, ал жауынгер үшін оның болашағы қазір болып жатыр. Жауынгер барлық істері үшін марапатталады. Басқа адамдарға жасаған жақсылығың немесе жеке жеңістерің маңызды емес деп ойлама. Олар біз ойлағаннан да маңызды. Құдай бізге тиесілі емес нәрсені қалай басқаратынымызды бақылайды, содан

кейін бізге одан жауапты жұмысты тапсырады.

Адалдық опасыздықты жеңу керек болғанда, жауынгер артықшылықтар мен кемшіліктерді таразыға алмайды. Қойды сүйреп келген арыстанды қуу үшін жауынгердің жүрегі керек. Жасырын түрде жеңетін шайқастар бір күні көптің көзінше алыптарды өлтіруге мүмкіндік береді.

Мен Дәуіттің әскери даңқының ұлы сәттері ол құтқарған адамдардың әңгімесінде жазылған деп ойлаймын.

**Нағыз жауынгер  
қыздар Құдайды  
дәріптейді,  
сондықтан  
Оған қуана  
мойынсұнып,  
ғибадат етеді.**

Менің ойымша, оның ең үлкен жеңістері әйелдер «Дәуіттің жойғаны он мың болды!» деп дауыстап ән салған жеңістері емес. (1 Пат. 18:7). Оның жауынгер ретіндегі нағыз ұлылығы ең аз санда – үш адамның өмірінде көрініс тапты. Дәуіт Саулды өзін-өзі қорғау үшін өлтіруден бас тартқанда және Набал мен Шимейге рақым еткенде өзінің нағыз жауынгер екенін көрсетті. Набал мен Шимей Дәуітке тіл тигізгеніне қарамастан, ол кек алмай, Құдайдың әділдігі үшін орын қалдырып, өмірлерін сақтап қалды. Осылайша өзінің патшалық қадір-қасиетін дәлелдеді.

Нағыз жауынгер қыздар Құдайды дәріптейді, сондықтан Оған қуана мойынсұнып, ғибадат етеді.

Жауынгерлер семсерді сот емес, әділдік үшін ұстайтынын түсінеді. Сарбаздар бәрін өлтіруге дайын. Олар осылай істейді, оларды өлтіруге үйреткен. Жауынгерлер өзін басқаша ұстайды. Мұра үшін өмір береді де, мерт қылады да. Жауынгерлер Құдайдың қалауынша соғысса, сарбаздар адамның қалауынша соғысады.

Саул халықтың патшасы және сарбазы болды. Сарбаздар халық үшін қоғамдық үнді білдіретін әскерде қызмет етеді. Ол халықты аралап жүріп, Құдайдың оған дайындап қойған мұрасынан айырылған кезде өзінің халық таңдаған адам екенін дәлелдеді.

«Сонда Саул:

— Мен Жаратқан Иенің бұйрығын және сіздің

айтқандарыңызды орындамай күнә жасадым.  
Жасағымнан сескеніп, солардың айтқандарын істедім»  
(1 Пат. 15:24).

Адам кімнен қорқады, міндетті түрде соған қызмет етеді.  
Жауынгерлер Құдайдан қорқады.

«Себебі Жаратқан — Хақ Тағала айбатты,  
Ол — бүкіл жер бетінің ұлы Патшасы» (Заб. 46:3).

Нағыз жауынгер қыздар Иемізден қорқады, сондықтан олар Оған қуана ғибадат етеді және мойынсұнады. Сарбаздар адамнан қорқады, сондықтан адамдарға бағынады. Барлық жауынгерлер ақыр соңында аспан мен жердің Жаратушысы, көзге көрінбейтін Иеміздің алдында жауап беретінін біледі.

### Саулдың жауынгер ұлы

Сарбаз-патша Саулдың Жонатан есімді жауынгер ұлы болды, ол Құдайға еріп, Оған адал болудың тамаша үлгісі. Оның өміріне көз жүгіртсек, біз алдымызға Құдайдың мақсатын қойғанда, Жаратқан Ие не істей алатынын көрсетеді. Мен Киелі кітаптың бір оқиғасын мысал ретінде беремін, бірақ бұл үзіндіні ешқашан оқымағандай оқып шық.

Філістірлер мен ираилдіктер ұзақ уақыт бойы жауласып келді, енді шайқас болмай қоймайды. Філістірлер ираилдіктерді қарусыздандырып, жерлерін тонап, дүкендерін қиратып, халыққа үнемі аяқ астынан шабуыл жасап, халыққа есін жиюға мұрша бермеді. Сонымен қатар, філістірлер ираилдіктердің қару-жарақтары жоқ қылды жаңа семсер мен найза соғу алатын ұсталардың көзін құртты.

«Осылайша Саул мен Жонатанға еріп жүрген сарбаздардың ешқайсысында соғысатын не семсер, не сүңгі болмады. Ондай қару тек патша мен патшазаданың ғана қолында болды» (1 Пат. 13:22).

Саул мен Жонатан нашар қаруланған әскермен жауға қарсы аттанады. Алты жүз адам үшін екі семсер ғана бар. Қолына

семсер ұстаған Саул тылда қалып, үңгірге тығылады, ал Жонатан мен оның қару-жарақ тасушысы жасырын түрде лагерьден шығып, жау қосына кетеді.

«Жонатан нөкеріне былай деді:

— Жүр, мына құдайсыздардың тобына барайық. Мүмкін, Жаратқан Ие бізге көмектесер. Не аз, не көп адам арқылы болсын, бәрібір Жаратқан Ие құтқара алады!

Әлгі жігіт:

— Жарайды, ойға алғаныңызды орындаңыз. Қайда барсаңыз да, сізді жан-тәніммен қолдаймын, — деп жауап берді» (1 Пат. 14:6, 7).

Джонатанның батыл сөздерін естіп тұрсың ба? Жонатан күш өзінде, не семсерде емес екенін біледі. Оның қолында семсер немесе сауыт болмаса да, бұл нәтижеге әсер етпейді, өйткені нәтиже Құдайдың қолында. Жонатан құтқарушы Құдайдың жолына *ештеңенің* кедергі бола алмайтынын біледі. Нөкер Жонатанның сөзіне сенген болуы керек, өйткені ол батыл жауап берді: «Жонатан, айтқаныңмен тоқтамай, одан асатынын да орында. Жүрегіңде не болса, соны жаса, армандауға батылың бар. Мен сенімен тәніммен ғана емес, жүрегіммен де, жаныммен де біргемін!».

Кенет олардың көздері жарқырап, тамырларындағы қан қызып кетті. Бұл екі жауынгер бір нәрсеге келісіп, Құдайдың адалдығын және дұрыс жолға берілгендіктерін батыл жариялағанда, оларға ұлы күш түсті. Жонатан ештеңеге қарамастан алға ұмтылуды біледі, бірақ ол стратегия қажет екенін де түсінеді. Ол әрекет ету бағытын ұсынады, содан кейін Құдайға таңдау жасауға мүмкіндік береді. «Құдайым, біз жасырынған жерден шығып, қайда тығылып отырғанымызды ашамыз. Олар бізді құса, біз қашамыз. Ал егер жақын келуге мүмкіндік туса, Сенің қолың бізбен бірге екенін білеміз».

Жоспар бойынша әрекет етіп, олар жаудың алдына шықты, ал філістір сарбаздары оларды басып алып, өлтіргісі келген жерде оларға жақындауға шақырады. Бірақ жаудың берілуге

шақыруы шын мәнінде Құдайдың Исраилдің жеңісіне шақыруы болды. Бір сәт ойланбастан, Жонатан мен оның серігі алға қарай ұмтылады!

«Екеуін: «Бері шығыңдар, сендерге бір нәрсе көрсетеміз!» — деп дауыстап шақырды. Сонда Жонатан нөкеріне: «Маған ілес! Жаратқан Ие оларды Исраилдің қолына берді!» — деп, тырмысып жоғары өрмелей бастады. Қасындағы жігіт соңынан қалмай ілесіп отырды. Жонатан жоғары шығып алған соң, дұшпандар оның алдында құлап түсті. Артынан ерген нөкері оларды өлтіріп отырды. Осы бірінші шабуылда Жонатан, нөкері екеуі шағын жер танабында жаудың жиырма шақты адамының көзін құртты. Әскер қосында және далада жүрген барлық філістір жасақшыларының зәруелері ұшып, қарауылдағы және елді тонаушы топтар да қалшылдап қорықты. *Жер де сілкінді.* Бұл Құдайдың жіберген өте үлкен үрейі болды» (1 Пат. 14:12–15, курсив автордыкі).

Не көріп отырмыз? Дұшпан екі жауынгерді көріп, зәресі қалмады! Шешуші шабуыл жауды сал аурудай қылады. Жау бізді қорқыта алмаса, әрқашан шегініп, артқа қайтады.

Бірнеше минут бұрын өз күштерімен мақтанған сарбаздар Жонатан мен оның қару-жарақ тасушысы жақындаған кезде жер сілкінісі басталғанда үрейлене қашып кетті.

Қазір Құдайға бірнеше нұсқаны ұсынып, жасырынған жерден шығатын уақыт емес пе?

Бірақ сәл кері оралайық. Жонатан әкесінің қосын тастап, філістірлер қосынына бармаймын десе ше? Егер ол осы батыл сенім сөздерін айтып, Құдайға жоспарын айтпағанда ше? Бәлкім, ол кезде Жонатан және оның сарбаздары жауды жеңу үшін емес, олардың санын біліп келу үшін ғана биікке көтерілер еді. Сонда олар қарсыласының сандық артықшылығын мойындап, лагеріне оралар еді. Бірақ сенімен бірге жауға қарсы кімнің соғысып жатқаны туралы аян болса, жауды санаудың қажеті жоқ! Жонатан лагеріне қайтып, жағдайды баяндаудың орнына,

нөкерімен бірге жүріп, тарихтың бағытын өзгертті.

Мен өте маңызды детальді көрсеткім келеді: сарбаздың қызы жауынгер бола алады. Сарбаздың ұрпағы болсаң да, бәрібір, өйткені ішінде жауынгер рухы бар! Біз тек Жонатанның түсінгенін, яғни бізді ештеңе шектейтінін түсінуіміз керек. Көзіңді көтеріп, шайқастың ықтимал нәтижесіне жүрегіңізді аш, сонда жағдайдан жоғары қарап, Құдайдың не істегісі келетінін көре аласың.

Егер жеңіс әкелмейтін жерді тастап кетуге батылың жетсе (үңгірдегі лагерь сияқты), ең күтпеген жерлерде (жау лагерінде) жеңіске жетесің. Мүмкіндікті қолданып, басқа жолды табудың уақыты келді.

Жауынгерлер ешқашан жұмысқа жалдану туралы ойламайды, өйткені олар әлемді өзгертуге шақырылғанын біледі.

## Үндеуге құлақ түр

Тарихтың тізбегіне қарайтын болсақ, біз жер бетінде батыр ұрпақ туатын ерекше кезеңде өмір сүріп жатырмыз. Жеріміздің экономикалық, мәдени, моральдық, діни және экологиялық ахуалы сені босану кезінде құрсақтай басып тұрғанын елестету маған оңай. Айналаңдағы қысымның сені езіп, депрессияға түсіруіне жол берме. Жау сені жағдай осы және оны ешкім өзгерте алмайды деп ойласын дейді. Оған жол берме. Жан-жақты қысым сені қалыптастыруға және мықты өзегі мен тереңдігі бар адамға айналдыруға арналған илани жоспардың бөлігі болып табылады. Осы сынақ құрсағынан қуатты болып шығасың.

«Солтүстіктегі халықтарға: «Босатып жіберіңдер!» — деп, оңтүстіктегілерге де: «Жолынан қалдырмаңдар!» — деп бұйырамын. «Рухани ұл-қыздарымды алыстан, тіпті жердің қиыр шетінен де алып келіңдер! Мен салтанатты ұлылығымды паш ету үшін жаратып, қалыптастырып жасаған, әрі өз атыммен атаған олардың барлығын да алып келіңдер!»» (Ишая 43:6, 7).

Құдай өзінің ұлылығы үшін халықты қалыптастыру және өзгертумен үнемі айналысады. Қысым біздің дәрежемізді



сарбаздан жауынгерге, қызметшіден перзентке өзгерте алады, бұл сынақтың бір бөлігі. Сыртқы қысым әрқашан ішкі өзгерістерге мүмкіндік береді. Бізге қарап, дайындығымызды көріп, Ол құдіретін жіберіп, бізді Өз атымен алға шақырады.

Жауынгерлер іштей еститін тыныш дауысқа сенуді үйренді, ал сарбаздар айналадағы шудың астында күрес жүргізуге мәжбүр.

Сарбаздар мен жауынгерлер қысымды әртүрлі қабылдайды және әрекет етеді. Сарбаздар «шыда немесе қаш» әдісін қолданады. Қысым кезеңін күте отырып, олар әртүрлі әрекеттермен айналысады: тамақ ішу, арақ ішу, қашу, тонау, сатып алу, келе жатқан қауіптен назарды басқаға аударатын кез келген нәрсе. Дәл осы себепті үнемі қатал қысымға ұшыраған сарбаздар сол қатыгездікпен өздеріне кек қайтара бастайды. Оларға қысым болған нәрсе іштеріне еніп, аурудай жұғады.

*Құдай бізге бәрін жеңетін өмір бермейді.*

*Біз бәрін жеңген сайын,*

*Ол бізге өмір береді.*

– Освальд Чемберс

Жауынгерлер тепе-теңдік қалпына келгенше сырттан қысым түскен сайын, ішкі қысым күштерін арттыра береді. Олар әрқашан қарсы шабуылға шығудың немесе қарсыластың жоспарларын әшкерелеудің жолдарын ойлайды.

Жауынгердің өмірі шынықтыратын және нығайтатын шайқастарға толы, ал сарбаз өмірінде бір ғана шайқасқа түседі. Өмір бойы қорқақ болғанша, бір рет сарбаз болған жақсы деп түсінемін, бірақ жауынгер қыздарда қорқақтық қасиет мүлде болмауы керек.

## Екі патша жайындағы ертегі

Сонымен, жауынгерлер мен сарбаздардың өмірін салыстыра отырып, енді екі жауынгер патшаны: Израилдің бірінші патшасы Саул мен соңғы және мәңгілік Патша Исаны салыстырайық.

Израилдіктердің сарбаз патшасы Саул патша ретінде де,

құтқарушы ретінде де майланған, өйткені израилдіктер басқа халықтар сияқты болғысы келді. Олар өздерінкі деп атайтын патшаны, яғни мақтанышпен көрсете алатын қайраткерді қалады.

Олар көзге көрінбейтін, жеңілмейтін, мәңгілік құдіретті Жаратқан Иеге бағынудың орнына, көзге көрінетін, қолмен ұстап көруге болатын адамның үстемдігін қалады. Олар өздері үшін күрескен аспан Патшасының орнына адамның қол астында шайқасқа баруды қалады. Құдай олардың өтінішіне жауап ретінде оларға Саул есімді керемет жігітті жіберді.

«Олар сол жерге жүгіріп барып, оны алып келді. Саул халықтың ортасында тұрғанда барлығының бойы оның иығынан ғана келді. Самуил халыққа:

— Жаратқан Иенің таңдаған адамын көріп тұрсыңдар ма? *Халық арасында оған сай келетін ешкім жоқ!* —

деді. Сонда күллі халық:

— Патша жасасын! — деп ұрандап айқай салды» (1 Пат. 10:23, 24, курсив автордыкі).

Саул бүкіл халық арасында ерекше көзге түсіп, бүкіл израилдіктерден бойы биік болды. Ол тек жігерлі ғана емес, сонымен қатар келбетті болды.

Құдай Саулдың билігін азат етуші күштің жарқыраған жарқылымен орнатты. Өкінішке орай, Саул биліктің осы аласапыран көрінісінен кейін көп ұзамай өлімге әкелетін қателік жасады. Самуил оған філістірлермен соғысуды бұйырды. Бірақ патшаға шайқас алдында Израил халқы үшін қажетті құрбандықтарды жасайтын пайғамбарды күтуге тура келді. Саул өзінің барлық шағын әскерін ғылғалға жинап, філістірлер әскеріне қарсы тұруға дайындалды. Філістірлердің есепсіз қалың қолы болды.

Саул күтіп тұрғанда, жаудың саны күн санап көбейе берді. Саулдың жігіттері өлгенше қорқып, орындарынан қашып, өзеннен жүзіп өтіп, көзден таса болды. Ақыры Саулдың қол астында алты жүз адам ғана қалды. Құдайға бет бұрып, Оның соғыс жоспарын білудің орнына (менің ойымша, Құдай

Саулға барлық філістірлерді өлтіру үшін әдейі көрсетті), Саул оның санасын толығымен жаулап алған жағдайларға қарап, өз жолымен жүруге шешім қабылдады. Саул өз халқын жігерлендіріп, Құдай көптің қолымен де, аз адамның қолымен де құтқаратынын еске салудың орнына, қорқып, халықтың жетегінде кетіп, Құдайға мойынсұнбады.

«Сонда Саул:

— *Мен Жаратқан Иенің бұйрығын және сіздің айтқандарыңызды орындамай күнә жасадым. Жасағымнан сескеніп, солардың айтқандарын істедім — деді»* (1 Пат. 15:24, курсив автордыкі).

Адам кімнен қорықса, әрқашан оған қызмет етеді және оған бағынады. Құдай Саулды халықтың үстіне қойды, ол басқалардан жоғары болды, халық оған бағынды, бірақ ол халықтың деңгейіне түсті. Саул Құдайдың өсиеттерін үнемі бұзғаны үшін азап шегіп, патшалығынан айырылды. Өкінішке орай, бұл жігіт өзінің қадір-қасиетін халықтың өзі туралы пікірімен өлшейтін сенімсіз басшы болып шықты.

Оның төмен қарай сырғыуы мойынсұнбаудан басталып, деструктивті және қатыгез рухтан туындаған қараңғы және езуші депрессия кезеңінде құлдырауының тереңіне жетті. Саулдың өлімі оның өміріндей болды. Ол соңғы күндерін адамдар оған не істеуі мүмкін деген қорқынышта өткізді.

Жараланып, жау әскерінің қоршауында қалған ол тағы да өз бетімен әрекет етуге бел байлады. Дұшпанның азаптауынан сақтану үшін қатты қорыққан патша семсердің жүзіне түсіп, өзін-өзі өлтіреді. Саул семсерін қынынан қорқыныштан суырды, бірақ патша ретінде ол бір ғана қорқынышты — Жаратқан Иеден қорқуды білуі керек еді.

«Саул өзінің қару-жарақ тасушы нөкеріне: «Семсеріңді суырып, маған сұғып ал! *Мына құдайсыздар келіп, маған білгендерін істеп масқара қылмасын!*» — деп бұйырды. Бірақ нөкері қатты қорқып, бұны істеуден бас тартты. Сонда Саул өз семсерін суырып алып, оны өзіне қаратып үстіне құлап түсті» (1 Шеж. 10:4, курсив автордыкі).

Нөкері патшасының өмірін қиюдан бас тартқанда, Саул мұны өзі істеді. Дүниеде үмітсіздік алдында суицидтен асқан шарасыз қадам бар ма? Патша мен оның ұлдарының өлгенін естіген Израил әскері де үмітін үзіп, шегініп, қалаларын, үйлерін, жерлерін жауға тастап қашып кетті.

Ал Иса, керісінше, азап шегу арқылы мойынсұнуды үйренді және сол арқылы Патшалыққа ие болды:

*«Құдайдың рухани Ұлы бола тұра, Мәсіх ауыр азаптар шеккен кезінде де Әкесіне мойынсұнуға үйренді. Жүктелген тапсырмасын толық орындап шыққан Ол Өзіне мойынсұнғандардың барлығы үшін мәңгілік құтқарылуға жол ашты» (Евр. 5:8, 9, курсив автордыкі).*

Осы екі патшаның жауыз жау мен өлім алдындағы мінез-құлқын салыстырайық.

Саул жауларынан қорлық көрмеу үшін мәселені өз қолына алды. Иса өзін қорғамады және жауларының өзіне не істейтінін біле тұра, өзін толығымен берді.

Саул азап шекпеу үшін семсеріне құлады. Иса біздің орнымызда азап шегу үшін айқышқа барды.

Саул өз-өзіне қол жұмсау арқылы жауларын алдады. Иса өзінің құрбандығымен өлімді алдады.

Кімді алдауға батылымыз бар? Қайсысы күштірек: өз жеке жауларын жеңгендегі салтанат па, әлде бәріне ортақ жауды жеңгендегі абырой ма?

Сарбаз-патша Саул өлгенде өз халқын тастап, оларды жеңіліске ұшыратты. Иса өзінің өлімімен жоғалғанның бәрін қалпына келтірді және бізді құтқарып алды. Жауынгер Патшамыз Иса біз үшін бәрін жасады. Біз Одан бас тартқан кезде де, біз үшін жанын қиды. Саул халықтың қадір-кұрметі үшін өмір сүрді. Иса Құдай бізді перзенттері етіп қабыл етуі үшін өлді.

Құдай Әкеден туған, Жақиядан шомылдыру рәсімінен өткен, Киелі Рұхқа толы және Патша Иса. Одан бәрі теріс бұрылды. Иса өзін жауларының қатыгездігімен қоршап алды. Ол оларға Өзін мазақ етіп, келемеждеуге, бұрын-соңды болмаған жалмауыздықпен ұрып-соғуға рұқсат берді. Ол тергеу, жалған

айғақ және көпшіліктің алдында қорлаудан өтті. Исаның құрбандығы арқылы құтқарылып, мәңгілік өмірге ие бола алатын адамдар Оны өлім жасауына кесті.

Бірақ барлық сынақтарды Ол үндемей өтіп шықты. Исаның қынында семсері болған жоқ. Оның сөздері Рухтың екі жүзді семсеріндей болды, ол әрқашан сүйіспеншілікпен қайранған. Патша Иса Өзінен бас тартқандар үшін ерлік жасады.

Айқышты жауынгердің көзқарасы арқылы зерттей отырып, мен *басқа үшін құрбан етілген өмірден артық қару жоқ* екенін білдім.

Біздің Құтқарушымыз өз-өзіне қол жұмсаған жоқ. Ол өзімен бірге қанша адамның өмірін алып кететінін ойлап, белінде бомба бар діни экстремист емес еді. Ол жердегі азаптан құтылу немесе жауыз жауды алдау үшін өлген жоқ. Иса өлімнің ақырған хайуанын алдаған қарусыз, үнсіз Тоқты болды.

Ешкім Исаның өмірін қиған жоқ. Ол өмірін Өзі берді және өлім арқылы біздің өмірімізді сақтап қалды. Ол өз басын сақтап қалу үшін пана және құтқарылу іздеудің орнына бізге пана да, құтқарылу да болды.

Жау Исаны қолға түсіруге келгенде, біздің жауынгер Патшамыз мінәжат етті. Иса олармен соғысқан жоқ, Ол Өзін олардың қатыгез қолдарына берді. Иса өз жолымен жүріп, Петірдің семсеріне құлап түскен жоқ, оның орнына Өзінің айқышын көтеріп, фолготаға апарды. Ол қаза табатын төбеге келгенде, айқыш семсеріне жатып, жазалаушыларға қолдарын «тұтқаға» шегелеуге рұқсат берді. Содан кейін римдік сарбаздар үлкен ағаш семсерді көтеріп, оның қатыгез жүзін өлтіруші ағаш тамыры сияқты жерге батырды.

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

Семсерлесуге апаратын жолдың екі бөлігі бар. Біріншісі – төзімділікті жаттықтыру. Екіншісі – тәжірибе.

«Әділ Қызметшім жан азабының нәтижесіне қарап қанағаттанатын болады. Оны көп адамдар танып

мойындап, ақталады. Ол солардың күнәларын өз мойнына алады. Оған сол себептен көптеген адамдарды табыс етемін. Ол билік иелерін де олжалайды. Себебі Қызметшім жанын өлімге қиып, қылмыскерлердің қатарында саналды. Ол бірақ *көптеген адамдардың күнәларын өз мойнына алып, қылмыскерлердің кешірілуі үшін ара түсті»* (Ишая 53:11, 12, курсив автордыкі).

Иса көп адамның күнәсін мойнына алды. Исаның ондай міндеті болған жоқ. Ишая бізге айқыштың себебін айтады. Иса жеңіске жетудің жалғыз жолы – ең жоғары билікке (Әкесінің еркіне) мойынсұну екенін түсінді. Исаның сыйлығы сіз бен біз болдық.

Оның жеңісі бізде көрінуі үшін Иса азап пен ұятқа төзе білді. Оның азабы арқылы біз әділдікке ие болдық. Біз Оның жеңісті жетістігіміз.



Құдай бізге әрқашан Оның еркін орындау үшін қажет рақым мен күш береді. Жауынгерлер бастықтарына бағынады және бұйрықты орындай алмаған жағдайда (кейде бәріміз де сәтсіздікке ұшыраймыз), олар басқа адамдарды кінәламайды. Иса біздің кінәмізді Өз мойнына алып, Әкесінің еркін орындады.

Аяулым, сен жеңген Жауынгер патшаның қызысың. Қолыңдағы жауынгердің семсері абыройды, ізгілікті, батылдықты, сұлулықты, адалдықты және қорқыныштан құтылуды білдіреді. Келесі бөлімде біз осы қасиеттердің барлығына қалай және қандай мақсатпен ие болуымыз керек екенін білеміз.


*Есі дұрыс адам азапты таңдамайды. Ол ең алдымен, Иса сияқты Құдайдың еркін таңдайды. Онда азап болуы-болмауына қарамайды.*

– Освальд Чемберс

## Семсерді қайрау

*Батырлар қиындықтың арқасында  
тумайды. «Батыр» қиын уақытта  
ішімізде өзі оянады.*

– Боб Райли



Семсер соғу өмірдің туғанына өте ұқсас.

От, су және қысым – металды тазарту, болатты жұмсарту және семсер соғу үшін қолданылатын құралдар. Семсер соғу кезінде қысым әдетте қыздырудан кейін бірден қолданылады. Қысым икемді және иілгіш затқа жақсы әсер етеді, өйткені сынғыш металл оңай бұзылады! Соғу кезінде семсерді үнемі балғамен соғып отырады.

Семсер соғуды сипаттайтын әңгімелердің ішінде маған Стивен Лохедтің «Пендрагон» эпопеясындағы әңгіме бәрінен көп ұнайды. Қараңғы да қатыгез жау жер бетіне басып келеді, бұл қатыгез тиранды жою үшін нұрлы семсер керек. Лохед кітабында сипатталған бүкіл процесті жете бағалау мүмкін емес, семсер жүзі үшін бірнеше болат бөліктері алынып, бір бүтінге біріктірілгенін айту жеткілікті. Семсерді соғу процесі қыздырудан басталады, онда қатты материал пішінін өзгерту үшін жеткілікті деңгейде жұмсақ болады, содан кейін үйкеліс пайда болады, бұл жеке бөліктерді біртұтас қылады.

Әрі қарай, қорытпа қыздыру үшін оны күшті отқа түсіреді,

содан кейін ол қайтадан салқындатылады. Кейіннен ұрып-соғып, созылады. Ыстық пен суықтың арасындағы бұл «би» балқыту деп аталады.

Содан кейін болашақ семсерді ұрып-соғып, пішінін келтіріп, жылтыратады. Семсердің жүзі пайда болғанда, ол тұтқаға бекітіледі. Оған дейін ол алдын-ала дайындалады, өңделеді және шыңдалады.

Сол сияқты Құдай да өз қыздарын дайындау үшін от, су және қысым әрекетін пайдаланады және әлсіз тұстарымызды күшті жаққа, нәзіктігімізді икемділікке айналдырады. Пішінсіз өмірден Ол айқын және белгілі бір мақсаты бар өмір жасап шығарады.

## Су

Су қарама-қайшылықтарға толы. Мен қонақүйдегі бөлмемнің терезесінен қарасам, жақын жерде Тынық мұхиттың жағасында тыныш, мөлдір суда күліп, ойнап жүрген балаларды көрдім. Бірақ сәл әрі көз салса, көкжиекте қараңғы толқын тасып, үлкен қауіп төндіріп тұр. Осындай ерекше механизммен суды жаратқан таңғажайып Құдайымызды қалай сүймеске. Біз сумен ойнай аламыз, сонымен бірге оның бізді жоятын күші бар.

Судың бізді сергітетін немесе жаншитын күші бар. Ол бізді ақырын жер бетіне көтеріп, ағынымен бірге алып жүре алады немесе тереңдікке тарта алады. Онсыз біз ұзақ өмір сүре алмаймыз және оның ішінде ұзақ бола алмаймыз. Судің егістікке жандандыратын ылғал беретін және толықтай бір қаланы шайып жіберетін күші бар.

## От

Келесі элементіміз — от. Ол жылулық уәде етіп, тірінің бәрін шақырады, бірақ тым жақын болсаң, күйіп қалуың мүмкін. Адамның басқаруындағы от тазалайды, басқарудан шыққан от мыңдаған гектар ормандарды өртеп жібереді. От жолды жарықтандыруы немесе артынан жойқын із бен күл қалдыруы мүмкін. От — адамның досы мен дұшпаны. Оны жеңу керек. Бұл зор табиғи күшті ешқашан ойыншық етуге болмайды.



Адамды жануарлар әлемінен ажырататын ерекшеліктердің бірі – от жағу және оны сақтау қабілеті. Ғасырлар бойы біз заттардың пішінін өзгерту үшін жалынның температурасын қалай арттыру керектігін үйрендік. Жоғары температурада қатты заттар сұйықтыққа айналады. Біз темірді басқа қорытпалармен біріктіріп, болат сияқты қатты және төзімді металдарды алу үшін температураны Фаренгейт шкаласы бойынша 3272 градусқа (Цельсий бойынша 1800 градус. — *Аудармашының ескертуі*) дейін жеткізуді үйрендік. Бұл металдар қоспасы екі металға да тән ең жақсы қасиеттерді қамтиды. Оларды бөлуге болмайтындай жеткілікті түрде араластырылғаннан кейін, қорытпа оны пішіндеуге болатындай қату дәрежесіне дейін салқындатылады. Ол қызған сайын оның түсі жарқыраған ақтан қызғылт сарыға дейін өзгереді, соңында қара-сұр болады.

Бұл өзгерістерді шыны үрлеу және кристалды жасау процесінде көруге болады. Суды ұстай алатын әдемі ыдыстар құм сияқты ең кішкентай және шашыраңқы бөлшектерді үрлеу арқылы жасалады.

Су мен от – біздің рухани серуенімізде әртүрлі пішіндерге ие болатын материалдық элементтер.

«Ал енді, Жақыптың үрім-бұтағы, Израил халқы, сені жаратып қалыптастырған Тәңір Ие мынаны айтады:  
«Қорықпа, Мен сені құныңды төлеп құтқарып алдым. Сені өз атыңмен шақырдым: Сен Менікісің! Судан өткен кезіңде саған жар боламын, өзендерден өткенде батып кетпейсің.  
*Отты жарып өтсең, күйіп қалмайсың, тіпті жалыны да шарпымайды»* (Ишая 43:1, 2, курсив автордыкі).

Назар аударыңыз, су мен от туралы айтылмай тұрып, алдымен қорқыныш мәселесі қозғалған. Бізде қорқуға еш себеп жоқ, өйткені Әкеміз бізді құтқарып қана қоймай, сонымен қатар әрқайсымызды атымызбен атады және бізді Өзінің перзенттері қылды. Бұл үзіндіде Ишаяның қай сөздерді таңдағанына назар аудару маңызды. Ол су мен оттан өту жайлы шартты райда айтпайды, ықтималдық емес, нақты, ашық райды қолданады.

Кейде мен бұл контекст одан да көп сенімділік береді деп

ойлаймын. «Егер судан, өзеннен, от пен жалыннан өтсең» деп уәде берілсе, бұл сынақтар аяқ астынан келіп тұрушы еді. Адам табиғаты «егер» сөзінен басталатын жағдайлардан аулақ болу үшін кез-келген әрекетке баруға дайын. Ишая бұл жерде от пен суды айналып өтуге болмайтынын, олар сөзсіз біздің жолымызда болатынын және ол қиындықтар міндетті түрде біздің қателіктеріміздің нәтижесінде емес екенін алдын ала жазды.

Біздің жолымызда сулар мен өзендердің, от пен жалынның кездесуіне сенімді болумен қатар, олардың қайта-қайта алдымыздан шығатыны да сөзсіз. Ең бастысы – алға ұмтылу. Берілмеңіз, күңкілдеуге және абыржуға жол бермеңіз, өйткені отта да, суда да жайлы, ыңғайлы жер жоқ. Олар бізді тек тура жолға бағыттайды.

Бүкіл Киелі кітапта біз Құдайдың суды бір жерден екінші жерге өту символы ретінде әртүрлі әңгімелерде үнемі қолданатынын көреміз. Исраилдіктер Қызыл теңіздің тереңдігінде мысырлық құлдықта болған жылдарды артта қалдырды, содан кейін Иорданның жағасында, уәде етілген жерге кірмес бұрын, шөл далада кезіп жүрген жылдарды артқа тастады.

От та келісімнің белгісі болып табылады. Құдай Ыбырайыммен келісім жасасқанда от берді. Кейінірек, Исраил Құдайдан бет бұрып, жалған пайғамбарларды тыңдай бастағанда, Құдай жерге от әкелді. Содан кейін Илияс Құдай халқын тәубе етуге шақырды. Набуходоносордың пұтына тағзым етуден бас тартқан исраилдіктерді тағдыры жалындаған пешке апарды. Бірақ отқа өртелгендер исраилдіктер емес, қайта пұтқа табынғандар болды.

Сен су мен оттан өткен шығарсың. Мүмкін ол кезде судан өтіп бара жатқаныңды білмеген де боларсың. Әрқайсымыз судан абайлап, баяу өтеміз және жол бойында суды сезбесек те, ол бізді күнәдан тазартады. Судың астына толығымен батып, сол жерде ескі өмірімізді қалдырып, шомылдыру рәсіміндегідей жаңарған табиғатымызбен судың бетіне көтерілетін сәт келеді. Сосын біз ары қарай жүріп, сарқыраған өзендерге келеміз. Ол тасыған судан өтуіміз керек. Ол қорқынышты, өйткені су бізді жұтып қоюға дайын болғандай құлақ жара гүрілдейді. Біз қиын кезеңдерді бастан өткергенде дәл солай болады.

Тіршілік судан пайда болады, ал су тіршіліктің өмірін қамтамасыз етеді. Құдай Әке әлемді жаратуды Рух судың үстінде қалықтаған кезде бастады. Сол сияқты адамның өмірі де ана құрсағындағы судан басталады. Су – әмбебап еріткіш, оның негізгі мақсаты жуу. Бірақ ол тазартып қана қоймайды, сонымен қатар көтереді. Су құрлықта қозғалуы қиын жүктерді ұстай алады, кемелерді өзендер мен мұхиттар арқылы басқа жерлерге жылжыта алады.

Қазір от пен су туралы айтып отырмыз, өйткені олар семсер жасау үшін қажет болғандай, біздің өмірімізде қаруды қайрау үшін көп қолданылады. Семсерді өткірлігіне жеткізу туралы айтатын болсақ, ең алдымен, ол семсерді ұстаған адамның мінезінің өзгеруіне байланысты. Ежелгі мәдениеттерде самурайлар дәуірінен ортағасырлық рыцарьларға дейін, адам семсер алу құрметіне ие болғанға дейін, ол этикалық кодекспен сыналған.

*Өйткені, түптеп келгенде бостандық –  
бұл жеке және жалғыз алынатын жеңіс;  
адам ертеңгі қорқынышты жеңу үшін  
бүгінгі қорқынышпен бетпе-бет келеді.*

– Элис Уолкер

Бір самурайға лайық күшті дәлелдеу үшін бұл жауынгерлерге өздерінің қияңқы табиғатын бағындыруға тура келді. Олар гүлдерді дұрыс орналастыру және шай рәсімін өткізу сияқты көбінесе әйелдерге тән өнерді меңгеруге тырысты. Бір жағынан бұл қызық, сонымен қатар, менің ойымша, әйелдер ретінде біз жекпе-жек өнері мен этикетті үйренсек, жақсы болар еді.

*«Сендерді тазарту үшін азап отынан өткіздім. Сонда да балқытылған күмістей саф таза болып шықпадыңдар. Өзіме бола әрі өз еркіме сай сендерді құтқармақпын. Қалайша Мен абыройыма дақ түсіртемін?! Өз ұлылығымды қайдағы біреуге қимаймын»  
(Ишая 48:10, 11, курсив автордыкі).*

Бұл аяттың алдында келесі сөздерге ерекше назар аударуды

ұсынатын «бірақ» сөзі бар. Бұл сондай-ақ тазарту мен балқу процесінен өтіп жатқан адамдардың өздеріне не болып жатқанын білмегенін көрсетеді. Олар көбінесе өздерін тозаққа түскендей сезінеді.

Құдай мәңгілік тұрғысынан бізге жаңа көзқарас береді. Ол өмірімізді толығымен тазартады. Тазалық бізге пайдалы екені есімізде болсын. Бірақ пайдалы зат әрқашан ауыртпалықсыз, қиындықсыз бола бермейді. Біздің өміріміз азап деп аталатын пештерге толы. Олардан сәтті өту үшін кілт керек, яғни температура мен уақытты белгілейтінін Құдай екенін білу керек.

Әрі қарай жылжымас бұрын, азап деген сөзге анықтама берейік. Киелі кітапқа сәйкес бұл сөз көбінесе физикалық немесе психикалық қайғыны, қиындықтарды, ауыртпалықты, проблемаларды, бақытсыздықты, сәтсіздіктерді және сынақтарды білдіреді. Азап ауру деген мағынада жиі қолданылмайы, бірақ көбінесе ол Құдай халқы дәуір соққыларын алған жағдайларда қолданылады.

«Иә, тіпті азап шегіп жүрсек те, шаттана аламыз. Себебі азаптың бізге шыдамды болуды үйренуге көмектесетінін білеміз. Шыдамдылықтан сенімділік туады, ал *сенімділік бізге үміт береді*. Бұл үміт алдамшы қиял емес, өйткені бізге сыйлаған Киелі Рухы арқылы Құдай жүрегімізді Өзінің сүйіспеншілігіне кенелтті» (Рим. 5:3-5, курсив автордыкі).

Еңдеше мына үзіндінің мағынасын толығырақ ашайық. Мен жақында Facebook-те сауалнама жүргіздім. Онда адамдардан қазіргі уақытта өмірлеріндегі ең қиын үш аймақты немесе ең көп азап шеккен үш аймақты жазуын сұрадым. Келесідей нәтиже алдым:

1. Күйеуімен, әйелімен, ағаларымен, апаларымен, балаларымен, басшылармен және достарымен *қарым-қатынастағы қиындықтар*. Бұл адамдардың көпшілігі үйленген не тұрмысқа шыққан болса да, жалғыздықтан қиналады. Басқалары бойдақ, олар да жалғыздықтан қиналады.
2. Жұмыссыздықтың, несиелік қарыздың, денсаулық

проблемаларының нәтижесінде немесе ақша шашудың нәтижесінде туындаған *қаржылық қиындықтар*.

3. *Өмірдің мақсатын табудағы қиындықтар* және жүрек қалаған нәрсеге ұмтылуда тұрақты тәртіптің болмауы.

Шынын айтайық, азап шегудің қызығы жоқ. Осы жауаптарды жазған адамдарға жаным ашиды. Біз қайғы-қасіреттің екі түрі туралы айтатын боламыз: өздігінен пайда болатын және Құдай жол беретін азап. Құдай біздің барлық проблемаларымыздың авторы екеніне сенбеймін, бірақ менің ойымша, Ол оларды Өзінің ұлылығы үшін біздің жан-дүниемізді тазарту мүмкіндігі ретінде пайдаланады. Екі жағдайда да шешімі бір: Құдайға бет бұру! Ол біздің қайнар көзіміз, әрі Оның Сөзі мен Оның еркі – біздің уәдеміз және қаруымыз.

Айналада бәрі ыңғайсыз болғанда, адам қозғала бастайды. Сонда кейде: «Астыңнан от жағылсын» деп айтылуы кездейсоқ емес.

*Ұрыс майданында да, күнделікті өмірімізде  
де бізге өмір берілгені рас. Әрекет ету  
үшін қолайлы жағдайды күтеміз бе, әлде  
кідірусіз әрекет етеміз бе – таңдау біздікі.  
Әрекет ету дегеніміз – өмірдің өзі.*

– Генерал Омар Н. Брэдли

Қиын кезде алған сабақтарымыз әрқашан ең құнды болып табылады, өйткені олар жеке бізге тиесілі.

## ҚЫСЫМ

Су мен оттың күшіне қысым қосайық.

Жазбалар тұрғысынан балқыту және жұмсарту процесін қарастыру үшін мен Жақыптың хатынан өзім ұнатпайтын үзінділерін келтіргім келеді.

Киелі кітап бізге былай дейді: «*Бауырластарым менің, сендер алуан түрлі қиын сынақтарға ұшырағанда, бұл жайтты зор қуанышпен қабылдаңдар*» (Жақып 1:2, курсив автордыкі).

Сынақтардың жынысқа қатысты емес екенін байқаған шығарсың. Бірақ Жазбаның бұл үзіндісі тек бауырластарға ғана емес, әпкелерге, сіңлілерге және қарындастарға да қатысты екенін дәлелдеу үшін The Message аудармасынан үзінді оқиық: «*Достар*, сынақтар мен қиындықтар жан-жақтан келген кезде оны шынайы сыйлық ретінде қабылдаңыздар» (Жақып 1:2, курсив автордыкі, ағылшын тілінен аударылған).

Жақып мұны әзілдеп жазған ба? Ол бізді шын жүректен қуануға және жан-жақтан итермелейтін сынақтар мен қиындықтарды сыйлық ретінде қарастыруға шақырады ма? Өміріңнің ең қараңғы күнінде ең жақын досыңа хабарласып, оған мұңыңды шақтың дейік. Барлық жағынан түскен қиындықтар туралы жылап-сықтап егжей-тегжейлі айтып бердің. Сонда досың қуанып: «Бұл сыйлық қой! Кәне, бұны бірге тойлайық! Сен шабуыл астына түстің, керемет қой!» дейді.

Әрине, ол доспен тез қоштасып, кем дегенде жанашыр болатын басқа досыңа қоңырау шалуға болады. Ол дос қиындықты мойындап, бірақ ертең бәрі жақсы болады деп дұға етуге уәде береді.

Бәлкім, бұл жерде адамның жердегі көзқарасы мен көктің көзқарасы қақтығысқа түскені ерекше айқын көрінеді. Біздің Құдайымыз жағдай үмітсіз болып көрінген кезде салтанатты тойлауды жақсы көреді. Сондықтан Ол айналып өтуге болмайтын апатты «мүмкіндік» деп атайды! Жақып Исаның ағасы болған, есіңде ме? Демек, ол біз білмейтінді білген болуы керек, өйткені ол былай дейді: «Сенімдеріңнің сыналып, берік те шынайы екендігінің дәлелденуі төзімділік тудыратынын білесіңдер» (Жақып 1:3).

The Message аудармасында бұл үзінді былай жазылған: «Қысым астында сенімге негізделген өміріңіздің ашыққа шығып, өзінің шынайы келбетін көрсететінін білесіңдер».

Шынымды айтсам, қысым астында сенімімнің сыртқа шығатынын, және кейде ол маған ұнамайтынын жақсы білемін. Өмірлік жағдайлардың ауыртпалығы маған қысым түсірді, мен жағымсыз бейненің көрінісіне айналдым. Сырттай келбеттің жайсыз болуымен қоймай, жалпы алғанда, менің реакциямды

шыдамдылық деп атауға болмайды.

Менің ойымша, Құдай сынақтарды ұлдардың жеңімпаз болуы үшін, ал қыздардың жылауық болуы үшін жаратқан жоқ. Сондықтан мен жағдайды шайқап шығуым керек екенін білдім.

Сынақтардың күші көрінбейтін заттың көрінуіне әкеледі. Қысым астында әдетте көрінбейтін заттар үстіне көтеріледі. Құдай біздің қысым астында болсақ та, еркін жүзіп жүрсек те, әрқашан гүлденуімізді қалайды.

Өмір массаж терапевтіне бару сияқты емес, онда сіз өзіңізге ұнайтын күш деңгейін таңдай аласыз. Қиындықтар туған кезде ешкім сізден жеңіл, орташа немесе қиынның арасында қай деңгейді қалайтыныңызды сұрамайды. Құдайдың сыналған қыздары қарсы тұруды біледі. Біздің кез-келген маусымда кез-келген сынақта гүлденуге қабілетіміз бар.

Мен Колорадода тұрамын, онда қыс ұзақ және көктем өте қысқа. Көбінесе боран мен бұрқасын жазға ауысады. Мұндай жағдайда гүл өсіру үшін өсімдікке қолайлы температура режимін сақтау қажет. Мен пиязшықтарды тоңазытқыштың жәшігіне салып, оларды жасанды түрде жұмсақ қысқа саламын. Сәлден кейін оларды терезе жанындағы жылы және құрғақ жерге қойып, жалған көктеп жасап қоямын. Осылайша жасанды түрде мен дұрыс маусымда өсімдіктерімді гүлдеуге жеткіземін. Менің ойымша, Құдай шамамен осыған ұқсас нәрсені жасайды. Өмірімізге мүмкіндік беретін сынақтар мен қысымдар арқылы біз гүлденеміз немесе қурап қаламыз.

Жақып келесі аятта сынақтарға төтеп беру қабілетін мақтауды жалғастырады: «Тек төзімділіктерің іс жүзінде соңына дейін жетуге тиіс, сонда сендер рухани жағынан жетіліп те кемелденіп, ешбір кемшіліктерің қалмайды» (Жақып 1:4).

Түсінікті тілде тыңдауды қажет ететіндер үшін The Message аудармасынан бір үзінді: «Олай болса, қиындықтардан уақытынан бұрын құтылуға тырыспаңыз. Олар ісін істеп шықсын, сонда сендер жетіліп, машықтанып, кемшіліктеріңнен айырыласыңдар» (Жақып 1:3, 4, ағылшыншадан аударма).

**Семсерлесу  
өнеріне қатысты  
дерек:**

Семсерлесуде әлсіздік  
күш, ал күш әлсіздік  
болып көрінуі  
мүмкін.

Бәріміз де сынақтардан өтеміз, оларға бізге толықтай әсер етуге неге рұқсат бермеске? Егер қиындықтан уақытынан бұрын қашып құтылсам, болашақта ол қайталанатынын түсіндім. Бұлшықеттердің белгілі бір тобын жаттықтыру кезінде оны толық әлсіреуге жеткізетін уақыт пайда болады. Біз қолымыздағының бәрін бергеннен кейін, әлдебір жолмен Құдайдың қайнар көзінен қоректеніп бастаймыз. Ол бұлақ өзімізден тыс жерде. Сонда тағы бір сөз айтуға, тағы бір жұмсақ құшаққа, тағы бір кешірім сөзіне, тағы бір жігерлендіру мінәжатына, тағы бір қоңырау шалуға әліміз жететінін көреміз. Яғни, сынақ кезінде мойымасақ, сеніміміз артып, гүлдене түседі.

Бұл тәсіл көктегі даналықты қажет етеді, сондықтан Жақып былай деп қосты: «Ал егер кейбіреулерің даналыққа мұқтаж болсаңдар, Құдайдан сұраңдар, Ол береді. Тәңір Иеміз еш жазғырмай-ақ бәріне жомарттықпен бере салады» (Жақып 1:5). The Message аудармасында былай делінген: «Егер не істеріңді білмесең, Әкеге мінәжат ет. Ол көмектескенді жақсы көреді. Одан көмек аласың және сұрағаныңнан тапшылық көрмейсің» (Жақып 1:5, ағылшыншадан аударма).

Құдай – даналықтың қайнар көзі. Ол сараң емес, жомарттықпен ақыл айтады. Менің ойымша, Ол бізді әдейі Өзінен көмек сұрайтын жағдайға қояды. Ол көкте екі қолын айқастырып тұрып, Исаға: «Мына бейшараларға қара! Олар ештеңені әлі түсінген жоқ» демейді. Жоқ, Одан өміріміздегі оқиғаларға қатысуын сұрағанымыз Оған ұнайды. Құдай менің өмірімді жарылқаумен толтырғандықтан, мен іс-сапармен көп жол жүремін. Көбінесе таңертең ояғанда, мен не істеп жатқанымды айтпағанда, тіпті қайда екенімді де есіме түсіре алмаймын! Содан кейін мен Құдайға: «Көктегі Әке, бүгін маған сенің даналығың керек» деймін. Сонда Ол: «Қызым, Мен саған оны жаудырып қойғанмын» деп жауап береді.



Жақыптың хатында біз Құдайға ерекше ұнайтын өтініш әдісін табамыз: «Тек шүбәланбай, сеніммен Құдайдан сұрауларың керек. Себебі күмәнданған адам жел айдап, соқтығысқан теңіз толқынына ұқсас. Мұндай кісі Жаратқан Иеден бір нәрсе аламын деп күтпесін: ол — екіойлы, барлық іс-әрекетінде тұрақсыз адам» (Жақып 1:6-8).

*«Алатыныңызға сеніп, ешбір күмәнсіз батыл түрде сұраңыз. “Дұғада берік емес” адамдар жел соққан толқын сияқты. Егер сіз теңізде жүзіп, барлық мүмкін нұсқаларға ашық болсаңыз, Иемізден әлдене аламын деп ойламаңыз» (Жақып 1:6-8, MSG аудармасы).*

Біздің батылдықпен, еш күмәнсіз дұға еткенімізді Құдай жақсы көреді. Менің ойымша, бізді қорқытатын нәрселер бізден қорқуы керек. Құдай бізді осындай күшпен мінәжат етуге шақырады! Соңғы бірнеше жылда Құдай Джонды, мені және «Messenger International»-дағы барлық қызметкерлерді бұрын болмаған нәрселерге жетелеуде. Жүректеріміз бен қолдарымызды біріктіріп, жүрегімізді елжірететін дұғаларды оқудан басқа амалымыз жоқ.

**Құдай біздің  
батыл,  
күмәнданбай  
мінәжат  
еткенімізді  
ұнатады**

Осындай оқиғалардың былай болды. Құдай Джонды бір жылда 250 000 кітапты таратуға шақырды. Оның қандай сезімде болғанын елестету қиын.

Мен шалқамнан құлап түсе жаздадым! Біз жылына 70 мыңнан астам кітап таратқан емеспіз. Екі жүз елу мың мүмкін емес қадам сияқты көрінді. Сондықтан мен «қорқақ» бір ой ұсындым.

– Алдымен 100 000 кітап таратсақ ше?

Бұл менің өмірімдегі мақтан тұтарлық сәт емес, оны мойындаймын.

Күмән бөлмені толтырып үлгермейінше, Джон жауап қатты.

— Лиза, менің сенімім 250 000 кітапқа жетеді.

Сөйтіп, іске кірістік. Біз бәріміз орнымыздан тұрып, сол кезде мүмкін еместей көрінетін мақсат үшін мінәжат еттік. Бірақ шынымды айтсам, өзіңді қорқытатын дұғаларды оқымасаң, сенің дұғаң дұшпанды да үрейлендірмейді. Біздің батыл өтініштерімізді аспан күтіп тұрғаны анық. Біраз күннен кейін жоспарымыз орындала бастады, жобаға қажетті қаражат түсе бастады. Бізбен дос қауымдар, достар, тіпті бір атақты рок-жұлдыз бізбен серіктес болып, кітаптарымыздың әртүрлі елдерге тегін жетуін көруді асыға күтті. Ол кітаптардағы хабар үшін біз жауаптымыз. Кітаптар араб, армян, парсы, урду, қытай, вьетнам, кхмер, болгар, индонезиялық және басқа да көптеген тілдерге аударылған. Мен айта алмайтын тілдердегі кітаптар талай басшылардың, ағаларымыздың, апаларымыздың қолына түсті.

Семсердің екі ұшы да өткір болуы дұрыс, бірақ екіойлыққа жол бермеу керек. Соққы бергіміз келсе, тікелей және сенімді түрде ұруымыз керек.

*Өмір шайқасы көбіне еңіс үстінде өтеді.  
Шайқассыз жеңіске жету - намыссыз жеңу.  
Қиындықтар болмаса, табыс та болмас  
еді. Егер күресуге лайық ештеңе болмаса,  
онда қол жеткізетін де ештеңе жоқ.*

— Самуил Смайлс

Сонымен, сүйіктім, бәрі өзіңе байланысты. Өмірдегі қиындықтардан және сәтсіздіктерден құтылу үшін қашуыңа, жасырынуыңа, ұрысуыңа, айқайлауыңа болады. Әлде өміріңдегі қиындықтарға жол беріп, сол арқылы күш алуыңа болады.

*«Әрине, достар, Құдай сендерді қатты жақсы көріп қана қоймайды, сонымен қатар ерекше бір нәрсе үшін үстеріңнен қолын алмайды. Біз сендерге Ізгі хабарды уағыздаған кезде бұл жай сөз емес еді. Іштеріңде*

әлдене өзгеріп жатты. Киелі Рух сендердің сенімдеріңді болат сияқты нығайтты» (1 Сал. 1:5, курсив автордыкі, The Message ағылшынша аудармасы).

Бұл үзіндіден кейін мен сен үшін дұға еткім келеді:

*Қымбатты Көктегі Әке,  
Осылайша біз, Сенің қыздарың, жүрегіңмен  
және бізге берген аманатыңмен бір  
болайық. Біздің өміріміз Сенің біз үшін  
қалаған нәрселердің, біз қалай өмір сүруіміз  
керек, нені ұстауымыз, нені көруіміз,  
естуіміз және иемденуіміз керектігінің  
тығыз өрнегі болсын. Бізді біріктіре гөр.  
Біз Сенің әрекетіңе бағынамыз. Сенің еркің  
берік балқыту мен суға шомылдыруда  
көрініс тапсын. Біздің өміріміздің әрбір  
қыры құтқарушы сүйіспеншілігің мен  
құдіретіңді жариялайтындай бізден берік,  
күшті және икемді құрал жасап шық.  
Исаның атымен. Аумин.*

Келесі бөлімде біз мұның бәрін мақсатты түрде иеленуді үйренеміз.






ҮШІНШІ БӨЛІМ  
ҚАРУЛАНҒАН



## Сөз семсері

*Біз осы күнәкар дүниеде өмір сүргенмен, оның салты бойынша күреспейміз: қолданып жүрген қаруларымыз осы дүниелік емес, оларда Құдайдың құдіреті бар. Солармен жау бекіністерін талқандаймыз; оның дәлелдемелерінің қате екенін әшкерелейміз*

– Қорынттықтарға 2-хат 10:3, 4



Бізге сеніп тапсырылған семсер қолмен емес, сөзбен көтеріледі. Біз Құдай Сөзін айтып, оны қару ретінде қолданамыз. Оның әрекеті біразға дейін көрінбеуі мүмкін. Әлем соңғы рет семсерді, яғни Құдай Сөзін ең күшті түрінде Исаның кезінде көрді. Ол бәріміздің сол қызметте бірге өскенімізді қалайды.

Құтқарушы Иеміз сияқты, біз де өзіміз таңдаған сөздермен семсерімізді суырып ала аламыз. Біз сенімнің, үміттің және Оның сүйіспеншілігінің хабаршылары ретінде сөйлейміз, осылайша жер бетіндегі адамдар Исаның өлімі арқылы барлық тіршілік иелерінің Құдайымен татуласқанын біледі. Біздің тұзды да нұрлы сөздеріміз қараңғылыққа батқан дүниеде жат естіледі, өйткені біз – үміттің қызметшілеріміз. Сөздер көзге көрінбесе де, дұрыс қолданылмаған жағдайда, өлімге әкелуі әбден мүмкін.

*Сөз – барлық жақсы мен жаман жағдайлардың кез-келгеніне жарамды қару.*

– Мэнли П. Холл

Біз жүректерді ашатын және жауып тастайтын сөздерді айта аламыз. Басқаларды азат ету үшін көктің сөзін айтатын уақыт келді.

Біздің көне тіліміз бұрын бөлінгеннің бәрін біріктіреді, өйткені ол Құдайдың Өзінің сөзі. Ойлап көріңізші: Құдай бізге Өз тілін берді және оны қолдану үшін грамматиканы да, тыныс белгілерін де үйренудің қажеті жоқ. Ол әр сөзге құдірет берді. Әрбір буынды күшке толтырып, уәдемен аяқтайтындай әрбір сөйлемді мұқият құрылымдады.

«Киелі жазбалардың бәрі Құдай Рухының жетелеуімен жазылған. Олар тәлім беру, әшкерелеу, түзету әрі әділдікке тәрбиелеу үшін тиімді. Осылай Құдайдың адамы барша игі іске дайындалып, толықтай даяр болмақ» (2 Тім. 3:16, 17).

Назар аударыңыз, мұнда тек кейбір Жазбалардың ғана Рухтың жетелеуімен жазылғаны және пайдалы екені айтылмаған. Жоқ, барлық Жазбалар тәлім береді, әшкерелейді, түзетеді, дайындайды және жабдықтайды. Егер біз не айтатынымызды және қалай өмір сүретінімізді таңдайтын болсақ, біз нашар жабдықталған боламыз және алдағы нәрсеге дайын болмаймыз. Жазба біздің айнаға айналады. Құдай Сөзінің бізді өзгертуге құдіреті бар, осылайша біз шындықты бейнелеп, жалғанды өшіреміз. Сөз туралы ойлау бізді сөйлеу мәнерін ғана емес, сөздеріміздің шығу тегін де өзгертуге мәжбүр етеді.

«Көктен келген Ол бәрінен де ұлы. Жерден пайда болған мен жердікімін, сондықтан жердің тұрғысынан сөйлеймін. Көктен келген Мәсіх бәрінен де үстем!»  
(Жохан 3:31).

Тілдің көтеретін де, түсіретін де, батасын беретін де, қарғайтын да, емдейтін де, жаралайтын да күші бар. Біз жердегі сөйлеу үлгісіне немесе көктегі сөйлеу үлгісіне сәйкес сөйлей аламыз. The Message аудармасында осы үзінді былай жазылған: «Көктен келген адам Құдайдан келген басқа



елшілерден жоғары тұр. Жерден жаралған – жерге байланып, жердің тілінде сөйлейді. Көкте туылған адам өз теңдестерімен жоғары топта».

Біз жерден туып, көктен қайта туылғанбыз. Егер мен жердегі күндерімнің соңына дейін Италияда тұратынымды білсем, онда итальян тілін үйренуім жөн болар еді. Біз көкте мәңгілік боламыз, сондықтан көктің тілін қазір үйрену дұрыс. Туған тілімізде, Әкеміздің елінің тілінде қайта сөйлейтін кез келді.

«Патшаға арнап әнімді айтқанда  
Жүрегімнен ізгі сөз құйылуда,  
Тілім ұқсас хатшының жүйрік қаламына» (Заб. 44:2).

Құдай Өз күш-қуатын бізге ашып, оны бізарқылы төгуді қалайды. Ол бізге тілмен, демек адам күшімен шектеулі өмір сүруді жоспарлаған жоқ. Дұға бізді Құдайдың араласуын сезінуге шақырады, ол бізді адам тілінің шегінен жоғары тұратын жаңа әлемге көтереді. Жаңа биігіміз бізге жаңа көзқарас береді. Біз Оның Сөзін көтерген кезде семсерімізді көтеріміз: «Тілде өмір мен өлімнің билігі болар» (Нақ. с. 18:21).

Құдайдың сөздері таза және құдіретті. Олар қараңғылыққа жарық әкелетін біздің тірі семсерлеріміз сияқты. Құдай перзенттеріне күшті, киелі, көне тілді аманат етті. Бұл тірі сөздерді құрметпен қолдану керек. Оның киелі сөздері дұрыс қолданылмаса немесе орынсыз қолданылса, онда кескін бұрмаланып, көктегі жарық қараңғылықпен күңгірттенеді.

Мен шет тілінде сөйлегім келеді. Шет елдегі адамдармен тіл табысуға жететін сөздерді меңгеру тамаша болар еді. Көптеген американдықтар сияқты мен де мектепте екі жыл шет тілін оқыдым, бірақ сөйлесетін ешкім болмағандықтан, аздап білетін француз тілі тез ұмытылды. Мұғалімдер бізге

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

Біз мәңгілікті көкте өткіземіз, сондықтан көктің тілін қазір үйренгеніміз дұрыс.

итальян тілін үйренуді ұсынса, онда әңгіме мүлдем басқаша болар еді. Әкем Америка Құрама Штаттарында дүниеге келгенімен, ағылшын тілі оның туған тілі емес. Оның әкесі мен анасы Сицилия аралында дүниеге келген, сондықтан итальян тілінде сөйлеген. Ол кезде итальяндықтар надан және кедей иммигранттар болып саналатын. Тіл оларды итальяндық қауымдастықпен байланыстырды, бірақ ағылшын тілінде сөйлейтін американдықтардан бөлді. Әкем акцентінің оны сыныптағылардан ерекше етіп тұратынын тез түсінді. Үйде бір тілде, мектепте басқа тілде сөйлесе, акцентті жоғалту қиын. Әжем әкем он жаста болғанда жесір қалды. Үлкен ұл ретінде ол анасына ағылшын тілін үйретуге барын салды, соның арқасында ол отбасын қамтамасыз ете алады.

Бірде әкем жас кезінде үйден қашып кеткенін айтып берді. Ол өзінің атын Венерандодан Джозефке өзгертті. Әскери-теңіз флотында қызмет етті және Индиана университетінде футбол ойнады. Диплом алғаннан кейін ол авиакомпанияда жұмыс істеді. Ол жерде стюардесса ретінде қызмет атқарған анаммен танысып, оған үйленді де, балалық шағындағы кедейлікпен байланысты үзуге барынша тырысты.

Арада ондаған жылдар өте келе әкем табысты кәсіпкер болды. Мен итальянша бір ауыз сөз білмесем де, бала кезімнен мені бәрі итальяндық қыз дейтін. Әкемнің отбасымен әжемнің үйіне жиналғанымызда, көкелерім бір-бірімен сезімге толы, мен үйімде бұрын-соңды естімеген әуезді тілде қатты дауыстап сөйлейтін. Өкінішке орай, маған бірен-саран сөз тіркестері мен әндері ғана жеткен. Әттең, көбірек меңгеріп алу ойыма келмеді. Қазірдің өзінде Италияға келгенімде әжемнің тілі немересіне сөз қатып тұрғандай, әжемнің сөйлеу интонациясын танимын.

Шет тілінде сөйлегіңіз келе ме? Грамматиканы үйренудің жалықтыратын жұмысы туралы айтып отырған жоқпын. Менің айтайын дегенім нағыз ішкі түсінік, жүректен жүрекке сөйлейтіндей терең білім. Егер сіз шет тілін жетік меңгерген болсаңыз, онда бұл қабілет әртүрлі мәдениеттерден келген бейтаныс адамдар арасында қалай есік ашатынын және лезде байланыстар орнататынын сізге түсіндірудің қажеті жоқ. Ортақ тіл мен мақсаттың терең байланысы әртүрлі елдерден келген адамдарды берік біріктіреді.

Кітаптарымызды әртүрлі шет тілдеріне аударып отырып, біз хабарларымыздың бізге жат мәдениет өкілдерінің қолына қалай түскеніне таң қалдық. Кезінде кітаптарымызға қолы жетпегендер өздеріне арнайы аударылып, басып шығарылған кітапты алу арқылы қамқорлық көріп, мұң-мұқтажына жауап берілгенін сезінді. Олар Құдай Сөзін өз тілдерінде қабылдап қана қоймай, оны күнделікті өмірде қолдануға болатын нақты мысалдармен толтырылған кітаптарды да алды.

«Nurture» кітабымда мен әйелдердің қамқорлығы — барлық әйелдерге бірдей жүрек тілі деп сипаттадым. Тіл сияқты әйел қамқорлығын сөзбен де, сөзсіз де жеткізуге болады. Бұл ұлтын білдіретін тілмен бірге әрқайсысымызға ортақ ана тіліміздің мысалы.

Бұл екі тіл де маңызды, мен бұл кітапта оның келесі деңгейін түсіндірмекпін. Мен өзіміздің ұлттық тілімізден де, жүрегімізді сөйлететін ана тілден де күшті тіл туралы тереңірек айтқым келеді.

Бұл тіл адамдар арасындағы байланыстардан да тереңірек енетін күшке ие. Оның сөздері көзге көрінбейтінді көрінетін қылатын, жоқтан бар ететін күшті құдіретпен астасып жатыр.

Әкеміз Сөз айтқан кезде жаратылу процесі басталды. Пішінсіз хаостың бос орнында тәртіп пен жарық пайда болды. Егер біз ұлы Құдайымыздың құрметіне таңғаларлық істер жасағымыз келсе, Оның сөздері мен есіміне мұқтажбыз. Әкеміз сияқты, бізде де жаратылу процесінде құнды ойлар босатып шығарылады. Құдай бізді алудың, тәрбиелеудің және өмірді дүниеге әкелудің не екенін терең түсінумен жаратты. «Жан дүниең неге толса, ауызың соны айтар» (Матай 12:34). Біз әдетте бұл үзіндіні жүрегімізді таза сақтау туралы үйреткенде және аузымыздан шыққанды тыңдау арқылы онда не жиналғанын тексеру үшін ескерту ретінде келтіреміз. Бірақ бұл жолы мен осы Жазбаға басқаша қарағым келеді, өйткені Құдай Өзінің жан-дүниесінен ғаламды галактикалармен бірге жаратып сөйледі.

«Өйткені Құдайдың көзге көрінбейтін қасиеттері — Оның мәңгілік құдіреті мен құдайлық болмысы дүние жаратылғаннан бері айқын: бұларды Оның жаратқан

нәрселерінен байқап түсінуге болады. Сондықтан адамдар Құдайды біле алмадық деп сылтаурата алмайды» (Рим. 1:20).

Сүйіктім, сен – мұхиттардан, таулардан және арыстандардан да таңғажайып жаратылыссың! Сен біздің көзге көрінбейтін Құдайымыздың қасиеттерін көрсетесің.

Бұл тілде сыбыр естілсе, кең кеңістіктер әп-сәтте жабылып, аспан мен жер біріктіріледі. Сонда сөз кезегі бізге келеді, өйткені бұл Әкеміздің тілі.

Қасиетті Жазбаның семсер балқытатын Құдайдың сөздерінің жинағы болғанымен қатар, ол нағыз атамекеніміздің тілі. Бұл дегеніміз, әрбір сөйлем біздің жердегі жолымызға да, сол биік киелі мекенге де қатысты бейнелер мен нұсқауларға толы.

Оның Сөзі тіл туралы бұрын-соңды біз білетін кез келген нәрседен асып түседі, өйткені Оның сөздері біз қазір көріп отырған барлық нәрселердің қайнар көзі болды. Кез-келген адам өз ана тілін білуіне және акцентіне қарамастан, Әкеміздің тілінде қатесіз сөйлей алады. Бұл күшті және көне мәтіндер кез келген тайпа мен диалектке қол жетімді.

Құдай бір тілде сөйлейтін мойынсұнбаған халықты шашыратқанда шет тілдер пайда болды. Бұл оқиға Киелі кітапта жазылған, бұл адамдар Бабыл мұнарасының тұсында орын алды.

«Ал Жаратқан Ие көктен түсіп, адамдар тұрғызып жатқан қала мен мұнараға көз салып, былай деді: «Олар біртұтас халық болып, бірдей тілде сөйлеп, мынаны істей бастады. Бұдан былай олар ойындағыларын жүзеге асырмай қоймайтын болады. Енді Біз жерге түсіп, бірін-бірі түсінбеулері үшін олардың тілін шатастырып жіберейік». Осылайша

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

Төзімділік пен  
қорғаныс тіпті ең  
қуатты сайыскердің  
шаубылдарын  
тойтарып  
тастайды.

Жаратқан Ие адамдарды сол жерден бүкіл жер бетіне бытыратып жіберіп, қала құрылысын тоқтатты. Сондықтан қалаға Бабыл деген ат қойылды, өйткені Жаратқан Ие сол жерде бүкіл әлемдегі тілді шатастырып, адамдарды жер бетіне бытыратып жіберді» (Жаратылыс 11:5-9).

Бір қызығы, бұл мүмкін еместей көрінетін құрылыс жобасы екі фактор: қарапайым халық және ортақ тіл болған жағдайда мүмкін болар еді. Құдай жоспарламаса да, олардың идеясы сәтті болар еді. Олардың ниеті Жаратылыс кітабының 1-тарауындағы Құдайдың бұйрығына қарама-қайшы келді. Тілдердің шатасуы олардың дамуын тоқтатып қана қоймай, бір халықты жердің төрт бұрышына шашыратып жіберді. Адамзаттың тарихы бір тілден басталып, бір тілмен – Құдайдың берген рухани тілімен аяқталады деп ойлаймын.

«Осы шу естілгенде көптеген халық сол жерге жиналып, аңтарылып тұрып қалды. Себебі олардың әрбіреуі тыңдағанда сенушілердің мұның өз тілінде сөйлеп тұрғанын естіді. Халық қатты таңғалып: «Мына сөйлеп жатқандардың бәрі ғалилеялықтар емес пе? — десті. — Бұл қалайша болып тұр: біз әрқайсымыз бұлардың өз тілдерімізде сөйлегенін естіп тұрмыз?! Арамызда парттар, мидиялықтар және еламдықтар бар, Месопотамия, Яһудея және Қападоқияда, Понтус пен Азия, Фругия мен Памфүлия аймақтарында, Мысырда және Либияның Күренеге жақын өлкелерінде тұратындар бар; арамызда Римнен келген қонақтар — яһудилер және яһуди дініне кіргендер, сондай-ақ, криттіктер мен арабтар да бар. Бірақ *әрқайсымыз мына кісілердің Құдайдың ұлы істерін өз тілдерімізде жариялап жатқанын естіп тұрмыз!»*» (Елшілер. іс. 2:6-11, күрсив автордыкі).

Аспан жерден дауыс тапса, көп адамдар жиналады. Бізде шынымен айтуға лайық нәрсе болған кезде, Құдай сөздерімізді әркім ести алатындай қылады. Біз Оның Рухының күшімен

Оның сөздерін айту үшін кішіпейіл болсақ, таңғажайып нәрселер болады. Мен Құдайдың кереметінің осы бір көрінісін асыға күтемін.

Құдай Иерусалимде жер шарының түкпір-түкпірінен жиналған аса мәртебелі және білім алған адамдарға Өзінің ұлы ғажайыптарын жариялау үшін, сауатсыз деп саналатын ғалилеялық адамдарды таңдады. Қалай, ә? Ешкім артта қалмайды. Бәріміз бірігіп бір нәрсені айтқан кезде, ортақ жердегі тілдің әсеріне қарағанда маңызды және күшті ықпал етеміз. Алғашқы өнім мейрамында жер бетінде көктегі сөздер естілді және ол жерде болғандардың бәрі оны жақсы білді.

Жаратқан Ие жеңіске жетеді. Оның асқақ сүйіспеншілігі мен ұлы мейірімінде шек жоқ. Құтқарылу сыйын тек сенім арқылы Одан алуға болады және Оны іздегендердің барлығы рақым мен үмітке ие болады.

Мен қазір бөтен тілде сөйлеу туралы айтып отырған жоқпын. Бұл жерде бізге жаһандық сұрақтарға жауап керек: біз өз сөздерімізді өзімізді жасырып, Құдайды мадақтайтындай етіп айтамыз ба? Біз өзіміздің мінсіз тілімізде сөйлейміз бе, әлде Оның кемел істерін айтамыз ба? Оның Рухына бізді толтыруға мүмкіндік беріп, сөзіміз бір жерден шығып, бірілікте сөйлейміз бе?

Бірлікке берілгендік барлық қатысушылар бір биік мақсат төңірегінде біріккенде ғана нәтиже береді. Көктегі Әкеміздің мақсаттары мен тілімен байланысымыз Құдайдың жоспарына жаңа бастау береді және адамдарды Оның ниетінің айналасында біріктіреді.

Семсердің көптеген бөліктері (Оның Денесі мен Сөзі) шашыраңқы болғаны сонша, олардың бәрі бірге біздің көзімізге көрінбейді, сондықтан біз өз тарапымызды ғана білеміз... оның өзін жартылай ғана. Бір бөліктің қызметін түсіну үшін бүкіл сурет туралы түсінік болған дұрыс.

Жетіспейтін жеке бөліктер біз білетін егжей-тегжейлердің бар екенін білдіреді. Құдай Рухын және Құдай Сөзін толтыратын бөлшектер де бар. Біз осы уақытқа дейін жеке бөліктің бір бөлігін жасау үшін сенім сөзін пайғамбарлық сөздей айтамыз. Құдай әлемді Өзімен толтырады, ал біз бүтіннің бір бөлігіміз.

Тым ұзақ уақыт бойы Сөз жарияланудың орнына тек талқыланып жатыр. Біз Оның ауызша және жазбаша Сөзін мәңгілікке жариялаудың орнына, оны тәжірибе мен сезімдердің, әлеуметтік лебіздердің, теріс ұғымдардың және адамның шектеулі ақыл-ойының сүзгісінен өткізуді әдетке айналдырдық.

Біз Сөзді мәңгіліктің жұмбақ түрінде жариялаудың орнына, бізге жүктелген кішігірім рөлге байланысты түсіндіруге әуеспіз. Біз түсінбейтін тілде сөйлеу үшін сенім керек.

«Құдайдың әлемді айтқан сөзімен жаратып, ретке келтіргенін, яғни көз алдымыздағы жаратылысты көзге көрінетін заттан емес, ғайыптан жасап шығарғанын сенімімізбен ұғынамыз» (Евр. 11:3).

Құдай біз көретін дүниені бізге көрінбейтін сөздермен жаратып, реттеді. Біз Әкеміз сияқты әрекет етіп, Оның сөздерін қайталайтын болсақ, олар да әлденені дүниеге келтіретін болады. Біз көкте жарияланған нәрсені күшпен және мәңгіліктің құдіретімен жариялағанда, жаратылған жер әуел бастағы сөздерді таниды және Жаратушының еркіне бағынады.

Жерді көктегі сөздермен теңестірудің орнына, көктегі сөздерді жерге сәйкес бейімдегенде, біз тым көп нәрседен айырыламыз. Даналықты біздің заманымыздың адамдарынан гөрі даналықты Мәңгі жасап келе жатқан Тәңір Тағаладан алғанымыз абзал. Шынымды айтсам, Әйүп кітабын оқып отырып, мен оның достары Құдай сөйлей бастағанша керемет сөздер айтты деп ойладым!

«"Байыбына бармай сөйлеп, Менің данышпан шешімдеріме күмән келтіретін кім бұл өзі?!" — деп едің. Шынында да өзім түсінбейтін, білуіме тым керемет нәрселерді сөз қылыппын» (Әйүп 42:3, курсив автордыкі).

**Тым ұзақ  
уақыт бойы Сөз  
жарияланудың  
орнына тек  
талқылануда.**

Киелі кітаптың басқа аудармаларында «қараңғылайтын», «ластайтын», «күдіктенетін», «жасыратын» деген сөздер қолданылады. Барлық аудармалар күмән келтіретінмен бірдей. Түсінбейтін нәрселерді түсіндіруге тырыссақ, біз Құдайдың даналығының нұрын көмескілейміз. Біз Оның көктегі Сөзінің жүзін мұқалтқанда, Иеміздің ұлылығына күмән келтіреміз.

Мен жиі ұлдарыма ағанды немесе ініңді шақырып кел деймін. «Анам шақырып жатыр, дәл қазір баруың керек» деп балам менің айтқанымды сөзбе-сөз қайталайды деп күтемін. Бірақ балам айтқаныма бір сөз қосып, не айтқанымнан бір сөз алып, өзгерткенде, мағына да басқаша болады. Мысалы: «Анаммен бірше дастархан жаю үшін ас бөлмеге бар» деуі мүмкін (ол өзі дастархан жайғысы келмеген соң, ағасына солай айтуы мүмкін). Бірақ мен шын мәнінде ұлымды итпен серуендеп келуге немесе ұлыммен бірге уақыт өткізуге шақырсам, басқа баламның оған жеткізген хабарламасы қате. Немесе ұлым дәл қазір деген сөзді қоспай: «Анам сені шақырып жатыр» десе, ағасы «Жарайды» деп жауап берер еді. Бірақ, ол дереу бару керектігін білмей, кідіріп қалуы мүмкін. Бұл шағын мысалдар сыни жағдайларда өте маңызды ықпал етуі мүмкін.

Барлығын білетін жалғыз Құдай. Ол біздің ойымызға кіріп шықпайтынды да біледі, сондықтан бізге Өзінің жолдарының даналығын және маңызды нәрселер туралы ойларын берді. Бірақ, менің ұлдарым сияқты, біз Оның Сөзіне себеп болған нәрселерді, немесе ол Сөзді орындау уақыты маңызды емес деп қателесеміз.

Пауыл «рухани ұлы» Тімөтеге жазған хатынан үзінді оқиық.

*«Құдайдың сөзін уағызда! Мұны адамдарға ұнауы, ұнамауына қарамастан әрдайым орындауға табандылықпен ұмтыл. Олардың қателерін әшкерелеп, тыйым сал, әрі жақсылыққа жігерлендіре тұрып, зор сабырлықпен тәлім бер! Себебі адамдар дұрыс тәлімді еш қабылдамайтын уақыт та туады. Олар жеке құмарлықтарының жетегінде кетіп, құлақтарына жағатындарды ғана айтатын тәлім берушілерді көптеп шақырып, соларды тыңдайтын болады. Осылай*



олар *шындыққа құлақ салмай*, бос аңыздарға назар аудармақ» (2 Тім. 4:2–4, курсив автордыкі).

Жеңіл сөздерді уағыздағанша, нұрлы сөздерді уағыздайық! Түсінемін, Құдай Сөзі жарықсыз айтылған кез болды. Оның нәтижесі өмір сүруге мұрша бермейтін діншілдік пен заңгерлік болды. Өзіміздің сөзімізді қосып отырсақ, біз Құдай Сөзінің ұлылығын бұрмалаймыз. Сонда ем беретін Сөз адамдардың жанын жаралайтын болады. Ондай жағдайда ақиқаттан таю өте оңай.

Көптеген қызметшілер мен бағушылар халықты үркітпеу үшін Сөздің бастапқы мағынасын сәл өзгертіп уағыздаған. Олар жұмсақ әрі сезімтал болуға тырысты, Сөзді кішірейтіп, одан қарабайырланған бір түрлі жаргон жасады. Бізге сезімталдық пен жұмсақтық керек екені сөзсіз. Онда пайдалы нәрсе бар, бірақ біз Құдайдың хабарын бұрмалаған кезде, пайданың бәрі адасушылыққа айналады.

*Жалпы, қысқа сөздер жақсы, ал ескі сөз  
бәрінен де артық.*

– Уинстон Черчилль

Уинстон Черчилль сөзге шешен көрнекті саясаткер болды. Оның сөздері алыс қашықтыққа жетіп, уақытқа бағынбайтын сияқты. Оның айтқаны бүгін де өзекті. Менің ойымша, бұл дәйексөз қысқа сөздердің түсініктірек екенін, бірақ ескі сөздер уақыт сынағынан жақсы өткенін көрсетеді. Адамның сөздері қаншалықты заманауи болып көрінгенімен, уақытсыз мәңгілікте олар ескіретін болады.

Исаның кезінде яһудилер екі тілді пайдаланды: иврит тілін ғибадатханада табыну үшін және қасиетті мәтіндерді зерттеу үшін, ал арамей тілін күнделікті үйде және базарда қолдану үшін. Иса жасырын қасиетті сөздерді және Құдайдың күшін көшелерге, үйлерге және базарларға әкелді. Бірақ Ол өзі қарапайым халықты Құдайдың ерекше, бірегей жаратылысы санаса да, қасиетті Сөзді қарапайым нәрсе ретінде қарастыруға жол бермеді.

Бәрінің көңілін аулаймыз, біз сөздеріміздің құндылығын жоғалтып, қасиеттіліктің мәңгілік салмағынан қол үзіп, қауіпті қарапайымдылыққа жол бермедік пе? Жеке өмірімнен мысал келтірейін. Көптеген жылдар бойы мен тыңдаушыларыма өткеннің тұзағынан арылуға үйреттім, өйткені Құдаймен бірге өмір сүргенде «сенің өткенің сенің болашағың емес».

Бұл сөзді Құдай маған 1994 жылы мінәжат кезінде берді. Әдетте адамдар айтылған сөзден оңай жұлынып алынатын сөзді оңай есте сақтайды. Дегенмен бұл мысалдың өзінің шектеулі қызмет ету мерзімі немесе жарамдылық мерзімі бар. Ол сол тақырыптағы Жазбалармен бірге жарияланғанда өзгертетін күшке ие. «Сенің өткенің сенің болашағың емес» - Філіпіліктерге арналған хаттан үзіндінің қысқаша нұсқасы болып табылады:

«Бауырластарым, мен бұл мақсатқа жеттім деп санамаймын. Істеп жүргенім бір-ақ нәрсе: өткен нәрселерді ескермей, алдымдағы бәйгеге қарай жан сала жүгіріп келемін. Құдайдың сыйына — Оның Мәсіх Иса арқылы шақырған көктегі өміріне ие болу үшін көздеген мақсатты қуып жүрмін» (Флп. 3:13, 14).

Менің айтқаным рас, бірақ менің айтқанымда Киелі кітаппен салыстырғанда, күш аз. Ақиқатты ауызекі, қарабайыр сөзбен айтқанда, оның түпнұсқадағыдай күші жоғалады. Уағыздарымызда Құдайдың таза Сөзі қажет емес деп, құдіретінен айырылған сөзбен өмір сүре беруге болмайды. Егер біз Жазбаларды ұстанатындай көрініміз келсе, бірақ шын мәнінде оны ұстанбайтын болсақ, әрқашан көздеген нысанамыздан мүлт кетеміз.

Қанатты сөзді есте сақтау оңай, өйткені ол... қанатты. Әлеуметтік желіге енген қазіргі әлемде кез-келген жарқ етіп назар аударатын сөздер мен сөз тіркестері жер шарын бірден айналып өтеді. Бірақ олар қандай із қалдырады? Фейсбук пен Твиттердің адамның өмірін өзгертетін күші бар ма? Бар үміттенуге тура келеді, өйткені миллиондаған адамдар әлеуметтік желіде өте көп уақыт өткізеді. Осы желілерді

қолданып өскен ұрпақ бәрін білетін, бірақ ештеңе істемейтін ақылды ақымақ болмаса екен деп тілеймін.

Еврей тіліндегі Забур жырларында ықыласты үзіліс дегенді білдіретін «селах» сөзі жиі кездеседі. Неліктен? Өйткені үзілістер кезінде киелі сөздер мен оның мызғымастығының сән-салтанаты мұңды ойлардың тосқауылынан өтуге мүмкіндік алады. Киелі Рухтың дауысынсыз күнәны әшкерелеу жоқ, демек, шынайы дана кеңес те болмайды.

Біз айтқан сөздер біздің қазіргі заманымызды қалай құрастырып шықты екен деп ойлаймын. Сұхбатында Salvation Агту-дің негізін қалаушы Уильям Бут 20-ғасырдағы қауымда қандай қауіптен қорқатынын айтты. Міне, оның жауабы:

«Сіздің сұрағыңызға жауап ретінде, мен алдағы ғасырда қауым алдында тұрған ең үлкен қауіп – Киелі Рухсыз дін, Мәсіхсіз мәсіхшілік, өкіносіз тәубе, қайта тірілусіз құтқарылу, Құдайсыз саясат және тозақсыз жұмақ болады деп ойлаймын».<sup>8</sup>

Осы пайғамбарлық ескертуді оқығанда, ол менің жүрегімді семсердің ұшындай тесіп өтті. Мен басқалардың қателігі үшін ауыртпалықты қабылдамаймын, бірақ өз қателігім үшін қиналамын. Қазір бөлек-бөлек топқа бөлініп, бір-біріне саусақ сілтейтін заман емес. Мәсіхтің денесі тым қиын жағдайда. Егер біздің соңғы бірнеше онжылдықтарда айтқан сөздеріміз осыған әкеп соқса, онда Құдай Сөзін берік негіз ретінде алып, жаңа кенеп өріп шығару үшін күшімізді жинайық.

«Мылжың өз тілімен семсердей шағар,  
Дана өз тілімен жанның жарасын сауықтырар»  
(Нақ. с. 12:18).

Құдайдың даналығын айтып, емделудің басталуын көрейік.

## Ескертулер

Өмірде көп нәрсе ескерту белгілерімен келеді. Шүбә жоқ, сөздермен бірге келетін көптеген ескертулер бар. Тіл өмір

мен өлімді билейтіні — бізге деген ескерту. Әркім сөйлеуге шабан болсын дегеніміз — тағы да ескерту. Ойлар мен сөздер өміріңізді құрастырады — ол да ескерту.

*Ойларыңызды бақылаңыз, олар сіздің сөзіңізге  
айналады. Сөздеріңізге назар аударыңыз,  
олар сіздің әрекеттеріңізге айналады.  
Әрекеттеріңізді байқаңыз, олар сіздің  
әдеттеріңізге айналады. Әдеттеріңізді  
бақылаңыз, олар сіздің мінезіңізге айналады.  
Мінезіңізге назар аударыңыз, ол сіздің  
тағдырыңызға айналады.*

– Авторы белгісіз

Осы сөзді байыппен қабылдайтын болсақ, біз өз ойымызды, сөзімізді, іс-әрекеттерімізді және әдеттерімізді үнемі тексеріп өмір сүре аламыз! Бірақ, осы тізбектің шындығына қарамастан, ойларымызды үнемі сынап отыратын полиция бөлімшесіндегідей өмір сүрудің қажеті жоқ. Керісінше, Құдай бізді Өзімен пікір алмасуға шақырады, бұл өз бетімізбен дұрыс шешім табуға тырысқаннан әлдеқайда тиімді.

«Жаратқан Ие: «Менің ойым сендердің пікірлеріңнен өзге, Менің жолым сендердікінен басқа, — деп ескертеді. — Аспанның жерден қаншама жоғары болатынындай, Менің жолым да сендердікінен соншама жоғары, Менің ойым да пікірлеріңнен тым биік. Аспаннан жауған жаңбыр мен қар аспанға бекер қайта оралмайды. Керісінше, олар жерді суарып, көгертіп, дақылдарды өсіріп шығарады да, диқанға себуге тұқым, халыққа жеуге нан береді. Менің аузымнан шыққан сөзім де соған ұқсайды: ол нәтиже берместен Өзіме қайта оралмайды. Керісінше, Менің сөзім еркімді толық орындап, көздеген мақсаттарымды жүзеге асырады»» (Ишая 55:8-11).

Оның Сөзін оқыған сайын біздің санамыз жаңарады. Ақыл жаңарса, ойымыз да өзгереді. Ой-сананың өзгеруі өзіміз туралы,

айналамыздағы әлем және адамдар туралы айтатын сөзіміздің өзгеруіне әкеледі. Тіліміздегі өзгерістер іс-әрекеттерімізді өзгертеді және бізді көктің жерге қатысты мақсаттарымен байланыстырады. Біздің сөздеріміз Көктегі Әкеміздің еркіне сай келеді де, жүзім бағы гүлдей бастайды.

Құдайдың тірі Сөзі — өзгеріс әкелуге күші бар барлық қуатты шындықтардың бастамасы. Сайып келгенде, Ақиқат — талқыланатын теория емес, адамға айналған Сөз, ол Исаның Өзі.

«Иса оған:

— Жол, шындық және шынайы өмір Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды»  
(Жохан 14:6).

Шындықты айту бір бөлек, шындықтың өзі болу бір басқа! Біз Исадан үлгі алып, шындықты өмірімізге айналдыруымыз керек. Ол – жарамдылық мерзімі жоқ ақиқат, өйткені Ол мәңгі! Ол бізді Өзінің нұрымен секунд сайын жігерлендіреді және өзгертіп отырады.

Менің «Сенің өткенің сенің болашағың емес!» деген сөзім сәл ашылған есік сияқты. Ал Құдайдың Сөзі кең, ашық қақпа. Құдайдың ақиқаты бізді басқалардан ажыратып, Оның нұрымен киіндіретін күшке ие. Бізге тілді ғана емес, сонымен қатар Исаны да берген Құдай Әкеміз қандай керемет. Иса – біз үшін үлгі. Осының арқасында біз қалай сөйлесек, қандай сөз айтсақ, өміріміз сондай болады.

«Иса оларға былай деп жауап берді:

— Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: Әкесінің істегенін көрмесе, Оның рухани Ұлы өздігінен ештеңе істей алмайды. Өйткені Әкесінің жасап жатқанын Ол да дәл солай жасайды» (Жохан 5:19).

Оның Сөзі ғана емес... Оның еркі де тірі. Мен неге олай айта аламын? Өйткені Иса Әкесінің еркін көрсетті, ал Иса адамға айналған Құдайдың Сөзі.

«Сол себепті Мәсіх бұл дүниеге келгенде, Өзін

құрбандыққа қиятыны туралы (Құдай Әкеге) мынадай сөздер айтқан:

Құрбандықтар мен сый-тартуларды қаламадың,

Бірақ Маған тәндік денемді дайындадың.

Шалып, өртелетін не күнәнің құнын

Өтейтін құрбандықтарды жақтырмадың.

Сонда Мен былай дедім: *“Міне, келе жатырмын,*

*Уа, Құдай, Сенің еркіңді орындау үшін. Шиыршық*

*кітапта Мен туралы жазылған”»* (Евр. 10:5–7, курсив

автордыкі ).

Сонда бір сұрақ туындайды: ол шиыршық кітапта біз туралы не жазылған? Елшілердің істері кітабының екінші тарауына сәйкес, Құдайдың қыздары көктегі рухтың жетелеуімен жүзеге асырылатын іс-әрекеттердің бір бөлігі болады: біз Құдай Рухының төгілуін сезінген кезде Оның ұлдарымен бірге пайғамбарлық сөз айтатын боламыз. Біз Оған аспан әскерінің күмбезінің астында қызмет етеміз, Оның кереметтері мен белгілеріне толы жер бетінде жүреміз. Біздің күндерімізде Құдайды шақырғандардың бәрі құтқарылады (Евр. 10:17–21). Бұл таңғажайып сипаттамалар Оның бізге деген жомарт еркін көрсетеді.

Сіз туралы жазылғанның бәрі жүзеге асатындай Оның еркін орындағыңыз келе ме? Ондай ұмтылысыңыз бар деп ойлаймын. Осы сәтті пайдаланып, тарауды мінәжатпен аяқтайық.



*Көктегі Әке,*

*Міне сенің қызың. Мен Сенің еркіңді*

*орындауға келдім. Мен туралы*

*жазылғанның бәрі өмірімде орындалсын.*

*Мен Сенің Сөзіңді ұстанамын, Оны*


*айтамын және өмірімде бейнелеймін.*

*Исаның атымен, амин.*

## Егін ору семсері

*Ал Мен сендерге былай деймін: көздеріңді ашып, егіндіктерге қараңдар, олар жинауға дайын пісіп тұр.*

– Жохан 4:35



Солтүстік Америка топырағына семсердің бір ғана түрі белгілі, ол – мачете. Нағыз американдық дәстүрге сәйкес, ол көп функциялы, өйткені оны қолданудың жиырмадан астам тәсілі бар. Жалпы алғанда, мачетені қолданудың негізгі бағыты бар. олар: ну орманның ішінде жол салу, қоршаған ортаны өзгерту, егін жинау, шабуылдау немесе қорғану.

Мачете әртүрлі қажеттіліктерге қолданылады. Мысалы, белуардан келетін, аяққа оралып жүргізбейтін шөпті шабу, бақшаны тыңайту үшін тыңайтқышты ұнтақтау, ағаштарды кесіп, отын дайындау. Мачетенің көмегімен сіз табиғат аясында қонатын жер дайындай аласыз, бұтақтардан күрке жасай аласыз, аулаңызды ретке келтіре аласыз, бұталарды кесіп, ретке келтіре аласыз. Сонымен қатар, олар ағаштардағы артық бұтақтарды кесіп, жүзімнің өсуін жақсарту үшін жүзімдікті тазалауға, қазық қағуға, шатыр тігуге болады. Мачете күріш, қант қамысы, жүгері, қара бидай, тары, арпа, қарақұмық, сұлы және мал азығын, жаңғақ және т.б. жинау үшін қолданылады, сондай-ақ, ол кокосты кесуге немесе ашуға қолайлы. Мачете шөп шабу үшін өте қолайлы, өйткені ол жапырақтары бар



сабақтарды жақсы кеседі әрі шөптің тамырына зақым келтірмейді.

Сонымен қатар, мачете, бұл мақсат үшін жасалмаса да, қорғаныс және шабуыл құралы бола алады. Мачете – жабайы аңды үркіте алатын, жауыңның жүрегіне үрей ұялататын немесе улы жыланды өлтіретін қорғаныс қаруы. Мачетенің көмегімен аңшылық жасауға да, мал бауыздауға да болады.

Кім білген... иә?

Мачете – пышақ, балта және семсердің қосындысы. Мачете көптеген қолданысы бар әмбебап құрал болғандықтан, әлемге кең тараған. Оның қолданылуының осынау әсерлі тізімін оқып шығып, мачетесіз қалай тірі жүргенімді түсінбей отырмын.

Келесі беттерде мен жолдарды тазалауды, қоршаған ортаны өзгертуді және егістіктерді жинауды бастағанда не болатыны туралы көбірек айтатын боламын. Өз жолыңызды тауып, қос тігіп, еңбегіңіздің жемісін көре аласыз. Ал жолыңызда жылан кездессе, ойлануға уақыт жоқ, тез қимылдау керек.

Рухани жолымызға Құдайдың Сөзі нұр шашады, одан артық жарық көзі жоқ. Нақыл сөздер кітабын оқып шықсаңыз, алдыңыздағы және артта қалған жолыңызды анық көресіз. Жолдар тек барар жерге жету құралы ғана емес. Әр жолдың мақсаты бар. Кейде жолдың соңына ерте жету зиянды болуы мүмкін. Мінезің өзгермей, есеймей, мақсатқа жету қауіпті. Көбінесе қайратты мінез бен күш сапар барысында қалыптасады. Киелі Кітап қолымызға ерте түскен нәрсенің кейін береке әкелмейтінін ескертеді (Нақыл сөздер 20:21 қараңыз).

Заманауи көлік құралдарына ие болған біз әр сапардың мақсаты болатынын ұмыттық. Өркендеу мен мықты қарым-қатынас А нүктесінен В нүктесіне көзді-ашып жұмғанша жетіп барғанда емес, сол жолды жүріп өту барысында, бірте-бірте қалыптасады.



Қазіргі уақытта жаяу жүргіншілерге арналған тас жолдарымыз бар. Ал соқпақ деп, көбіне ормандар мен шалғындар арқылы өтетін бақпақты жалғыз аяқ жолдарды атаймыз. Бұрын жолдар ұзақ сапарларға арналаған, ал сол жолдарға жету үшін, адамдар соқпақтармен жүретін еді.

Өкінішке орай, біз бір жерден екінші жерге тез жететін адамдарға айналдық, сондықтан өмірлік жолымызды түгел жүріп өтуімізге қажет соқпақтарды байқамайтын болдық. Жер бетімен үздіксіз қозғалып, тереңге бойлаудан қалдық.

Римнің әлемді жаулап алу стратегиясының бірі көпірлер мен жолдар салу екені кездейсоқ емес. Рим әскерлері олардың бойымен жүріп, өз мәдениетін таратты. Жобасы бойынша жолдар, көпірлер мен жолдар бейтарап, бірақ Рим империясы кезінде бұл жолдарды одақтастармен қатар, жау әскерлері де пайдалана алатын. Бүгінде жерді ғаламтор мен БАҚ сияқты цифрлық жолдар шырмалжатыр. Олар адамдардың арасындағы жеке қарым-қатынасты алмастырмауы керек, сондықтан, оларды саларда сақтық қажет. Көптеген отбасылардың ажырасу қаупі бар, өйткені жұбайлардың бірі компьютер экранына қарап отырғанда, екіншісі төсекте күтіп жатып, виртуалды қарым-қатынас орнатты. Енді бір жанұяларда ерлі-зайыптылардың бірі достарымен үнемі байланыста болғысы келеді, телефонын бір сәт қолынан шығармайды, уақытын отбасымен өткізбейді.

Әр күн – уақытқа саяхат. Үйден шықпасақ та, уақыт ішінде сапар шегеміз. Уақыттың, мансаптың және тағдырдың өз жолы бар, достар өз жолымен жүреді, отбасылар өз сапарларын жүріп өтеді. Өмірдің ирелеңдеген соқпақтарында қандай қауіп кез болатынын білмейміз, сондықтан, өткір қаруымыз қашан да дайын болғаны маңызды. Осылайша басқа адамдар адаспастан соңымыздан еретін болады.

Сюжетті жеңілдетейік. Забур кітабы мен Нақыл сөздер кітабына сәйкес, өміде бар болғаны, екі-ақ жол бар: жарық пен өмірге апаратын жол және түнек пен өлімге апаратын жол. Үшінші жол жоқ. Таңдау анық болып көрінетін сияқты – Құдайдың нұрға және өмірге апарар жолын таңдау. Бірақ кейде дұрыс жолды таңдау үшін бізге сәл көбірек жарық қажет.

Мысалы, жас кезде адамға тәжірибе жетіспейді. Қараңғыда адасу қауіпі бар. Кейде кіреберіс әрең көрінеді, ал жолда шам болмайды, сондықтан бізге көбірек жарық керек екені анық. Забур жыршысы былай дейді:

«Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады,  
Білімсіздердің де санасын оятып ашады» (Заб. 118:130).

Яғни, табиғи жарық жеткіліксіз. Бізге жүрекке еніп, жанды сақтап қана қоймай, өмірімізге нұрын төгетін Құдайдың Сөзі керек. Түнекте жасырынған қауіп жарықта анық көрінеді.

## Жаңа жолдар мен ежелгі жолдар

Құдай жаңа жолдарды ашуды және ежелгі жолдарды қайта зерттеуімізді сұрайды. Тым ұзақ уақыт бойы Құдай халқы

**Құдайдың халқы  
тым ұзақ уақыт  
бойы қасиетті  
жолдан алыста  
жүрді.**

Құдайға ұнамды жолдардан алыстап кетті (Еремия 18:15-ті қараңыз). Бізге Құдайдың Сөзі керек, ол бізге жол нұсқайды. Мачетенің ну орманның арасынан жол салғаны сияқты, Құдай Сөзінің семсері бізді құрсаған бұғауды кесіп тастай алады.

Ауыр көрінген жолдардан аулақ жүрдік, бірақ біз Құдай Сөзін жолымызды тазартып, жарық ету үшін пайдалана аламыз. Егер сіз мәсіхші болсаңыз, дұшпанның құтқарылу жолын сізден жасыра алмағаны. Алайда, ол сізді осы жолдан адастыруға бар күшін салады. Құдай Сөзі

«... сені құтқарып алар *теріс жолдан*  
*Және жалғандық айтушының ықпалынан,*  
*Тура жолдан тайып, түнекте жүргендерден*  
*Әрі жамандық жасағанға қуанатындардан,*  
*Зұлымдықтың азғындығына шаттанатындардан,*  
*Жүрген жолдары қисық, адасқан сол жандардан»*  
(Нақыл сөздер 2:12-15, күрсив автордыкі).

Бұл жазбадан өтірік айту қараңғылық пен қисық жолдарға апаратынын, ақырында сізді өмір жолынан адастыратынын білеміз. Осы аяттардан жамандықтың жолы және тілі бар екенін көреміз. Ендеше, әділдіктің де жолы мен тілі болуы заңдылық (әрине, сіз мұны білесіз!).

«Жол» сөзі әдістерге, әдет-ғұрыптарға, жолдарға, тәсілдерге, тактикаларға, стильдерге қатысты болуы мүмкін. Зұлымдықтың әдістеріне немесе тәсілдеріне, мысалы, тәкаппарлық, мойынсұнбау, абыройсыздық, жала жабу, азғындық, өтірік айту, сатқындық, зинақорлық, пұтқа табынушылық, кек алу, өшпенділік, қызғаныш, ашу және сиқыршылық жатады.

«Жол» сөзінің тағы бір мағынасы бар. Жол қалай жүру керектігін ғана емес, жүру бағытын да білдіреді. Жолды жүру әдісі жаяу жүру немесе ұшу болуы мүмкін, ал жолдың бағыты шығыстан батысқа қарай жүруі мүмкін. Киелі Жазбаға сүйенсек, әділ жолмен жүру өтірік емес, шындықты айтуды білдіреді.

Жазбаның осы үзіндісіндегі екінші нәрсе – тіл. Түсінсек те, түсінбесек те, сөзіміз қозғалыс әдісін де, бағытты да анықтайды. Сөздің бізді жамандықтан қорғайтын күші сияқты, тілдің бізді әділ жолдарға апаратын күші бар.

Басқаша айтқанда, жол қозғалу әдісін және жүрер бағытымызды сипаттайды, бұл екеуі де әдетте аузымыздағы сөзімізге байланысты. Біздің тіліміз немесе сөз таңдауымыз өміріміздің бағытын анықтауға қабілетті.

Ал егер сіз өз жолыңызды табуға тырыссаңыз ше? Егер өміріңіздегі ескі жолдардың уақыты әлдеқашан өткен болса немесе басқа адамдар өз жолын табу үшін ескі жолды жалғастырғыңыз келсе ше? Бұл жолдарда адаспау үшін не істеуіңіз керек? Әділдік үшін айта кетейік, көптеген адамдар басқалардың қателігінен адасып жатады.

Заңшылдық қаншама адамды шынайы әділдіктен алыстатса, заңсыздық жолы нәпсіқұмарлық пен басқа да түрлі құмарлықтарының соңында жүргендерді өзіне тартады. Басқаларды тұйыққа тіреген жолдармен жүрудің мағынасы жоқ. Жаңа әрі жарқын жолмен жүруге мүмкіндігіміз бар (Евр. 10:20 қараңыз).

*Сүрлеу жол апаратын жерге барма.  
Жолсыз жерлермен жүріп, артыңнан із  
қалдырғаның жөн.*

– Ральф Уолдо Эмерсон

Әділдік жолымен жүру үшін кейде ымырасыздық пен табандылық қажет. Иса ешқашан әділдік жолынан ауытқыған емес. Және Ол – осы жолмен жүріп өткен тұңғыш Адам. Ол күллі халықтарға тәлім беру үшін бүкіл жер бетіне баруға шәкірттерін жібергенде, ізбасарларына да солай істеуді бұйырды. Айқышқа дейін Құдайдың кешірімін алудың жалғыз жолы Иерусалимдегі ғибадатханаға апаратын. Қайта тірілуден кейін ҒолҒота бүкіл жер бетіне таралған, ет пен сүйектен жаралған тірі ғибадатханалардың орталығына айналды. Мартин Лютер мен Тереза ана басқаларға соқпақ жол қалдыру үшін әдеттегі жолдан бас тартты.

Әлдебір жолдан шықпақ болсаңыз, немесе жолға қайтып оралмақ ниетіңіз болса, Құдайдың нұсқауын күтіңіз, содан кейін Құдай жетелеген жаққа ауытқымай жүріңіз. Құдайдың Сөзін оқиық, Оның жолдары туралы ойланайық, Оның тілінде сөйлейік, сонда біз іздеген нәрсе алдымыздан ашылады. Сөзінің құдіретімен Ол жолсыз жерде жол салады. Құдайымыз жолсыз иен даламен немесе су бетімен қалай өту керектігін біледі.

«Тәліміңді маған сыйлап рақымменен,  
Жалғандық жолын алшақтата гөр менен.  
Шындық жолымен жүруді таңдап алдым да,  
Шешімдеріңді ұстаймын мен көз алдымда.  
Берік ұстанамын Сенің ережелеріңді,  
Уа, Жаратқан, ұятқа қалдыра көрме мені.  
Менің жүрегімді азат еттің Сен,  
Жүремің өсиеттеріңнің жолымен» (Заб. 118:29–32).

## Қоршаған ортаны өзгертіңіз

Мачетенің тағы бір қызметі – оның жаңа орта құру қабілеті.

Бірнеше жыл бұрын Джон екеуіміз қалың ағаш өскен алқапта үй салып жатқанбыз. Бульдозер жерді қопсытып, алаңды

тазартқанда біздің учаскедегі барлық кеміргіштер, жыландар, жәндіктер мен шаяндар таза жерге жиналды. Біз айналадағы ландшафтты өзгерту арқылы үй мен көгалға орын дайындадық, алайда, бұл жердің байырғы тұрғындары өздері мекендеген жерде қалды.

«Әзәзіл шайтан барлық сынақтарын бітірген соң уақытша Оның қасынан кетіп қалды. Киелі Рухтың құдіретіне кенелген Иса Ғалилея аймағына қайтып келді. Ол туралы хабар бүкіл төңірекке тарап кетті» (Лұқа 4:13, 14).

Иса шөл далада ораза тұтып қана қоймай, ол жерде шайтанмен бетпе-бет келді. Иса әбден болдырды, бірақ күйреген жоқ. Ол Киелі Рухтың құдіретіне кенеліп қайтты. Ораза ауыз бекітетін уақыт қана емес. Бұл біз нені артық көретінімізді және қай дауысты тыңдайтынымызды шешетін уақыт. Құдай бізді толтыру үшін біз өзімізді босатамыз.

Кейде сізге тек қоршаған ортаңызды түбегейлі өзгерту керек — теледидарды өшіріңіз, интернеттен шығыңыз, телефонды сөндіріңіз. Барлық дауыстар өшкенде, сіз өзіңізді тыныштандыруға мүмкіндік аласыз. Алайда бұл уақыт өзіміз туралы емес, Ол туралы терең аян алуға қызмет етеді.

«Алла Тағаланың панасында тұрған адам  
Құдіреттінің саясынан табады тыным.  
Мен Жаратқан Иеге былай дейтін болам:  
Бас сауғалайтын панам әрі қорғаным,  
Сенімімді Саған артам, уа, Құдайым!» (Заб. 90:1, 2).

Сіз де өз өміріңізге дәл осылай қарай аласыз. Иса келіп, өміріңдегі шытырман нуды тазартқанда, жау жоқ болып кеткен жоқ, ол жай ғана шетке шықты. Ол мүлде кетіп, біржола жоғалған жоқ, тек көзден ғайып болды, енді жаңа мүмкіндік күтіп отыр. Дұшпанның шабуылының алдын алу үшін сіз жаңа өмір салтын мызғымастай етіп орнатып, қоршаған ортаны өзгертуіңіз керек. Исраилдіктер уәде етілген жердің шекарасына кірген кезде, Құдай оларға қандай нұсқау бергенін оқып көрейік:

«Жаратқан Иеге ұнамды әділ істерді істеңдер! Сонда сендер игілікті өмір сүріп, Жаратқан Ие ата-бабаларыңа антпен уәде еткен елге кіріп, оны иемденесіңдер, әрі Жаратқан Иенің айтқанындай барлық жауларыңды қуып шығасыңдар» (Заң. 6:18, 19).

Иеміз бізді жауға қарсы тұруға және жерді иеленуге шақырады. Қараңғы жерге жарық сәуле түскенде, түнектің сейілетіні тәрізді, зұлымдық жеңіліп, оның орнын ізгілік басады. Иса — әлемнің Құтқарушысы, Ізгі хабарды қабылдап, жерімізді Оның сүйіспеншілігімен толтыруға кірісеміз бе, бұл өзімізге байланысты.

«Естеріңде болсын: Мен сендерге жыландар мен шаяндарды таптап басып, жаудың барлық күшін жеңетін билік бердім. Енді сендерге еш нәрсе де зиянын тигізе алмайды. Дегенмен жындардың өздеріңе бағынғандығына емес, есімдеріңнің көктегі кітапқа тіркелгендігіне қуаныңдар» (Лұқа 10:19, 20).

Бұл аяттар жыланды қолмен ұстап, адамның рухани билігін көрсету үшін жиі қолданылады. Осындай әумесер істер мақтаншақтық, ақымақтықтың көрінісі, кейде тіпті адам өліміне әкеледі. Өзімізді жыландармен немесе жаудың күшімен қоршаудың еш қажеті жоқ. Оларды қолмен ұстауға емес, жаншып, таптауға күшіміз бар. Бұл күш бізге жыландарды құшағымызға қысу үшін берілген жоқ.

## Егін жинауға жетекшілік етіңіз

Егін жинау уақытында орақшылардың егістіктерге оңай жетуі үшін соқпақтар тазартылып, жақсы жағдайда болуы керек.

«Сендер «төрт айдан кейін егін орамыз» дейсіңдер. Ал Мен сендерге былай деймін: көздеріңді ашып, егіндіктерге қараңдар, олар жинауға дайын пісіп тұр. Қазір-ақ орушылар жалақыларын алып, мәңгілік өмірге арналған өнімді жинап жатыр. Осылай егінді еккен

де, жинаған да бірге қуанады. «Біреу екенді біреу орады» деген мақал осы жағдайда рас болып тұр. Мен сендерді Маған адам әкелу үшін өздерің еңбек етпеген жерге жұмсадым. Басқалар жұмыс істеді, ал олардың еңбегінің жемісін сендер көріп жатырсыңдар» (Жохан 4:35-38).

Орақ мезгілі қысқа, егін жылдам жиналуы керек және қолымызда бардың бәрі бір ғана мақсатқа қызмет етуге тиіс. Біздің уақытымызды Нехемияның өзі салып жатқан қамал қабырғасын жаудан қорғаған күндерімен салыстыруға болады. Сол сияқты, біз де жинаған өнімімізді қорғаймыз.

«Халықтардың арасында мынаны жариялаңдар:  
«Соғысқа дайындалып, батырларыңды шақырыңдар!  
Барлық жасақшыларың аттанып, осында өрлеп келсін!  
Соқаларыңнан семсер, орақтарыңнан найза жасаңдар!  
Әлсіздерің «Мен мықтымын!» дейтін болсын»  
(Жоел 3:9, 10).

Кейде егін жинауға қатыспайтын адамдар орақшылармен бәсекелесуге тырысады. Бәсекелестік — Құдайдың разылығын қызғанып, Қабылдың Әбілге қол көтергенінен бері келе жатқан мәселе. Бәсекелестік Олимпиадада орынды, бірақ Құдай үйінде емес. Иса мен шомылдыру рәсімін жасаушы Жақия бір-бірімен бәсекеге жол бермейтін әріптестер еді. Олар елге танымал болудан істеген істері әлдеқайда маңызды екенін түсінді.

Иса Иордан өзенінің жағасына келгенде, Жақия пайғамбар Яһуди халқын шомылдыру рәсімінен өтіп, күнәларын мойындау арқылы әділдік жолына түсуге шақырды. Иса шомылдыру рәсімінен өтуге келгенде, Жақия қарсылық білдірді (Мат. 3:13–15 қараңыз). Ол өзінің хабаршы ғана екенін, ал Исаның сол хабарда алдын ала айтылған Мәсіх екенін түсінді. Екеуі де Құдайдың жоспарына мойынсұнғанда, аспан ашылды, Құдайдың даусы естілді және көпшілік алдында Исаның Құдайдың Ұлы екені айтылды (Мат. 3:16, 17).

Иса қырық күн шөл далада болған соң, Жақия шәкірттерімен

жасағандай, шәкірттерімен бірге адамдарды шомылдыру рәсімінен өткізуге кірісті. Парызшылдар мен саддукейлер келіп, көрмек болды.

«Иса Жақиядан гөрі көбірек шәкірттер тауып, шомылдыру рәсімінен өткізіп жатыр деген хабар парызшылдарға жетті. Шынында оны істеп жүрген Исаның Өзі емес, шәкірттері еді. Сондай хабардың парызшылдарға жеткенін білген Иеміз Иса Яһудея аймағынан Ғалилеяға қайта оралды» (Жох. 4:1-3).

Егіннің Иесінің құдіретіне бағынбайтындар бәсекелестік тұғызуға тырысса, егін орағы кезінде егіндіктен кетіп қалған жөн.

Иса жаңа піскен егістіктерді оруға кіріспек болып, Ғалилеяға қайта баруды шешті! Әбден шаршап,

шөлдеген Иса, су ішіп, тынықпақ ниетпен құдық басына тоқтады, дәл осы уақытта құдықтан су алуға ел арасына жаманатты болған әйел келді. Кейінірек сол әйелдің куәлігінің арқасында самариялық Сихар қаласы түгел тәубе етті (Жохан 4:4–30 қара).

**Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:**

Сайыс кезінде тұрған орныңнан ығыспауың өте маңызды. Қарсыласың сені ығыстырып шығарса, серіктесіңмен араң алшақтап кетеді де, екеуіңе де қатер төнеді

Діни жетекшілер Иса мен Жақия пайғамбардың арасына жік сала алмаған соң, халықты оларға қарсы айдап салды. Бәсекелестік пен қаскөйлік бар жерде адамдар екі бәсекелес топтың бірін таңдауға мәжбүр.

Жақия пайғамбар өзінің уақытын және мақсатын түсінетін ізашар болды.

Ізашарлар егістікке таласпайды. Жақия тәрізді, біз де Келе жатқанды жариялауымыз керек.



## Өлтір немесе өзіңді қорға

Жер бедері өзгеріп, соқпақтар шөлге айналғанда жыландар кездесе бастайды. Зұлымдық көрсек, онымен адами күш-қуатымызбен күресудің қажеті жоқ. Оны Құдай Сөзінің семсерімен жеңу керек – ол ... “жазылған”! Жерді жаулап, тұрғындарын азат етсек те, жыландар мен шаяндарды таптаймыз.

Жыландар шөлді аймақтарды, жерге түскен жапырақтардың арасын мекендейді, сонымен қатар, ұлы жыландар егістік арасында да жасырынады. Арпаның биік сабақтары індерін жасырып, осы бауырымен жорғалаушылардың қозғалысын жасырады.

Егін жинау кезінде айналадағы ландшафт өзгеріп, соқпақтар төселеді деуге болады. Орақшылардың соңынан кесілген масақтар үйіліп қалып жатады. Оларды астық жинаушылар жинайды. Егер жыртқыш аң келе қалса, оны соғып алу – орақшының жұмысы, өйткені, егін жинаушының құшағы масақтарға толы, қолы бос емес. Демек, егін ору құралы лезде қорғаныс құралына айналуы керек. Жылан шабуыл жасамаса да, оны жолдан алып тастау керек.

Түрлі қауіп-қатердің еңбегінді жоққа шығаруына жол берме. Егістігінді мұқият қадағала, жыланды басқалардың егісіне жіберме. Төніп тұрған қауіпті байқасаң, қауырт әрекет ет. Онымен күресуге шамаң жетпесе, басқаларға далада жылан бар деп ескерт.



Ендеше, қоршаған ортаға Құдай Сөзін мачете тәрізді алып келейік және алдымыздағы жолды босатайық, егін жинап, ландшафтты өзгертейік және жолымызды кесіп өтетін жыландарды жеңейік.

*Қымбатты Көктегі Әкем,  
Жолымды Сөзіңнің нұрымен нұрландыр,  
соңымнан ергендерге жарқын із қалдыруым  
үшін маған бағыт-бағдар бер. Сенің Сөзіңді*


*адамдардың өмірі гүлдене алатындай  
қоршаған орта жасау үшін пайдаланғым  
келеді. Әріптестерімді бәсекелес деп  
қателеспеуім үшін жүрегімді сақтауды  
таңдадым.*

Айналамдағы егістіктер аппақ болып пісіп, егін жинауға дайын тұрғанын көретіндей етіп, көзімді аша гөр. Исаның атымен. Аумин.

## Нұр семсері

*Сол сияқты, біздің қазір көргеніміз  
Айнадағы көмескі бейне іспетті,  
Ал болашақта бетпе-бет анық көреміз.  
Қазіргі білетінім тек қана шектеулі,  
Ал Құдайдың мені толық білетіні секілді,  
Бәрін де толықтай білемін сол кезде.*

– Қорынттықтарға 1-хат 13:12



Шынайы әлемде лазерлерді айтпағанда, жарық семсер әлі жоқ. Дегенмен, «Жұлдызды соғыстар» фильмінде қиялдан туған тамаша бейне қолданылады, сол бейнені мен де қолданбақпын, бұл – сәулелі семсер. Бұл қарудың сәулесі түскен нәрсе азат болады.

Иса – ұзақ әрі қараңғы туннельдің соңындағы нұр, Исаны көргенімізде, Оған ұқсас болып, өзгереміз.

Жер бетіндегі өткінші өмірімізде айналамыз жарықтың аздығынан әрең көрінеді, жан-жағымыз көмескі, көруіміз шектеулі, ал мәңгілік уақытты жұтып қойғанда, барлығын толығымен, бетпе-бет көреміз, түнек те, тіпті, көлеңке де қалмайды. Демек, қазіргі кезде біз бар ақиқатты толығымен көре алмаймыз. Бұрынғыдан да көбірек, көрген нәрсені дәл қабылдау және ажырата білуге мұқтажбыз.

Шындығында, көз көре алатыннан әлдеқайда көп нәрсені көруіміз керек, сондықтан бізге жарық пен ажырату семсері қажет. Көзімді бақырайтып ашқанымда, көзім қысылғаннан гөрі көп нәрсені көремін. Көбінесе айналамдағы шындықты көрумен

ғана шектелмегенімде, көрген нәрсем ең дәл болып шығады.

Қазіргі заман – әлденені күту мен алдын-ала ескертулер маусымы. Біз жарықты алып көлеңке көлегейлеп тұрған заманда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа Өсиетте соңғы күндерде жер беті дау-дамайларға, жалған ілімдерге және алдамшы әрекеттерге толы болатыны туралы ескертулер толып жатыр. Пауыл Тімотеге жазған хатында біздің заманымызды былай деп сипаттады:

«Есіңде болсын, соңғы дәуірде а қиын-қыстау күндер туады. Адамдар өзімшіл, ақшақұмар, мақтаншақ, тәкаппар, өсекшіл болып, ата-аналарына бағынбайды. Олар алғысты білмей, қасиеттіні танымай, ешкімді сүймей, ымыраға келмейді. Адамдар, сондай-ақ, жалақор, ұстамсыз, қатыгез болып, жақсылықты жек көреді. Опасыз сатқын, ақылсыз қызба, кеуде көтерген олар Құдайдан гөрі ләззат-ермекті артық көреді. Олар сырт көзге Құдайға ұнайтындай болып көрінгенмен, Оның күшінен бас тартады. Мұндай адамдардан аулақ жүр!» (2 Тім. 3:1-5).

Екі мың жыл бұрын өмір сүрген Тімотеге біздің қазіргі жағдайымыз туралы білу керек болса, бізге өз уақытымызды нақты білу тіпті қажет шығар? Байқасаңыз, Пауыл біздің қиындықтар экономикалық дағдарыс, жер сілкінісі мен соғыстардың салдарынан туындайды деп айтпаған. Біздің өмірімізді нашарлататын жердің, ұлттың және банк мекемелерінің жағдайы емес, бәріне себеп адам жүрегінің қараңғы күйі болады.

Жаңа Өсиетте Құдай сөзі мен доктринасын біл, мұқият бақыла, қара, қарастыр, мұқият сақта, сергек бол сияқты ескерту сөздер көптеп кездеседі. Жазба бізді жалған ұстаздар туралы ғана емес, сонымен қатар өзімізді-өзіміз алдау қаупі туралы ескертеді.

Егер біз үнемі өзімізді алдаудан қорқумен өмір сүрсек, біз міндетті түрде төмен қарай құлдыраймыз. Қорқынышпен өмір сүру қорқынышты шешімдерге әкеледі, өйткені қорқыныш

нашар жетекші (Құдайдан қорқуды қоспағанда). Құдай бізге ешқашан қорқыныш рухын бермейді. Ол бізге «күш, сүйіспеншілік және ұстамдылықты дарытатын Киелі Рухын сыйлады» (2 Тім. 1:7). Бұл рухани сыйлықтың үш қасиеті бар, олар бізге парасаттылықпен жүру және Құдай Сөзін дұрыс орындау үшін қажет.

Оның Сөзі жолымызды жарық қылады, ол іс-әрекеттерімізді сынап, жүректерімізге ақиқатты ажыратуды үйретеді. Құдай Сөзінің нұры болмаса, біз ғайыптан қорқып, түнекте жүретін едік.

«Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады,  
Білімсіздердің де санасын оятып ашады» (Заб. 118:130).

Маған Киелі Жазбаның осы үзіндісінде қолданылған бейнелер ұнайды. Құдай Сөзінің мағынасының ашылуы біздің оны құнды карта сияқты ашып, толық көруіміз бен түсінуімізді білдіреді. Інжіл аудармасының басқа нұсқаларында «аян» сөзінің орнына «үйрету», «ашу», «енгізу» сияқты синонимдер қолданылады.

Құдай Сөзінен рухани түсінік келмесе, дұшпанды дос деп немесе адамның өткенін болашағы деп қателесуіміз мүмкін, өйткені көлеңке ақиқатты бізден жасырады. Бірақ осы немесе басқа жағдайға жарық түскенде, біз алдымызда не тұрғанын көре бастаймыз.

«Себебі Құдайдың сөзі тірі, әсері де күшті. Ол екі жүзді семсердің қайсысынан да өткір! Құдайдың сөзі бойымызға терең еніп, жан мен рухты айырып, буын мен жұлынға жеткен іспетті, жүрегіміздің түкпіріндегі ой-ниетімізді де әшкерелеп, бағалайды» (Евр. 4:12).

Сондықтан, біз сырт көзге көрінетіннен әлдеқайда терең шыңдалуымыз керек. Бұл біздің жан дүниеміз шыңдалып, нығая түсуі керек дегенді білдіреді. Одақтастың көмейіне семсер ұстаған бұлшық етті қолдың, жат жерде жүрген мықты аяқтың не керегі бар? Қара күшіміз ғана мықты, жүрегіміз бен жанымыз осал болса, тұлға болудан қаламыз.

Семсерлесу өнерінің қыр-сырын меңгеру барысында үздік сайыскерлерде болатын ғажайып қабілет туралы білдім. Олар қарсыласының келесі қимылын инстинктивті түрде алдын-ала біліп, қарсы соққы беруге бейім. Пауыл елші Қорынттағы қауымға хат жазып, өздеріне қарсы күнә жасаған жақындарына сүйіспеншілікпен қарауды үйретеді: «Әзәзіл шайтан бізден амалын асырмау үшін осылай істедім, оның зымиян ниетін жақсы білеміз» (2 Қорынттықтарға 2:11).

## Шайтанның пиғылдарын бұзу

Не себепті дұшпан бізге қаскөйлік жасайды? Кінә, айыптау, ұят және күдік сияқты оқшаулау әдістерін қолданып, бізді Құдайдан және бір-бірімізден алшақтату үшін. Біз бұл шабуылдарға сүйіспеншілікпен, күшпен және ақылмен жауап беруіміз керек.

Киелі Жазбада айтылғандай, ең алдымен, сүйіспеншілік:

«Мен Оған сиынып, былай деп тілеп отырмын: сендердің сүйіспеншіліктеріңмен қатар жан-жақты рухани білімдерің мен көрегендіктерің бұдан да арта берсін» (Філіпіліктерге 1:9).

Сүйіспеншілік аз жерде өтіріктің түнегі қоюлана береді, сүйіспеншілік өркендеген жерде білім мен парасаттылық көбейеді. Шынымды айтсам, маған ешкім де әуелі сүйіспеншілік танытпай, пайғамбарлық сөз немесе Киелі Рухтан келетін білімге толы сөз айтқан емес.

«Нұрда жүрмін дей тұра, бауырын жек көретін кісі әлі де түнекте жүр. Ал бауырын жақсы көрген әркім нұрда жүріп, азғырылуға түспейді де, өзгені азғырмайды да. Бауырын жек көретіннің жүріс-тұрысы түнекте, ол қайда кетіп бара жатқанын білмейді. Себебі түнек оның жан дүниесін соқыр қылып қойған» (Жоханның 1-хаты 2:9-11).

Бұл өте қарапайым: жек көру қараңғыда, махаббат жарықта өмір сүреді. Жек көретіндер қараңғыда, сүрініп, қайда бара

жатқанын білмей жүреді, өйткені соқыр немесе адасқан. Сүйетіндер қайда бара жатқанын біліп, нұрда жүреді және сүрінбейді.

Биязылық пен интуицияны қажет ететін осы бір салада көбінесе әйелдер артықшылыққа ие. Құдай қыздарының түйсіктерін дамытып, ажырата білу дағдыларын сақтаудың бір жолы – сүйіспеншілік. Жақсы мен жаманды ажырата білу дағдысын жетілдіруге арналған негізгі жаттығулар (1 Қор. 13:4–7):

1. Сүйіспеншілік шыдамды да қайырымды,
2. Еш қызғанбайды, мақтанбайды, паңданбайды,
3. Әдепсіз, өзімшіл, ашушаң да болмайды,
4. Ол көрген жәбірін есінде сақтамайды,
5. Әділетсіздікті еш құптамайды, Қайта, ол ақиқатқа сүйсінеді,
6. Дәйім қорған болып, ұдайы сенеді,
7. Үмітін еш үзбей, бәріне шыдайды.

Екінші жолы – күшпен (немесе билікпен).

Күш-қуатсыз билік жоқ, биліксіз заңды күш те болмайды. Түптеп келгенде, екеуі де – Құдайдың сыйы. Күш-қуатыңыз бен билігіңізді білу үшін өзіңіздің кім екеніңізді білуіңіз керек.

**Өшпенділік  
түнекте, ал  
сүйіспеншілік  
нұрда өмір сүреді.**

«Ал сендер өздеріңді қара түнектен тамаша нұрына шақырған Құдайдың қасиеттілігі мен ұлы істерін мадақтап жариялауға таңдалған нәсілсіңдер. Патшаның діни қызметкерлері, Оған бағышталған қасиетті ұлт — Құдайдың меншікті халқы болдыңдар!»  
(1 Пет. 2:9).

Мамандығың, атқаратын жұмысың қандай болса да, шынайы мәртебең – осы. Мәсіхте сен Құдайдың қыздарының таңдаулы ұрпағысың әрі киелі халықтың өкілісің. Сен Оның

нұрының салтанатында мәңгі өмір сүру үшін түнектен жарық өмірге шақырылған, Оның барлық істерін жариялау үшін сатып алынған олжа ретінде Оның меншігісің. Сенің куәлігіңнің күші осындай.

Үшіншіден, таза және салауатты ой-сана.

Салауатты ой-сана дегеніміз не? Merriam-Webster сөздігіне сәйкес, «салауатты ой-сана» «жарақаттан, аурудан, ақаудан, кемшіліктен ада; логикаға сай ойлауға қабілетті; есті, нақты негізделген, жүйелі сана». Бұзылған, мүгедек, жарымжан дүниенің ортасында жүрген халқына мұндай сананы тек Құдай ғана бере алады. Құдай Сөзінің біздің санамызды жаңартып, есі кеткендерге салауатты сана берер құдіреті бар. Исамен кездесу киім кимей, тау-тастың арасында тыр жалаңаш жүрген жындыны жақсы киінген, сабырлы, ақыл-есі дұрыс адамға айналдырғаны сияқты, Құдайдың Сөзімен кездесу сізді де өзгерте алады (Марқа 5:1–15 қараңыз).

Ойыңыз сан-саққа жүгіріп, санаңыз буырқанған теңіздей болса, өтірікті шындықтан айыру қабілетін сақтау мүмкін емес. Құдай Сөзінің сүтінен күш беретін қатты тағамға ауысқанымызда, даналық келеді. Мұның бәрі біздің санамызды Оның Сөзінің нұрымен жаңартып, пайымдау арқылы жүзеге асады.

«Тек рухани кемеліне келгендер ғана «қатты тағамдарды» жей алады. Байыппен ойлауға дағдыланғандықтан да, олар жақсы мен жаманды айыра біледі» (Евр. 5:14).

Осы аятқа күдікпен қараған кезім болды. Сөйтсем, шатасып, бұл аятты қате түсінген екенмін. Сол қатеден сізді де сақтандырмақпын: жақсы мен жаманды айыру дегеніміз біреуді айыптау емес. Бұл басқа адамдарды кінәлі және жазықсыз деп бөлуден жоғары тұрған мағына туралы. Рухани жетілгендік, жақсы мен жаманды айыру қабілеті, күш-қуат бәрімізге қажет, оларды Құдайдың Сөзінен табуға болады.



## Көзге көрінгеннен де көп

Жақсы мен жаманды ажырата білу рухани жетілумен бірге келеді және біздің өмірге деген көзқарасымызға байланысты. Өмірлік жолымыздың түрлі кезеңдерінде біз рухани есейгенімізді немесе әлі де сәби екенімізді көрсете аламыз. Рухани есейгеніміз адамдар мен олардың іс-әрекеттерін таңбалауда қаншалықты шебер екендігімізден туындамайды.

Шын мәнінде, көзге көрінетіннен әлдеқайда маңызды нәрселер бар. Көзге көрінетіннің барлығы көрінбейтін нәрселерден жаратылғанын білеміз.

*Әрбір табиғи факт – қандай да бір рухани  
фактінің көрінісі.*

– Ральф Уолдо Эмерсон

Сол сияқты, жақсы мен жаманды ажырата білу дегеніміз кейбір адамдарды, құбылыстарды және тәжірибелерді «жақсы», ал басқаларды «жаман» деп таңбалау емес. Парасаттылық дегеніміз – батыр қыздар басқалар кемшілік деп санайтын нәрсені артықшылыққа айналдыруы үшін шын мәнінде не болып жатқанын білу.

Жақсы мен жаманды айыру қабілетін жарықты алыстан көру қабілетімен салыстыруға болады. Біздің қазіргі мәдениетімізде жақсылық пен зұлымдықтың арасындағы шекара кейде бұлыңғыр болып көрінеді, алда көп қараңғылық бар, ол көкжиектегі жарықты жасырады.

Анық көру үшін тереңге үңіліп, жүрегіміздің үнін тыңдауымыз керек. Сол жерден біз Киелі Рухтың кеңесін аламыз. Жақсы мен жаманды айыра білу – бұл үнемі жаттығу арқылы шыңдалатын қабілет, сонда ғана біз жарық пен түнекті ажырата аламыз.

*Адам қандай тұлға болуы тиіс,  
алдыңыздағы адамға сол тұлғаға  
қарағандай қараңыз, сонда соған айналуына  
көмектесесіз*

– Иоганн Вольфганг фон Гете

Өз өмірімнен мысал келтірейін. Бір кездері менің өмірім азғындыққа толы еді. Адам таңбалаудың шебері маған бір қарағаннан-ақ маңдайыма «бұзылған қыз» деп таңба басар еді. Бірақ қаптаманың сыртқы түрін сипаттай білу оның ішінде не жасырылғанын білу дегенді білдірмейді. Көп жылдар бойы менің өмірімде өткен істерімнен қалған із бен бетперде сақталды. Бірақ, бақытыма орай, Құдай маған жақсы мен жаманды айыра алатын рухани әке берді.

Бір күні әйелі екеуі мені қонаққа шақырды. Олардың үйінде мен өзімді тыныш және толығымен қауіпсіз сезіндім, ал басқа жерде үнемі адамдар маған тесіліп қарап тұрғандай болатынмын. Әйелі екеуі жүрегі жаралы қызға қарап отырып, оның болашақта қандай адамға айналатынын көрді.

Олар менің өткен өмірімнің қателіктеріне қарамастан, қателерімді дұрыс пайымдау арқылы менің өткенім басқа қыздарға жол нұсқай алатынын түсінді. Олар менің өмірімде ештеңе болмағандай әрекет етудің орнына, мені басқа адамдарға жол көрсетуге шамшырақ болуға шақырды. Басқалар маған қарап, бағы ашылмаған адамды көрсе, бұл кісілер зор әлеуеті бар адамды, басқаларды құтқару мүмкіндігін көрді!

Уақыт өте өткен өмірімнің жамандығынан жақсы сабақ алуды үйрендім. Өз өмірімді мысалға келтіре отырып, басқа қыздарды құлдыраудан сақтандырдым. Жақсылық пен жамандықты айыру қабілетімізді жетілдіруіміз керек. Бір адамның өткен өмірінде жасаған қателіктері басқа адамның болашағы үшін шамшырақ бола алатынын түсінейік. Иса «...ұлтардың көзін ашатын, әрі ... Исраилдің даңқын шығаратын Нұр» ретінде келді (Лұқа 2:32).

Дегенмен, мені соншалықты аңғал және түнектің кейде жарық болып көрінетінін түсінбейді деп ойламаңыз. Жақсы жемістен жаман жемісті ажырата білу өте қажет қабілет:

«Әр ағаш өзінің жемісімен танылар: «Шомырттан өрік, жабайы бұтадан жүзім жинамас». Ізгі адам жан дүниесіндегі игілікті қазынадан игілік алып шығады, ал зұлым адам арам жан дүниесінен арамдық алып шығады. Жан дүниең неге толса, ауызың соны айтар» (Лұқа 6:44, 45).

Аузымыздан шыққан сөздер ішімізде жасырылған нәрселердің ең айқын көрсеткіші екені анық. Кейде адам дұрыс сөздерді айтады, бірақ жағымсыз сезім қалдырады. Кейбір адамдардың сөзі мінсіз болмаса да, бірақ жақсы әсер қалдырады (көбінесе жас мәсіхшілер сөйтеді). Жүрегіңізбен тыңдаңыз және жүрегіңізді тыңдаңыз. Ішкі сезіміңізді бұзбаңыз.

Жүректің сынақтары мен күдік уынан тазарту бізді бұрын нені қалт жіберіп алғанымызды көруге мүмкіндік берді.

### Жақсы мен жаманды ажырату және дұға

Рухани шапағат дегеніміз не? Мәселе тек дұғада ма?

Иә, мен шапағатты дұғадан бастау керек деп есептеймін, бірақ шынайы шапағат онымен бітпейді.

Міне, «шапағат» сөзіне мағынасы жағынан ұқсас сөздер: «арашалау, жақтаушылық, қолдау, қорғау, араласу, талқылау, дәлелдеу» және менің сүйікті сөзім «тұру». Сондықтан кейбір жағдайларда «шапағат» «адвокат ретінде біреудің жағында тұру, шешім қажет жерде жанжалда дауыс көтеру, жәбір көрген немесе қорғансыз адамға араша түсу» дегенді білдіреді. Құдайдың Сөзі дауысымызды қашан көтеру керектігін, жауаптарды қайдан табу керектігін және бұзылған нәрсені түзету жолдарын көрсетеді, ол бізді жолдың соңындағы жарыққа бағыттайды.

*Құдай бізге жақсы мен жаманды айыра білу  
қабілетін сын айту үшін емес, араша болу  
үшін береді.*

– Освальд Чемберс

Осылайша, шапағаттың мағынасын біле отырып, біз оған көбірек жауапкершілікпен қараймыз. Менің ойымша, шапағат жарық пен түнек кездескен сайын жүзеге асады.

Иса аурудың, жын-шайтандық көріністердің, діншілдік рухтарының және түнек күштерінің басқа да әрекетіне кез болған сайын, арашашы болды. Өйткені, Ол жер бетіне Құдай мен адам арасындағы Дәнекер ретінде келген еді. Ол екіжүзді

заң ұстаздарымен діни пікірталастарға түсіп, оларға тамаша және таңғажайып даналықпен жауап берді. Ол басқаларды көтеру үшін барлық мүмкіндікті пайдаланды.

Неке адалдығын бұзды деп айыпталған әйелді Исаға әкелгенде, Ол әйелге араша түсті, өйткені жақсы мен жаманды ажырату қабілетінің арқасында діни жетекшілердің шынайы мақсатын білді. Олар әйелді Исаның алдына Оны сынау үшін әкелген еді. Олар Құдай Сөзін бұрмалап, оны сот құралына айналдырды.

Иеміз шынайы жағдайды көріп, дана сөздерімен олардың түнекке толы жүректерін нұрландырды.

«Әлгілер сұрай берген соң, Иса басын көтеріп:

— Араларыңда кімде-кім күнәсіз болса, сол әйелге бірінші болып тас лақтырсын, — деп...» (Жохан 8:7).

Сонда Иса барлық айыптаушылардың тарап кеткенін күтіп, былай деді:

«Басын көтеріп, әйелден:

— Әлгі айыптаушыларың қайда кетті? Саған ешкім үкім шығарған жоқ па? — деп сұрады. Ол:

— Ешқайсысы да, Мырза, — деп жауап берді. Ал Иса:

— Мен де саған үкім шығармаймын. Бара бер, бұдан былай күнә жасаушы болма! — деді. Иса тағы бір жолы халыққа сөйлеп отырғанда былай деді:

— Мен дүние үшін Нұрмын. Маған ерген кісі енді түнекте жүрмей, шынайы өмірдің Нұрына ие болады, — деді» (Жохан 8:10-12).

Әйел өткеннің қара көлеңкесінен арыла алмаған, өз күшімен азаттыққа қол жеткізе алмаған еді, Иса жарқын болашағының нұрында тұрып, күнәсіз өмір сүруге күш берді. Есімі аталмаған сол бір әйелді о дүниеге аттандыруға тастардың күші жетпей қалды!

Әпкелерім мен сіңділерім, қолымыздағы айыптау тастарын жерге тастап, нұрдың семсерін алайық. Жақсы мен жаманды

ажырата білсек, басқалардың өмірін нұрландыра аламыз.

Иса қабірдің кіреберісінде тұрып, Елазарды қайта тірілткен кезде, досына араша түскен еді. Досына деген сүйіспеншілік пен қайғыдан жүрегі езіліп, көзіне жас алды. Сосын дұға етті.

«Сонда олар қақпақ тасты үңгір аузынан домалатып алып тастады. Иса көзін көкке қадап:

— Әке, тілегімді қабыл алғаның үшін Саған ризамын! Тілегімді әрқашан қабыл алатыныңды білемін. Алайда айналамда тұрған жұрт Мені Өзіңнің жібергеніңе сенсін деп мұны айтып тұрмын, — деп мінажат етті. Осылай дегеннен кейін: — Елазар, шық! — деп қатты дауыспен бұйырды.

Сонда марқұм болған адам қабірден шықты! Оның аяқ-қолы кебінге оралып, бет-аузы да орамалмен байланған еді. Иса қасындағыларға:

— Кебінін шешіп жіберіңдер, жүре берсін! — деп тапсырды (Жохан 11:41-44).

Елазар қабірдің түнегін артқа тастап, жаңа күннің жарығында азаттыққа қол жеткізді. Жақсы мен жаманды айыру дарыны мен шапағат бұғаудағы тұтқындарды босатып, Құдайдың жолына бағыттайды.

Жер басып жүргенде, Иса шайтанның істерін дөп танып, оның тұзағына түскен адамдарға араша болды, сөйтіп олардың өміріне нұр мен ақиқат әкеліп, жандары мен тәндеріне шипа берді. Меніңше, жақсы мен жаманды айырудың ең әсерлі көрінісі айқышқа шегеленген Иеміздің: «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді» дегенде, жүзеге асты (Лұқа 23:34).

Жақсы мен жаманды айыра білу дарыны басқалардың соқырлығын көре біледі де, өз әрекеттеріне емес, олардың надандығына негізделіп, оларға араша түседі. Айқыш біздің Құдайдан ажырауымызды тоқтатты, бірақ Оның шапағаты мұнымен біткен жоқ. Иса қабірден шығып қана қоймай, көкке көтерілді.

«Құдайдың таңдап алғандарына кім айып таға алады? Құдайдың Өзі оларды ақтайды, ендеше кім үкім шығара алады? Мәсіх Иса біз үшін өлді, Ол қайта тірілді де. Содан Ол Құдайдың оң жағынан орын алып, бізді қолдауда» (Рим. 8:33, 34).

Оның мәңгілік қайта тірілуі және көрегендік күші арқылы бізге мынадай уәде берілген:

«Мәсіхтің сүйіспеншілігінен бізді не айыра алады? Азап пен қысым ба, құдалану мен аштық-жалаңаштық па, әлде қауіп пен семсер ме? Забурда мына сөздер жазылған: «Сен үшін олар бізді күнде жоюда, сойылатын қой деп бізге қарауда». Ал осының бәрінде біз өзімізді шексіз сүйетін Иеміздің арқасында ұлы жеңіске жетеміз» (Рим. 8:35, 37).

Жалғыздар, Сөзде берік тұрып, бұл әлемді шынайы парасатпен нұрландыратын және шапағат нұрында әрекет ететін уақыт келді.


*Көктегі Әке,*

*Қолымдағы айыптау тастарын тастап,  
жақсы мен жаманды айыра білетін адам  
болуға дайынмын. Сөзіңді оқып, оны мойындап,  
нұрда өмір сүру арқылы ойымды жаңартамын.  
Көктегі нұр мен даналықтың жердегі  
түнекті сейілткенін көргім келеді. Күнәнің  
тұтқындарын олардың болашағына нұр мен  
сүйіспеншілікті жариялау арқылы босатуға  
дайынмын. Құл саудасы, діни бұғаулар мен  
үмітсіздік молаларында жерленгендерді  
жоқтауға дайынмын. Мен дауысымды  
көтеріп, қолымды созып, жәбір көргендерге  
араша боламын. Исаның атымен. Аумин.*

## Ән семсері

*«Қуана ән салып шаттаныңдар, уа,  
Иерусалимнің халқы! Мен сендердің  
араларыңда тұруға келе жатырмын! —  
деп уәде етеді Жаратқан Ие.*

– Зәкәрия 2:10



Семсер – Камертон шанышқысы аспабына ұқсас... Кейде шайқастың нәтижесін өз пайдаңызға бұру үшін ән ғана керек.

Құдайды мадақтау үшін міндетті түрде мадақтау тобының жетекшісі болу керек емес. Ән айту үшін әнші болу керек емес. Құдайдың қызы болу жеткілікті, өйткені әннің көмегімен көптеген шайқастарды жеңіп шығуға болады.

Ән айтқанда дыбыстың таралуына ұқсас әсер туғызатын семсерді тапқанда қатты қуандым. Бұл фламберже деп аталатын көне семсер, атауы сөзбе-сөз «отты жүз» дегенді білдіреді<sup>9</sup>. Бұл семсердің пішіні тік емес, қайта толқынға ұқсас. Семсердің жүзі басқа семсердің жүзіне тигенде, фламберже пішіні тербелісті қарсыластың семсеріне жібереді. Сонда қарсылатың семсері тұрақсызданып, иесінің қолында тербеліс тудырады. Дірілдеп тұрған семсерді мықтап ұстау қиын, бұл сайыскерді әлсіретеді. Фламберже семсерін ұстаған адам осылайша жеңіп шыға алады.

Мұның бізге не қатысы бар?

Біз ән айтқан кезде де дәл солай болатынына сенемін...



әсіресе әніміз Құдайдың Сөзі болғанда! Ауа толқындары дыбыспен тербеле бастайды, жарық пен қараңғы арасындағы үйкеліс күшейген сайын жау қолындағы қаруын бос ұстайды. Жау абдырап, шабуылы әлсіреп, бізге қарсы қарғыс пен айып жойылады. Музыкалық аспаптар мен әннің осындай тамаша үйлесімі айналамыздағыны жақсы жаққа, не жаман жаққа өзгертетін күшке ие. Мадақтау кезінде уақыттың баяулап, қатып қала жаздайтынын жиі сезінеміз.

Бір қызығы, Адам мен Хауаның пейіш бағына қайтып оралмауы үшін дәл осындай жүзінен от шашып, әрі-бері қозғалып жарқылдап тұратын семсер қойылған. (Жар. 3:24-ті қараңыз). Көңілді ән мен ғибадат арқылы дәл осындай семсер бізге есік ашатын сияқты, келісесіз бе?.

«Құдайдың ғибадатханасына барып, Алғыс жыр айтыңдар қақпасынан өтіп, Иемізді мақтаңдар аулаларына кіріп, Шүкірлік етіңдер есімін дәріптеп!» (Заб. 99:4).

Біз сүйіспеншілік пен ризашылықты жиі ән арқылы білдірген кезде, көкке жетіп, Әкеміздің сарайына кіре аламыз. Көзге көрінбейтін сала арқылы

үлкен қашықтықтарды жүріп өтіп, аяғымыз әлі де жерге нық тірелсе де, аспанның көшелерімен жүреміз. Мен үйде жүргенде, жиі мадақтау әндерін айтамын. Сол сәттерде өзімді ұшып бара жатқандай сансыз рет сезіндім.

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

«Сақ болу» тек қорғаныста қолданылмайды. Сонымен қатар ол шаубылға да қатысты. Шын мәнінде ол дайындық позициясы.

Иеміздің салтанатты сарайына кіру үшін бізге кілт немесе шақыру хаты қажет емес. Бар керегі – тек ән ғана!



## Әннің басталуы

Мысырдан шығу кітабының 15-тарауында динамикалық ән алғаш рет айтылады. Оған дейін сөз емес, музыкалық аспаптар туралы жазылған.

«Жаратқан Иені дәріптеймін ән-жырменен,  
Себебі Ол жеңімпаз, мерейі үстем бәрінен!  
Теңізге лақтырды Ол атты мінген адамымен.  
Жаратқан Ие — қайнар көзі күш-қуатымның,  
Мадақтау жырларымды Оған арнай берейін.  
Ием мені құтқарып, алып қалды аман-есен.  
Жаратқан — Құдайым менің, Оны мадақтайын,  
Ол — әкемнің де Құдайы, даңқын асырайын!  
Ием — батыр жауынгер, есімі — Жаратқан Ие»  
(Мыс. ш. 15:1-3).

Бұл жеңіс әнінде Мұса Құдай күш-қуатының қайнары екенін жариялады. Ән айтуда Құдайды мадақтау – Оның сіздің өміріңіздегі билігінің белгісі. Құдайға ән айту жүрегіңді ашады және өміріңді Оның кереметтеріне толтырады. Менің өмірімде қанша рет ән айту бүкіл жағдайды толығымен өзгерткенін санап шығу мүмкін емес. Өмірлік қиындықтардың астында өзімді жаншылғандай сезінетін кездерім болады. Кейде қорқынышты жаңалықтарды немесе мені қорқытатын хабарды естимін. Осындай рухани шабуыл өте күшті болса, онда мен бос бөлмеге кіріп, есікті жауып алып, мадақтау менің жағдайымды басып алғанын сезгенше ән айтып қана қоймай, билеймін де.

Өте қатты шаршайтын, діңкем құрып, әлсіреп кететін кездерім болады. Кейде ұзақ сапар шаршатып жібереді. Бірақ өмірімде бір нәрсе тұрақты: ұзақ сапардан кейін, ұшулар мен трансферлерден кейін қонақүй бөлмесіне жеткен кезде мен мадақтау мен табыну арқылы жағдайды өзгертемін. Бөлмеге кіргеннен кейін бірден мінәжат етемін, сосын құлаққапты тағып, мадақтау әнін саламын.

Мақтау әндері арқылы мен қай жерде болсам да, өзімді аспанда жүргендей сезіне аламын. Осындай кездерде мен

қызмет етуге келгенімді білемін және үйден алыс қаладағы бір көңілсіз қонақүйдің менің күш-қуатымды тартып алуына жол бермеймін. Қонақ үй бөлмесі өте ыңғайлы болып көрінетін кездер де болады, мен қызметте уағыздауға қуана жүгірудің орнына шаршап, жатып ұйықтағым келеді. Сонда Құдайдың маған берген рухани дарынын от тәрізді жағу керек екенін түсінемін.

«...Киелі Рухқа кенеле беріңдер! Бір-біріңді Забур жырлары, мадақтау өлеңдері және Киелі Рух дарытқан әндер арқылы жігерлендіріп, Иемізді ән-күймен шын жүректен дәріптеңдер. Иеміз Иса Мәсіхтің атымен Құдай Әкеге қай нәрсе үшін де ұдайы шүкірлік етіңдер!» (Ефес. 5:18-20).

Біз ән айтсақ, Құдай дәріптеледі. Оның билігі біздің жағдайда жарияланды. Өз халқы Оны мадақтағанда, Ол біздің ішімізде болса да, біз Оның алдында тұрамыз. Жүректеріміз Оның батылдығына және Оған деген алғысқа толады.

## Шайқас әндері

Бірде Яһуданың әншілері яһудилерді жою үшін жиналған керемет үлкен үш әскерді талқандады (2 Шеж. 20 қараңыз). Құдайдың киелі халқы өздерінің жеңілмейтін Тәңірін айғайлап мадақтағанда, Құдай жау әскерін шатастырып, семсерлерін бір-біріне қарсы қойды. Олардың стратегиялық соғыс ұраны қандай болды?

«Мадақтаңдар Жаратқан Иемізді, мәңгіге ұласады Оның сүйіспеншілігі!» (2 Шеж. 20:21, ағылшын тілінен аударылған).

Мәңгілік сүйіспеншіліктің күшіне қай әскер қарсы тұра алады? Ондай әскер жоқ, себебі сүйіспеншілік ешқашан сарқылмайды.

Құдайдың біз үшін қалай соғысуын көрсететін тағы бір мысал келтіргім келеді. Бұл үзіндіні өзім сүйіп оқимын:

«Ал, Құдайдың халқы, сендер Оған бағышталған мейрам күнінің қарсаңындағы кеште қуана шырқайтындай ән салатын боласыңдар. Сендер Израилдің жартастай берік Қорғаушысы — Жаратқан Иенің Сион тауына қарай сыбызғының даусына сәйкес салтанатты шерумен жүріп бара жатқан кездеріңдей, жүректерің шаттыққа кенелмек. Жаратқан Ие адамдарға Өзінің ғаламат зор үнін естіртіп, лаулаған қаһарымен күш-қуатын көрсетеді. Ол бәрін жалмайтын оттың жалынымен әрі дауыл, нөсер және ірі бұршақ арқылы Өзінің құдіретін танытады. Жаратқан Иенің дауысы Ассурды қағып-сілкиді. Ол билігінің асатаяғымен дұшпандарын соғады. Иеміз жауларына дүре соққандай жазаларын тартқызғанда, Оның жеңісін мадақтайтын даңғыралар мен жетігендердің әуендері естіледі. Жаратқан Иенің Өзі құдіретті қолын созып, жауға қарсы шайқасады» (Иш. 30:29-32).

Бұл теңдеудегі менің рөлім – аузымды ашып, ән айту! Бірақ кез-келген ән емес. Мен түнде Құдайдың тауына шығып, сол ұлы биіктерден Оның көретінін көргендей ән айтуым керек. Құдай Тағаланың қаншалықты құдіретті екенін есіме түсіріп ән айтуым керек. Мен осындай қуаныштың күшімен ән салғанда, Құдай Оның керемет дауысын естіп, шайқаста оның құдіретті қолын көру үшін менің рухымның құлағы мен көзін ашады. Иемнің даусы бекіністерді бұзады, семсері жауды жаншиды. Мұның бәрі заманауи музыкалық аспаптармен үйлеседі.

Неге біз семсерімізді жартылай ғана суырып шығарамыз? Біз өз күшіміз бен күш-қуатымызға қосылған қуанышпен мадақтап, табынсақ, Құдай жауды семсерімен талқандайды.

Білесіз бе, біз адам баласына қарсы күреспейміз. Біздің күресіміз көзге көрінбейтін дүниедегі зұлым рухтарға қарсы. Ол зұлымдық жер бетіндегі жарыққа, сүйіспеншілікке, шындыққа, сенімге, үміт пен батылдыққа қайшы келетін кез-келген әрекетті басқарады.

Құдайдың уәделерінің ең күшті тізімдерінің бірі Ишая кітабының 54-тарауында жазылған. Осы бір тарауда біз

Құдайдың мұра, көбейту, қалпына келтіру, өтелу, жанашырлық, берік негіз, қорқыныштан азаттық, Құдайдың соңынан еретін ұрпақ және азаттықты қамтамасыз ететінін көреміз. Мұның бәрін сіз ән салып ала аласыз!

«Қуан, уа, құрсақ көтермейтін, бала сүймеген әйел, шаттана ән шырқа! Иә, толғатып көрмеген сен, масаттанып дауыста! Өйткені күйеуі бардан гөрі жалғыз басты әйелдің балалары енді көбірек болады! — дейді Жаратқан Ие» (Ишая 54:1).

Ән шырқасаң, өміріңнің есігі көктің ағынына ашылады. Күмәнге бой алдырғанымды сезгенде, қорқыныш пен еркіндіктің жоқтығы мені қоршап алған кезде немесе өзімді жерге шегеленгендей сезінгенде, мен ән семсерін суырып алып, дауысымды күшейтемін.

Оған қоса билеймін. Неге билемеске? Дәл өзінің ебедейсіз биімен Дәуіт патша өзін Құдайдың адамы ретінде көрсетті, ал оның әйелі Михол бала туу мүмкіндігінен айырылды:

«Жаратқан Иенің сандығы Дәуіттің шаһарына кіре бастағанда, оның әйелі Саул қызы Михол терезеден қарап тұрған еді. Дәуіт патшаның Жаратқан Иенің алдында секіріп, би билеп жүргенін көріп, Михол оны іштей менсінбеді»  
(2 Пат. 6:16).

Сіз адамдардың алдында емес, Құдайдың алдында жүрсіз. Дәуіт өзін тежемеді. Қуанышқа кенеліп, билей бастады.

**Ән шырқасаң,  
өміріңнің есігі  
көктегі ағынға  
ашылады.**

Жаратқан Иенің сандығы Иерусалимге оралды, Құдайдың уәдесі орындалды. Жалпы, музыка денені қозғалуға шақырады, бірақ Құдайдың істегенін еске алу да билеуге мәжбүр етеді. Оның сіз үшін жасаған барлық істері үшін мақтау және алғыс айту арқылы жүрегіңіздің қақпасын

ашқанда, Құдайдың алдына қол жетердей жақындайсыз. Түнде айтқан әндеріміз Оны біздің күнімізге әкеледі. Ән салғанда өмірдегі бар уайым-қайғы тарқап, оның орнына жаңа үміт толқыны келіп, жаудың шапқыншылығы тоқтап, Жаратқанның алдына кіресіз.

*Қымбатты Көктегі Әке,*


*Мен өмірімнің қиын-қыстау кезеңдерінде ән айтуға дайынмын. Ән шырқаған кезде, Сен жүрегімді үмітке толтырарсың деп сенемін. Саған деген сүйіспеншілігімді білдірген сайын сенімім артады. Патшалық ұлылығың мен билігіңнің құдіретімен жаудың өтіріктері мен бекіністерін талқандауға Сенің ғана күшің жетеді. Сенің есіміңе тиесілі даңқты ұстап қалғаным үшін мені кешір. Енді мен жан-жаққа айналатын отты семсердей болуды таңдаймын. Менің айналамда қандай жағдай болса да, мен Сені мадақтаймын және мәңгілік сүйіспеншілігің мен мейіріміңді жырлаймын. Исаның атымен. Аумин.*



## Үнсіздік семсері

*Бір семсер екіншісін қынапта ұстайды.*


– Джордж Герберт



Үнсіздік семсерін қынынан суырылмай қалған семсер жақсы бейнелейді. Ол бар, бірақ пайдаланылмайды. Бұл семсердің сабы көрінеді, оны қолға ұстауға болатыны анық, бірақ жүзі жасырын, бұл иесінің оны қынынан шығармау ниетін көрсетеді.

Үнсіздік – көзге көрінбейтін семсер, ол айтылмаған сөзді немесе орындалмаған әрекетті бейнелейді. Өзіңізде бар қару үнсіздік қажет болғанда, жасырын қалады. Біз бұл семсерді өзімізді құтқару немесе қорғау үшін қалаған немесе жасай алатын барлық нәрселерді айтудан немесе істеуден бас тартқанда қолданамыз. Тәніміз бен жанымызды Патшамыздың тағының алдына әкелгенімізде солай болады.

Үнсіздік көп нәрсені білдіруі мүмкін. Мысалы, қойылған сұраққа, тағылған айыпқа, өзіңізге айтылған ащы сөзге, шынында да, жауабыңыз жоқ дегенді. Күтпеген жерден тосын жағдайға тап болсақ, сасып, қалай әрекет ету керектігін білмей қалуымыз мүмкін. Үнсіздік сіздің жауабыңыз бар екенін де білдіруі мүмкін, бірақ сіз оны айтпауды жөн көрдіңіз. Қолымыз байлаулы болғандықтан да, семсеріміз қынында қалуы мүмкін. Қорқыныштың бұғауын айтпаймын, «Бұл мәселені Маған



тапсыр» деп сыбырлайтын Құдай туралы айтып отырмын. Шабуыл жасаудан гөрі сабыр сақтау үшін көбірек күш қажет.

Тыныштық пен сабыр – Құдайдың сөзіне мұқтаж адам үшін ең жақсы ұстаным.

Құдайдың басқа адамдарға ашқысы келетінін қабылдауымыз үшін де тыныштық пен сабыр керек. Бұл екеуі де жанымызды басқара білуді талап етеді. Қазіргі заманғы мәдениетте бұл өзін-өзі басқару, ой мен көңіл-күйге ие бола білу қабілетін білдіреді:

«Өзіне ие бола алмайтын жан  
Қорғансыз қаладай, қамалы құлаған»  
(Нақыл сөздер 25:28).

Абайсыз сөздеріміз бен бейқам істеріміздің арқасында жанымыз қорғансыз қалса, ойланып, тәубе етумен өткен тыныштық уақыты бұзылған нәрсені түзете бастайды. (Бұл жөнінде әрі қарай толығырақ жазамын).

Кейде басқа біреудің кесірінен, не болмаса, кездейсоқ жағдайға бола қиындыққа тап боламыз. Құдайға мойынсұнып, Оның жетелеуіне ерсек те, жарық пен түнектің арасындағы шайқастың ортасында қалдық.

«Барлық кедергілер саған қарсы» және «сен оны ешқашан істей алмайсың» деген шайқастың Киелі Кітаптағы ең көрнекті үлгісі, бәлкім, Исраил халқының құлдық мекен Мысырдан шығуы болса керек.

Бірқатар қарқынды келіссөздер мен табанды өтініштерден кейін, бірнеше жазадан кейін, Құдай араласып, мысырлықтардың тұңғыштарын түгел қырып тастаған тажалды жіберді. Сонда перғауын израилдіктердің Мысырдан шығып, Құдайларына ғибадат етуге рұқсат берді. Бірақ Жаратқан Ие Мысыр патшасы перғауынның жүрегін қасарыстырып қойды, сонда ол нық сеніммен алға басқан израилдіктердің артынан қуа жөнелді.



Перғауын жақындаған кезде исаилдіктер кері бұрылып қараса, соңдарынан қуған мысырлықтар келіп те қалыпты! Зәрелері ұшқан исаилдіктер айқайлап Жаратқан Иені шақырды. Перғауынды кінәлаудың орнына, олар Мұсаны бізді құрту үшін шөл далаға алып шықтың деп айыптады! Жағдай шиеленісті, Исаил халқы тығырыққа тірелді. Қай жағынан қарасаң да, тарс етіп, жабылғалы тұрған қақпан. Алды теңіз, артында соңдарынан өкшелей қуған әлемдегі ең қуатты әскер. Құдіреті күшті Құдайымыздың нағыз тығырық болып көрінетін сынақтарға мүмкіндік ретінде қарайтыны есіңізде болар. Исаил халқы тығырықта емес, Құдай жоспарлаған жерде екен. Мұса батыл сөйлеп, былай деді:

«Қорықпаңдар, берік тұрыңдар! Бүгін-ақ Жаратқан Иенің өздеріңді құтқаруын көресіңдер: бүгін көрген мысырлықтарыңды енді қайтып мәңгі бақи көрмейтін боласыңдар! Сендер үшін Жаратқан Иенің Өзі шайқаспақ. Ал өздерің тек *тыныш* тұрсаңдар болғаны» (Мысырдан шығу 14:13, 14, курсив автордыкі).

Қорқынышты сәттерде тыныштық табу оңай емес дегенмен келісесіз бе?

Осы сөздерді оқығанымда, есіме «The Ten Commandments» фильміндегі эпикалық көріністер түседі. Исаил көшінің алдында жүріп келе жатқан Құдайдың періштесі көштің соңына барды. Бағана тәрізді бұлт та көштің алдыңғы жағынан артына қарай ығысып, Мысырдың әскері мен Исаил көшінің ортасына барып тұрды. Бұлт мысырлықтар жағына қараңғылық орнатып, исаилдік жақта түнді жарық қылып тұрды. Осылай Мысыр әскері исаилдіктерге түні бойы жақындай алмады.

Мұса қолын теңіздің үстіне қарай созғанда, Жаратқан Ие шығыстан қатты жел жіберді. Ол түні бойы соғып, теңіз суын әрі қарай итеріп, түбін құрғатты. Су қақ айырылған кезде Исаил халқы құрғақ жермен теңіз ортасынан өте шықты. Су оларды оң мен солынан қабырға іспетті қоршап тұрды.

Көрген адам тек: “бұл не деген керемет!” деп, қайран қалғаннан басқа амалы жоқ.

Бірақ ғажайыптар мұнымен бітпеді. Исраилдіктер теңіздің арғы бетіне аман-есен өткен соң, мысырлықтар олардың соңына түсті. Бүкіл исраилдіктер арғы бетке жеткенде, Құдай Қызыл теңіздің суын босатып жіберді де, әп-сәтте бүкіл Мысыр әскерін суға батырып жіберді.

Сол кезде Мұса Исраил халқымен бірге Жаратқан Иеге арнап мадақтау жырын айтты, ал Мәриям пайғамбар даңғырасын қолына алғанда басқа әйелдер де даңғыраларын алып, оған еріп дөңгелене би билей жөнелді.

Иеміз біз үшін күресіп жатқанда, тойлау уақыты келгенше тыныштық пен сабыр сақтауымыз ғана керек. Айтуға оңай, солай ма? Бірақ мен бұл оңай деп айтпаймын.

Осындай шайқастарға өзім де талай рет тап болдым. Өміріміздегі шайқастардың көпшілігінде су мен оттың эпикалық көрінісі болмайтынын бұрыннан білесіз. Теңіздің түбімен жүрер жол ашатын жел де соқпайды. Түн ішінде лаулап, жаудың үрейін алатын от бағанасы да жоқ. Дұшпанымыз найзасын қолына алып, атқа қонып, соңымыздан қумайды. Оның шабуылдары әлдеқайда айлалы да шебер, ол өтірік пен жала, бізді құрсаулап, қозғалтпай тастайтын араздық, үрей тудыратын қауесеттермен қаруланған.

Жүз шақырым жердегі жалғыз тұзды су – көзіміздің жасы, ал от бағанасы – жүрегіміздің жыпылықтаған жалыны. Соған қарамастан, Ол арқамызды жабатын періштелерді жіберу арқылы емес, біздің берік қорғанымыз ретінде біздің жағымызда Өзі әрекет етеді деген уәдеміз бар. Жаратқан Иеміздің бізді ешқашан тастап кетпейтініне, бізден ешқашан бас тартпайтынына толық сенімдіміз.

Мұсаның халықты қалай жұбатқанын оқып көрейік.

«Қорықпаңдар, берік тұрыңдар! Бүгін-ақ Жаратқан Иенің өздеріңді құтқаруын көресіңдер: бүгін көрген мысырлықтарыңды енді қайтып мәңгі бақи көрмейтін боласыңдар! Сендер үшін Жаратқан Иенің Өзі шайқаспақ. Ал өздерің тек тыныш тұрсаңдар болғаны!» (Мыс. 14:13, 14).

Басқа аудармада былай жазылған:

«Қорықпаңдар, берік тұрыңдар! Бүгін-ақ Жаратқан Иенің өздеріңді құтқаруын көресіңдер: бүгін көрген мысырлықтарыңды енді қайтып мәңгі бақи көрмейтін боласыңдар! Сендер үшін Жаратқан Иенің Өзі шайқаспақ. Ал өздерің тек сабыр сақтасаңдар болғаны» (Мыс. 14:13, 14, ағылшын тіліндегі NIV аудармасы).

Мұнда қорқудың қажеті жоқ деген ой үнемі қайталаанады. Үрей тудыратын нәрселердің санамызды ластауына жол бермеуіміз керек. Құдай біздің де нық тұрып, сабыр сақтауымыз керек екенін айтады. Бұл қашып кету, жеңілісті мойындау немесе шегіну емес, керісінше, қазіргі жағдайды сақтай отырып, тік тұру керек дегенді білдіреді. Осы екі нұсқауды орындап, өз ұстанымымызды сақтай алсақ, Құдайдың кереметін көреміз. Ол бізді құтқару жолында жасамақ кереметін көріп, таң қалуға дайын болуға шақырады.

Маған Мұсаның көркем бейне арқылы бүкіл халықтың көзқарасын өзгерткені ұнайды. «Жауға соңғы рет қараңдар, өйткені бүгін көрген мысырлықтарыңды енді қайтып мәңгі бақи көрмейтін боласыңдар. Құдайдың құдіреті мен адалдығының таңғажайып көрінісі көз алдарыңда ашылып болғанша, сендердің міндеттерің – үнсіз қалып, сабыр сақтау. Дұшпанды табалаудың, айғайлаудың немесе сұрақ қоюдың қажеті жоқ – бұл шыныаяқты үнсіз ішіңдер».

Шайқас тым қатты, жаудың күші басым болса, Құдайдың Өзін құтқарушы ретінде көрсетуіне мүмкіндігі бар. Біз шегінгенде, Ол келіп, Өзінің құдіреті мен адалдығын көрсетеді.

Мысырдан шығу туралы осы әңгімеден біз Құдайдың бүкіл Мысырға Өзінің ұлылығын көрсету үшін және бүкіл жер бетінде Оның есімі дәріптелу үшін перғауынның жүрегін әдейі қасарыстырғанын білеміз. Мысырдың шеңгелінен құтылу Құдайды да, Оның халқын да әлемге танытты. Бұл бір оқиға Ыбырайымның ұрпақтарын мәңгілікке ерекшелеп, Құдайдың күші мен келісімін барлық халықтарға жариялады. Осы уақытқа дейін Израил еркін, гүлденген және күшті Мысырдың ішінде әлем халықтарының көзінен таса құлдықтағы халық болатын.

Кейінірек Израил өзінен күші мен байлығы әлдеқайда

**Семсерлесу  
өнеріне қатысты  
дерек:**

Семсерлесу өнерінің мәнісі  
өз әрекетіңді мұқият  
басқара білуде. Мәселе  
өзіңе-өзің ие бола  
білуде.

басым Ассирия патшасының қаңарына тап болды. Ол израилдіктерді өзімен зұлым одақ құруға шақырып, оларға жер аударылған елде мол нан мен жүзімдіктерді уәде етті. Оның қоқан-лоққысына құлақ түріңіз және оның мақтанышы Құдайға Өз билігін Өз халқының мүддесіне қолдануға қаншалықты көмектескенін байқаңыз.

«Тек Езекия «Жаратқан Ие бізді құтқарады» деп сендерді еліктірмесін! Әлде басқа халықтардың қандай да бір тәңірі өз елін Ассур патшасының қолынан құтқара алып па еді?! Хамат пен Арпадтың тәңірлері қайда? Сепар-Уаймның тәңірлері қайда? Әлде бірде-бір тәңір Самарияны менің қолымнан аман алып қала алды ма? Осы елдердің барлық тәңірлерінің қайсысы өз елін менің қолымнан құтқарып қалған еді? Ендеше Жаратқан Ие Иерусалимді менің қолымнан құтқарып алмақшы ма?!» (Ишая 36:18, 20).

Езекия патша өз халқына не деді? Тәкаппар, мейірімсіз дұшпанға қалай жауап беруді бұйырды?

«Ал халық еш жауап қайтармай, үндемей тұра берді. Себебі Езекия патша: «Оған жауап қайырмаңдар!» деген жарлық шығарған болатын» (Ишая 36:21).

Жұрт үнсіз болғанымен, әбігерге түскен жоқ. Қатыгез патшаның қабылдауынан шығып, Израил елшілері киімдерін жыртып, Езекияға шабарман жіберді. Езекия бәрін Жаратқан Иенің алдына әкеліп, дұғасын мына сөздермен аяқтады:

«Ал енді, уа, Құдайымыз Жаратқан Ие, бізді сол адамның қолынан құтқара гөр. Сонда бүкіл дүниенің

патшалықтары жалғыз Сенің Жаратқан Ие екеніңді білетін болады» (Ишая 37:20).

Осы аят маған қатты ұнайды. Ол бұл шайқас біздің ойлағанымыздан әлдеқайда қорқынышты болғанын көрсетеді. Бұл халықтар арасындағы ашық қақтығыс емес, бұл жалғыз шынайы Құдайдың тағы бір аяны болды. Бұл халықтар ешқашан бір-біріне қарсы соғысқан емес, өйткені Құдай басқа стратегия дайындаған еді.

«Біліп ал, Мен оған (үрейін ұшыратын) рухты дарытамын; сонда ол бір суық хабар естіп, еліне қайтып кетеді. Оны өз елінде семсердің жүзінен өлтіртемін» (Ишая 37:7).

Абыройы асқақтаған патша ақырында өсек-аянның құрбаны болды. Осы мысалды өте жақсы көремін, өйткені жау бізді де қауесетке жауап беріп, жеке шайқасқа шығуға азғырады, бірақ осылайша біз жеңеміз деп ойлаған кезде жеңілеміз.

Сөз – күміс; үнсіздік – алтын.  
Ежелгі Мысыр мақалы

Арқаңнан Құдай қалқаласа, алдыңда алтын болашақ күтіп тұр, соны ұмытпа.

## Жеке шайқастар

Өзіміздің жеке шайқастарымыз туралы сөйлесейік.

Құдайым қолына қару алып, менің жағымда шайқасуға дайын еді, алайда, менің аузымнан шыққан сөздер Жаратқан Иемнің керемет жасап, мені құтқарып алуына кедергі болды. Осындай жағдай менің өмірімде неше рет қайталанды екен деп ойлаймын. Шынымды айтсам, мен үшін ең қиыны – үнсіздік семсерімен қарулану, соған қарамастан осы қарудың қажеттілігі уақыт өткен сайын артуда. Бізге қауіп төніп тұрған кезде үндемей қалу қорғаныс позициясынан айырылу сияқты көрінеді, әсіресе бізге айып тағылып, намысқа тиетін сөздер айтылып жатқанда үнсіздік қажет болса.

Нақыл сөздер кітабында:

«Отын таусылса от өшер, Өсек таусылса дау өшер» деп жазылған (Нақыл сөздер 26:20).

Отын түгел жанып болып, уақыт желі дау-дамайдың күлін ұшырып әкеткенше үндемей қалуға батылдығымыз жететін болсын.

Кейде үнсіздік қауіпті әңгімелерден аулақ болуды білдіреді. Айналаңыздағы адамдардың ешқайсысы аузын жабуды ойламайтындай болып көрінсе де, аузыңызды ашудан бас тарту да осыған жатады. Ең жойқын қару-жарақтарды қолда ұстау көбінесе қиын болады. Біздің тіліміз жойқын қару немесе шипа болуы мүмкін. Мен үнсіздік терапиясы туралы айтып отырған жоқпын. Мен оның қалай жұмыс істейтінін жақсы білемін. Талай нәрсені айтып тастағың келгенде, ештеңе айтпай, ешбір әрекетке бармай, кетіп қалу жайлы айтамын.

Жақында Джон екеуміз үнсіздіктің күшін білдік. Басқа адамдар сияқты, сыртымыздан айтылған өсек-аяң бізге де ауыр тиеді. Адам не айтпайды. Кейде ызадан тілдеріне ерік береді, кейде жағдайды анықтауға тырысады. Біздің қатысуымызбен шешілмеген бір мәселе алдымыздан қайта-қайта шыға берді, достарымыз бен бізге мүлдем бейтаныс адамдар арасындағы әңгімелерде көтерілді. Басында үндемедік. Одан кейін сақтық сақтай отырып, өз пікірімізді айта бастадық, бірақ өсек-аяң көбейген сайын, басқалар аузына келгенді айтып жүргенде, сөзімізді байыппен таңдау бізге ақымақтық болып көрінді. Неге біз өз пікірімізді ашық айтпаймыз?

Кейін тағы бір оқиға орын алды, енді үндемей қалудың қажеті жоқ деп ойлады. Мен барлық қолайлы шекаралардың бұзылғанын сезіндім және мен бұл мәселе қатысты ойымның бәрін айтып салудың уақыты келді деп шештім.

Шынымды айтайын ба? Әуелгіде ашық әңгімеден көңілім жеңілдеп қалды! Ақыры бәрін ашық айта алдым. Біздің пікірімізді естіген басқалар да жеңілдеп қалды. Алайда, бұл кезең өте қысқа болды және әрбір сөзімді мұқият таразылаудан толық бейқамдыққа қадам басқанымда аяқталды. Бөгет жарылып, енді су тасқынын тежеу үшін бар күшімді салуға тура

келді. Дегенмен, су әр жерден жарып өтіп, бөгеттен асып, ағын суға айналып, су жібергім келмеген жерлерге еніп кетті.

Енді менің қатысуыммен тараған мына лас ағындарға басқалар да малынып, менің лайыма бата бастады. Лай неғұрлым көбейген сайын, осы бір лас шалшықтың пайда болғаны үшін екінші тарапты соғұрлым жазғыра бергім келді. Көп ұзамай сол лай шалшыққа тізеге дейін кіргенімді түсіндім. Джон екеуіміз тым көп сөйлеп, енді лас және лай судың ортасындамыз.

Сол кезде екеуіміз екі штатта едік, соған қарамастан, не болғанын бір мезгілде түсіндік. Бір-бірімізге телефон соғып, бірге дұға еттік. Тәубе ете отырып, кешірім сұрадық және қателіктерімізді мүмкіндігінше мойындадық, содан бері сөздік қорымызда «ауызды жабу» деген жаңа сүйікті сөз тіркесі пайда болды.

## Дәуіттің үнсіздік семсері

Бұл шешіміміздің дұрыстығына аздаған күмәніміз болса, келесі күні жексенбілік жиналыста ол да толығымен сейілді. Сол күні қауымымзға келген қонақ, мен бұрын естімеген қызметкер уағыз айтты. Ол кісі Дәуіт пен Саулдың оқиғасынан алған керемет аяндарын айта бастады. Саулдың алдында жала жабылған кезде Дәуіттің өзін қалай ұстағаны туралы, Саулдың ол туралы жаман ойлап, оны қудалай бастағаны, содан кейін оны кешіргені туралы, бірақ көп ұзамай оған қарсы қайтадан зұлымдық ойлап, оны қайтадан қудалағаны, Дәуіттің елден қашып, тау-тастың арасында жасырынуға мәжбүр болғаны жайлы айтты. Патша болса, Дәуіттің ізіне түсіп, қудалаумен болды. Дәуіт өзінің кінәсіздігі мен адалдығын дәлелдеді, бірақ оған тағы да жалған айып тағылып, қуғынға ұшырады.

Дәуіттің өмірбаянымен жақсы таныс едім, болған оқиғаны өз басымнан қайта өткізгендей әсер алдым.

Уағызшы мұнымен тоқтамады. Ол Дәуіттің өзін қудалаған Саулдан кем түспейтін қатыгез адамға айналып кете жаздағанын айтты. Қуғын-сүргіннен қажыған ол Набалдың адамдары мен малын қорғау арқылы пана табамын деп үміттенді. Набалға

елші жіберіп, қой қырқу мерекесіне байланысты тойға Дәуіттің сарбаздары да шақырылсын деген өтінішін жеткізді.

Набал Дәуіттің өтінішін қабыл алмады. Оларға мерекеге келуге тыйым салынып қана қоймай, Дәуіттің беделіне де күмән келтірілді:

“Набал оларға дөрекі жауап беріп:

— Дәуіт деген кім өзі? Есейдің бұл баласы кім екен? Бүгінде қожаларынан қашып, босып жүрген құлдар толып жүр! Неліктен наным мен сусынымды, қырықтықшыларыма арнап сойылған малымның етін қайдан келе қалғаны белгісіз біреулерге бере салуым керек?! — деді. Жігіттері қайтып келіп, осы сөздердің барлығын Дәуітке баяндап берді» (1 Пат. 25:10, 12).

Осындай жағдайда өзіңізді қалай сезінер едіңіз? Набал Дәуітті соңынан ерген адамдардың алдында қорланды, оны қашқын деп айыптады, осылайша Дәуіттің және оның отбасының беделіне нұқсан келтірді. Дәуіт мына күтпеген қорлыққа таң қалып, өткір жауап берді!

«Сонда ол адамдарына: «Семсерлеріңді асыныңдар!» — деп бұйырды. Бәрі де, Дәуіттің өзі де семсерлерін асынып алды. Төрт жүздей адам онымен бірге аттанып, қалған екі жүзі тұрақтаған жерлерін күзетіп қалып қойды» (1 Пат. 25:13).

Дәуіт ашуға бой алдырды. Ол Құдайға адал қызмет еткенімен, өзіне тағылған мойынсұнбайтын құл деген айыпқа әбден тойған еді. Ол қожайынынан қашып жүрген жоқ, тығылуға мәжбүр болды. Дәуіттің жан дүниесінде жылдар бойы жиналған ашу-ыза Набалға төгілгелі тұр. Оның төзімі таусылғаны сонша, Құдайдың алдында адал болғаны үшін берілетін сыйға күмәнданды. Дәуіттің сөзін оқып көрейік:

*«Ал Дәуіт Набалға қатты өшігіп: «Сол кісінің қыратты аймақтағы бүкіл мал-мүлкіне қарап, ештеңесін жоғалтпай күзеткенім бекер болыпты! Ол істеген*



жақсылығыма жамандықпен қайтарып отыр, міне! Егер таң атқанша оның иелігіндегі еркектерінің бірде-біреуін тірі қалдырсам, Құдай мені жазалаған үстіне жазаласын!» — деген болатын» (1 Пат. 25:21, 22, курсив атордыкі).

Дәуіт қойларды қорғаушы шопаннан «оны өлтірейік» деп үндеу тастаған көшбасшыға айналды. Сауаптың адамнан емес, Құдайдан екенін ұмытқан адам сөйтеді. Дәуіт нағыз көшбасшы еді, сондықтан, сарбаздары жанына жиналып, ашулы басшысының соңынан ерді. Еш ойланбастан, қаруын асынып, аттарына қонды.

Келесі айтпағым мынау: Жұрттың бәрі жаппай сізге еретін болса да, бұл сіздің бағытыңыздың дұрыс екенін білдірмейді. Адамдар көсемнің соңынан ереді. Дәуіт ұлы көшбасшы болса да, тығырыққа тірелген сәтінде оған да даналық керек еді.

Дәуіт осы тығырыққа қалай кірді? Бәлкім, түкке тұрғысыз адамның сөздеріне мән беріп, сол сөздердің өзін жолдан тайдыруына мүмкіндік берді ме. Набалдың намысқа тиер сөздері Дәуітті адастырып жібере жаздады. Көптеген жылдар бойы Құдайға сенім артып жүрген Дәуіт бұл жолы мәселені өз қолына алуға дайын.

Сергек болмасаңыз, басқалардың сөздері сізге өзіңіздің кім екеніңізді ұмыттыруы мүмкін.

Дәуіт Саулға өзінің кінәсіздігін дәлелдемекке қанша күш салса да, патша тағына отыра алмады. Және тақ та енді Саулдыкі емес, сондықтан ол тақтан бас тарта алмайды да. Патшалық оның қолынан алынды. Құдай Дәуітті шеттетілу арқылы тазартып, сенімін нығайтты, бұл сынақтан Саул өте алмаған еді.

**Басқалардың сөздеріне ерсеңіз, өзіңіздің кім екеніңізді ұмытып кетуіңіз мүмкін.**

Бәрімізді де біреулер сынап-мінep, көңілімізді алаңдатады. Мен адамдар өз пікірін білдірмейтін өмірдің қандай да бір саласын білмеймін. Ең бастысы, сын бізді жолымыздан тайдырмай, жүрегімізді тазартатындай етіп қолдана білу.

Дәуітті Самуил Саул мен Набалды өлтіру үшін емес, Исраилге

билік ету үшін майлаған. Құдайдың уәдесінің орындалуына аз қалған еді, ақымақ Набалға назары ауып, Дәуіт одан айырылып қала жаздады.

Мына ескертуге мән беріңіз: ақымақ адамдардың мақсаты – сізді адастырып, Құдай қойған мақсаттан алшақтату. Ақымақтар не дейді? Олар Құдайдың құзырына және бар екендігіне күмән келтіреді. Мысалы: «Құдай сені тастап кетті», «Құдайға адал болудан пайда жоқ», «Құдай саған жақтас емес» деген сияқты сөздерді айтады.

Дәуіттің бір кездері өзі қорғаған адамдарды өлтіруі Набалдың: «Дәуіт деген кім?» деген сұрағына қорқынышты жауап болар еді.

Дәуіт сол жолы ашуға бой алдырса, кейін Дәуіт пен оның сарбаздары қой қырқу кезіндегі тойларға қаншалықты жиі шақыру алады деп ойлайсыз? Мен оларды ешқашан шақырмас еді деп ойлаймын. Набалдың ақымақтығына бола Дәуіт өзінің кім екенін ұмытып кете жаздады.

Даналықтың семсерін асынған батыл әйел Әбигел үшін Құдайға шүкіршілік. Ол Дәуіттің алдында тағзым етіп, күйеуі қорлағанды құрметтеп, Дәуіттің кім және кімдікі екенін еске салды.

«Тақсыр, күңіңіздің кінәсін кешіре көріңіз. Жаратқан Ие өзіңізге және әулетіңізге тұрақты патшалық құрғызады. Себебі Жаратқан Ие үшін соғысып жүрсіз, әрі өмір бойы ешбір зұлымдық жасамай келесіз. Өлтіру үшін сізді біреу құып жүрсе де, Құдай Иеңіз өміріңізді көзінің қарашығындай сақтайды, ал жауларыңыздың өмірлері сақпаннан атылған тас іспетті ғайып болады. Тақсыр, Жаратқан Ие алдын ала уәде еткен игіліктерінің бәрін сыйлап, сізді Исраилдің басшысы етіп қойған кезде, адам баласының қанын бекерден-бекер төгіп, кегімді қайтардым-ау деген ой өзіңізді мазалап жегідей жемейтін болады. Лайым Жаратқан Ие сізді жарылқасын! Өзіңіз күңіңізді есіңізден шығара көрмеңіз» (1 Пат. 25:28-31).

Осы үзіндіден не түйе аламыз:

1. Үйлерді бір Құдай ғана нығайтады.
2. Киелі Рухтың жетелеуімен жүргенімізде, Құдай бізді қорғайды.
3. Жауларымызбен арадағы дауды шешу жолы – Құдайдың қолында.
4. Құдай сені әлдебір дәрежеге жеткізсе, сол дәрежеңді өзіңді қорғау мақсатында пайдалануыңа болмайды.
5. Басқаларға үкім шығару, олардың құтқарылу-құтқарылмауы тек Құдайға тиесілі, оған араласуға болмайды.

Әбигелдің сөздері Дәуітті тоқтатқаны үшін Құдайға шүкір, ол Құдайдың билігін және өміріне берген уәделерін есіне алды. Көп ұзамай, Әбигел Дәуітке тұрмысқа шықты, ал қуғындағы қызметші патша тағына отырды.

*Үнсіздік – ұлы нәрселер қалыптасатын элемент; уақыт өте келе олар толық қалыптасып, салтанатты түрде Өмірден айқын көрініс табады, олардың билігі жалғаса береді.*

– Томас Карлайл

## Қарудың жаңа түрі

Құрметті аналар, әпкелер, сіңлілер және құрбылар, сізді әлдебіреу ренжіткен кезіңіз болуы мүмкін. Бәлкім, сіздің атыңызға кір жағылған шығар. Мүмкін, сізді үйінің табалдырығынан аттатпайтын адамдар бар шығар. Маған сеніңіз, мен сізді түсінемін. Бірақ сіз шынымен реніштің немесе қандай да бір түсінбеушіліктің тағдырыңызды бұзуына жол бермексіз бе? Ереуілге шыққыңыз келетін шығар, бірақ осы жағдайға ең қолайлы деп ойлап, қазір қолыңызда ұстап отырған семсеріңіз кек деп аталады және ол сізге мүлдем жараспайды. Бұл семсерді белдігіңізден шешіп, оны жерге қойыңыз.

Мүмкін сіз біреу ренжітіп, қорлаған құрбыңызға жаныңыз ашып жүр ме. Олай болса, оған дереу жолғыңыз да, Құдайдың уәделерін есіне салыңыз, құрбыңыз нық тұрып, шынайы қорғаушымыз Құдайдың не істейтінін көрсін. Қымбаттым, Құдай үйіңді нығайтады және сені барлық жолдарыңда қорғайды. Сенімен жауласып жүргендерді жазалау жолын ойластырудың қажеті жоқ. Құдай бәрін реттеп қойған; Сабырлы бол және Оның әділ Төреші екеніне күмәнданба. Бізге өзін-өзі қорғау ұстанымын өзгерту уақыты келді. Біз басқалар үшін соғысқанда, Құдай біз үшін күреседі.

Басқа қаруды – үнсіздік деп аталатын семсерді – қолыңа ал. Ол қазір қынапта. Иса бұл семсерді шебер қолданған. Ол бұл қаруды назардан тыс қалдырған жоқ. Өз өмірін үнсіз қиып, біздің өмірімізді сақтап қалды. Үн қатса немесе қолын көтерсе болғаны, аспанның бар күші жерге түсетінін біле тұра, үнсіз қалудың қандай болғанын елестетіп көрші. Жер бетіндегі әлсіз билеушілер Жаратушысына тіл тигізгенде, тіс жармаудың қандай болғанын елестетіп көрші. Көктегі әділдіктің жердегі көрінісі бола тұрып, жабылған жалаға төзу қандай болғанын елестетіп көр (Жохан 5:22). Исаның үн қатпауының себебі айтарға сөз таппағаны емес, Оның Өзі жауап еді.

«Сонда бас діни қызметкер орнынан тұрып, Исадан:  
— Ешқандай жауап бермейсің бе? Мыналар Саған қарсы не деп куәлік беріп тұр? — деп сұрады. Бірақ Иса үндемеді. Сонда бас діни қызметкер Оған:  
— Мәңгі тірі Құдайдың алдында ант етіп, бізге айтып бер: Сен Құдайдың рухани Ұлы — Мәсіхсің бе? — деген сұрақ қойды» (Матай 26:62, 63).

Сөз де, сыбыр да, күрсініс те, бас изеу де, көз аларту да жоқ. Үнсіздік... құрбандыққа шалынатын тоқтының үнсіздігіндей. Айтатын сөзі жоқтықтан емес, үндемеуге бел байлағаннан.

Сол сияқты, кейде, айтарымыз көп болып, ішімізге симай кететін кездер болады. Жалған айып тағылды, біреу бізді дұрыс түсінбеді, шындықты іздеп, басын қатырмайтын адамдардың алдында жаман атты қылды. Өз пайымыңды тоқтата тұр да, Құдайдың қалай жауап беретінін көр. Күдікті адам полиция

қолына түскенде, оған Миранданың құқықтары оқылады, ол заңгерлік кеңессіз өзіне қарсы күәлік бермеу үшін «үндемей қалуға құқығыңыз бар» деген әйгілі ескерту. Кейде үндемей біздің құқығымыз екенін еске салу керек.

*Зорлық-зомбылық әдістерін қолданудан бас тарту – күшті және әділ қару. Расында да, бұл қару жара салмай жеңеді әрі ұстаған адамды асылдандырады. Бұл емші семсер.*

– Кіші Мартин Лютер Кинг

Егер Құдайдың шынайы Ұлы, жалғыз кінәсіз Иса үндемей құқығын пайдаланып, өлім алдында өзін қорғаудан бас тартқан болса, тірі жүрген біз де солай ете алатынымыз сөзсіз. Иса үнсіз алға басып, біз үшін болып жатқан шайқаста біздің орнымызды басты.

Ол жазықсыз болса да, біздің кінәміз Оның мойнына ілінді және Ол оны шешкісі келмеді.

«Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты. Ол зорлық көріп қиналды, алайда аузын ашпады. Оны тоқты сияқты сойылатын жерге алып барды. Ол қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді тіс жармады» (Ишая 53:6, 7).

Жол көрсеткеннен әлем теріс айналды. Шындығында, Иса тіс жармағанда, үні жер жарды. Көктің сөзі Оның алдында тұрғанда, жердегі сөздерді айтудың қажеті жоқ еді, олар Құдайдың Ұлына үкім шығару арқылы өздерін айыптаған кезде, Өзі арқылы бәрі ақталу үшін Ол үнсіз қалды.

Қай шайқастарда үнсіздік семсерін қолданғаның дұрыс? Мұны түсіну үшін өміріңде үндемей қалу қиын болатын салаларға қара.

«Мәсіх Өзіне тіл тигізгендерге жаман сөз қайырмады, азап көрген кезде де оларды қорқытпады. Қайта, Ол ісін әділ Соттаушыға тапсырды» (1 Пет. 2:23).

Үндемей, қарап тұруға дайынсың ба? Қоқан-лоққы салған, тіл тигізген, жалған айып тағылған сәттерде Құдайға сенім арту – тұрақты, үздіксіз, кейде тіпті күнделікті процесс. Әпкелерім мен сіңлілерім, бұл біздің қолымыздан келеді. Өйткені, Иса бұл сынақтан бізден бұрын өтіп, бізге жол дайындап қойған.


*Қымбатты Көктегі Әке,*

*Мен саған Исаның атымен келдім. Бүгін мен өз ойымды айту құқығынан бас тартып, үндемеу құқығымды пайдалануды таңдадым. Киелі Рух, маған қашан үндемей, қашан сөйлеу керектігін білу үшін даналық бер. Мен Сенің алдыңда жүрегімді тыныштандырып, менімен сөйлесуіңді сұраймын. Саған қарсы күнә жасамас үшін аузымды бақ. Өсек таратқаным үшін мені кешіре гөр. Сенің даналығыңа мойынсұнамын және Сенің Сөзіңнің кеңесімен жан дүниемді басқарамын. Басқалардың сөздері менің кім екенімді анықтауына бұдан былай жол бермеймін. Мені қорғау үшін Өз өміріңді қидың, Сен ғана шындық пен әділетсің. Өзімнен ақыл сұрап, ойлағанымды әдейі айтқан кездерімді кешір. Дұшпанымның мені жеңер қаупі бар шайқастардың бәрінде менімен бірге бола гөр. Бұдан былай қақтығыс отын тұтатпайтын боламын. Дұшпанның шабуылдары қауіп төндіргенде, Саған үміт артатын боламын. Бұл шайқаста Сенің жеңіске жеткеніңе нық сеніп, мызғымай тұрамын. Исаның атымен. Аумин.*

## Кешірім мен қалпына келтіру семсері

*Кейде бір шайқастағы жеңіліс бүкіл соғыстағы жеңіске жаңа жол ашады.*

– Дональд Трамп



Тақтың етегінде жатқан семсерді елестетіңіз. Семсер біраз уақыт төмен жатса да, кейінірек біреудің қолында үлкен мақсат үшін көтеріледі. Басқыншы феодалдар бір кездері өздеріне қарсы көтеріліске шыққан вассалдардан адалдықты талап ететін. Әрбір жаңа дворян патшаның алдына шығып, оның алдына семсерін қойды, ал өзі қожайынының аяғына сәжде етті. Кейде патша бір вассалдың мойнына аяғын қояды. Бұл позицияда вассал семсерін қайтармас бұрын жаңа қожайынына адал болуға ант берген.

Бұл тарауда ниеттерімізді таразылауға мүмкіндігіміз бар. Біз біреуге қарсы күресіп жатырмыз ба, әлде бір нәрсеге қарсы ма, әлде шын мәнінде тек өз мүддемізді көздеп жатырмыз ба, осыны түсіну маңызды.

Мысалы, сіз абортқа қарсы болуыңыз мүмкін, бірақ бұл сіздің міндетті түрде өмірді жақтайтыныңызды білдірмейді. Аборт жасайтын емхананың алдында плакат ұстап қарсылық білдіру бір бөлек, күйеуге шықпаған анаға немесе қалаусыз балаға жүрегіңіз бен үйіңізді ашу бір басқа. Сіз өлтіруге қарсы болуыңыз мүмкін, бірақ бұл өмірді қорғау үшін қолыңыздан

келгеннің бәрін жасауға дайын екеніңізді білдірмейді.

Жеке құқықтарымыз бен пікірлерімізден гөрі үлкен мақсатқа адал болуға бел байлағанда, ниеттеріміздің өзгергенін байқаймыз. Бізге Рухтың семсері сеніп тапсырылған, бірақ ол жарақаттауға арналмаған. Біз тұтқындарды ұрып-соқпаймыз, қорқытып, байлап қоймаймыз, қайта азат етеміз. Әрқашан одан да көп нәрсе болады.

Біздің соғыс қаруларымыз осы дүниенің азғын жаратылысымен күресу үшін берілмеген. Біз өзіміз туылған планетадан басқа планетаның ережелері бойынша соғысамыз. Қару-жарақ жасалған жерінің заңдарына сәйкес қолданылуы керек. Біздің қаруларымыз «металл» тазартылғанда шынайы жарыққа айналатын жерден келеді, ал семсердің жүзі дәл және қатесіз сұғылады. Семсеріміз жаншиды да, емдейді де. Сондықтан бұл таңғажайып рухани қаруды әрқашан тек тазарту ниетімен көтеруіміз керек.

Ғалаттықтарға арналған хатта адам қаруының түрлері мен олардың қолданылу мақсаты егжей-тегжейлі сипатталған: бақсылық, өшпенділік немесе дұшпандық, ашу, жанжал, келіспеушілік, күпірлік, қызғаныш және кісі өлтіру. Бұлардың бәрі азғандықтың салдарынан бізге мұра болып қалған жердегі тәсілдер.

Осы «лас» құралдардың әрекетіне қарсы елші Пауыл біздің билігіміздің себебін көрсету үшін келесі үзіндіде бір маңызды ақиқатқа көзімізді ашады.

«Иеміз бізге сендерге зиян келтіру үшін емес, сенімдеріңді нығайту үшін билік берген болатын. Сол билігіммен емін-еркін мақтансам да, ұятқа қалмас едім» (2 Қор. 10:8).

Біз бәрін қирату үшін емес, қайта қалап тұрғызу үшін күресеміз. Аспанның бізге билікті зұлымдықты жою үшін берді. Егер мен Құдай Сөзінің семсерін отыз жыл бойы өзіммен бірге алып жүрсем, мен оны әрқашан жақсы ұстадым дегенді білдірмейді. Кейде мен оны ашумен ластап, емделуге тиісті нәрсені шаншып алдым. Басқа жағдайларда мен семсерді



суырып алып, тұтқындардың кісенін бұзудың орнына, қаруымды қынабынан шығарған жоқпын.

Балаларым кішкентай болған соң, семсерім демалып жатқандай төсектің жанында ұзақ жатты. Мен Забур жырларын оқу үшін Киелі кітаптың беттерін парақтап, армандар әлеміне оңай еніп кететінмін. Айлар өтті, мен семсерімді қынынан шығармай, күн тәртібі мен шаруаларымды бұзбай, семсерімнің өткір ұштарынан сақтықпен аулақ болдым.

Осы тарауда мен сізге жағымсыз шабуылдарға толы, бірақ жеңіспен аяқталған ұзақ жеке семсерлесу турнирінен қалай өткенімді айтып бергім келеді.



Мәсіхші болғаннан кейін көп ұзамай мен Құдайдың қолы менімен бірге екенін және мені адамдарға қызмет етуге бағыттайтынын білдім. Қызметімнің қандай болатынын білмесем де, шын жүректен дайындала бастадым. Киелі кітапты оқыдым, қауымға бардым, семинарларға қатыстым және қызмет еттім. Көптеген қызметтердің бірінде бір қонақ уағызшы: «Егер сіздің бүкіл отбасыңыз құтқарылмаса, Құдай Сөзін адамдарға уағыздау туралы ойлай көрмеңіз» деді. Ең жақын туыстарымызға Ізгі хабардың ақиқатын дәлелдеу үшін өз өміріміз жеткілікті түрде нанымды болмаса, неге басқа адамдар сізді тыңдауы керек деп түсіндірді. Сол жалынды сөздердің шындықтан алыс екенін енді түсінемін, бірақ сол сәтте мен оларды шындық деп қабылдадым.

Әкемді құтқару мүмкін болмағандықтан, мен ол үшін дұға етуге көбірек уақыт бөле бастадым. Ол адасып кеткен күнәкар деп атайтын классикалық мысал болды. Тынымсыз шылым шегетін, тынымсыз ішетін, тым болмаса бір ауыз балағат сөз қолданбай бір сөйлем айта алмайтын адам. Менің түсінуімше, ол неке адалдығын да бұзды. Балаларына еш көңіл аудармаған.

Әкем бізге қонаққа алғаш келгенде Джон екеуіміз Далласта тұрдық. Мен оны бірден қауымға сүйреп апардым. Қызмет барысында оған қарап отырдым. Ол өз күнәсінің ауырлығын,

қызының жақтырмаушылығын және Киелі Рухтың әшкерелеуін сезінеді деп үміттендім. Бағушы: «Егер сен бүгін түнде өлсең, қайда барар едің?» деген сұрақ қойғанда, әкемнің сенімге деген ынтасы пайда болады деп үміттендім.

Әкем тым болмаса басын иіп ойға батқан болар деп ойладым. Бірақ ол жаңағы сұраққа жауап ретінде: «Мен сенімен бірге тозаққа түсемін!» дегендей, қызметшіге қадалып қарап қалды.

Тәубеге шақырғанда әкем тіпті селт етпеді. Амалсыздан мен оны алға тартпақ болып қолын алдым. Ол жиіркенішпен қолын жұлып алды. «Мүмкін ол тәубе етудің маңызын түсінбейтін шығар», – деп ойладым. Түсінікті болу үшін жақырынақ отырдым да: «Әке, Иса жалғыз жол. Қазір мінәжат етпесең, тозаққа барасың», – деп сыбырладым.

Бұл аян әкемнің қорғанысын жарып өте алмады. Ол тек бәріңді қарғыс атсын деп ашуланып кетті. Оның жүрегіне апаратын есікті таптым деп ойлаған кезімде ол есіктердің барлығы жабық болып шықты.

Әкем шуақты, жылы Флоридадағы алаңсыз өміріне оралып, Киелі кітапқа құмар қызын Техасқа тастап кеткенде, жеңіл дем алды.

Бірақ менен құтылу оңай емес. Мен Флоридадағы барлық достарыммен хабарласып, әкемнің телефон нөмірін бердім. Бұл мүлдем бейтаныс адамдар әкем үшін мінсіз уағызшыларға айналуы үшін дұға еткенімде сенімім артып еді. Бұл әрекет сәтсіз болған кезде, мен ауыр қару уақыты келді деп шештім. Ораза ұстауға және әкемнің тәубе етуіне дұға ету үшін толық демалыс күнімді арнадым. Мақсатымнан бас тартпадым. Бөлмені аралап, дұға еттім, еденге жатып, жыладым, Киелі кітапты ашып тізе бүгіп, Құдайдың уәделерін оқыдым. Көп ұзамай телефон шырылдайтын шығар деген үмітпен телефонға қайта-қайта қарай бердім. Әне-міне әкемнің дауысын естіп, ол шайтанның уысынан қалай құтылғанын айтатынын күттім.

Телефон шырылдаған жоқ, бірақ мен көктегі Әкемнің дауысын естідім. Ол сыбырлап: «Лиза, әкеңді қатты жақсы көретініңді білемін. Бірақ Менің оған деген сүйіспеншілігім сенікінен үлен екенін білесің бе?» деп сұрады.

Шынымды айтсам, бұл сөз мені қатты таң қалдырды. Біраз уақыт үнсіз отырдым. Ол сөзін жалғастырды: «Мен әкеңнің менімен бірге болғанын сенен де қатты қалаймын. Лиза, оның өмірін менің қолыма тапсыр... Сен оны құтқара алмайсың».

Сонда Құдай маған Киелі Кітаптағы уәдені есіме түсірді: «"Иеміз Иса Мәсіхке сен, сонда өзің де, үй ішің де құтқарыласыңдар!"» (Елшілердің істері 16:31). Бұл әкең туралы Менің саған берген уәдем. Оған сен және әбігерлікті тоқтат. Әкеңді жақсы көрсең болғаны».

Мен бұл аятты Киелі кітаптан тауып, астын сыздым да, Оның Сөзіне үміт арттым.

*Сенім дегеніміз – Құдайдың жолдарын қазір  
түсінбесеңіз де,*

*Оның мінезіне сенуге деген шешім.*

– Освальд Чемберс



Көп ұзамай тұңғыш ұлым Аддисон дүниеге келді, ал біздің отбасымыз Флоридаға, әкем тұратын қалаға көшті. Содан кейін, Алек дүниеге келмей тұрып, әкем жұмысынан айырылып, басқа қалаға көшті. Ол жерге көлікпен бірнеше сағат жол жүріп жетуге болаты. Әкем жаңа бастау алғысы келді, бірақ оның жасындағы адамға жұмыс табу қиын. Бұрын ол үйлер мен саяжайларды салып ақша тапса, енді үйлерді жөндеуге кірісті. Ол депрессияға түсіп, кешке ғана емес, күндіз де ішетін болды. Ол біздің үйімізге келуді қойды, ал біз оған келсек, таңертеңнен мас болатын. Әкемнің үйіне барудан балаларым қорқатын болды. Олар аталарының неге мұндай дөрекі сөздермен балағаттап, шу шығарып, мені бұрынғы әйелінің атымен шақыратынын түсінбеді.

Желтоқсанның бір күнінде бәрі өзгерді. Жаңа жыл мерекесінің ертеңіне әкемнің әуесісімен бірге тұратын пәтеріне қонаққа бардық. Біз оларды кіреберістің жанында көреміз деп күткен едік, бірақ есіктің әйнегіне бекітілген қағазды ғана

таптық. «Кешіріңдер, менің жоспарым өзгерді» деп қисық әріптермен жазылған.

Қағазда оның кімге арналғаны көрсетілмеген, кімнен екені болған да жоқ. Келетінімізді айтып, үйден шықпай тұрып телефон соғып едік. Бірнеше сағат жол жүрдік. Жоспар өзгерді дейді ме? Қолыма мыжылған қағазбен үнсіз тұрып қалдым. Балалар: «Ата қайда кетті?» деп сұрап жатты.

Алдымыздан жағажай көрінді. Мен жақын жерде әкемнің бізге қалай күлетінін елестеттім. Не айтарымды білмедім. Көлікке қайта келе жатқанымызда Джон балаларға бірдеңе деп жауап берді.

Ұяттан тала жаздап, күйіп қалдым. Джон мен ұлдарымнан қайта-қайта кешірім сұрадым. «Джонның ата-анасы ешқашан балалары мен немерелерінің келетінін білгенде, барға қашып кетпейтін еді» деп ойлап, жол бойы жыладым.

Жолда бес сағат уақыт өткізу балалар үшін өте көп. Сапардың мақсаты орындалмай, аналары жол бойы жылағанын ескерсек, тіпті жаман. Көліктің артқы орындығынан маған жете алатын екі балам иығымнан қағып, өзінше жұбатып отырды: «Анашым, уайымдама, бәрі жақсы».

Мен батыл болуға тырыстым, бірақ одан жақсы ештеңе шықпады.

Келесі күні Джон Швецияға ұшып кетті. Ұшаққа шығарып салып, онымен қоштасқаннан кейін мен үйге қайтып, балаларды серуендеуге жібердім. Өзім мадақтау әндерін қостым да, жерге жатып, дұға еттім. Құдайдан: «Әкем мені неге жақсы көрмейді? Менің балаларыммен неге уақыт өткізгісі келмейді? Сенің берген уәдең қашан орындалады?» деп сұрадым.

Кілемге бетімді көміп жыладым. Кенеттен бір ой келді... Мен әкесіз қалдым! Менің әкем бар, бірақ ол ештеңеге араласқысы келмейді! Мазамды алмаңдар деп өзін бәрінен алшақтатқан. Ол мені білгісі келмейді. Мен тіпті өз ойымды дауыстап айтып, көз жасыма ерік бердім. Бірақ мен жылап жібере сала Құдайдың күлкісі деп атауға болатын дыбысты естідім. Сол сәтте оның анық естілгені сонша, басымды көтеріп, жан-жағыма қарадым. Сонда: «Сен бәріне қате қарап отырсың. Бұл жайтты әкеңнің

қызынан бас тартқаны деп ойлап отырсың, бірақ мен оны перзентім ретінде қабылдау деп санаймын» деген сыбырды естідім.

— Құдайым, ол не дегенің?

— Жердегі әкең сенен мүлдем бастартқанда, мен сені Өзімнің қызым ретінде қабылдаймын. Әкең сенен де, балаларыңнан да бас тартты деуге болады. Енді біздің арамызда ештеңе тұрған жоқ. Сен толығымен менікісің.

— Шынымен де солай ма? Мен дұрыс естідім бе?

— Джонға бірдеңе керек болса, ол әкесіне қоңырау салады. Саған бірдеңе керек болса, дереу Маған кел.

— Жақсы, жарайды. Мәссаған!

Әкесіз екенімді түсінген сәтте-ақ Құдай мені туған қызы еткенін түсіндім! Осы шындықты менімен бөлісе алғанына Құдайдың риза болғанын қатты сезіндім. Мен кенеттен осы жаңа ақиқатты түсінгеніме қатты күліп жібердім. Көз жасымды сүртіп, орнымнан тұрып, қолымды көтердім де, бар жаныммен Құдайға құлшылық ете бастадым. Маған осындай қамқорлық жасайтын нағыз жақсы Әке ғана.

Содан бері әкемнен әлдене күтуді қойдым. Ол маған ештеңе қарыз емес – келіп тұру, қолдау, қамқорлық, сыйлықтар – ештеңе жоқ. Тіпті бір жылы сөз де жоқ.

Мен мұны түсінгеннен кейін көп ұзамай біздің отбасы Флоридадан Колорадоға көшіп кетті, ал әкеммен өте сирек көрісетін болдық. Ол ішімдікке әуес болғаннан, онымен кездесу қауіпті болуы мүмкін. Біз штаттан кетпей тұрып, мен оны қоштасу үшін үйімізге қонаққа шақырдым. Ол бас тартты. Сонымен, әкемнің бір күні құтқарылатыны туралы Құдайдың уәдесіне берік сеніп, Флоридадан кеттім.



Келесі жолы ағам Джоуи екеуіміз әкеме барғанымызда, ол мені танымай қалды. Көп жылғы маскүнемдік оның санасына, есте сақтау қабілетіне әсер етті. Біз болған уақыттың көп

бөлігінде ол мені өзінің бұрынғы әуейісі немесе бұрынғы әйелі деп ойлады. Ақыры есін жиып, қызы екенімді түсінгенде, маған жоғары-төмен қарап, арықтағанымға рахмет айтты. Ол мені соңғы рет көргенде томпақ екенімнен шошып кеткен сияқты. Он бес жасымда да топмақтығымды ұнатпайтынын ашық айтатын. Осының кесірінен жастайымнан тамаққа деген нашар көзқарасым пайда болды.

Мен оған ұлдарымның суреттерін көрсетуге тырыстым, оған біздің өміріміздегі оқиғаларды айтып бергім келді, бірақ ол тыңдамады. Балаларым атасын көрсін деп, ағам оны суретке түсіруге тырысты. Бірақ әкем балағаттап ұрысып, камераны тартып алды. Бұл эпизод менің жадымда ащы із қалдырды.

Үйге оралғанымда, Құдайдың менің өміріме уәде еткенін тағы да ақырын айтқанын естідім:

«Тыңда, қызым, ұғып ал, тос құлағыңды:

Ұмыт шыққан әулетің мен халқыңды,

Патша аңсап қалайды сұлулығыңды,

Ол тақсыр иең сенің, ардақта оны!» (Заб. 44:11, 12).

Мен жердегі әкемнің алдында енді қайғырмайтын болдым. Бұл менің Патшамның қалауы еді.



Жылдар өтіп бара жатты. Әкемнің ауруының асқынып кеткені сонша, әуейісінің оны ауруханаға жатқызудан басқа амалы қалмады. 2009 жылдың желтоқсан айында мен онымен соңғы рет көрісіп қайтуға бардым. Мен үлкен ұлым Аддисонды, оның сұлу әйелі Джулианнаны және олардың бірінші баласы Ашерді өзіммен бірге алып бардым. Әкемнің тұңғыш шөбересін көргенін қаладым. Әкем жатқан қарттар үйіне келгенімізде, бізді суреттерден таниды деген үмітпен үстелге суреттерді тізіп қойдым. Суреттердің бірінде әкем және сол кезде бір жасар Эддисон бейнеленген. Әкемнің жанында тұрған бойы биік жас жігітті көрсетіп, бұл менің ұлым, оның немересі екенін түсіндірдім. Әкем басын изеп, фотосуреттердің барлығын

бірден еске сақтағысы келгендей ақырын бір-бірден қарап шықты.

Сосын әкемнің естеліктерінің жіптері бір-бірімен астасып, отбасының сұлбасын құра бастағанын байқадым. Ол басын көтеріп, маған, Джулиге, Ашерге, Аддисонға, әрқайсымызға кезек-кезек қарады. Кенеттен бәрімізді танығанын түсіндім. Ол ақырын басын төмен түсіріп, қолындағы фотосуретті, сосын Аддисонды саусағымен түртті. Ол бәрімізді таныған кезде оның бұрында қандай адам болғанын көріп қалдым. Нәзік перденің ішінен қарағандай болдым. Бір сәт есін жиып, бізге оралған сияқты. Бұл қаншалықты ұзаққа созылатынын мен білмедім.

Ішімнен: «Көктегі Әке, қазір мен не айтуым керек?» деп мінәжат еттім.

«Оның жақсы әке болғанын айт», – деген жауап бірден келді. Абдырап қалдым.

«Жақсы әке?! – Төбемнен жай түскендей қатып қалдым. – Бұл өтірік! Мен оған өтірік айтпаймын... әсіресе қазір! Ол жақсы әке болған жоқ».

Сосын: «Ол мүмкіндігінше жақсы болды» деген сенімді растауды естідім.

Сенбестен, «Ол жақсы әке болуды үйрене алар еді» деп дауласа бастадым. Ойыма оның көршілерімен достасуы, кітап оқуы мүмкін деген әртүрлі нұсқалар келе бастады. Ол ешқашан мұны істеуге тырыспаған!

Менің барлық шабуылдарымды үнсіздікке тап болды. Бірнеше ондаған жыл бойы сенуші болғаннан түсінгенім, Құдай ешқашан дауласпайды. Мен қалағанымша дауласуыма болады, бірақ бәрібір Оның соңғы сөзі соңғы жауап болады. Емдеу үшін қалпына келтіру семсерін алатын уақыт келді.

Мен терең дем алып, науқас

**Семсерлесу  
өнеріне қатысты  
дерек:**

Күреске түскен екі тәжірибелі сайыскер қолдарынан гөрі бастарымен көбірек жұмыс істейді.

әкемнің қолынан ұстап, оның назарын аудару үшін қолын жоғары көтердім. Көзіне қарап, жаңа естіген сөздерімді қайталадым: «Сен жақсы әке болдың».

Әкем қозғалмай қатып қалды. Бүкіл денесін діріл басып, көздеріне жас толып кетті. Ол менің алақанымды сүйіп, бар күшін жинап мына сөздерді айтты: «Рахмет... саған».

Осы сөздермен бәрі өзгерді. Қарттар үйінің мазасыз ортасы сейіліп кетті, ал мен әкемнің жүрегі енді ғана ашылғанын аңғардым. Джулианна жылап жіберді, Аддисон әкем отырған орындықтың артына барып тұрды. Көп жыл бұрын Құдайдың маған берген Елшілердің істері кітабындағы уәдесіне сәйкес мінәжат ете бастадық. Біз әкемді құтқарғаны үшін Құдайға алғыс айтып, Жоханның Ізгі хабарында айтылғандай, ол не үшін күнәлі сезінсе, сол үшін кешірім жарияладық:

«Кімнің күнәларын кешсеңдер, солар кешіріледі, ал кімнің күнәларын кешпесеңдер, солар кешірілмейді»  
(Жохан 20:23).

Мінәжат етіп жатқанымзда, әкем саусағымды мейіріммен қысып, алақанымнан сүйгенін тоқтатпады. Бұл махаббат пен кешірудің киелі сәті болды. Оның ым-ишарасы бала сияқты таза, пәк еді. Оған соңғы рет барғанымда сезілген екіжүзділік жоқ.

Кездесудің соңында әкемнің қатты шаршағаны байқалды. Джулианна Ашермен қалды, ал біз Аддисон екеуіміз әкемді бөлмесіне апарып, төсекке жатқыздық. Кетер алдында мен медбикеден мекен-жайым мен телефон нөмірімнің дұрыс екенін тексеруін сұрадым. Дер кезінде менімен оңай хабарласуға болады. Әкемнің папкасына қосатын қағазды толтырып жатқанымда, әкем бөлмесінен шығып кетті. Оны шақырып едім, ол бізді мүлде танымайтындай, жанымыздан өте шықты. Лоуренс Уэлк шоуын көріп отырған бір топ әйелдерге барып қосылды. Жаңа ғана бір маңызды сәт болып еді, бірақ қазір әкем бейтаныс адамдай қайтадан алшақтап кетті.





Бір жыл өтті. 2010 жылдың қысы. Әкем туралы ойлаған сайын қатты мазасызданып, алаңдағаным есімде. Түн ортасында әкем қайтыс болды ма деп шошып оянатынмын. Анама уайымымды айттым, бірақ ол мені жұбатып, жақында көкем мен тәтемнің әкеммен көрісіп қайтқанын айтты. Әкеңнің хал-жағдайы жақсы деді. Бірақ бәрібір мазам кетті. Мен Джоуиден әкемізге тезірек баруын сұрадым.

Жаңа жыл қарсаңында кешкі асәзірлеп жатып, жаңалықтарды қарадым. Жүргізуші әкесінің қайтыс болғанын және оны қалай сағынатынын айтты. Көзімнен жас ағып кетті. Аң-таң болдым. Мен неге жылап отырмын? Мен бұл әйелді де, оның әкесін де танымаймын. Кенет Рұхтың былай дегенін естідім: «Биыл әкеңмен қоштасатын боласың, сондықтан жылап отырсың».

Қаңтардың алтысында мен Канадада қызмет еттім. Бөлмеде қатты алаңдаушылық сезімімен ояндым. Сағат түнгі үшті көрсетіп тұрды, бірақ қатты шаршағаным қарамастан қайтадан ұйықтай алмадым. Сол күні таңертең бес телебағдарлама мен бірнеше сабақтар топтамасын түсіруім керек еді. Бұл жұмыс, әрине, ақыл-ойдың анықтығын қажет етеді. Мен мінәжат еттім, оқыдым, музыка тыңдадым – бірақ бәрі бекер.

Таңертең тұла-бойым дірілдеп, сағат сайын күшейген толқу болды.

Бағдарламаларды жазғаннан кейін әуежайға бет алдым. Жолда ұялы телефонымды тексеріп отырып, бірнеше қоңыраулар мен хабарламаларды көрдім. Бірінші хабар үйден, кенже ұлымнан келді. Ол тіс ритейнерін жоғалтып алыпты. Жаңасын орнату үшін дәрігерге бірге баруымды өтінді. Мен соңғысына жеткенше барлық хабарламаларды тыңдадым. Ұшаққа асығып, кеденнен өтіп жатқан болатынмын, сондықтан соңғы хабарды қақпаға жеткенде тыңдаймын деп ойладым.

Заттарымды жинап болған соң «Тыңдау» батырмасын бастым. Әйел дауысы: «Өзіңіз білетіндей, әкеңіз хал үстінде жатыр. Әкеңізбен қоштасқыңыз келсе, бүгін келуіңіз керек...»

Хабарламаны соңына дейін тыңдамай, асығыс телефон нөмірін тердім. Миым үлкен жылдамдықпен зуылдап келе жатқан көліктей. «Мен қайдан білейін? Ешкім маған әкемнің жағдайын айтқан жоқ, оның жақында қайтыс болатынын мен кімнен білуім керек?». Құдайға шүкір, хабарлама қалдырған әйелмен сөйлесе алдым. Ол әкем жатқан ауруханаға көлікпен бара жатты. Оған Канада әуежайында отырғанымды, Денверге апаратын ұшағымды күтіп тұрғанымды түсіндірдім. Ол әкемнің жанында болғанда қайта хабарласуға уәде берді. Сосын ағама хабарласайын дедім, бірақ ол жиналыста екен. Джонға және бірнеше досыма қоңырау шалдым. Әлемім кенеттен айнала бастады. Орlandoға тікелей рейстерді тексердім, бірақ олардың ешқайсысына билет болмады.

Уақыт қалмады, Денверге ұшатын ұшаққа отырған ең соңғы жолаушылардың бірі болдым. Жолаушылар орындарына жайғасып жатқанда, мен медбикенің қоңырауын күттім. Стюардессалар есіктерді жауып, телефондарды өшіруді сұрайтын хабарлама шыққан кезде медбике қоңырау шалды. Ол әкемнің өзін нашар сезініп тұрғанын түсіндіріп, оған бірнеше сөз айтуым үшін телефонды оның құлағына жақындатуды ұсынды. Жанымдағылар естімесін деп, терезеге бұрылдым да: «Әке, бұл Лиза» дедім. Дауысым әрең шықты. «Сені жақсы көремін. Мені балық аулауға апарып, жүзуді және сүңгүді үйреткенің есіңде ме? Ертең келемін, бірақ су астында тағы біраз тұруға тынысың жетпесе, бара бер».

Тағы не айтарымды ойлап, кідіріп қалдым. Телефоннан тағы да медбикенің дауысы естілді. Одан әкем мені естіді ма деп сұрадым. Ол айқын реакция көрмегенін айтты, бірақ әкем мені естіген сияқты деді. Телефонды баяғыда өшіруім керек екені естім түсті де, онымен қоштастым.

Канададан Денверге ұшып баруға үш жарым сағат керек. Сол үш жарым сағат бойы ұшақта кітап оқыдым. Шынымды айтсам, қай кітап екені есімде де жоқ. Қонған бойда ағама хабарласпақ болдым. Ағамның дауысын естігенше оның нөмірін қатарынан бірнеше рет тердім.

Оған жағдайды түсіндірдім. Джоуи Калифорниядан Флоридаға сапарын жоспарлауды бастады. Колорадо

қысындағы қараңғы, суық түнде үйге қайтып бара жатқанымда, мен де барлық авиакомпанияларға қоңырау шалып, келесі күні таңертең жетіге рейс таптым. Үйге келген соң бірден ұлдарымды жинап, аталарының дүние салуға жақын екенін түсіндірдім. Олар мені тыңдап отырғанда, әкемнің оларға бейтаныс адаммен бірдей екенін түсіндім. Сапардан жаңа ғана оралсам да, оның үстінен Джон да сапар шегіп басқа қалаға кетсе де, ұлдарымды жалғыз қалдырып, тағы да кетіп қалудан басқа амалым жоқ. Балаларымды қимай, кеткім келмейтінін айттым.

Осы кезде үй телефоным мен ұялы телефоным шырылдады. Біріне үйленген ұлым, екіншісіне ағам хабарласты. Әкемнің қайтыс болғаны туралы хабар алдым. Осымен болды. Жерлеу рәсімі болған жоқ, өйткені әкем денесін кремациялау туралы өсиетхат қалдырды. Оны қайта көру бізге бұйырмады. Мен әкеме қамқор болған әлеуметтік қызметкермен қайтадан сөйлесіп, оның қайтыс болғанын айтқанымда жылап жібердім.

Сол түні жанымдағы мұңмен төсекке жаттым. Көрпеге оранып: «Құдайым, сен адалсың» деп қысқаша дұға еттім.

Қатты ұйқыға баттым да, таңқаларлықтай сергек ояндым.



Келесі апта бойы үйде болдым, содан кейін іс-сапарлар қайта басталды. Қаңтар, ақпан, наурыз және сәуір айларында мен жүздеген және мыңдаған адам жиналған әртүрлі жиналыстарда уағыз айттым және жиналыс сайын Құдайдың адалдығын жарияладым. Әкем туралы ойламауға тырыстым. Әкем үшін ештеңе істей алмадым. Кенеттен, 2011 жылдың мамыр айында мен Құдайдың адалдығына көз жеткіздім.

Флорида штатындағы Джексонвилл қаласында әйелдер конференциясында уағыз айттым. Бірінші кездесуде мен қызыл шашты сұлу бір жас әйелді байқадым. Неге екені белгісіз, жиналған мыңнан астам қыз-келіншектердің ішінде тек ол кісі есімде. Түстен кейінгі қызмет біткен соң, үзіліс кезінде мен оны тағы да байқадым.

Кешкі қызметке бара жатып, қонақүйдің фойесінде мен бұл қызыл шашты ханымды тағы да көрдім. Онымен сөйлескім

келіп, қасына бардым, бірақ мен бір сөз айтып үлгергенше, ол өзін таныстырды:

— Лиза, менің атым Эйприл. Біз телефонмен сөйлестік.

Мен Джексонвиллдегі Эйприл есімді қызбен сөйлестім бе деп оны есіме түсіруге тырыстым. Эйприл менің онымен сөйлескенім есімде жоқ екенін түсінді де, былай деді:

— Әкеңіз қайтыс болғанда, сізге қоңырау шалған мен едім.

«Эйприл ол жерде қайдан болуы мүмкін?». Әкем тұрған қарттар үйі мен Джексонвиллдің арасында көлікпен бес-алты сағат жүретін қашықтық бар. Түсінсем бұйырмасын.

— Сіздің келетініңізді естіп, осы конференцияға достарыммен келдім.

Мен қайран қалдым.

Эйприл сөзін жалғастырды:

— Мен соңғы бес жыл бойы сіздің әкеңіздің әлеуметтік қызметкері болдым. Емханадағы науқастардың арасында ол ең қиын кісі еді. Бастапқыда орналастырылған қарттар үйінен бірнеше рет ереже бұзғандықтан, оны шығарып жіберді. Ол қашып кетіп, көлік ұрлаған, бірақ полиция оны тауып алып, ұрып-соққан. Алайда, соңғы жылы ол періштедей болды.

Мен әлі бір ауыз сөз де айта алмадым, оған қадалып қарап қалдым.

— Ол мені көрген сайын қолымды сүйді, – деді ол.

Эйприлдің айтқанын елестету қиын болды. Өмірінің соңғы жылы әкем періштедей болды деді ме?

— Эйприл, әкем қайтыс болуынан бір жыл бұрын мен онымен көрісуге келіп едім.

— Иә, оны білемін. Әкеңіздің картасында сіздің атыңызды көрдім. Мен сіздің бірнеше кітаптарыңызды оқыдым, бірақ сіз келгенше ол кісінің қызы екеніңізді білген жоқпын. Мен ол үшін бірнеше жыл мінәжат еттім. Сіздің онымен қоштасу мүмкіндігіңіз болуы үшін қолымнан келетінін бәрін істегім келді.

Құдай адал. Мен әкемнің қасында болмаған кезде Ол әкемді мінәжатпен қоршап қойды. Сонымен қатар дұға еткенімізде әкем кешірімге ие болды деп сенемін. Сол сәтте әкемнің көктен

кешірім алғанына сенемін. Бір күннің ішінде әкем қиын, ашулы, мұңды шалдан жайдары, сүйкімді, мейірбан балаға айналды.

Өмірінің соңғы жылында тәубенің жемісі көрінгені анық. Мен мәңгілікке бармайынша көп нәрсені білмеймін және түсінбеймін, бірақ бір нәрсеге сенімдімін – әкемді жұмақта көретін боламын.

*Кешірім дегеніміз – күнәлардан арылу.*

*Кешірімнің арқасында жоғалып,  
табылғанның бәрі енді жоғалмайды.*

– Августин

Сол күні әкеме барғанымызда ол жоғалтқанының бәрін есіне түсірді деп жиі ойлаймын. Шөбересі Ашердің пәктігі оның мұра қалдыруға деген үмітін тудырған шығар деп ойлаймын. Менің ойымша, ол Аддисонның күші мен кемелдігін, Джулияның сұлулығы мен сымбатын көріп, жас махаббатқа куә болды. Мен оның жоғалған отбасының суреті болған шығармын деп ойлаймын. Сол күні кешке біз оны қашып құтыла алмайтын жерден таптық. Көп жыл бойы оның ішімдікке батуға тырысқан азабын көрдік. Біз оны жай ғана жақсы көрдік.

## Сенің хикаяң қандай?

Сүйіктім, сен ше? Мен сенің өміріңдегі оқиғаларды білмеймін, бірақ Құдайдың адал екенін айта аламын. Өміріңдегі қайғы мен көкірегіңдегі күйініштің көлеңкелері қолыңнан семсерді жұлып алуға тырысады ма? Шыны керек, мен әкеме Құдайдың маған берген сөздерін айтсам да, оны айыптай бердім. Бірақ, Құдайдың айтқанын сөйлегенде, өзімді босатқандай болдым. Біздің Патша бір әрекет арқылы екі жаққа да ем береді.

Емделмеген терең жаралар бізге зиян келтіреді. Аспанның сауықтырғысы келетін адамдарын жаралауымыз мүмкін. Патша сіздің жүрегіңізді жаулап алды, енді ол сіздің өміріңізді емдеу және қалпына келтіру мақсатында пайдаланғысы келеді.

*Кешіргеннен артық кек алудың жолы жоқ.*

– Джош Биллингс

Тұл қалу мен мұң семсерін Әкеге тапсырайық. Әкеміз оны қабылдаудың, қалпына келтірудің және таңғажайып кездесулердің семсеріне айналдырсын. Құдай сені қалпына келтіру делдалы ретінде қалай пайдаланғысы келеді? Адамдар ем мен өмір әкелетін сөздерге тапшы. Оны айту үшін Патша сені қайда жібере алады? Сен өзіңнің дайын сөздеріңді айтудың орнына Оның кеңесін айтуға дайынсың ба? Сені ренжіткен адамды жарылқауға дайынсың ба? Сенен менің сөздерімді қайталауды емес, қайта қалпына келтіруді талап ететін жағдайларда Әкенің сөзін айтуды сұраймын.

• • •

*Қымбатты Көктегі Әке,*

*Адалдығымның белгісі ретінде өмірімді Саған бағыштаймын. Түңіліп күресуден шаршадым. Сен Өз Сөзіңе, сүйіспеншілігіңе адалсың және Сенің барлық істерің шынымен де ізгі. Мен өз күшіммен көтергенімнің бәрін Саған беремін. Саған уақыт беремін және Сенен маған даналығың мен сөздеріңді беруіңді сұраймын. Мен бар адалдығымды Саған бергім келеді. Жаралау үшін емес, сауықтыру үшін мені толықтай қаруландырып жібер. Исаның атымен, амин.*

• • •

Соңғы тарауға көшкенде, мен алып жүруге болатын әрбір семсер түрін сипаттау үшін орын жеткіліксіз екенін түсінемін, өйткені семсер негізінен жеке қару болып табылады. Келесі бөлімде сізді үйіңізден ешқашан қарусыз шықпауға шақырамын.



ТӨРТІНШІ БӨЛІМ  
ЖІБЕРІЛГЕН





## Айқышты арқалау

*Біз өзімізді оятуымыз керек! Әйтпесе  
басқа біреу біздің орнымызды басып,  
айқышымызды көтеріп алады, осылайша  
біздің тәжімізді ұрлап алады.*

– Уильям Бут



Сіз бен бізде айқыш та, тәж де бар. Көбінесе біз көрінбейтін айқышты алып жүреміз. Біз оның әсерін көреміз, бірақ оның өзін көрмейміз. Сондай-ақ Мәсіхте бізге көзге көрінбейтін тәж берілді.

«Өзің ескеретіндей адам сонша кім?  
Сен қамқорлайтындай адам баласы кім?  
Оны періштелерден сәл төмен қойдың,  
Құрмет, салтанатты оған тәждей сыйладың,  
Бәрін де оған бағындырып бердің».

Құдай адам баласына бәрін де бағындырып берген кезде оған бағындырмаған еш нәрсені қалдырған жоқ. Алайда біз бәрінің де адам баласына бағынғандығын қазір көре алмаймыз» (Евр. 2:6-8).

Тәж біздің жердегі билігімізді білдіреді. Аспанның хабаршылары ретінде бізге осы патшалықтың күші қолдау көрсетеді.

*Мәсіхті, әсіресе, айқышқа шегеленген  
Мәсіхті танып білуді үйреніңіз. Оған ән  
арнап, «Ием Иса, Сен – менің әділдігімсің,  
мен – Сенің күнәңмін. Сен мендегіні Өзіңе  
алып, Өзіңдікін маған бердің. Мен басқа  
біреуге айналуым үшін,  
Сен Өзің болмаған Адамға айналдың».*

– Мартин Лютер

Тәжімізді киіп, айқышымызды алып жүреміз. Иса тәж киіп жүруіміз үшін айқышымызды көтеріп алды. Ол біздің кейпімізге еніп, бізге ұқсас болды. Біздің де Оған ұқсайтын уақытымыз келген жоқ па?

«Бұдан кейін Иса шәкірттеріне мынаны айтты:

— Маған еріп шәкіртім болғысы келген әркім өз еркі бойынша өмір сүруін қойсын, әрі айқышын арқалаған кісідей азапты өлімге дайын болып Менің жолыммен жүрсін!» (Матай 16:24).

Әрқайсымызға берілген осы жеке тапсырманы қалай орындай аламыз? Оның үш элементі бар: өзіңнен бас тарту, айқышты арқалау және Исаға еру. Менің өзімшіл қалауларым сенікінен бөлек, демек, айқышым өзге. Сенің айқышыңды мен арқаламаймын, менің айқышымды сен алып жүрмейсің.

Айқышты қалай алып жүру керектігін білуіміз үшін әуелі айқыш туралы бірнеше сұраққа жауап беруіміз керек. Иса нақты нені алып жүруімізді сұрайды? Айқышымызды қайдан табуға болады? Айқыш дегеніміз өміріміздегі ауыртпалық па? Әлде айқыш бір-біріне айқастыра шегеленген екі ағаш бөренеден гөрі жұмбақ нәрсені білдіреді ме? Айқыштың сұлулығы сонша, оған ешбір алқа тең келмейді. Мен құтқару жұмысы қолымызға бергеннің бәрі айқышта бар екеніне шын жүректен сенемін.

Айқыш – әшекей емес. Айқышымызды арқалау – бізге сеніп тапсырылған міндет. Осы соңғы бөлімде сіздермен айқышты ерлікпен арқалаудың не екенін бөліскім келеді.

## Айқыш туралы

Құтқарылу мейрамының қарсаңы болатын. Түнгі сағат екінің шамасында, ұйықтап бара жатқанымда, Киелі Рух менен: «Лиза, айқышыңды арқалау деген не?» - деп сұрады. Ұйқылы-ою жатып, «Өзіңнен бас тарту» деп күбірледім. Киелі Рухтың: «Жоқ, өзіңнен бас тарту – бірінші қадам ғана» дегенін анық естідім. Сосын мен: «Өз еркіңнен бас тарту ма?» – дедім, күмілжіп. «Өзінен бас тарту – өз еркіңді бағындыру дегенді білдіреді, айқышты арқалау деген сол ма?»

Бұл сұрақтың дұрыс жауабын білмейтінім анық болды. Дегенмен, сұрақтар тоқтаған жоқ.

«Айқышыңды арқалап жүрсің бе, әлде үйге тастап кеттің бе, соны қалай білуге болады?»

«Лиза, айқышыңның салмағы қандай?»

«Айқышыңды қайда сақтайсың?»

Көз алдыма шкафта ретсіз үйіліп жатқан заттар, кіреберіс есіктің қапталы келді. Көзімді ашуға тырысып, төсекке отырдым да, «білмеймін» деп сыбырлады.

Білместігімді мойындаған бойда сұрақтар тоқтады. Шынымды айтсам, мен айқыш туралы азды-көпті әр кітабымда жаздым, енді айқышымды анық суреттеу былай тұрсын, қайда екенін де білмейтін болып шықты.

Маған өте ұнайтыны, мұқтаждығымызды мойындаған сәтте Құдай оны бірден қамтамасыз етеді. Надандығымды мойындаған бойда жауаптар ағылып келе бастады. «Бұрын жасаған тізіміңді тап» дегенді естідім.

Бесінші тарауда айтқанымдай, сауалнама жүргізіп, айқыштың бір сөзден тұратын көптеген анықтамаларын жинадым. Бір жапырақ қағазға бес жүзден астам жауаптарды қолмен жазғанымды айтқан жоқпын. Мен Джонның жұмыс істейтін бөлмесіне барып, сол парақты таптым. Төсекке қайта жайғастым да, барлық анықтамаларды iPad-қа ауыстырдым. Міне, сөздердің біразын графикалық түрде орналастырдым.

Сауалнама кезінде алынған жауаптардың тізімін қарап отырып, нақты біреуін іздедім, алайда, ондай жауапты ешкім



«Бірақ [айқыш туралы] бұл құнды хабарды біз күнделікті өміріміздің қарапайым қыш ыдыстарында алып жүреміз» (2 Қор. 4:7).

Мен көтеріп жүрген айқыш – Оның мен үшін істегенінің бәрі, сен көтеріп жүрген айқыш сенің Ізгі хабарың немесе Оның сен үшін істегенінің дәлелі. Бірақ біз мұнымен шектелмейміз. Біз аспаннан келген құнды сыйлар құйылған ыдыстармыз. Біз Ізгі хабарды сүзгіден өткізбейміз, тек оны алып жүреміз. Осылайша, көктен келген нәрселер біздің күнделікті өміріміз арқылы айналамызға тарайды. Күн сайын мен өзіммен бірге дүкенге, ұшаққа, кеңсеге айқыштың үмітін, сүйіспеншілігін және кешірімін ала барамын. Мен оларды барлық жерде алып жүремін. Қайда барсам да, айқыштың күші мен кереметін ұсынамын.

Пауылдың Римдегі жаңадан келген сенушілерге айқышты алып жүру туралы айтқанын оқиық:

«Сонымен, бауырластарым, бізге осындай мол мейірімін төккені үшін өздеріңді Құдай жолына арнауға шақырамын.

*Өмірлерің Құдайға ұнамды,*

*толықтай бағышталған,*

*тірі құрбандықтай*

*болсын: Оған лайықты*

*рухани қызмет*

*көрсетулерің осы болады.*

Бұл күнәкар дүниенің өмір

сүру салтын үлгі етпеңдер, қайта,

ой-тілектерің Құдайдың жаңартуымен

түбегейлі өзгерсін! Осылай сендер Оның еркін — ненің

игілікті, ұнамды және кемелді екенін ажырата білетін

боласыңдар»

(Рим. 12:1, 2, курсив автордыкі).

### Семсерлесу өнеріне қатысты дерек:

Шаршаған кезіңде, ауырғаныңда, тым ыстық кезде, қатты тоңғаныңда, жаңбыр жауып тұрғанда, семсерлесуді жек көрген кезіңде сайыса бер.

Иса ешбір ресми ішараларды, конференцияларды, тіпті апта сайынғы ғибадаттарды да өткізген жоқ. Соған қарамастан, Оның өмірінің әрбір сәті Ізгі хабар болатын. (Конференциялар мен жиналыстарда тұрған ешнәрсе жоқ, бірақ олар біздің өміріміздің соншалықты көп бөлігін алмайды.) Иса қайда барса да, Құдайдың құзырын алып жүрді. Ол сенің де солай істеуіңді сұрайды. Құдайдың сіз үшін жасағанының бәрін қабылдап, жаңа өміріңді басқаларға көрсет. Айқышыңды алып жүру деген сол. Осы ақиқатты қабылдағанымызда, басқаша өмір сүріп, әлемге басқаша қарайтын боламыз. Күн сайын былай деп дұға етсек, не болар еді: «Көктегі Әке, Ұлыңның айқышқа шегеленуінің нәтижесінде менің өміріме келген игіліктердің бәрі бүгін менің өмірімде және мен арқылы толық көрініс тапсын. Сенің даңқыңды арттырып, Саған еру үшін күнәмнен және бұрынғы шектеулерімнен бас тартуды таңдадым?»

Сонда біздің әлем Исаның салтанатын көрер еді.

Бұл алмасу орын алғанда, біздің көзқарасымыз өзгереді. Біз өзімізге қараудың орнына, Исаның өміріне ден қоямыз. Киелі кітапты оқу арқылы біз Оның жүріп өткен жолын білетін боламыз. Сыйлық ретінде алғанымызды сыйға тартамыз.

## Айқышымызды алып жүрміз

Осы жолмен бірге жүрейік. Айқыш Құдайдың бізге деген шексіз сүйіспеншілігін тамаша көрсетті, келісесің бе? Иса туралы әлі айтылмаған осы сөзсіз сүйіспеншілік жайлы хабарды миллиондаған адамдардың күтіп жүргеніне күмәнің бар ма? Мұны қалай жүзеге асырамыз? Исадан үлгі алайық.

Иса адамдарға шындықты айтып, ашыққандарды тойдырып, жындарды қуып, ауруларды сауықтырып, діншілдікті әшкерелеп, өлгендерді тірілту арқылы сүйіспеншілігін көрсетті.

«Бұдан кейін Иса бүкіл Ғалилея аймағын аралап жүріп, мәжілісханаларында *и тәлім берді*. Құдай Патшалығы туралы *Ізгі хабарды уағыздап, адамдарды барлық ауру-сырқауларынан сауықтырды*» (Мат. 4:23, күрсив автордыкі).

Оған еріңіз.

Ал кешірім ше? Бүгінгі күні кешірімге мұқтаж адамдар аз ба, кінә мен ұяттың жүгін арқалап жүргендер аз ба? Оларға кешірім айқышын апарып бер, өтеусіз кешіріп, олар кешірімге ие болу үшін ізгі хабарды уағызда.

Иса олардың сенімдерін көріп, сал адамға: «Жігерлен, балам, сенің күнәларың кешірілді!» — деді.

Сонда дін мұғалімдері: «Бұл Кісі Құдайды қорлап тұр ғой!» — деп іштей наразы болды. Олардың осы ойларын біле қойған Иса:

— Неге сондай жамандық ойлайсыздар? Қайсысын айту оңайырақ: «Сенің күнәларың кешірілді!» деу ме, әлде: «Орныңнан тұрып, жүре бер!» деу ме? Ал Билеуші ретінде көктен келген *Менің жер бетінде күнәларды кешіруге билігімнің бар екендігін білулеріңіз үшін...* — деп, сал адамға қарап: — *Орныңнан тұр да, төсенішіңді жинап алып, үйіңе бар!* — деп тапсырды. Ауру адам орнынан тұрды да, үйіне кетті! Мұны көрген халықтың зәрулері ұшып, *олар адамдарға осындай билік берген Құдайға мақтау айтты*» (Мат. 9:2–8, курсив автордыкі).

Оған еріңіз.

Ол осы кереметті бізге адамдарды сауықтырып, кешіретін күш берілгенін білуіміз үшін істеді. Ол бұл кереметті Адам Ұлы ретінде жасады! Құдайдың қыздары ретінде біз қаншалықты көп істеуіміз керек?

Бұған қоса, азаттық мәселесі де бар. Адамзат нәпсіге, ашкөздікке, пұтқа табынушылық пен зұлымдыққа бұрын-соңды соншалық батты ма? Адам саудасының торына түсіп, құлдыққа сатылғандар да бар. Оларға азаттық айқышын алып бар. Қалай деп сұрайсың ғой? Иса адамдарға шындықты айту, ашыққандарды тойдыру, жындарды қуу, ауруларды сауықтыру, діншілдікті әшкерелеу және өлілерді тірілту арқылы олардың азат екенін көрсетті.

«Құдай Өзінің Киелі Рухы мен құдіретін назареттік Исаға дарытты. Ол игі істер жасап, шайтанның құрсауындағы адамдарды азат етіп сауықтырып, ел аралап жүрді, өйткені *Құдай Оған жар болды*» (Елшілердің істері 10:38, курсив автордыкі).

Оған еріңіз.

Иса жақсылық жасап, шайтанның қысымына ұшырағандардың бәрін сауықтырды, өйткені Құдай Онымен бірге болды. Әлеуметтік әділеттілік пен табиғаттан тыс кереметтердің арасында еш қайшылық жоқ. Иса екеуін де істеді. Теңдіктен өз атымызды алып тастап, Оны Имануил, яғни, «Құдай бізбен бірге» деп атайық та, біз де солай етейік.

Адамдар қайда болса, құтқарылу қажеттілігі сонда. «Құтқарылу» сөзінің кең ауқымы бар, ол құтқаруды, айырбастауды, босатуды, құтылуды, өзгертуді, сауығуды және қалпына келтіруді қамтиды. Осылардың қайсысын алсақ та, қажеттілігі азайды ма? Күнделікті өміріңізбен айқыштағы құтқарылу туралы хабарды басқаларға жеткізіңіз.

Иса адамдарға шындықты айту, ашыққандарды тойдыру, жындарды қуу, ауруларды сауықтыру, діншілдікті әшкерелеу және өлілерді тірілту арқылы олардың құтқарылғандарын көрсетті.

«Осылай десін Жаратқанның құтқарғандары,  
Оның жау қолынан босатып алғандары» (Заб. 106:2).

106-забур жырындағы осы аяттан кейін Құдай халқын апатқа ұшыратқан жағдайлардың тізімі келтірілген. Бұл тізім сенің жалғыз емес екеніңді дәлелдейді, сондықтан оны оқып шық. Тізім тым ұзақ болғандықтан, мен оның бәрін бұл кітаптың беттеріне қоспадым! Олай болса, өзің шалыс бастың ба, қиындыққа тап болуыңа кінәлі емессің бе, құтқарушымыз Құдай екенін біл. Қиындыққа қалай келсек те, Ол бізді Өзінің



рақымына апарады. Құтқаруға жалғыз Құдайдың ғана құдіреті бар және бұл туралы барлық құтқарылғандар айтуы керек! Бұл сонымен қатар айқышыңды алып жүрудің бір жолы.

«Сен жанымды о дүниеге қимайсың,  
Қасиетті адамыңның тәнін шірітпейсің.  
Шын өмір жолын маған көрсетесің,  
Көз алдында қуанышқа бөлейсің,  
Оң жағыңда мәңгі игілік бересің» (Заб. 15:10, 11).

Бұл сөздер Дәуітке тиесілі, бірақ бұрын бұл Исаның уәдесі болатын, ал қазір біздікі.

– Оған еріңіз.

Қазір қай жерде болсаң да, бұл күнәсі өтелгендерге берілген уәде. Бұл айқыштың күші. Патшалық туралы Ізгі Хабарды жариялау үшін айқыштан құдіретті құрал бар ма? Мәсіхтің айқыштағы құрбандығы сенің өміріңді, денеңді және қарым-қатынасыңды сауықтырды ма? Оның әлі де кез келген ауруды емдей алатын күші бар екеніне сенесің бе? Біз Исаның кеше де, бүгін де, мәңгі де Сол екенін білеміз. Айқыш туралы да солай айтуға болмай ма? Иса қайта тірілгеннен кейін шәкірттеріне Өзіне еліктеуді бұйырды.

«Олар Исаны көргенде алдында иіліп тағзым етті, ал бірқатары әлі де күдіктенді. Иса қастарына таяу келіп, былай деді:

«Маған көк пен жердің бүкіл билігі берілген! Сондықтан барлық халықтарға барыңдар! Оларды Менің шәкірттерім етіп, Құдай Әкенің, рухани Ұлының және Киелі Рухының атымен шомылдыру рәсімінен өткізіңдер, әрі сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіңдер! Естеріңде болсын: Мен бұл дүниенің ақыр соңына дейін әр күні өздеріңмен бірге болып, сендерге жар боламын!» (Аумин)» (Матай 28:17-20).

Егер Ол бізбен бірге болса және Ол Сол Иса болса, онда Ол айқышын бүкіл әлемге паш еткісі келеді.

«Ақыр соңында, кешкі асқа отырған кездерінде, Иса он бір елшісінің өздеріне де көрінді. Оларға қайта тірілген Өзін көргендерге нанбай, қиқарлық танытқандары үшін наразылық білдірді. Иса оларға тағы былай деді: «Бүкіл жер бетіндегі күллі адамдарға барып, Ізгі хабарды жариялаңдар! Кім сеніп, шомылдыру рәсімінен өтсе, сол құтқарылады. Ал кім сенбесе, сотталады. Сенушілер Құдайдың құдіретін көрсететін мынадай кереметтерді істемек: олар Менің атыммен жындарды қуып шығарып, жаңа тілдерде сөйлейді. Егер де қолдарымен улы жылан ұстап не у ішіп қойса, содан ешқандай зақым көрмейді. Ауру адамдардың үстіне қолдарын қойса, олар сауығып кетеді!»  
(Марқа 16:14-18).

Исаның шәкірттері Ұстаздың соңынан еріп, көреметтерге куә болмай тұрып, Ол әуелі жүректерін күмәннан, сенімсіздіктен, қатыгездіктен арылтты. Арам рухтарды қуып жүріп іздеудің қажеті жоқ, бірақ сен Исаның соңынан үнемі ерсең, оларды кездестіруіңіз ықтимал. Олармен сөлесудің қажеті жоқ. Олардың үнін өшіру үшін Құдай Сөзінің семсерін қолдан, содан кейін оларды Исаның атымен қуып шық.

Өзің білетін тілдердің бәрінде аспанның ақиқатын айт.

Жыланды әдейі қолмен ұстау немесе у ішу – ақымақтық. Исаның Өзі жартастан төмен құлаған жоқ, Ол шәкірттерін де улы жыландарды ұстауға немесе у ішуге шақырмайды. Бұл үзіндіде қорғаныс уәдесі берілген. Құдайымыз науқастарға қолымызды қойып мінәжат етсек, олар сауығып кетеді деп уәде берді. Жұқпалы ауруға шалдыққан науқастар бұдан былай арам болып саналмайды. Иса арамданған адамға қолын тигізді, олар да Исаға қолын тигізді, бірақ Иса олардан арамданған жоқ, қайта, науқастар сауықты. Сіз: «Ол – Иса

ғой» дерсіз. Бірде Тереза ана алапестерге қол тигіземін деп шешкенде, осы қауіпті жұқпалы аурудың таралуын болдырмайтын дәрі табылғанын оқығаным есімде (10).

«Ал Иеміз елшілері арқылы ел ішінде көп кереметтер істеп, құдіретін көрсетті. Сенушілердің барлығы ниеттес көңілмен ғибадатхананың Сүлеймен атындағы бағаналы ғимаратында жиналып жүрді. Олар күн сайын ғибадатханада және үйлерде л тәлім беріп, Исаның Мәсіх екендігін уағыздауларын тоқтатқан жоқ» (Елшілердің істері 5:12, 42).

Ғажайыптар мен кереметтер, тәлім беру және уағыздау күнделікті істер болуы керек. Әзірге, мен мойындауым керек... Құдайдың кереметтері жиілеп, Оның есімінің ұлылығы күн сайын жария болғанын қалаймын. Сондықтан мен Оның есімін соңына дейін уағыздап, Исаның жетелеуіне еремін. Егер ертедегі Қауым барған жерінде айқыш туралы хабарды таратып, адамдардың еңселері көтеріліп, науқастар сауығып, езілгендер азат болса, неге бұл біздің өмірімізде болмауы керек?

Сіз Исаның әлі де кереметтер жасағысы келетінін көрсететін белгілерді іздеп жүрсіз бе? Айқыш – біздің белгіміз, ал сен – оның кереметісің!

Мәсіхтің айқышын уағыздап, Құдай Сөзімен өмір сүретін болсақ, белгілер мен кереметтерді көретінімізге сенемін. Минималистік Ізгі Хабар ең аз нәтиже береді. Крест пайдасының жартысын ғана уағыздау оның пайдасының жартысын ғана береді. Толық күшпен жұмыс істеген түпнұсқа беретіндей нәтижені қысқартылған көшірмелер береді деп күту мүмкін емес.

«Сөз сөйлеп, уағыз айтқанда адамды сендірерліктей данышпан пікірлерге емес, Құдайдың Рухы мен құдіретінің айқын көрінуіне сүйендім. Ондағы

мақсатым — сенімдеріңнің негізі адамның даналығы емес, Құдайдың құдіретінің болуы» (1 Қор. 2:4, 5).

Әлсіз Ізгі Хабарды уағыздау күш бермейді. Исаның қаны бізге рақым тағына апаратын жол ашты, біз көктегі барлық қажетті күшті алу үшін сол тақтың алдына батылдықыпен келе аламыз.

«Мойындаған үмітімізді үзбей, берік ұстанайық, себебі уәде берген Құдай сөзіне адал. Өзара сүйіспеншілік көрсетіп, игілік істеуге қозғау салудың қамын ойлайық. Кейбіреулер сенушілердің жиналыстарына бармай қалуды дағдыға айналдырып алған сияқты. Ал біздер солай істемей, бір-бірімізді одан бетер жігерлендірейік. Иеміздің қайтып келетін күнінің таяп қалғанын білесіңдер ғой» (Евр. 10:23-25).

## Тірі семсерлер

Осының бәрін сенің жүрегіңді лаулатсам деген үмітпен жаздым. Ұзақ уақыт бойы басымызды қасып, тоқмейілсіп жүрдік. Оның семсеріне айналып, рухани есейетін кез келді.

«Уа, күдері үзілмеген тұтқындар, қауіпсіз қорғандарыңа қайта оралыңдар! Жоғалтқандарыңды сендерге екі есе қылып қайтарамын деп бүгін уәде беріп отырмын. Мен Яһуданы соғыс садағы, Солтүстік Ираилді жебе ретінде қолданамын. Уа, Сион, Мен сенің ұлдарыңды грек елінің ұлдарына қарсы көтеріп, *семсер ретінде пайдаланамын!*» (Зэк. 9.12, 13, курсив автордыкі).

Иса адам кейпіне айналған Әкенің Сөзі еді, дәл солай біздің де өміріміз Исаның Сөзіне айналсын, өйткені, Құдайдың Сөзі – Рухтың семсері, ал Иса адам кейпіне айналған Сөз еді, біз – Исаның Тәніміз, сондықтан, тірі семсерге айналуымыз керек.

Желді етесің періштелеріңдей,  
От жалынын да өз нөкерлеріңдей (Заб. 103:4).

Біз Оның жалғыз жол екенін жариялайтын жалындаған семсерміз.

Оның Рухы – бізді айдайтын жел, Оның хабары – ішімізде жанып тұрған от. Оның біз үшін істегендерінің барлығы және әлі де жасағысы келетіндердің барлығы біздің күмәніміз бен діни дәстүрлерімізбен шектелмеуі керек. Айқыш барлығын кемеліне келтірді. Неге біздің істеріміз соншалық аз?

**Иса адам кейпіне  
айналған Әкенің  
Сөзі еді, дәл солай  
біздің де өміріміз  
Исаның Сөзіне  
айналсын.**

Айқыш сені батыр етіп тағайындады. Сен оны үмітпен, мүмкін емес нәрсеге деген сеніммен және барлық адамдарға деген сүйіспеншілікпен алып жүруің керек. Шәкірттердің Исаның барлық істерін жазуға уақыты да, орны да болмады.

«Исаның істеп кеткен көптеген басқа да істері бар. Олар туралы толықтай жазса, жазылуға тиісті кітаптар, менің ойымша, бұл дүниеге сыймас еді. (Аумин)»  
(Жохан 21:25).

Бұл Исаның кереметінің өлшеусіз екенін білдіреді. Бірақ мен әрқайсымыз Оның кереметінің тірі көрінісі болу үшін таңдалғанымызға сенемін. Ол Әкемен бір болғандай Онымен бір болу арқылы біз бүкіл әлемге Оның Қалыңдығының жарқыраған нұрын толықтай көрсетіп, көптеген адамдарға жеткіземіз.

Құдайдың қызы, өз бейнеңнен де, шектеулеріңнен де бас тарт және Оның бейнесі бол. Оның ізгілігін, құтқаруын және рақымын күн сайын есіңе ал. Киелі Рухты тыңдап, үміттен күткендерге айқыштың бергенін жеткіз. Патшаңның сөздерін оқып, өміріңнің барлық салаларын толтырғанша қайталай бер.

Сүйіктім, енді өзіңді нысана деп ойлама, өйткені сен бәрінен бұрын Оның қолындағы семсер болу үшін таңдалғансыз. Батыр болып өмір сүр, сонда жауға дәл соққы беріп, тұтқындарды босатасың.

*Көптеген адамдар Мәсіхтің айқышы ерлік емес екенін айтады, бірақ мен сізге айтайын, Иса Мәсіхтің айқышы адамзат тарихындағы кез келген басқа оқиғаға қарағанда, адамдардың жан дүниесіне ерлікті сіңірді.*

– Джон Дж. Лейк

# СИЛТЕМЕЛЕР

1. Mara Hvistendahl, Unnatural selection (Philadelphia, PA: Perseus, 2011), 6.
2. C. S. Lewis «The Screwtape Letters».
3. C. S. Lewis «The Screwtape Letters».
4. Nick Evangelista, The Art and science of Fencing (Lincolnwood, IL: Masters Press, 1996), 126–27.
5. Evangelista, The Art and science of Fencing, 126.
6. «Moment (physics)», [http://en.wikipedia.org/wiki/Moment\\_%28physics%29](http://en.wikipedia.org/wiki/Moment_%28physics%29).  
«Trafficking in Persons report», June 2008,
7. [www.state.gov/documents/organization/105501.pdf](http://www.state.gov/documents/organization/105501.pdf), 9.
8. Pete Brookshaw, «The Greatest Challenges Facing the salvation Army Today», [www.petebrookshaw.com/2012/07/greatest-challenges-facing-salvation.html](http://www.petebrookshaw.com/2012/07/greatest-challenges-facing-salvation.html), July 1, 2012.
9. «Flame-bladed sword», [http://en.wikipedia.org/wiki/Flame-bladed\\_sword](http://en.wikipedia.org/wiki/Flame-bladed_sword).
10. David Van Biema, Mother Teresa: The Life and Works of a Modern saint (New York: Time Books, 2010), 37.

# АНА-АРЫСТАННЫҢ ОЯНУЫ

*Оян да, әлемді өзгерт*



Ана-арыстанның ұйқыдан оянуы – айбат пен әсем сұлулықтың тамаша бейнесі. Айналасындағы дүниеге иелік ету, жас ұрпақты қорғау, арыстанға шабыт сыйлау – ана-арыстанның табиғатында бар нәрселер. Бір үйірдегі ұрғашы арыстандар қашанда бірлесе әрекет етіп, айналасына ықпалын таратады.

## **Сіз де – ана-арыстансыз.**

“Ана-арыстанның оянуы” кітабында Лиза Бивер ана-арыстанның өмірі мен бейнесін мықты да нәзік әйелдің баламасы ретінде ұсынады. Ғажап жаратылған арыстандардың өмірінің біз білмеген сырларын ашып, Лиза әйелдерді бір-біріне қамқор болуға, Құдайдың аманатын орындауға, мінәжатта табанды болуға шақырады. Кітаптағы жолдау әлсіздерді қорғауға, дәрменсіздердің сөзін сөйлуге жетелейді.


Түз тағысының өмірінен көрнекті мысалдар келтіре отырып, Киелі Кітаптағы ана-арыстан туралы аяттарға терең үңіле отырып, “Ана-арыстанның оянуы” кітабы әйелдерді бірігіп, Жер бетіне Құдайдың құдіретін таратуға шақырады.

Мәсіх Януда руынан шыққан Арыстан болса, біз – ұйқыдан оянған ана-арыстандармыз.



# X MessengerX

*Кез келген жерде, кез келген адам Исаның шәкірті бола алады*




- 115-нан астам тілдегі тегін материалдар
- Қосымша түрінде және онлайн қолжетімді
- Сіздің рухани өсуіңізге септігін тигізетін материалдар
- Шәкіртшілік жолындағы қадамдарыңызды көре аласыз



Шәкіртшілікке арналған ресурстардың толық жинағын алыңыз. Messenger кітапханасы – электронды кітаптар, бейнежазбалар, аудио-тәлім, аудиокітаптар, Киелі Кітаптар...

Барлық құрылғыңыздан көріңіз, оқыңыз, тыңдаңыз.

## MessengerX.com



App Store немесе Google Play-ден жүктеп алуыңызға болады.

Егер сізге көзге көрінбейтін, жеңілмейтін және мәңгі тозбайтын қару сеніп тапсырылғанын білсеңіз, не болар еді? Оны қолданар ма едіңіз?  
Тоқтамаңыз, алға жүре беріңіз және ҚҰДАЙДЫҢ СӨЗІН қолдана бастаңыз!

Бүкіл әлемде әйелдер теріс пікірдің, сексуалдық құлдықтың, зорлық-зомбылықтың және гендерцидтің нысанасы болып табылады. Рухани дұшпанымыз әйелдерді барлық салада қарусыздандыру мүмкіндіктерін іздейді. Лиза Бивер Құдайдың Сөзін семсерге теңейді. Сол семсерді қалай қолдана алатынымызды түсіндіреді. Әйелдердің қаруланатын кезі келді. Семсердің көркем бейнесін (Құдайдың Сөзі мен айқыш) шығармашылықпен шыңдау арқылы "Семсер ұстаған қыздар" сізге:

- жерде жүріп, аспан тілінде сөйледі;
- шапағаттың не екенін;
- айқыш арқалаудың не екенін;
- жақсы мен жаманды айыра білудің не екенін;
- жауды қарусыздандыру жолын үйретеді;
- әйелдер неге жаудың нысанасы болып табылатынын және Құдайдың біздің батыр болғанымызды не себепті қалайтынын біле аласыз.



Бирегей. Өткір. Өте жеке. Күлкілі. Бұл сөздер халықаралық спикер, бестселлер авторы және 200-ден астам елде көрсетілетін The Messenger телебағдарламасының бірлескен жүргізушісі Лиза Бивердің стилін сипаттайды.

Лиза біздің өмірімізге азаттық пен игі өзгерістер әкелу үшін жеке тәжірибесінен мысалдар келтіре отырып, Құдай сөзін анық әрі түсінікті түрде бөліседі. Оның жүрегі әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресте лаулайды, ол игі өзгерістердің жақтасы ретінде тауқымет тартып жүрген, жақындағы және алыстағы адамдарға қол ұшын созуға шақырады.



Осы кітапты және Джон мен Лиза Бивердің басқа да материалдарын [MessengerX.com](http://MessengerX.com) сайтынан көріп, тегін жүктеп алуға болады

Бұл кітап – автордың сыйлығы, сатуға арналмаған.



**MESSENGER**  
INTERNATIONAL  
[MessengerInternational.org](http://MessengerInternational.org)

Небірек білгіңіз келсін ме?  
Скамереніз

